

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі
Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы**



**Білім алушылардың когнитивтік қабілеттерін дамыту бойынша
әдістемелік ұсынымдар**

**Методические рекомендации
по развитию когнитивных способностей обучающихся**

**Астана
2023**

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2023 жылғы 08 желтоқсандағы №9 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол №9 от 8 декабря 2023 года)

Білім алушылардың когнитивтік қабілеттерін дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – 408 б.

Методические рекомендации по развитию когнитивных способностей обучающихся. Методические рекомендации. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2023. – 408 стр.

Орта білім беру ұйымдары үшін «Білім алушыларда еңбек мәдениетін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» білім алушылардың білім алушылардың еңбек мәдениетін қалыптасы орта білім беру мекемелерінің пәндері мазмұнында және сабақтан тыс іс-әрекетін ұйымдастырудың түрлі типтерімен ғылыми-зерттеулер және тәжірибелерге бағдарланған аспектілерін ұсынады, білім алушыларда еңбек мәдениетін қалыптастырудың халықаралық және отандық тәжірибесін, педагогикалық шарттарын зерттеуді қамтиды. Сондай-ақ сабақтан тыс жұмыстар негізінде білім алушының тұлғасын еңбекке баулу бойынша орта білім беру ұйымдарының әкімшілігі мен педагогтеріне әдістемелік ұсынымдар беріледі.

Методические рекомендации включают изложение основных теоретических, методических и практических вопросов, входящих в описание когнитивных способностей обучающихся. Более подробное описание касается таких познавательных процессов как внимание, мышление, память, восприятие и другие способности. Методические рекомендации предназначены для педагогов, классных руководителей и специалистов психологической службы организации образования. Они могут быть полезны воспитателям и родителям, и всем участникам образовательного процесса, желающим поддержать детей в мотивации учебной деятельности, обучении и развитии индивидуальных способностях ребенка.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2023
© Национальная академия
образования им. И. Алтынсарина,

2023

Кіріспе

Қоғамдық өмірдің қазіргі жағдайында әр адамның бірыңғай әлеуметтік тұтастыққа және қоғамның құрылымына қосылуын талап ету аса өзекті проблема болып табылады. Бұл процестің негізгі ұғымы – кез келген адамға қоғамның толыққанды мүшесі болуға мүмкіндік беретін тұлғаны дамыту болып табылады.

Тұлғаны когнитивтік дамыту – бұл әр адамның әлеуметтік құрылымға кірігу процесі болып саналады, соның нәтижесінде қоғам құрылымында да, әрбір жеке тұлғаның құрылымында да қоғамдық белсенділігімен байланысты өзгерістер болады. Осы процестің нәтижесінде әр адамның бірегейлігі байқалады, жеке адам мінез-құлық заңдылықтарын, құндылықтар мен әлеуметтік нормаларды меңгереді. Бұның бәрі кез келген қоғамда табысты жұмыс істеу және өмір сүру үшін өте қажет.

Адамды қоршаған орта, маңайындағы әлем үнемі қозғалыста болғандықтан, тұлғаның әлеуметтену процесі өмірінің бүкіл кезеңінде жүреді, яғни бәрі өзгеріске ұшырап отырады, адам да жаңа жағдайға байланысты өзгеріп, сол жағдайға бейімделуі тиіс. Адамның болмысы тұрақты болуы мүмкін емес, ол жылдар бойы өзгеріске ұшырап отырады. Өмір – үздіксіз өзгерістер мен жаңаруларды талап ететін үздіксіз бейімделу процесі болса, адам – әлеуметтік болмыс болып табылады. Әрбір жеке тұлғаның әлеуметтік топтарға кірігу үрдісі айтарлықтай күрделі және ұзақ болып саналады. Өйткені, ол әлеуметтік өмірдің құндылықтары мен нормаларын және белгілі бір өмір салтын меңгеруді талап етеді.

Мектеп оқушысы тұлғасын когнитивті дамыту – оның туып-өскен ортасының немесе қоғамның өмір салтымен, мәдениетімен, сондай-ақ барлық адамзаттың мәдени мұраларымен танысуы болып табылады. Білім алушы тұлғаның қалыптасу үрдісінің бір бөлігі ретінде танылған, сонымен қатар оның барысында қоғамның рөлдік құрылымымен реттелетін әлеуметтік ұйымдасқан қызметте көп тараған ерекшеліктер қалыптасады. Атақты әлеуметтанушы Т. Парсонс (американдық әлеуметтану теориясының өкілі) әлеуметтенуді жалпы қабылданған нормаларды меңгеру негізінде кез келген адамның қазіргі әлеуметтік-экономикалық жүйеге кіру процесі ретінде қарастырады. Әлеуметтенудің қазіргі теориясының негізін қалаушы француз әлеуметтанушысы Г. Тарде (1843—1904), «мұғалім – оқушы» арасындағы қарым-қатынасты әдеттегі әлеуметтік қатынас деп жариялады.

Қазіргі қоғамда сұранысқа ие болу үшін олар қоғаммен байланыс орнатулары және сол байланысты сақтап қалулар тиіс, сондай-ақ ұжыммен бірге әрекет ете, қарым-қатынасты дұрыс құра, құрдастары мен ересектерге құрмет көрсете, туындаған жалжалды жағдайлардың дұрыс шешімдерін таба білулері тиіс. Осылайша, балалардың жағымды әлеуметтенуіне қажетті механизмдерді әзірлеу, олардың рухани-адамгершілік дамуына жағдай жасау, патриоттық және эстетикалық тәрбие беру, толеранттылық пен азаматтық бірегейлікті қалыптастыру, мәдениетаралық қарым-қатынасты дамыту білім беру жүйесінің мақсаты болып саналады. Білім алушыларды әлеуметке қарсы бейресми топтарға

кірігуден, яғни қоғамға қарсы әлеуметтенуден қорғау үшін қолдан келгеннің бәрін жасау қажет [1].

Қазіргі кезде білім беру жүйесінде, нақтырақ айтқанда мектеп қабырғасында оқушыларға қосымша білім берудің маңызы артып келеді. Бұл балалар мен жасөспірімдерді шығармашылық белсенділікке, пәндер бойынша алған білімдерін жетілдіруге ынталандырады.

Когнитивті даму – баланың білімді, қызмет тәсілдерін, құндылық бағдарларын меңгеру үшін еркін таңдаған, жеке тұлғаның мүддесін, оның бейімділігін, қабілеттерін қанағаттандыруға бағытталған және оның өзін-өзі іске асыруына және мәдени бейімделуіне ықпал ететін құбылыс пен процесс. Қосымша білімнің мазмұны жалпы білім беру саласының аясын кеңейтеді әрі тереңдетеді.

Білім алушыларда когнитивтік қабілеттерін дамыту – адамның интеллектуалдық, рухани, адамгершілік, дене және кәсіби жетілудегі тәрбиелік қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыруға бағытталған білім беру, сонымен қатар қосымша білім берудің мемлекеттік ұйымдары, сондай-ақ балалар мен ересектерге қосымша білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензия алған ұйымдар көрсететін қызмет түрі болып табылады.

Іс жүзінде қосымша білім беру – білім алушының таным мен шығармашылыққа тұрақты қажеттілікке ие болуына, өзін барынша іске асыруға, тұлғаның кәсіби және өзін-өзі анықтауына мүмкіндік беретін уәжді білім деп айтуға болады. Көптеген зерттеушілер қосымша білім беруді қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру арқылы тәрбиелеу, оқыту мақсатты процесі деп түсіндіреді.

Қосымша білім беру қазіргі кездегі жалпы орта білім берудің қажетті құрамдас бөлігі бола отырып, мектептің оқу пәндеріндегі шектеулердің орнын толықтырады, жеке тұлғаның даралығын, дарындылығын дамытуға көмектеседі, баланың таңдаған іс-әрекет бағытында жету мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Кейбір жағдайларда мектептегі қосымша білім беру сабақтары (үйірмелер, спорт секциялары, факультатив сабақтары және т.б.) оқу пәндерінен алған білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру факторы да болып табылады.

Сондықтан, мектептегі қосымша білім беруді негізгі шарт, «іске асыру алаңы», елдің шығармашылық, интеллектуалдық әлеуетін қалыптастырудағы кіріспе және бала тұлғасының әлеуметтендірудің маңызды мектебі ретінде қарастыруға болады [2].

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты мектептегі қосымша білім беру негізінде білім алушының тұлғасын әлеуметтендіру.

Міндеттері:

- білім алушылардың тұлғасын әлеуметтендірудің халықаралық және отандық тәжірибесін зерделеу;
- мектептегі қосымша білім беруді балаларды әлеуметтендірудің маңызды факторларының бірінде қарастыру;
- қосымша білім беру негізінде білім алушылардың тұлғасын әлеуметтендіру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу.

Логикалық және анық ойлау қабілетіміз қалай дамиды? Бала қоршаған шындықтың құбылыстарын түсіну дағдыларын игерген кезде баланың миында не болады? Басқаша айтқанда, когнитивті даму процесінің нәтижесінде не бар?

Осы тұжырымдамамен жақынырақ танысып, адамдардағы ойлау процестерінің даму ерекшеліктерін қарастырайық. Бұл әдістемелік ұсынымда біз когнитивті дамудың негізгі құбылыстарымен, кезеңдерімен, сондай-ақ, осы саланың жетекші теоретиктерінің бірі – Жан Пиаженің еңбектерімен және осы маңызды процесті оның қалай бөлген кезеңдерімен бірге қарастырамыз.

Осы әдістемелік ұсыным аясында біз алғашқы екі кезеңге тоқталамыз, ал қосымша берілген материалдарда келесі өз баласының когнитивті дамуына көмектескісі келетін ата-аналарға да арналған кейбір практикалық әдістер мен ұсыныстарды бере отырып, мектеп мұғалімдеріне оқушының когнитивті дамуына арналған сабақ түрлерін де ұсынамыз.

1 Білім алушыларда когнитивтік қабілеттерін дамытудың психологиялық-педагогикалық аспектілері

Қоғам дамуының қазіргі кезеңі когнитивтік мүмкіндіктері жоғары тұлғаны талап етіп отыр. Когнитивтік мүмкіндіктер адамзат ақыл әрекетінің қайнар көзі болары сөзсіз. Психологиялық сөздіктерде когнитивтік ұғымы «білім, таным» деген мағынаны білдіреді[1]. Адам баласының жаны не көрсе соған ұмтылып, көрсем, білсем, танысам деп тұратынын ұлы Абай жетінші қара сөзінде тереңінен түсіндірген болатын. Адам жанының танысам деп ұмтылуынан бастау алған танымдық дамуы белгілі бір когнитивтік үрдістердің жүруімен өрбиді. Танымдық үрдістерге: ойлау, қабылдау, түйсік, ес, қиял, сөйлеу, зейін жататыны жантану ғылымы арқылы белгілі. Сондықтан психология ғылымында когнитивті процесс деген баламасы қалыптасқан.

Сурет 1. Когнитивтік процестер



Когнитивтік процесс дегеніміз қандай да бір материалмен абстрактілі айла шарғы жасауға мүмкіндік беретін ақылды «мінез-құлық» аспектілері болып табылады [1]. Когнитивтік процестер әлемнен ақпараттарды алуға, қабылдауға, есте сақтауға, оны білімге айналдыруға көмектеседі. Сонымен қатар осы алынған ақпараттардың зейін мен мінез-құлыққа әсерін түсінуге ықпал жасайды.

Аталған процестердің адам бойында болуы когнитивті даму болып табылады. Алдымен, осы термин нені білдіретінін және мұнда қандай факторлар маңызды екенін анықтайық.

Когнитивті даму – бұл балалардағы ойлаудың дамуы, оның барысында олар заттар мен құбылыстарды түсінуі, білуі және ұғынуы. Бұл балаларға қоршаған әлемді түсінуге және тануға көмектесетін білімді, қабілеттерді, тапсырмаларды шешу дағдыларын және диспозицияларды дамытуды қамтиды. Анықтамалық сөздіктерге сәйкес, когнитивті даму қабылдау, есте сақтау, ұғымдарды қалыптастыру, есептерді шешу, қиял және логика сияқты барлық ойлау процестерінің қалыптасуын қамтиды.

Когнитивті дамуды ақыл-ой деп те атауға болады, өйткені ол ойлау мен ақыл-ой процестеріне әсер етеді. Мидың дамуы (әртүрлі ми құрылымдары) когнитивті дамудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Білім алушылардың когнитивті дамуының психологиялық-педагогикалық аспектілер ғалымдардың дәлелдеуінше былай бөлініп қарастырылады: 1. Психологиялық аспектісі.

Когнитивті даму теориялары: Ғылыми айналымдағы тиянақты зерттеулермен дәлелденген де, сенімді де ғылыми теориялар.

Адамның ақыл-ойының қаншалықты дамитыны әртүрлі алғышарттарға байланысты, бірақ когнитивті даму процесінің өзі барлық адамдарда негізгі кезеңдерден өтіп, ұқсас түрде жүреді. Балалардағы ойлауды дамытудың маңызды кезеңдерін бірінші болып швейцариялық зерттеуші Жан Пиаже (швейцариялық психолог және биолог) атап өтті. Оның теориясы мен жаңалықтары психологиялық теорияны одан әрі жетілдіруге және балалардың дамуын түсінуге үлкен әсер етті және ғылым тарихында қандай да бір түрде революциялық лепке ие болды.

Жан Пиаженің теориясы қазіргі кезде кеңінен танымал және зерттелуде, дегенмен ол қазіргі заманғы зерттеулер мен жаңалықтармен толықтырылып, түзетілді. Бұл баланың ойлау дағдыларын игеріп, ойлау, логика, қабылдау және есептерді шешу қабілетін дамытатын пердесін ашуға мүмкіндік береді. Оны толығырақ қарастырған жөн.

Өздеріңіз білетіндей, өмірдің алғашқы бес жылында балалар тез және белсенді дамиды. Олардың қалыптасуы төрт маңызды жазықтықта дамиды:

Моторлы (физикалық) даму.

Тіл және байланыс.

Әлеуметтік-эмоционалды даму.

Когнитивті даму.

Адамның психикалық дамуы бірқатар факторларға байланысты және олардың әсері әрқашан бірдей және бірдей бола бермейді. Олардың негізгілері: генетикалық факторлар; анадағы жүктіліктің барысы; қоршаған орта факторлары (мысалы, тамақтану, жеткілікті психикалық ынталандыру); отбасындағы балалар саны; отбасының әлеуметтік-экономикалық жағдайы; мектептің және оқыту әдістерінің әсері; баланың және ата-ананың жеке ерекшеліктері, мысалы, темперамент, жеке оқу стилі және материалды игеру және т. б.; ата-аналардың

жеке қасиеттері, мысалы, интеллект немесе шығармашылық қабілеттердің жоғары деңгейі, сәйкессіздік және т. б. және басқа факторлар.

Менің балам өзінің жасына сәйкес белгілі бір когнитивті қабілеттерді дамытуды үйренетініне қалай көз жеткізе аламын? Балалардың ойлауы қалай жұмыс істейді? Баланың танымдық дамуының негізгі кезеңдері қандай? Менің балам сөйлеу немесе ойлау процестерінде қателіктер жіберуі қалыпты жағдай ма? Пиаже теориясы балалардың дамуындағы әртүрлі кезеңдерді егжей-тегжейлі түсіндіреді. Бұл мақала сізге осы ғылыми теориямен танысуға және балаңыздың жасына қарай дамып келе жатқанын анықтауға көмектеседі. Барлық күмәндарыңызды бірге шешейік!

Жан Пиаже-тарихтағы ең танымал психологтардың бірі. Ол ғылыми ортада, ең алдымен, балалар психологиясы мен балалардағы интеллектті дамыту саласындағы жаңалықтары үшін танылды. Пиаже өз өмірін белгілі бір оқу, ойлау және когнитивті даму үлгілерінде балалық шақтың қабілеттері қалай дамитынын түсіну үшін өсудің әртүрлі кезеңдерін зерттеуге арнады. Бұл дістемелік ұсынымда Пиаже теориясы сипаттала отырып, баланың дамуының әртүрлі кезеңдерін түсіндіру ұсынылады.

Пиаже балалардағы когнитивті даму кезеңдері олардың жас ерекшеліктеріне орай бөлінетінін кезеңдермен ұсынған.

Пиаже теориясы тұрғысынан балалар өздерінің интеллектісі мен жетілген қатынастарды қабылдау қабілетін қалыптастыратын дамудың белгілі бір кезеңдерінен өтеді. Дамудың бұл кезеңдері нәсіліне немесе тұратын еліне қарамастан барлық балаларда белгіленген тәртіппен байқалады. Алайда, бір кезеңнен екінші кезеңге өту жасы бір балада екіншісіне қарағанда сәл өзгеше болуы мүмкін.

Көбінесе өте жас балалар ересектер сияқты эмпатияны білмейді. Олардың жасына және қабілеттеріне сәйкес «эгоцентрилік ойлау» бар, сонымен қатар олардың қателіктер жіберуі қалыпты жағдай.

Адамның бала кезінде оның бойында табиғи когнитивті даму процесі жүреді. Дәл осы уақытта балалар «ойлауды үйренеді» немесе дәлірек айтсақ, олар өмір сүретін әлеммен қарым-қатынас жасайды. Бұл баланың өміріндегі бірқатар эволюциялық өзгерістерді қамтиды. Оларды бала кезінен бастап жасөспірімге дейінгі кезеңге дейін бірнеше кезеңге бөлуге болады.

Белгілі бір танымдық дағдылар дамитын бұл кезеңдер «Пиаже кезеңдері» деп аталады [1].

Пиаже теориясы дегеніміз не? Жан Пиаже балалардың дамуы туралы көптеген зерттеулер жүргізіп, балалық шақты өзі атаған кезеңдерге бөлді: даму кезеңдері. Пиаже теориясы Баланың когнитивті даму процесін оның жасына байланысты кезеңге бөлуді қамтиды.

Даму кезеңдері, Пиаже теориясына сәйкес, адамның даму процесінде уақытқа жақын болатын тиісті фактілер жиынтығы. Мысалы, балалар қолданатын тілдің түрі белгілі бір жасқа дейін өзгеруі мүмкін (ұрысу, ойлап табылған сөздер, жалған сөздер, олар үшінші тұлғада сөйлей алады, өзіне сілтеме жасай алады...). Сондай-ақ ойлау түрі (Бәрі баланың көргеніне немесе

ойлағанына байланысты болатын эгоцентрилік ойлау) немесе физикалық дағдылар (рефлексстерді қолдану, жорғалауды үйрену, содан кейін жүру, жүгіру). Когнитивті дамудың барлық осы көріністері Пиаже кезеңдерінде, шамамен жасын ескере отырып, үздіксіз және біртіндеп жүреді.

Пиаже теориясында дамудың әр кезеңі немесе кезеңі белгілі бір уақытта бола ма?

Жоқ, олар белгіленген уақытта болмауы керек. Бұл барлық жастағы адамдар үшін сезімтал кезеңдер бар, олардың барысында балалардың белгілі бір когнитивті дағдыларды дамыта алатындығы қалыпты және қалыпты жағдай. Балаға белгілі бір жаста белгілі бір дағдыларды үйрену оңайырақ болады. Мысалы, тілді игеруге келетін болсақ, нәресте өмірінің бірінші жылында алғашқы сөздерді айта бастайды. Бірақ тіл шамамен 7 жасқа дейін тұрақты қалыптасу және жетілдіру процесінде болады, бұл кезде сөздік қоры әлі де жеткіліксіз және кейінгі жылдары көбейеді.

Пиаже теориясына сәйкес баланың когнитивті даму кезеңдері

Пиаже жасына байланысты балалардың дамуының төрт кезеңін ұсынды. Бұл кезеңдер келесідей бөлінді: Бірінші кезең-сенсомоторлы кезең (0-ден 2 жасқа дейінгі балалар), екінші кезең-операция алдындағы кезең (2-ден 7 жасқа дейінгі балалар), үшінші кезең - нақты операциялар кезеңі (7 — ден 11 жасқа дейінгі балалар), төртінші кезең-кезең ресми операциялар (балалар мен жасөспірімдер, 11 жастан бастап, шамамен 19 жасқа дейін). Әрі қарай, біз осы кезеңдерді егжей-тегжейлі қарастырамыз.

Баланың дамуының 1 кезеңі: сенсоримоторлы кезең (0 жастан 2 жасқа дейінгі балалар)

Баланың дамуының бұл кезеңі сенсорлық (сенсорлық) тәжірибені физикалық әрекеттермен үйлестіру арқылы әрекеттер арқылы қоршаған әлемді түсінумен сипатталады. Осы кезеңде туа біткен рефлексстердің дамуында айтарлықтай прогресс бар.

Өздеріңіз білетіндей, бұл жастағы балалар жылтыр, контраст, қозғалыс әсерлері бар ашық түсті тітіркендіргіштерге артықшылық береді...

Сонымен қатар, балалар өздерінің мінез-құлық схемаларын құра отырып, әрекеттерді қайталауға тырысады және бұл үшін денелерін пайдаланады. Мысалы, ойыншықты ұрып-соғу, белгілі бір затты лақтыру, ондағы затты иемдену үшін көрпе тарту және т.б. бұл жаста балалар кездейсоқ оқиғаларды қайталайды, денелерімен тәжірибе жасайды.

Баланың сөйлеумен алғашқы байланысы: сөйлеумен алғашқы байланыстар баланың құрсағында болған кезде байқалады. Жүктіліктің барлық айларында ол «тыңдайды» және ата-анасының дауысымен танысады. Зерттеулер көрсеткендей, өмірдің алғашқы күндерінде сәбилер кез келген басқа дыбыстан гөрі адам дауысының дыбысын жақсы көреді. Баланың сөйлеуге қаншалықты тез үйренетіні таңқаларлық. Туылғаннан бастап оның сөйлеу дыбыстарын ажырата алатын ерекше қабілеті бар. Casper у Spence зерттеуші психологтары сонымен қатар балалардың аналарының сөйлеуіне ерекше қызығушылық танытатынын көрсетті, олар бейтаныс адамдарға қарағанда тезірек таниды.

0 жастан 2 жасқа дейінгі балалар қандай байланыс құралдарын пайдаланады? Кішкентай бала дүниеге келгенде, оның сүйікті байланыс құралы- жылау, өйткені ол әлі басқа дыбыстарды шығара алмайды (физикалық тұрғыдан оған дайын емес). Алғашқы бірнеше айда ол бастапқыда өздігінен қолданатын күлімсіреу мен көз жасы сияқты тілге дейінгі қимылдарды қолдана бастайды. Уақыт өте келе, ол оларды қарым-қатынас құралы ретінде пайдалануды үйренген кезде әдейі болады. Қалай болғанда да, баланың жылауына немесе күлімсіреуіне байланысты ата-аналар оның эмоциялары мен жағдайын түсіндіре алады. Бұл формада оның алғашқы стихиялық байланысы жүзеге асырылады. Шамамен алты айлық жаста бала дауысты және дауыссыз дыбыстардың алғашқы буындарын құра бастайды. Мысалы, осы кезеңде біз оның «бабаба» деп айтқанын естиміз. Нәрестелер алғашқы жалғыз сөздерді, әдетте, шамамен 12 айдан бастап айта бастайды.

Баланың дамуының 2 кезеңі: операция алдындағы кезең (2 жастан 7 жасқа дейінгі балалар)

Бұл Пиаже теориясы бойынша балалардың дамуының екінші кезеңі. 3 жастан бастап баланың өмірінде маңызды өзгерістер болады. Ол алғашқы білім беру бағдарламаларын үйден тыс жерде өткізе бастайды, оқу процесіне қатысады. Бұл өте маңызды әлеуметтік компонентті білдіреді.

Бала басқа адамдармен, әсіресе құрдастарының ортасында әлеуметтік қарым-қатынас орната бастайды. Бұл ерекше маңызға ие, өйткені осы кезеңге дейін оның әлеуметтік қатынастары тек отбасы шеңберінде дамыды.

2 жастан 7 жасқа дейінгі балалар қандай байланыс құралдарын пайдаланады? 3 жастан 7 жасқа дейін баланың сөздік қоры тез өсіп келе жатқанына қарамастан, осы кезеңде балалар, әдетте, «эгоцентристік ойлаумен» сипатталады. Бұл баланың не болып жатқанын оның жеке өмірлік тәжірибесіне сәйкес бағалайтынын білдіреді. Нәтижесінде оның осы кезеңдегі ойлауы статикалық, интуитивті және көбінесе логикадан айырылады. Сондықтан, 6 жасқа дейінгі балалар оқиғаларды түсіндіру кезінде де, болып жатқан оқиғалар туралы өз пікірлерін білдіру кезінде де қателіктер жіберуі мүмкін.

Осы кезеңде балалар өздері туралы үшінші тұлғада сөйлесуге бейім, өйткені оларда оларды әлемнің басқа елдерінен бөлетін «мен» деген нақты анықталған түсінік жоқ.

2 жастан 7 жасқа дейінгі балалар білімге деген қатты қызығушылық пен құштарлықты көрсетеді. Сондықтан олар ата-аналарына қоршаған әлемнің әртүрлі объектілері мен құбылыстарына қатысты «неге» деген сөзден басталатын сұрақтарды жиі қояды.

Бұл кезеңде балалар адамның сезімдерін немесе ойларын жансыз заттарға жатқызады. Бұл құбылыс ғылымда анимизм ретінде белгілі.

Пиаже теориясы бойынша «эгоцентристік ойлау» қалай көрінеді? неліктен дамудың осы кезеңіндегі балалар өздерін басқа адамдардың орнына ойша қоя алмайды? Бұл адамның басқа адамның санасына ену, оның ойларын болжау, яғни өзін басқаның орнына қою қабілетін түсіндіретін «ақыл теориясының» ережелеріне байланысты болуы мүмкін. Балалар бұл когнитивті қабілетті 4-5

жасында ғана дамытады. Сондықтан кішкентай бала «басқа адамдар не болып жатқанын көреді және өздері сияқты ойлайды» деп санайды. Бұл теория 5 жасқа дейінгі балалардың неге алдауды немесе әзілдеуді білмейтінін түсіндіруге көмектеседі.

Пре-логикалық кезеңнің осы шектеулерінің әрқайсысын бала 6-7 жасында когнитивті дамудың келесі кезеңіне өткеннен кейін жеңеді. Бұл оған бұрын жинақталған барлық тәжірибені біріктіруге және жүйелеуге мүмкіндік береді. Бұл процесс шамамен 14-15 жылға дейін созылады.

Нақты операциялар кезеңі (жетіден он бір жасқа дейін). Бала қазірдің өзінде идеялармен кейбір әрекеттерді жасай алады, бірақ тек осы жаста ол оларды біріктіре бастайды, бір-бірімен үйлестіреді, жүйелер құра бастайды. Бұл қарапайым ассоциативті байланыстырудан гөрі көбірек мүмкіндіктер ашатын жаңа деңгей.

Бұл жаста бала заттарды бірнеше белгілер бойынша топтастыруды және жіктеуді үйренеді.

Ресми операциялар кезеңі (он бір жылдан он бес жасқа дейін). Бұл жастың басты ерекшелігі-бала гипотетикалық ойлауды үйренеді, ол қоршаған шындықты болуы мүмкін ерекше жағдай ретінде қабылдай бастайды.

Бала гипотетикалық-дедуктивті ойлай бастайды. Басқаша айтқанда, ол бірқатар гипотезалар жасайды, оларды тексереді және алынған кері байланыс негізінде заттардың нақты жағдайы туралы қорытынды жасайды.

Кішкентай балалардан айырмашылығы, ресми операциялар кезеңіндегі бала комбинацияларды жүйелі түрде асыра алады (кіші балалар бірнеше комбинациялармен шектеледі).

Дарынды балалар ресми операциялар кезеңіне ертерек жетуі мүмкін.

Ата-аналарға арналған ұсыныстар

Біріншіден, баланың дамуын бақылау керек, оны үнемі бақылау керек.

Екіншіден, баланы жаңа құзыреттерді дамытуға, келесі кезеңге өтуге ынталандыру қажет. Жас ерекшеліктеріне сәйкес әр түрлі білім беру ойындарын қолдануға болады.

Үшіншіден, баланы бақылау керек, бірақ шектеу емес. Ол табиғи түрде әлемді білуге жаңа нәрселерді үйренуге тырысады. Бақылау дегеніміз кедергі жасау емес және баланың когнитивті дамуы он бес жасқа толғанның кейін де жалғасын табатынын есте сақтау қажет. Сондықтан когнитивті дағдалардың түрлерін білу де маңызды.

Когнитивті дағдылардың бірнеше түрлері бар.

1. Назар аударыңыз. Ол тұрақты, бағдарланған, таңдамалы, ауыспалы, үлестірілген немесе шектеулі болуы мүмкін. Мұның бәрі адамның қабілеттерінің әр түрлі типтері.

2. Есте сақтау. Ол қысқа мерзімді, борыштық болып бөлінеді мерзімін ұзарту және сенсорлық (соның арқасында біз сезімдерді есімізде сақтаймыз). Логика және ойлау. Басқаша айтқанда, когнитивтік дағдыларға әртүрлі құбылыстар туралы логикалық ойлау қабілеті жатады. Демек - абстрактілі, сыни, этикалық ойлау (осы құбылыстардың түрлеріне байланысты).

4. Көрнекі және есту жады. Осы когнитивтік дағдының арқасында біз көру және есту қабілеттерін пайдалана отырып, қандай да бір ақпаратты алуға, оның шифрін шешуге және қажетті деректерді алуға болады.

Когнитивті дағдылардың басқа қосалқы түрі мыналарды қамтиды:

1. Тілдік деректерді өңдеу. Басқаша айтқанда, бұл басқа адамдардың айтқанын және жазғанын түсіну қабілеті. Сонымен бірге, зерттеулер көрсеткендей, егер сіз ана тіліңізді ерте жастан үйрену керек, себебі, болашақта оны меңгеру қиын болады. Балалар еліктеу мен қабылдау арқылы, ал ересектер өмірлік тәжірибе мен проблемаларды шеше білу арқылы білім алады.

2. Ақпаратты өңдеу жылдамдығы. Ескеріледі уақыт үшін шешімдер зияткерлік міндеттерді.

3. Ойлау. Бұған ойлау туралы ойлау қабілеті (мета) кіреді таным). Мұндай қабілет оқу үдерісін жетілдіруге көмектеседі.

4. Тежеу жауап реакциялары және эмоцияларды реттеу. Біріншісі - құбылысқа «автоматты» реакцияны тежеу мүмкіндігі. Екіншісі адамға эмоцияларын бақылауда ұстауға мүмкіндік береді.

Танымдық дағдылардан басқа, мыналарды да келтіруге болады танымдық емес өзін-өзі тәрбиелеу, ынталандыру, ұйымдастыру, ұжымдық жұмыс, мақсат қоя білу, қоғамдық сана және т.б. сияқты дағдылар б. [2].

Қазіргі уақытта қолда бар психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау негізінде «танымдық қабілеттерді» анықтауға үш негізгі тәсіл берілген:

1. Когнитивтік қабілеттер - бір адамды екіншісінен ерекшелендіретін және дүниені табысты тануда көрінетін зейін, сезім, қабылдау, есте сақтау, елестету, ойлау процестерінің тұлғалық-психологиялық ерекшеліктері [3,4]. Бұл ұғымда «танымдық қабілеттер» «теңестіріледі. танымдық қабілеттерге».

2. Танымдық қабілет — бұл адам санасындағы объектілер мен субъектілер арасындағы қасиеттерді, қарым-қатынастарды және көп қырлы қатынастарды қамтитын бейнелеу жүйесі. Бұл жүйе талдау, синтез, абстракция және жалпылау сияқты ойлау процестерінің механизмінің негізінде жатыр. Бұл анықтама бойынша «танымдық қабілеттер» «ақыл-ой қабілеттеріне» теңестіріледі.

3. Танымдық қабілеттер – бұл интеллект, интеллектуалдық қабілеттер [5; 6]. Интеллект — бұл айналаңыздағы әлемді тану және кез келген қызметтің табыстылығын анықтайтын және басқа қабілеттердің негізі болып табылатын мәселелерді шешу қабілеті [7]. Бұл анықтама бойынша «танымдық қабілеттер» «интеллектуалдық қабілеттерге» теңестіріледі.

Адам қабілеттерінің табысты дамуы мыналарға байланысты, алдымен атап өтетініміз: тұқым қуалаушылық. Білім алушылардың когнитивтік қабілеттерін дамытудың маңызды шарты оқу үдерісінде қолайлы жағдайлар жасау және олардың қызметін ынталандыратын қарым-қатынас жүйесін құру болып табылады. Тұлғаның психикалық процестерінің даму деңгейі де маңызды рөл атқарады: есте сақтау, сөйлеу, қабылдау, ойлау, зейін, қиял. Бейімділіктер мен қызығушылықтар маңызды.

Әрбір индивид өзін тұлға ретінде қалыптастыруды мектеп қабырғасынан бастайды. Қазіргі кезде білім алушылардың өзін тұлға ретінде сезінуіне мүмкіндік беретін білім беру технологияларының кешені жетерлік. Солардың бірі де бірегейі, білім алушыларды еркін сөйлеп, ойларын ашық жеткізуге, пікір алмастырып, достарының ойын тыңдауға, көркем ойлары мен идеяларын қағаз бетіне түсіре білуге, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықтан шығуға бағыттайтын «Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» технологиясы болып табылады.

Оқу үрдісінде оқушыларды ойлауға үйрету-бұл олардың дамуының әдістемелік және психологиялық негіздеріне сүйене отырып, олардың табиғи ерекшеліктерін ескеру, оқу пәнінің мазмұнын меңгеруді қамтамасыз ету.

Биология курсының ерекшелігі оқушылардың табиғи объектілермен жұмыс істеуіне көбірек көңіл бөлуді талап етеді. Өсімдік түрлерімен тікелей танысу, организмдердің, олардың мүшелерінің құрылымы мен функциялары, өсімдік ағзаларындағы өмірлік процестерді ашатын тәжірибелер өсімдік әлемінің өмірі туралы шынайы білім алуға ықпал етеді. Табиғи нысандарды пайдалану оқушылардың назарын зерттеу объектісіне аударуға, құрылымдағы, қасиеттеріндегі басты нәрсені анықтауға, құбылыстың мәнін түсінуге, маңызды белгілерін ашуға көмектеседі [8].

Сабақ 3 кезеңнен тұрады: қызығушылықты ояту, түйсіну немесе мағынаны ажырату және ой-толғаным. Биология сабақтарында осы үш кезеңдерде интербелсенді әдістерді қолдану, сабақ құрылымын тиімді құруға және сабақ сапасын арттыруға көмектеседі. Оларды кез келген сабақта қолдануға болмайды.

Мәтін мазмұнымен танысуда: «Кластер», «Категориялы топтастыру», «Болжамды оқу», «Инсерт», «Тірек жазба»

Мәтінді талдау кезінде: «Топтық жоба қорғау», «Жуан-жіңішке сұрақтар», «Аквариум»

Мәтінді қорытуда: «Фишбоун», «Егер, онда, өйткені», «Эссе», «Қар үйіндісі», т.б.

Бұлайша қарастыру ойлаудың жаңа заңдылықтарын ашуға, ойлау процесін автоматтандыруға, сөйтіп, осыған негізделген жаңа техника мен технологияны жасауға жағдай жасайды.

Мұғалім өз міндетін тек оқыту, түсіндіру ғана деп түсінбей, ең алдымен оқушылардың оқу еңбегін ұйымдастыруға көмектесіп, ақыл-ой, танымдық қабілетін жетілдіріп, сауатты ұйымдастыра, басқара білуі тиіс. Баланың өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қызметіне байланысты.

Сөздік-сыни тұрғыдан ойлаудың дамуына мынандай жаттығулар көмектеседі: «Артығын анықта» әдістемесі. Баланың маңызды бөліктерді бөліп көрсету, жалпылай білу дағдысын көрсетеді. Тапсырманы сурет не заттай немесе жазбаша түрде ұсынуға болады. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

«Биологиялық домино» әдісі. Топта жұмыс істеу кезінде сізге алынған білімдерін көрсету үшін сөйлемді кеңейтуіңіз қажет. Тақырыпқа байланысты сөйлемдердің сөздерін қиылып беріледі. Оқушылардың мақсаты сол қиындылардан сөйлем құрастыру. Сөйлемі барынша дұрыс және нақты команда сыйлық алады!

«Лездеме!» әдісі Сіздің топтың екі қалған оқушысына бүгінгі сабақтың негізгі сөздерін түсіндіру үшін сізде бір минут бар. Шарты:• Конверттен бір сөзді бір рет алу, Сөздің өзін атамай түсіндіру; Сөзді тапқан бірінші адам конверттен келесіні таңдайды және қалғандарына түсіндіреді!

Көптеген отандық психологтар ақыл - ой дамуын қамтамасыз ететін негізгі шарттардың бірі ретінде оқушылардың ойлау іс - әрекетінің әдістерін игеруін атайды. Н.А.Менчинская және Д.Н. Эпифания «адамның ақыл - ой дамуы үшін білім қорының жинақталуы ғана емес, сонымен қатар ақыл-ой операцияларының, түрлерінің жақсы «дамыған» және берік бекітілгені» деп санайды. Ақыл - ой дамуы туралы не білу керек деген мәселені шешу үшін оқу материалы қалай, қандай ақыл-ой операциялары арқылы құрылғанын білу керек [9]. Осыған сүйене отырып, ақыл - ой дамуының міндетті шарты - бұл ойлаудың оқыту әдістерін игеру.

Ғылыми әдебиеттерде тәсіл анықтамасы әдіс бөлігі ретінде талқыланады, мұндай түсінік басым. Энциклопедиялық сөздік әдісті «шындықты практикалық игерудің (танымның) әдістері мен операцияларының жиынтығы» деп анықтайды [10].

Оқыту оқушылардың ойлауын дамытуға септігін тигізуі үшін оларды біліммен қатар, талдау, жинақтау, салыстыру, сәйкестендіру, ортақ, жеке және ерекше белгілерін анықтау, жалпылау, қорытындылар жасай білуді қалыптастыру қажет. Мысалы, мен өз сабағымда «Құрылысшы ойыны», «Қораптағы сұрақ», «Серпілген сауал», «Температура өлшеу», «SVOT», «Сұраққа жылдам жауап», «Мұғалімге хат жазу», «Эссе жазу», «Сұхбат алу», «Қалың және жұқа сұрақтар», «Логикалық тізбекті ажырату», «Шырша немесе фишбоун», «Стикердегі диалог» әдіс-тәсілдерін қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарының артатындығын аңғардым.

Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс енгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұрға екендігіне ерекше мән беруіміз керек [11].

Интербелсенді әдістердің бірі «Kahoot!». «Kahoot!» бағдарламасында миға шабуыл сұрақтарын жүргізудің түрлі нұсқалары бар. Олар: кәдімгі төрт нұсқалық сұрақ; Дұрыс немесе бұрысын таңдау; Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты сұрақтар; Пазл құрастыру арқылы тапсырманың шешімін табу; және т.б. Осы оқыту платформасын сабақтарда қолдану арқылы оқушыларды сыни түрде жылдам ойлап, тез әрі нақты шешім қабылдауға дағдыландыруға мүмкіндік зор.

Практика барысында жиі қолданған келесі интербелсенді әдістер «LearningApps.org», «WordWall», «StarGenetics», «Phet» «Аукцион» және

«Жасырын ұяшықтар» (PowerPoint). Бұл бағдарламалардың көмегімен әртүрлі жаттығулар мен тиімді тапсырмалар, миға шабуыл ойындары мен әдістерін құрастыруға болады.

Түрлі әдістемелік тәсілдер пайдалану арқылы қабілеті әртүрлі балалардың ортасынан қабілеті жоғары баланы іздеп, онымен жұмыс жасау, оны жан - жақты тануды ойлап, оқушылардың шығармашылық деңгейін бақылап отыру әрбір мұғалімнің міндеті [12].

Кез-келген әдістемелік жүйеде ең қиыны-белгілі бір қызмет түрінің нәтижелерін есептеу. Көбінесе мұғалім қандай баға қою керек екеніне күмәнданады. Анықтамаларды, тұжырымдамаларды көбейту туралы бір нәрсе, ал екіншісі-жалпылау, салыстыру, сипаттау. Мұғалім оқушылардың білімі мен дағдыларын бағалауда объективті болатын нақты эталондық жүйе қажет [13].

Қазіргі заманғы ғылыми-білім беру тәжірибесінде техникалық прогрестің қарқынды дамуына байланысты танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған әр түрлі педагогикалық технологиялар бұрыннан бар. Демек, қоғам әдеттегі тәжірибеге сәйкес әрекет етпеуі керек, керісінше мәселелерді шығармашылықпен шешуге, тез бағдарлануға және жаңа жағдайларға бейімделуге тиіс. Ерекше ойлауды, есте сақтауды, зейінді дамыту, сыныптағы оқытудың сапасын арттыру үшін оқушылардың танымдық дамуын дамытуға бағытталған әр түрлі педагогикалық технологияларды тиімді қолдану қажет.

Танымал педагогикалық технологияларға дамытушылық оқыту, проблемалық оқыту, көп деңгейлі оқыту, өнертапқыштық есептерді шешу технологиясы (TRIZ), оқытудағы зерттеу әдістері, жобалық оқыту әдістері, оқытуда ойын әдістерін қолдану технологиясы (рөлдік, іскерлік оқыту ойындары), оқыту кіреді. Ынтымақтастықта (топтық, топтық жұмыс), ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, денсаулық сақтау технологиялары және т.б. [14].

Білім берудегі ең жаңа бағыт – бұл іс-әрекеттің заманауи педагогикалық технологияларын қолданатын жүйелік-іс-әрекеттік тәсіл.

Бейнелеу технологиялары қазіргі заманғы білім беру мекемелерінде ерекше маңызды. Мысалға, скрайбинг – презентацияның жаңа педагогикалық технологияларының бірі (ағылшын тілінен «to scribe» - эскиздерді немесе сызбаларды сызу). Бұл техниканы британдық суретші Эндрю Парк ойлап тапқан. Тәрбиешінің сөйлеген сөзі бормен немесе маркермен «ұшқанда» тақтаға немесе қағазға салынған суреттермен суреттелген. Мұндай презентация барысында оқушылар негізгі ойларға негізделген графикалық жолдармен бірдей ақпаратты естиді және көреді. Бұл күрделі идеялар мен процестерді барлығына түсінікті етуге, ақпаратты тиімдірек меңгеруге және қызықсыз және ұзаққа созылған түсініктемелерді сәтті ауыстыруға мүмкіндік береді. Ғалымдар көрсеткендей, әрбір адам ақпараттың 80%-дан астамын визуалды түрде қабылдайды.

Инфографика — бұл деректер мен дизайнды біріктіретін иллюстрацияның бір түрі, бұл адамдарға ақпаратты аудиторияға қысқаша түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл технологияны пайдалану нұсқаушыға деректерді немесе ұғымдарды визуализациялауға және оқушыларға күрделі ақпаратты тез

қабылдауға және түсінуге оңай болатындай етіп түсіндіруге мүмкіндік береді [15]. Көрнекі түрде инфографиканы әртүрлі формада ұсынуға болады: карикатуралар, диаграммалар, иллюстрациялар, эмблемалар, сызбалар және т.б. пішімінде.

Тағы бір жаңа педагогикалық технологиялар болып табылады таймлайндар (ағылшын тілінен «.time» - уақыт, «line» – сызық, яғни уақыт сызығы), оның негізгі міндеті білім алушылардың хронологиялық процестерге жүйелі көзқарасын қалыптастыру болып табылады. Бұл технологияны тарих сабақтарында оқиғалардың ретін есте сақтау үшін қолдануға болады. Сонымен қатар, мерзімдерді жаңа материалдарды түсіндіру үшін ғана емес, сонымен қатар оқушылардың бұрыннан бар білімдерін тексеру үшін де қолдануға болады.

Психикалық (интеллект) карталарды құрастыру технологиясы немесе ақыл-ой картасы («mindmapping») сонымен қатар қызықты педагогикалық технология болып табылады. Бұл тәсіл мидың оң және сол жарты шарлары принципін негізделген, сол жақ жарты шар нақты аймақтарға, ал оң жарты шар шығармашылық аймақтарға үстемдік етеді. Ақыл-ой карталарын пайдалану екі жарты шардың функцияларын бір уақытта дамытуға мүмкіндік береді, осылайша оқушылардың ақыл-ой қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Бұл техниканың көмегімен сабақ барысында көптеген жасырын нәрселер мен нюанстарды көруге болады. Сонымен бірге оқушылар жаңа шығармашылық мүмкіндіктерге жол ашады, ассоциативті ойлауды қолданады. Қысқаша айтқанда, ақыл-ойды бейнелеу технологиясы ойлар ағымының жеңілдетілген графикалық көрінісі болып табылады.

Сөздер немесе тегтер бұлтты (ағылш. «tag cloud», «word cloud», «wordle») — бұл технология, ол пұсынады санаттар тізімінің көрнекі көрінісі (тегтер, белгілер, белгілер, кілт сөздер және б.). Сөз бұлттын сабақта да (жаңа материалды түсіндіруде, меңгергенін қайталауда және білімін бақылауда) да, сабақта да қолдануға болады. сабақтан тыс іс-шаралар (өзі туралы ақпаратты ұсыну үшін (портфолио) немесе басқа адам туралы, газеттер мен ашық хаттар жасау үшін және б.).

Жобалық іс-шаралар технологиялары мен квест технологиялары да ерекше қызығушылық тудырады. Жобалық оқыту әдістемесі дербестендірілген білім беру жүйесінде қарастырылады. Ол оқушылардың жеке қасиеттерін (дербестік, бастамашылдық, ерік-жігер және шығармашылық қабілеттер) дамытуға ықпал етеді, сонымен қатар олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді және жобаларды кезең-кезеңімен жүзеге асыруға бағытталған технология болып табылады. Бұл технологияның мақсаты қойылған мәселені өз бетінше түсіну және зерделеу және ғылыми негіздемені, материалдың немесе басқа объектілердің конструкциясын қалыптастыру болып табылады. Жобалық іс-әрекеттің технологиясы оқушының танымдық қабілетін оны қызықтырған, іс-әрекетке, ізденуге ынталандырған кезде ғана дамытады. Осы технологияны қолдана отырып, бірлескен, серіктестік білім беру іс-әрекетінің әр түрлі түрлері арқылы оқушының танымдық іс-әрекетін мақсатты түрде дамытуға болады.

«Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» деп Ж.Аймауытов айтқандай білім беру жүйесіндегі бүгінгі өмірдің талабы сабақ өткізудің жаңа әдістері мен ақпараттандырылған оқыту технологияларын пайдалану [16]. Бұл мақсатқа жетудің бірден - бір жолы оқытудың тиімді жолдары мен түрлерін іздестіру. Сондықтан да оқытудың жаңа түрлерін күнделікті сабақта қолданып, жоғары нәтижеге жету – мұғалімнің міндеті.

Болашақтың бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күш білімде ғана. Қай елдің болмасын өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты.

Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің қазіргі кезеңіндегі қоғамның түрлі сфераларының құрылуы мен тұлғаның белсенділігінің жоғарылауы арасында байланыс айқындала түсуде. Осыған байланысты балалардың танымдық әрекетін белсендіру, оны тиімді басқару және дамыту, әдістемелік, ұйымдастырушылық және моральдік – психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету күрделі педагогикалық мәселе ғана емес, маңызды әлеуметтік мәселе болып табылады.

Танымдық ізденімпаздықты дамытудағы оқыту әдістемесінің негізін Я.А. Коменский қалады. Ол: «Таным бастамасы – сезімнен, бала сезіне білмесе, оның ой – өрісінде ешқандай өзгеріс болмайды. Оқытуды зат туралы сөзбен емес, сол затты бақылау арқылы шәкірттің ойын дамыту керек», - деп жазды [17]. «Мен өз шәкіртімнің әрқашанда өз бетінше бақылауын, практикада өздігінен тұжырым жасауын дамытуды – білім берудегі негізгі жетістікке жету құралы ретінде қарастырамын», - деген болатын. Танымдық әрекет – шәкірттің білімге деген өте белсенді ақыл – ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекеттің негізінде оқушыларда танымдық белсенділіктерінен ізденімпаздық қалыптасады. Балалардың жеке тұлғасында танымдық белсенділігінің дамуы бес – алты жас аралығында қарқынды келеді.

Оқу әрекеті жетекші іс-әрекетке айналуының қарқынды кезеңі болып саналатын бастауыш сынып жасындағы балалардың когнитивтік дамуын қарастыратын зерттеулер баршылық [18, 19]. Зерттеулерде көрсетілгендей когнитивтік, яғни танымдық процестер баланың психикалық дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Сонымен қатар ақыл-ой қабілеті қалыптасуының негізі ретінде алға шығады. Бастауыш сынып жасындағы балалардың жетекші оқу әрекеті арқылы теориялық ойлау және әрекеттің ішкі жоспары қалыптасады. Осы жас кезеңінің соңына қарай шындыққа теориялық, когнитивтік қатынас танытатын, танымдық міндеттерді шешетін, ең болмағанда білгіліден белгісізді ажырата алатын жеке оқу әрекеті қалыптасуы тиіс. Жалпы бастауыш сынып жасындағы балаларды жаппай оқыту оқу әрекетін қалыптастыруға бағытталады, ал когнитивтік даму өз деңгейіне жетпей қалып жататыны белгілі. Бүгінгі білім беру мазмұнының басты сипаттарының бірі баланы оқыту арқылы өз бетінше оқу әрекетіне қарай бағыттау болып табылады. Айта кететін жайт, дәстүрлі білім беру жүйесінде мұғалім оқушы әрекетінің

жалпы тәсілдерінде қалыптасатын жеке оқу әрекетін орындауға жиі назар аударады. Бастауыш сынып жасындағы балалардың психикалық процестерінің жоғары деңгейге өтуімен когнитивтік аймақ дамуының ерекшеліктері байланысты болып табылады. Бұл ең алдымен көптеген психикалық процестер (қабылдау, зейін, ес) өтуінде, сонымен қатар ойлаудың абстрактілі-логикалық формасы мен оны жазу тіліне үйретуде көрінеді. Бастауыш сынып жасындағы балалардың когнитивтік процестерінің даму ерекшеліктеріне қысқаша тоқталып өтеміз. Көптеген зерттеулерде көрсетілгендей алғашында бастауыш сынып жасындағы балаларда көрнекі-әрекеттік, кейіннен (2,3 сыныптарда) абстрактілі-логикалық ойлауы басым болады [20, 6]. Осы жас кезеңінде баланың ырықсыз есте сақтау естің негізгі түріне айналады, мнемикалық процестердің құрылымы өзгереді. Баланың интеллектуалды дамуындағы бетбұрысты кезең психологиялық мазмұны бойынша бастауыш сынып жасы болып табылады. Бұл жас кезеңінде логикалық ойлау дамиды. Баланың ақыл операциялары дамуға қол жеткізеді, яғни түрлі ұғымдарды қалыптастыра бастайды. Когнитивтік процестердің ішінде қабылдаудың дамуы білім қорын жинақтаудың қайнар көздерінің бірі болып табылады. Бастауыш сынып жасында бала әріптерді, олардан күрделі құрылымдарды біріктіретін сөзді, сөйлемнен нақты мағыналарды қабылдайды. Бастауыш сынып жасындағы балалардың зейінінің дамуы ырықты бола бастайды. Дегенмен әсіресе, бастауыш сынып жасындағы балалар зейінінің ырықтыға ұзақ уақыт бойы ырықсыз түрі бәсекелес болып қала береді. Бала зейінінің белгілі бір қасиеттері, ауыспалылығы және шоғырлануы, сонымен қатар ырықты түрінің дамуы жүзеге асады. Бастауыш сынып жасындағы балалардың ырықты зейінінің дамуында мектеп пен оқу үдерісі маңызды рөлге ие. Ерекше айта кететін жайттардың бірі баланың жаңа білімді игеруінде естің рөлі зор. Мектепке келгеннен кейін бала тек өзі есте сақтағысы келетіні мен қызығатындарын ғана емес, мектеп бағдарламасы талап ететіндерді жадта ұстауына тура келеді. Бастауыш сынып жасындағы балалардың когнитивті керекшеліктерінің бірі механикалық ес тез, ал сөздік-логикалық баяу дамиды болып табылады. Бастауыш сынып жасындағы балалардың когнитивті аймағының негізгі ерекшелігі психикалық танымдық процестерінің жоғары деңгейге өтуі болып табылады. Бұл ең алдымен жоғарыда атап кеткендей көптеген психикалық процестер (қабылдау, зейін, ес, елестету) ағымының еріктілік сипатында, сонымен қатар ойлаудың абстрактілік логикалық формасы мен жазбаша сөйлеу қалыптасуында көрініс береді. Бұл жас кезеңінде балалар біршама қарапайым ой қорытындысын жасай алады. Дегенмен бастауыш сынып жасындағы балалардың қолданатын ақыл операциялары ересектердің формальді тәсілдерінен әлдеқайда алыс болары сөзсіз. Айта кететін жайт бастауыш сынып жасындағы балалар әрекеттің ішкі жоспары, «ақыл» әрекетіне бағдарлана алу қабілетіне ие. Әрекеттің ішкі жоспарының қалыптасуы және ырықтылықтың дамуы бастауыш сынып жасындағы балалардың барлық психикалық процестерінің қызмет етуіне әсер етеді. Мұның бәрі баланың өзін қадағалауына және интеллектуалды дамуына мүмкіндік береді. Қазақстандық ғалымдар Қ. Жарықбаев, О. Саңғылбаевтың еңбектерінде интеллект ақпаратты мақсатты

бағытты қайта өндеуге, реттеуге, оқуға қабілеттіліктің күрделі жүйелерінің танымдық іс-әрекеті ретінде тұжырымдалады [21]. Интеллект функциялары мынадай: а) оқуға деген қабілеттілік; б) қоршаған болмыстың заңдылықтарын белсенді меңгеруге қабілеттілік. Әрбір жас кезеңінде интеллект іс-әрекеттің жанама тәжірибесінің функциясы бола отырып, тұлғаның когнитивтік дамуына әсері [22]. Бастауыш сынып жасындағы балалардың қабылдауы, есі және зейіні саналы мақсатқа бағытталады және оны жүзеге асыруға сәйкес тәсілдер таңдалады. Басқалай айтқанда ес, зейін және қабылдау ырықты жанамаланған үдеріс болады. Бастауыш сынып жасындағы бала мәтіннен мұғалім сұрап тұрған мәселені ажыратып бөледі және қабылдай алады. Балалар мұғалімнің нұсқауын қадағалай отырып, нысан мен құбылыстарды жүйелі түрде бақылауды үйренеді, содан кейін қойылған мақсатты ұстанады. Күрделі оқу тапсырмаларын орындау барысында ересектер тарапынан бақылау біртіндеп әлсіреген сайын бала өзінің әрекетін өзі қадағалауға үйренеді. Осы әрекеттердің негізінде баланың зейіні қалыптасады. Бұл әсіресе баланың логикалық тапсырмаларды белсенді орындауы, жауап кілтін табуға ширақ келуі, білуге деген ұмтылысы танымдық ойындар арқылы оқу әрекетінің міндеттерін шешуде айқын көрінеді.

Интеллектуалдық ойындар арқылы оқушылардың танымдық қабілетін дамыту барысында бастауыш сынып оқушыларынан күтілетін нәтижелер:

- кез келген ақпаратты беру және қабылдау үшін жағдайға қарай шағын көлемдегі мәтінді қолдана алады;
- алынған ақпараттарға қатысты өзінің ойын білдіру үшін алғашқы сөйлеу дағдыларын қолданады;
- тілдік қатынас және қоршаған шынайылықты танып білу құралы ретінде ана тілінің маңызын түсінеді;
- топпен, командамен бірлесіп жұмыс жасау үшін алғашқы сөйлеу дағдыларын пайдалана алады;
- жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдана біледі;
- интеллектуалдық ойындар барысында жалпыадамзаттық және әлеуметтік мәдени құндылықтарға өз көзқарасын білдіре білуі;
- өзінің бәсекелестік қабілетін арттыру үшін өзін-өзі билеуге және кәсіби өсуге ынталы болуы;
- ақыл-ой қабілетін және жалпы өмірлік әрекетін жоғары деңгейде ұстау үшін шығармашылық жұмысқа тартылады.
- интеллектуалдық даму деңгейі жоғары, дарынды тұлғалар айқындалады.

Оқушылардың танымдық қабілетін дамытуда интеллектуалдық ойындардың атқаратын маңызы зор. Интеллектуалдық ойындар арқылы оқушылар әр түрлі жағдайды түсінеді, оны шешу жолдарын қарастырады. Интеллектуалдық ойындар оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, оқуға құлшынысын, қызығушылығын арттырады. Жақсы ойынға бала бар ынтасымен беріліп, оны білуге, меңгеруге талпынып, алуан түрлі дағды, мәліметтерді алып, шеберліктерін шыңдайды.

Ойын – бұл еркін және өзіндік әрекет, ол баланың жеке қызығушылығынан туады, белсенділігімен ерекшеленіп, шығармашылығын, жоғары сезімділігін көрсетеді. Ойында ғана баланың жеке қажеттілігі мен шектеулі мүмкіндіктері ашылады. «Ойын, сондықтан ойын, ол баланың дербестігі...» Мұғалім өз сабағында интеллектуалдық ойын түрлерін жиі пайдаланса, білім алушының танымдық дағдысының арта түсуіне оң ықпал етеді. Интеллектуалдық ойын барысында оқушылардың танымдық қабілетін, алған білімдерін одан әрі дамыту, тереңдету, олардың ізденімпаздығын арттыру, ой-өрісін кеңейту, шығармашылық қабілетін дамыту, оқуға белсенділігін арттыру мақсатын көздеймін. Бастауыш сыныптар арасында өткізген «Көкпар», «Алтын сақа», «Бәйге», «Тапқыр болсаң, талас жоқ», «Математикалық поэзия» т.б түрлі интеллектуалдық ойындар бала қиялын ғана дамытпай оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Бала өз мүмкіндіктерін ашып, жаңалыққа, бәсекелестікке ұмтылады.

Ойын элементтерін пайдалану оқушылардың ой-өрісін, танымдық белсенділігін арттырады, алғырлықты, тапқырлықты, логикалық ойды дамытады. Әрбір сабақта қолданылатын ойын түрінің белгілі мақсаты болады..... Ойын барысында балалар тегіс қатысып өз ойларын ортаға салып, өз білім дәрежесін көрсете біледі.

Мысалы, қазақ тіліне тән дыбыстарды өткенде сол дыбысқа байланысты сөздер беріледі. Сол дыбыстарды пысықтау кезінде мынадай тиімді сәттерді қолдануға болады. Оқушыларды топтарға бөліп, әр топқа үш әріптен үлестіріледі. Қай топ бұрын және көбірек сөз жазса сол топ озады. Оны топтың ішінен бір-бір оқушыға тақтаға жазғызады.

Ойын таңдағанда тақырыпқа сай ойындар ойналады. Біз ойын элементтерін сабақта екі түрлі мақсатта пайдаланамыз. Оның біріншісі – оқушының сабаққа қызығушылығын, ынтасын арттыру, екіншісі – оқушыларды тапқырлыққа баулып, зейінін, байқампаздығын арттыру және ойлау қабілеттерін арттыру.

«Ойын – бала үшін өмірлік тәжірибе», - деп М.Жұмабаев атап көрсеткендей, оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілі сабағында орынды қолданылған ойын элементтері оқушылардың ынтасын арттырып, білім дағдыларын игеріп, іскерліктерін шыңдауға өз септігін тигізеді [23].

Мектепте білім алушыларға қосымша білім беру жүйесін құру балалардың дене және психикалық денсаулығын сақтауға және нығайтуға, танымдық қызметке тұрақты қызығушылықты арттыруға, өзін-өзі реттеудің жоғары деңгейін қалыптастыруға, сондай-ақ балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік туғызады.

Қосымша білім беру оқыту мен тұлғаны қалыптастыруды жалғастыру, тәрбиелеу құралы және сонымен бірге білім беру қызметіне, мамандандырылған оқытуды таңдауға түрткі бола алады, болашақ мамандықты таңдауға көмектеседі.

Қосымша білім беруді мектепте ұйымдастырудың негізгі ережесі балалардың (психологиялық қызметтің міндеті) және таланттардың (әр түрлі істерге қатысу арқылы) мүдделері мен қабілеттерін ерте анықтау, сондай-ақ балалардың жеке қабілеттерін дамыту (қабілет – динамикалық ұғым, (1-қосымша)) болып табылады. Ол тек қозғалыста, тек дамуда ғана көрініс табады. Ал бұл даму тек бір немесе басқа қызмет процесінде, оның ішінде қосымша білім беру жүйесінде де жүзеге асырылады.

Мектептегі қосымша білім беру Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – стандарт) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығында көрсетілген оқу жүктемесінің вариативтік компоненті – білім алушылардың білімге деген қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компонентіне сәйкес ұйымдастырылады [16].

Сонымен қатар стандартта сабақтан тыс іс-әрекетке – білім беру ұйымындағы біртұтас оқу-тәрбие процесінің құраушы бөлігі, үлгілік оқу жоспарында айқындалған оқу жүктемесінен тыс іске асырылатын білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру нысандарының бірі деген тұжырымдама берілген [16].

Үйірмелер, элективті курстар, факультатив сабақтары, спорт секциялары, дебат клубтары – мектеп оқушыларының белгілі бір бағыттың қызметіне қызығушылығын дамытатын және сақтайтын, сабақ барысында алған білімдері мен дағдыларын кеңейтуге және тереңдетуге мүмкіндік беретін қосымша білім беру құрылымының аса маңызды элементтері болып табылады.

Қосымша білім берудің басым идеялары келесідей болуы мүмкін:

1. Баланың әрекет түрлері мен бағыттарын еркін таңдауы. Бұл баланың іс-әрекет бағытын қалай таңдайтыны туралы (көркемдік, техникалық, спорттық, экологиялық және т.б.) Үйірмеге, секцияға қатысатын баланың әртүрлі мақсаттарды басшылыққа алу құқығы болуы маңызды.

2. Баланың жеке қызығушылықтарын, қажеттіліктерін, мүмкіндіктерін ескеру. Қосымша білім беруде әрекет объектісі немесе саласы балаға «жақындайды». Оған өзінің білім беру жолын анықтауға мүмкіндік беріледі, бұл мәні бойынша мұғалім баланы осы немесе басқа іс-әрекетке тарта отырып, оның өз мүдделерін жүзеге асыруға, жеке қабілеттерін дамытуға жағдай жасайды. Екеуінің де жетістіктерін басқалармен салыстырып емес, өз мүмкіндіктерінің ауқымы бойынша бағаланады.

3. Баланың өзін-өзі еркін анықтау және өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндігі іске асырылады. Олар: «еркіндікпен» қамтамасыз етуді (баланы қысымнан, қысым жасаудан, қадір-қасиетін қорлаудан қорғау) және «еркіндік» тәрбиелеуді (қолайлы жағдай жасау) болжайды

4. Оқыту, тәрбиелеу, дамытудың бірлігі. Тәрбиеде құндылық-бағдарлық, мотивациялық, мінез-құлық, эмоционалдық компоненттер басым болады.

Тәрбие процесінде адам тәжірибе жинақтайды. Моральдық-эстетикалық көзқарас пен мінез-құлық тәсілдерін объективті нормалар, жалпы қабылданған стандарттар ретінде қабылдайды.

5. Оқу процесінің практикалық және белсенділік негізі. Бұл баланың белгілі бір шығармашылық өнімді жасауға қатысуынан ғана емес, ол үшін өмірлік маңызды мәселелерді өз бетінше шешуге тырысуынан көрінеді. Сондықтан қосымша білім беруде баланың жеке тәжірибесіне көп көңіл бөлінеді, бұл сабақтың мазмұны мен практикалық жұмыс формаларын анықтау кезінде міндетті түрде ескеріледі [17].

Білім алушының когнитивті дамуы өмір бойы жалғасады, яғни адам жасы ұлғайған сайын жаңа әлеуметтік рөлдерді басынан өткізеді және әр түрлі әлеуметтік қарым-қатынасқа түседі. Бала ерте жастан бастап қабылдай бастайтын әлеуметтік тәжірибе әлеуметтік мәдениетте жинақталып, көрінеді. Бұл үрдістің жас ерекшелігіне сәйкес болуы маңызды болып табылады. Қоғамдық орта көздейтін жағымды нормаларды, әр жас кезеңіне сәйкес келетін мінез-құлық нормалары мен үлгілерін уақытылы меңгермеу әлеуметтенуден артта қалу болып саналады.

Артта қалушылық қоғамға қайшы құбылыс болып табылмайды, уақыт өте келе ол жеке тұлғаның теріс сипаттамаларды қабылдауына, бейәлеуметтік топтардың ықпалына түсінуіне себеп болуы мүмкін. Әлеуметке қарсы әрекеттердің көрінісі дегенді – девиантты мінез-құлық, сонымен қатар қоғамның құқық, мәдениет немесе адамгершілік саласындағы жалпы қабылданған нормалардан ауытқыған іс-әрекеттер жүйесі деп түсіндіруге болады.

Қазіргі кезде жеке тұлғаны қалыптастыруда білім беру ұйымдарының/мекемелерінің атқаратын рөлі артуда. Білім беру жүйесі бұл рөлді өз жауапкершілігіне алу қажеттілігімен бетпе-бет кездесіп отыр. Себебі мектептегі білім беру – әр адамды тәрбиелеудегі ең ұзақ кезең және тұлғаның табысты әлеуметтенуінің шешуші факторы болып табылады. Заманауи мектеп – қазіргі қоғамның үлгісін көрсетеді, яғни дәл осы жерде топтағы, қоғамдағы негізгі әлеуметтік құндылықтарды, мінез-құлық нормалары мен заңдылықтарын меңгеру жүзеге асырылады. Сонымен бірге әлеуметтендіру факторы білім берудің белгілі бір кезеңінде балалардың табысқа жетуіне елеулі әсер ете бастайды.

2. Білім алушылардың когнитивтік қабілеттерін дамыту бойынша халықаралық және отандық тәжірибені талдау

Білім алушының когнитивті қабілетін дамытудың мақсаты – білім алушының оқу пәнінен алған білімін тереңдетумен қатар, тұлғаның барлық қырларын: зердені, тәжірибелік ақылды, еңбексүйгіштікті, дене дамуын, өзін-өзі қалыптастыруға қажетті мінез-құлық пен ерікті қалыптастыру және тәрбиелеу. Яғни, мектептегі қосымша білім беру – баланың бай ішкі дүниесіне ену, түсіну және оның шегін кеңейту, оның әлеуметтенуіне жағдай жасау тәсілі болып табылады.

Когнитивтік қабілетті дамытуға – қоғамда нақты рөл атқаратын адамдардың мінез-құлқын, құндылықтарын, нормаларын, әлеуметтік дағдыларын үйренудің жалғасып жатқан процесі жатады. Отбасын, мектепті, бұқаралық ақпарат құралдарын, құрбылар тобын, басқа да әлеуметтік институттардың барлығын, яғни тұлғаның әлеуметтенуі жүруіне қатысы бар құрылымдардың барлығын әлеуметтендіру агенттері деп айтуға болады. Сонымен қатар әлеуметтендіруді бастапқы әлеуметтендіру және қайталама әлеуметтендіру деп екі түрге бөлуге болады [18].

Баланы алғашқы әлеуметтендіру отбасында өтеді және дәл осы жерде балалар өздерінің жеке болмысын, сөйлеу тілін үйреніп, танымдық дағдыларын дамытады. Отбасында балалар адамгершілік, мәдени құндылықтар мен әлеуметтік рөлдер туралы ойлаудың белгілі бір тәсілдерін үйренеді. Әрине, бастапқы әлеуметтену нәтижесінде пайда болған әлеуметтену әлеуметтік, этникалық, мәдени ортаға, отбасылық қарым-қатынастарға байланысты болады.

Қайталама әлеуметтендіру деп балалардың мектеп және басқа да әлеуметтік мекемелерге түскен кезде ұшырасатын әлеуметтік оқытуды айтады. Мектептің, мұғалімдер мен құрдастардың сипаттамалары балалардың мектеп ортасындағы әлеуметтендіруіне әсер етеді. Балалар мектепке келіп бастағанның өзінде де отбасы балаларды әлеуметтендірудің маңызды бөлігі болып қала береді. Алайда, балалардың өмірінде енді әлеуметтік өзара іс-қимыл дағдыларын үйренетін басқа да маңызды адамдар болады. Жалпылама басқаның дамуы, бала жалпы қоғам көзқарастарын қабылдауды үйренгенде, қайталама әлеуметтендіру кезінде орын алады.

Мектеп ортасындағы әлеуметтендірудің басты мақсаты – баланы әлеуметтік сауатты етіп тәрбиелеу. Бала өзінің бойында мектеп ортасында әлеуметтік, эмоционалды және интеллектуалдық жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін дағдыларды дамытуы тиіс. Мектеп жағдайында әлеуметтік құзыреттілікке оқушылар әлеуметтік мақсаттарды қабылдаған және қол жеткізген кезде қол жеткізіледі. Бұл мақсаттар (мысалы, бөлісуді, сабаққа қатысуды, топтарда жұмыс істеуді үйрену) оларды іске асыруда баланы мектептегі әлеуметтік топтарға біріктіруге де қызмет етеді [18].

Тұлғаның әлеуметтенуінің негізгі үш кезеңін айтуға болады.

Бірінші кезең – әлеуметтік құндылықтар мен нормаларды игеру, соның нәтижесінде жеке тұлға бүкіл қоғамға сай болуды үйренеді.

Екінші кезең жеке тұлғаның өз дербестігіне ұмтылуынан, өзін-өзі өзектендіруінен және қоғамның басқа мүшелеріне белгілі бір әсер етуінен тұрады.

Үшінші кезең – әрбір адамның белгілі бір әлеуметтік топқа кіре отырып, өзінің өзіндік қасиеттері мен мүмкіндіктерін ашады [19].

Балалардың әлеуметтенуінің қай кезеңі болсын жалпы білім берудің құрылымды (вариативтік) бөлігі болып табылатын қосымша білім беруде де көрініс табады. Қосымша білім беру – білім алушыға таным мен шығармашылыққа тұрақты қажеттілікке ие болуға, өз-өзін неғұрлым жан-жақты іске асыруға, тұлғалық және кәсіби дамуына жағдай жасайтын білім түрі. Көптеген зерттеушілер балаларға қосымша білім беруді қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру арқылы тәрбиелеу мен оқытудың мақсатты процесі ретінде түсінеді [20].

Әлеуметтендіру өтетін ортаны – әлеуметтендіру факторы ретінде қарастыруға болады. Олар. Отбасы, көше, бұқаралық ақпарат құралдары (оның ішінде – интернет), білім беру ұйымдары (мектептегі қосымша білім беруді қоса алғанда) және т.б.

Отбасында бала дүниеге келген сәтінен бастап ең жақын туыстарымен – анасымен, әкесімен, ата-әжесімен, ағаларымен, әпкелерімен, басқа да туыстарымен өзара туыстық қарым-қатынас жасайды.

Отбасында баланың бойында күнделікті өмірге қажетті негізгі тұрмыстық дағдылары, жанжалдарды шешу диалог құру қабілеттері қаланады. Көпшілік жағдайда баланың өзін-өзі ұстауы ересектерден көрген мінез-құлық ережесіне байланысты қалыптасады, яғни балалар әрдайым үлкендерден көргенін қайталайды. Бұл жағдайды әрдайым есте сақтау қажет.

Балалар көп уақытын көшеде немесе үйден тыс жерде, таза ауада өткізеді. Аулада және ойын алаңдарында басқа балалармен және олардың ата-аналарымен өзара қарым-қатынас жасаудың көптеген жағдайы орын алады, яғни осылайша үйден, отбасынан тысқары жердегі әлеуметтенудің негізі қаланды. Бала кездейсоқ пайда болған жанжалдарды шешіп, ортақ тіл табуды үйренеді.

Балалық және жасөспірімдік шақта бала бұқаралық ақпарат құралдарын, соның ішінде интернетті белсенді қолдана бастайды. Интернет желісінде бала көптеген ақпарат және әлемнің кез келген жеріндегі адаммен қарым-қатынас жасай алады.

Балалар сыни ойлауды үйренеді, желіде өзара қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгереді, сондай-ақ нақты ортада қол жетімсіз нәрселер туралы біледі. Бұл да баланың әлеуметтенуіне ықпал етеді.

Оқушыларды әлеуметтендірудің басым үлесі жалпы білім беру ұйымдары мен қосымша білім беруге тиесілі болып келеді. Бұнда балалар ортақ істі біріктіретін ұжымда өзара әрекеттесуді үйренеді. Үйірмелер, спорт секциялары, қосымша сабақтар балаға дос табуға, олармен әрдайым байланыста болуға, әлеуметтік ортаның өміріне қатысуға көмектеседі.

Осылайша, мектеп жасындағы балаларға қосымша білім беру міндеттерінің бірі – шығармашыл тұлға қалыптастыру үшін қажетті жағдайлар

жасау болып табылады. Бұл жағдайда басты назар баланың өзін-өзі анықтау және өздігінен даму құқығын қорғауға бағытталған. Қосымша білім берудің басты мақсаты – балалардың мектеп пәндерінің ауқымынан тысқары білім алу мен шығармашылығына ынтасын дамыту, оқшылардың жеке және кәсіби өзін-өзі анықтауына, олардың қоғамда өмір сүруге бейімделуіне және салауатты өмір салтын ұстануына ықпал ету болып табылады. Қосымша білім беру бос уақыттың әлеуметтік және бос уақыты ұтымды өткізу қызметін іске асыруға ықпал етеді, балаларға оны барынша пайдалануға мүмкіндік береді, яғни бос уақытты ойын-сауықпен, мерекемен, шығармашылықпен ұштастыру, бұл адамның даму құқығын барынша толық қамтамасыз етеді және балалардың, жасөспірімдер мен жастардың жеке және өзін-өзі кәсіби анықтауы өтетін түрлі іс-шараларды еркін таңдауды қамтамасыз етеді. Қосымша білім беруде білім беру тек «өмірге дайындық» немесе кәсіп негіздерін игеру ретінде ғана емес, шын мәнісінде өмірдің негізі ретінде – өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, интеллектуалдық ресурстарды қызықты және қуанышты тұтынудың үздіксіз процесі ретінде қарастырылады. Қосымша білім беруде өскелең ұрпақ өзінің шығармашылық қызметінде жетілу мен үйлесімділікке ұмтыла отырып, армандауды, безендіруді, жоспарлауды, өз өмірі мен айналасындағы шындықты өзгертуді үйренеді. Мұндай білім ой мен іс-әрекет еркіндігіне, шығармашылыққа, серіктестікке, әрбір жеке адамның қадір-қасиетін құрметтеуге негізделген.

Қосымша білім беру мектептегі оқу-тәрбие процесімен, мектептен тыс жұмыстармен, тұрғылықты жері бойынша тәрбие жұмысымен тығыз байланысты болады. Балаларға қосымша білім берудің ұйымдастыру нысандарының ішінде әртүрлі бағыттағы үйірмелер, секциялар, клубтар, сондай-ақ көркемдік, техникалық, спорттық, туристік және т.б. шығармашылық бірлестіктер басым болып келеді. Ол мектептегі оқытудың тікелей жалғасы болып табылады. Қосымша білім беру – адамның даралануы мен өзін-өзі іске асыруын қолдаудың, балалар мен отбасылардың ауыспалы және өзгеріп отыратын қажеттіліктерін қанағаттандыру тетігі.

Көптеген балалар өздерін жалпы білім беруде, сыныпта көрсете алмайды. Олар өздерін тежелген, қысылған, сыныптастарының алдында жауап беруге ыңғайсыз сезінеді, қателесуден қорқады. Бірақ сол балалардың негізгі пәндерге қатысы жоқ көптеген қызығушылықтары мен таланттары бар. Біреуі суретті өте жақсы салады, біреуі өлең шумақтарын құрастырады, ал біреулері жеңіл атлетикамен айналысады. Мұндай балалар әр түрлі байқаулар мен сайыстарға қатысып, қосымша білім беру жүйесінде өзін-өзі көрсете алады. Осындай сайыстарда дипломдар, сертификаттар алып, өзінің жетістік портфолиосын жасайды. Сонымен бірге баланың өзін-өзі бағалауы артады, нәтижесінде сыныптастарының алдында өз беделін арттырады. Бала өзіне сенімді бола түседі, болашақта біздің өзгеріп жатқан қоғамымызға бейімделуге көмектесетін тәжірибесі жинақталады. Осылайша, қосымша білімнің көмегімен жасөспірімдер ынтасы, өзін-өзі іске асыруды және әлеуметтендіруді дамытады [20].

Балаларға қосымша білім берудің қызметі мен дамуының негізгі мән-мағынасы оның білім беруді жаңартудың талаптарымен шартталған жалпы білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі болуға бағытталуымен белгіленеді.

Қосымша білім берудің ерекшелігі баланың шығармашылық қызметі ол үшін бастапқы болуында. Бәрінен бұрын, тұлғаны шығармашылықта дамыту тұр, ал оқыту сол дамытуға демеу болады.

Қосымша білім беру баланың ерікті таңдау бойынша жеке дара және ұжымдық шығармашылық қызметте тәжірибе жинауына мүмкіндік туғызады. Бұл әлеуметті талап етілген сала, онда білім берудегі қызмет көрсетудің тапсырыс берушісі мен тұтынушылары жас азаматтар мен олардың ата-аналары (заңды өкілдер), сондай-ақ, қоғам мен мемлекет болып табылады.

Білім берудің осы түрі өскелең ұрпақтың бейімділігін, қабілеттілігін және қызығушылықтарын, азаматтық және адамгершілік қасиеттерін дамытуға, өмірлік және кәсіби өзін-өзі белгілеуге мүмкіндік береді. Қосымша білім беру жүйесі шешетін міндеттердің арасында – қараусыздықтың, құқық бұзушылықтың, нашақорлықтың және маскүнемдіктің алдын алу міндеттері бар.

Балаларға қосымша білім беру мектептің тәрбиелік мүмкіндіктерін кеңейтеді. Ашықтық, тұтастық және икемділікке ие болып табылатын балаларға қосымша білім беру жүйесі баланың, оның отбасының, қоғамның және мемлекеттің мүддесінде «уақыт талаптарына» тез әрі дәл әрекет етуге қабілетті.

Жаңа технологиялар әлеміндегі балалар мен жастар шығармашылығы, ұғымының өзгергенін түсіну инновациялық әдістемелерді белсенді енгізуді, заманауи құрал-жабдықтарды қолдануды, оқытудың жаңа формаларын іздестіруді, қосымша білім берудің ресурстық орталықтарының рөлін заманауи технологиялар орталығы ретінде кеңейтуді талап етеді.

Адам алғашқы қарапайым ақпаратты отбасында алады, ол сананың да, мінез-құлықтың да негізін қалайды. Отбасында басталған тұлғаның әлеуметтену бастамасын мектеп жалғастырады. Есею және азаматтық борышын орындауға дайындалу барысында жас адамның меңгеретін білім жиынтығы күрделене түседі. Алайда, олардың барлығы бірізділік пен толықтық сипатына ие болмауы мүмкін. Осылайша балалық шағында Отан туралы алғашқы көзқарастары қалыптасады, жалпы өзі өмір сүріп жатқан қоғам туралы, өмірдің құрылым принциптері туралы ойлары пайда болады.

Сонымен қатар, бұқаралық ақпарат құралдары – басылымдар, радио, теледидар тұлғаны әлеуметтендірудің қуатты құралы болып табылады. Олар қоғамдық пікірді қарқынды өңдеуді, оның қалыптасуын жүзеге асырады.

Жеке адамның әлеуметтенуі адамзаттың әлеуметтік тәжірибесін беруді қамтиды, сондықтан дәстүрдің үздіксіздігі, сақталуы мен меңгерілуі адамдардың күнделікті өмірінен ажырамас бөлігі болады. Олар арқылы жаңа ұрпақ қоғамның экономикалық, әлеуметтік, саяси және рухани проблемаларын шешуге тартылады.

Ақырында жеке адамның әлеуметтендіруі адамның еңбек, әлеуметтік-саяси және танымдық қызметімен де байланысты. Тек қана білімге ие болу жеткіліксіз, оны жеке тұлғаның іс-әрекетінде көрініс табатын наным-сенімдерге

айналдыруға тура келеді. Ол тұлғаның жекелеген түрлеріне тән ерекшеліктер мен қасиеттерді қалыптастыратын білімнің, наным-сенім мен практикалық іс-әрекеттердің үйлесімі болып саналады.

Балаларға қосымша білім беру айтарлықтай педагогикалық әлеуетке ие: тұлғаның даму уәждемесін қалыптастырудың қуатты құралы болып табылады; қосымша білім беру үрдістерінде әр бала үшін табыс жағдайын құру мүмкіндіктері шексіз, бұл оның жеке қасиеттерін тәрбиелеуге және нығайтуға оң әсер етеді. Іс-әрекеттің сан түрін игеруге құрылған қосымша білім беру тұлғаның өзін-өзі іске асыруының мәдени кеңістігін кеңейтеді, оны шығармашылыққа ынталандырады. Қосымша білім беру саласында бала мен ересек адамның жеке қызығушылықтарының ортақтығы негізінде гуманистік құнды бағдарлардың қалыптасу үрдісі қарқынды әрі мақсатты жүреді; қосымша білім беру бағдарламалары баланың жақын дамуы аумағына айнала отырып, оның «мәдени дарындылығын» тәрбиелеуге септеседі. Адам әлеуетін қосымша білім беру құралдары арқылы дамыту сонымен қатар ел элитасын (ғылыми, инженерлік, мәдени және саяси) дарынды балаларды анықтау, олардың уәждемелері мен қабілеттерін дамыту арқылы қалыптастыру тәсілімен іске асырылады.

Қосымша білім беру өзінің ерекшелігіне орай бос уақытты (демалыс, көңіл көтеру, мереке, өздігінен білім алу, шығармашылық) ұйымдастырудың түрлерін білім беру іс-әрекетінің түрлі формаларымен үйлесімді байланыстыруға тырысады және нәтижесінде балалардың бос уақытын қамту мәселесін шешу арқылы девинатты мінез-құлық кеңістігін қысқартады.

Қосымша білім беру жүйесі тұтас алғанда жалпы білім беру жүйесінің бір бөлігі болып табылады. Бұл балаға ұсынылатын дайын мәдени-әлеуметтік орта емес, оны өзі жасаған вариативті, оның өзінің рефлексивті мүмкіндіктеріне арқа сүйейтін орта.

Бастысы – қосымша білім беру жағдайларында балалар жеке қажеттіліктерін қанағаттандыра алады, шығармашылық әлеуеттерін іске асыра алады, қазіргі қоғамға бейімделе алады және бос уақыттарын толыққанды ұйымдастыру мүмкіндігіне ие. Бала өзін әлеуметтік тұрғыда іске асырады, кәсіп меңгеруге дайындалады және нәтижесінде – оның болашақта табысқа жетуге деген мүмкіндіктері көп.

Осылайша, жеке адамның әлеуметтендіруі, шын мәнісінде, адамның әлеуметтік өмірдің барлық салаларында бар сол азаматтық қатынастарды иемденуінің нақты бір түрі болып табылады.

Баланы әлеуметтендірудің табысты өтуінің негізгі шарттарына:

- балалардың психологиялық денсаулығының жағдайы;
- сыныпта эмоционалды қолайлы атмосфераның болуы;
- баланы әлеуметтендіру процесінің барысына, атап айтқанда ұжымда психологиялық жайлылықты қамтамасыз етуге жағдай жасау;
- мұғалімдер мен ата-аналардың тығыз өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;
- балалардың денсаулығы, тәрбиесінің және дамуы көрсеткіштерінің динамикасын психологиялық-педагогикалық бақылауды ұйымдастыру;

- әлеуметтік бағдарланған екпінмен және балалардың құрамымен және ата-аналарының талабын ескере отырып, оқу және қосымша білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік құжаттар әзірлеу;

- серіктестіктер құру және әлеуметтік бағдарланған процесте жұмыс істеуге дайын болу жатады [21].

3 Білім алушылардың когнитивтік қабілеттерді дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар

Білім алушылардың когнитивтік қабілеттерді дамыту бойынша қосымша сабақтар (факультативті, элективті сабақтар), үйірмелер, секция жұмыстары жүйесін құру балалардың дене және психикалық денсаулығын сақтауға және нығайтуға, танымдық қызметке тұрақты қызығушылық тудыруға, өзін-өзі реттеудің жоғары деңгейіне, шығармашылық қабілеттерді дамытуға, тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Білім алушылардың когнитивтік қабілеттерді дамытудың ерекшелігі сол, ол жалпы білім беру жүйесінің бір бөлігіне айналды және ведомствоаралық сипатқа ие болды. Ол бүгінгі таңда балаларға қосымша білім беру ұйымдарында да, жалпы білім беретін мектептерде, мектепке дейінгі ұйымдарда, колледждерде және жоғары оқу орындарында, мәдениет, спорт мекемелерінде, жеке меншік ұйымдарда да іске асырылады. Бұл логикада қосымша білім беру жалпы білім беру жүйесінің жай элементі ғана емес, баланың өмірлік өзін-өзі анықтауының түрлі салаларындағы негізгі құзыреттерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін білім берудің дербес көзі болып табылады.

Білім алушылардың когнитивтік қабілеттерді дамыту бойынша вариативті, көпбейінді, көпдеңгейлі, пәнаралық оқытудың мүмкіндіктерін дамытуға мүмкіндік береді.

Білім алушылардың когнитивтік қабілеттерді дамыту бойынша балалар іс-әрекеті мен өмір салтының білім беру, тәрбие беру, әлеуметтік функциялары орындалады, әлеуметтік педагогикалық үлгілері әзірленеді және енгізіледі, балалардың, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалардың, тәуекел тобы балаларының дарындылығын, бейімделуін және әлеуметтенуін дамыту бағдарламалары іске асырылады.

Тәрбие – үздіксіз процесс, ол жалпы білім беретін мектептердің тәрбие жүйесінің барлық компоненттерімен іске асырылады, оларға: сабақтар, сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбие шаралары, сынып ұжымындағы іс-әрекет, қосымша білім беру жатады. Пән сабақтары, қосымша білім беру сабақтары тек ақпарат көзі болып қана емес, тұлғаның қалыптасуына ықпал етіп, дамытуы, тәрбиелеуі және балалардың әлеуметтенуі үшін жағдай жасауы тиіс. Ол үшін пән сабақтарында да, қосымша білім беретін факультатив сабақтарында, үйірме және жобалық жұмыстарында, экскурсиялар мен туристік жорықтар барысында да келесідей талаптар сақталуы қажет:

- сабақтың мақсаты мен міндеттерінде оқыту, тәрбие және дамыту бірлігі принципін бейнеленуі;

- адамгершілік, руханилық, азаматтық және ізгіліктіктің жоғары үлгісінен тұратын оқу материалын мақсатты таңдау;

- білім алушылардың жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесінде дұрыс бағдарлануы үшін ізгілендіру және ізгіліктендіру принциптерін, балада қоршаған дүние үшін жауапкершілігін дамытатын экологияландыру принципін, іс-әрекеттің түрлі бағыттарында балалардың бейімі мен шығармашылық

қабілеттерін анықтауды және дамытуды көздейтін сыртқы және ішкі саралау принциптерін іске асыру;

- педагогикалық технологиялардың тәрбиелік әлеуетін пайдалану;
- білім берудің түрлі сатылары және оқу бағдарламаларының мазмұндары арасында сабақтастықты жүзеге асыру;

- білім алушылардың өзіндік шығармашылық, зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру;

- сабақ мазмұнына білім алушылардың жағымды әлеуметтік-мәдени тәжірибесін кеңейтуді қамтамасыз ететін әлеуметтік рөлдердің ойнатылуын белсенді түрде қосу.

Білім алушылардың когнитивтік қабілеттерді дамыту – бұл шын мәнінде өмір бойы жүзеге асатын процесс, онда әрбір адам күнделікті тәжірибеден көзқарастарды, кітапханалар мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы құндылықтарды, дағдыларды және білімді меңгереді және өзінің қоршаған орта ресурстарынан – отбасы мен көршілерден, жұмыс пен ойыннан, нарықтан тәрбиелік әсер алады.

Белгіленген дәстүрлі жүйеден тыс кез келген ұйымдастырылған оқу әрекеті қосымша білім беру ретінде жіктеледі. Жеке қызмет немесе оқыту субъектілеріне қызмет етуге және оқу мақсаттарын жүзеге асыруға арналған кеңірек қызметтің маңызды бөлігі [17].

Білім алушылардың когнитивтік қабілеттерді дамыту бойынша отандық жүйесі ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, экологиялық-биологиялық, туристік-өлкетанушылық, әскери-патриоттық, әлеуметтік-педагогикалық білім беру іс-әрекеті салаларында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша бірегей әлеуметтік-педагогикалық мүмкіндіктерге ие.

Білім алушылардың когнитивтік қабілеттерді дамыту – бұл негізгі білім беру аясында және одан тыс мотивацияланған білім беру, ол адамға таным мен шығармашылыққа деген тұрақты қажеттілік алуға, өзін барынша іске асыруға, пәндік, әлеуметтік, кәсіби, жекеше тұрғыда өзін-өзі анықтауға көмектеседі.

Балаларға қосымша білім берудің ерекше қырларын келесідей топтастыруға болады:

- әр баланың білім беру саласын (іс-әрекеттің бағытын және түрін), бағдарлама бейінін және оны игеру уақытын, педагогты еркін таңдауы үшін жағдайлар жасау;

- баланың ең сан алуан қызығушылықтарын, бейіндерін және қажеттіліктерін қанағаттандыратын іс-әрекет түрлерінің әртүрлілігі;

- тұлғаның тануға және шығармашылыққа деген ынтасын, өзін-өзі іске асыруын және өзін-өзі анықтауын дамытуға септесетін білім беру процесінің тұлғалық-әрекеттік сипаты;

- балаға тұлғалық-бағдарлы амал-тәсіл, әрқайсысы үшін «табыс жағдайын» жасау;

- тұлғаның өзін-өзі іске асыруына, өзін-өзі тануына, өзін-өзі анықтауына жағдайлар жасау;

- баланың таңдауда байқап көру және қателесу құқығын, өзін-өзі анықтауда мүмкіндіктерін қайта қарау құқығын тану;

- баланың өзі таңдап алған қосымша білім беру бағдарламасы (іс-әрекет түрі, білім саласы) шекарасындағы алға жылжу нәтижелігін анықтаудың мұндай құралдарын қолдану баланың жеке намысына нұқсан келтірмей оған өзінің даму сатысын көруге көмектеседі және оны дамуға ынталандырады.

Білім алушыларға қосымша білім беру қазіргі қазақстандық қоғамда қалыптасқан жалпы білім беру кеңістігінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Ол әлеуметтік тұрғыда сұранысқа ие, бала тұлғасын тәрбиелеуді, оқытуды және дамытуды үйлесімді ұштастыратын білім беру сияқты қоғам мен мемлекет тарапынан тұрақты назар мен қолдауды талап етеді.

Қосымша білім беру бала атқаратын кез келген іс-әрекеттің құрылымына енеді, іс-әрекеттің стандартталған түрлерінің алдын алуы, сондай-ақ оларға ілесуі мүмкін.

Құрылымдық жағынан қосымша білім беру жалпы білім берудің жүйесіне, сонымен қатар білім беру-мәдени бос уақыт саласына енеді, аталмыш жүйелерді жақындастырады және толықтырады.

Қосымша білім беру – белгіленген салаларды әр түрлі толықтыра алатын вариативті білім беру:

- пәндік білімді кеңейту;

- жаңа компоненттерді қосу;

- тұлғаны танымның, еңбек пен қарым-қатынастың жаңа құралдарымен жарақтай отырып, оның білімін ұлғайту;

- өзін толық көрсетуге мүмкіндік бере отырып, білім беру іс-әрекетінің ынтасын күшейту.

Қосымша білім беру үздіксіз білім берудің, тұлғаны қалыптастырудың, тәрбие берудің, сонымен бірге оқуға ынталандырудың, бейінді оқуды таңдаудың бірден-бір құралы болып табылады және болашақ мамандықты таңдауға көмектеседі.

Қосымша білім берудің жоғарыда айтылған ерекшеліктеріне сүйене отырып, оның негізгі қызметтерін анықтауға болады. Олар:

1) білім беру – баланы қосымша білім беру бағдарламалары бойынша оқыту, оның жаңа білім алуы;

2) тәрбиелік – жалпы білім беретін ұйымның мәдени ортасын байыту және кеңейту, мектепте мәдени орта қалыптастыру, осы негізде рухани нақты бағдарларды анықтау, балаларды мәдениетке енгізу арқылы тәрбиелеу;

3) шығармашылық – тұлғаның жеке шығармашылық мүдделерін іске асырудың икемді жүйесін құру;

4) интеграциялық – мектептің бірыңғай білім беру кеңістігін құру;

5) әлеуметтендіру қызметі – баланың әлеуметтік тәжірибені меңгеруі, оның өмір сүру үшін қажетті әлеуметтік байланыстар мен жеке қасиеттерін молайту дағдыларына ие болуы;

б) өзін-өзі іске асыру қызметі – табыс, өзін-өзі дамыту жағдайларында өмір сүретін әлеуметтік және мәдени маңызы бар өмір формаларындағы баланың өзін-өзі анықтауы [22].

Факультативті сабақтар – («*facultas*» - «мүмкіндік») мектепте білім алушының таңдауы бойынша оқылатын міндетті емес, қосымша оқу курсы. Факультатив сабақтар білім алушылардың білімін олардың қажеттіліктеріне, қабілеттеріне, сұраныстарына, қызығушылықтарына сәйкес белгілі бір оқу пәні бойынша тереңдету, дамыту мақсатында сабақтан тыс уақытта оқу сабағын ұйымдастыру формасы болып табылады. Факультатив сабақтар мектеп оқушыларының ой-санасының дамуына, пәнге деген танымдық қызығушылықтарын қалыптасуына, зерттеу қызметіне деген қызығушылықтарын арттыруға, сонымен қатар қосымша білім алу барысында топтық, ұжымдық іс-әрекеттер арқылы әлеуметтенулеріне, яғни қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді [23].

Факультативтік сабақтар – оқытуды қызығушылық бойынша саралау түрінің бірі, сонымен қатар білім алушылардың білімдерін тереңдету, қызығушылығын, қабілеттерін дамыту мақсатында міндетті оқытуға кірмейтін қосымша оқыту болып саналады.

Факультативтік курс немесе факультативтік пән (латын тіліндегі *facultas* «мүмкіндік») ұғымынан француз тілінде *facultatif* «option») – білім беру ұйымдарында оқушылардың таңдауы бойынша оқытылатын қосымша оқу курсы (немесе академиялық пән). Факультативтік сабақтар негізгі сабақтардан бос уақытта өткізіледі [23].

Пән бойынша факультатив сабақтардың негізгі мақсаты – академиялық білімді тереңдету және кеңейту, білім алушылардың ойлау қабілетін дамыту, пәнге деген белсенді танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру, оқушылардың өз бетінше оқуға деген қызығушылығы мен талғамын ояту, олардың бастамасы мен шығармашылығын тәрбиелеу және дамыту.

Факультативті сабақтардың тізбесін білім алушылар мен олардың ата-аналарының өтініштерін алдын ала зерделеу және оқу жоспарын бекіту шеңберінде оқу жылы басталғанға дейін нақты мүмкіндіктер негізінде педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілуі тиіс [24].

Факультатив оқу сабағы болып саналады, бірақ оның өзіне тән ерекшеліктері бар.

Біріншісі – білім алушылардың білім қажеттіліктері және бейімділіктеріне сәйкес өз таңдауларымен және ерікті түрде қатысу сипаты. Жалпы орта білім беру деңгейінде жоғары сынып оқушыларының факультативті таңдаулары көбінесе мектептен кейін болашақ мамандықтарына байланысты білім алуды жалғастыруларымен байланысты болады, бұл оларды әлеуметтендірудің бір қыры деп түсіндіруге болады [25].

Факультативтің сабақтың екінші ерекшелігі – оқытудың баға қойылмайтындық тәсілі. Бұл негізді, себебі факультативті қызығушылығына қарай өз еркімен таңдаған бала, баға тәрізді ынталандыруды қажет етпейді. Бірақ

ынталандырудың басқа түрлері, яғни сөзбен сипаттау, балалардың өздері ойлап тапқан жетон тәрізді бағалаулар қолданылады.

Алайда, білім алушылардың меңгерген білімдеріне өзіндік баға беру дағдыларының қалыптасуына және білім алу процесіне басты назар аударылуы тиіс. Оқушылардың бойында өзін-өзі бағалау дағдысы қалыптасуы үшін, оларды бағдарлама талаптары мен өз нәтижелерін сәйкестендіре білуге үйрету қажет.

Факультативтік сабақтарда дамытушылық орта құру үшін қажетті құрылымдық компоненттер:

- мақсатты-ынталандырушы компоненттің нақты мақсаттары – іс-әрекетке деген ынта мен қажеттілікті қамтамасыз ету, жалпы және арнайы білім мен біліктерді меңгеруге ұмтылу, қажеттіліктерді, мақсат-міндеттерді түсіну;

- мазмұндық компонент жалпы білім беру сипатындағы білім, білік және дағдылардың жиынтығын қамтиды. Ол танымдық, практикалық, шығармашылық бағыттағы негізгі үш бөлікті қамтиды.

- пайдалану және іс-әрекет компоненті өзінің қызметін ұйымдастыру үшін қажетті дағдылар мен қабілеттер жиынтығына негізделеді. Ол іс-әрекет, тәсілдер, сонымен қатар практикалық қызмет түрлерін қамтиды. Бұл компонент оқушылардың жаңа бір нәрсені жасаудағы мүмкіндіктерін көрсетеді, сонымен қатар іс-әрекетте өзін-өзі анықтауға және өзін-өзі танытуға бағытталған.

Рефлексивтік-бағалау компонентіне түсіну мен өз-өзіне баға беру немесе талдау жасаудың ішкі процестері, өз қызметін және оның нәтижелерін өздігінен бағалау жатады. Бұл компоненттің негізгі міндеті тұлғаның қасиеттерін, білімін, дағдысын, қабілеттерін қалыптастырудың қол жеткізілген деңгейін анықтау болып табылады.

Әр компонент педагог пен оқушылардың қызмет ету әдістерін, нысандары мен құралдарын таңдауда, дербестікке және өзін-өзі белсенділікке сүйенуде айтарлықтай өзгергіштікті көздейді [26].

Қазіргі қоғамда адам отбасы қаражатын, болашақ өмірін жоспарлай білуі үшін әлеуметтік және экономикалық сауатты болуы тиіс, ал математикасыз экономика мүмкін емес. Математика жеке тұлғаның ерік қасиеттерін, проблемаларды қою және шешу тәсілдерін меңгеру арқылы қиындықтарды еңсере білуін тәрбиелейді. Оқушылардың зияткерлік, ойлау мәдениеті қалыптасады, ғылыми құрылыстың әсемдігін бағалай білуге және жаңа білім алу қуанышына негізделген эстетикалық қабілеті дамиды.

Екінші жағынан, дәл осы жаңа білім математикалық пәндерді оқып-үйренуге ынталандырады. Нәтижесінде математика пәнінің мұғалімі мамандығына деген қызығушылық артады, өйткені математикалық білім ойлау қасиеттерінің дамуына, теориялық ойлаудың, салыстырудың, талдаудың, синтездеудің дамуына неғұрлым бейімделген.

Факультативтік сабақ – пәндік курс. Факультативтік курстардың тақырыптары келесідей болуы мүмкін: «Есептеуіш математика», «Қызықты математика», «Логикалық математика», «Математика әлемінде», «Мәтінді есептер шығару», «Математика оқулығының беттерінен тысқары», «Күрделілікке

жоғары есептер шығару», «Ғажайып квадраттар және сандық сиқырлар», «Математикамен саяхаттау» және т.б.

Жалпы орта білім беретін мектепте математика пәнін оқытуды және математика білімінің мазмұнын көрнекілендіру, көрнекі модельдеу және математиканың әлеуметтік мәртебесін ашу бағытында қарау қажет. Ойлау мен қабылдаудың өнімділігі, пәндік тілдің дамуы, аргументтің логикалық пайдалылығы, психикалық қабілеттерінің дамуы ақылға қонымды ұйымдастырылған жағдайда математикалық тәрбиенің нақты нәтижесі болуы мүмкін. Осылайша мектептегі қосымша білім беру арқылы бала тұлғасын әлеуметтендірудегі математиканың рөлі зор екендігін ескеру қажет.

Осы орайда «Қызықты математика әлемінде» (2-қосымша) және Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы Әлихан Бөкейхан атындағы № 25 жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі – Жукенова Жанар Тулегеновна әзірлеген «Математика» оқу пәні бойынша «Логикалық математика» (3-қосымша) факультативтік курсының үлгі-бағдарламасын ұсынамыз.

«Биология» оқу пәнінің мақсаты – оқушыларға органикалық дүниенің көптүрлілігі, ондағы болып жатқан құбылыстар мен үдерістердің заңдары мен заңдылықтары, сонымен қатар адам оның ажырамас бөлігі туралы білім мен түсінік жүйелерін беру.

Оқу пәнінің міндеттері:

1) жер бетіндегі барлық тірі ағзалардың құндылығын түсіну үшін өмірдің құрылымды-функционалды және генетикалық негіздері туралы, тірі табиғаттың негізгі патшалықтары ағзаларының көбеюі мен дамуы, экожүйе, биоалуантүрлілік, эволюция туралы білім жүйесін қалыптастыру;

2) экологиялық этика нормалары мен ережелерін, табиғатқа жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру;

3) генетикалық сауаттылықты қалыптастыру - салауатты өмір салты негіздері, психикалық, тән және моральдық денсаулық сақтау;

4) оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту, биологиялық білімдерін практикада қолдануға ұмтылу, медицина, ауыл шаруашылығы, биотехнология, экологиялық менеджмент және қоршаған ортаны қорғау саласындағы практикалық іс-шараларға қатысу [27].

Биология пәні бойынша факультативтерді келесідей тақырыптық топтарға бөлуге болады:

✓ табиғатты қорғау бағытындағы факультативтер

- табиғатты қорғау;

- адам мен табиғат;

- жергілікті аймақтың фаунасы мен флорасы;

- орман шаруашылығы.

✓ Жалпы биологиялық бағыттағы факультативтер:

- генетика;

- жасушаның биохимиясы және биофизикасы;

- микробиология.

✓ Гигиена және денсаулық сақтау бағытындағы факультативтер:

- денсаулық сақтау;
- гигиена және санитария.

✓ Физиологиялық бағыттағы факультативтер:

- адам физиологиясы;
- жануарлар физиологиясы;
- өсімдіктер физиологиясы;
- психология негіздерімен жоғары жүйке қызметінің физиологиясы [28].

Факультатив курстарының тақырыптары: «Өсімдіктер экологиясы» (4-қосымша), «Тірі организмдердің өмірлік белсенділігі», «Биотехнология негіздері», «Ауыл шаруашылығы жануарларының физиологиясы және зоотехника», «Табиғатты пайдаланудың экологиялық негіздері», «Заманауи экономиканың экологиялық проблемалары және табиғатты тиімді пайдалану», «Емдік өсімдіктер», «Шөптер мен гүлдердің емдік қасиеті» (5-қосымша), «Генетиканың құпиялары», «Денсаулық туралы сөйлесейік», «Ландшафтық дизайн», «Экология заңдылықтары», «Экология элементтері бар өсімдіктердің қызықты физиологиясы» және т.б.

Биология пәнінен ұйымдастырылған факультативтер дәріс, зертханалық, практикалық сабақтар, семинарлар, экскурсиялар түрінде болуы мүмкін.

«Физика» оқу пәні негізгі міндеттері:

1) білім алушылар әлемнің қазіргі физикалық бейнесінің негізінде жатқан іргелі заңдылықтар мен принциптер туралы білімді, табиғатты танудың ғылыми әдістерін меңгеру;

2) білім алушылардың зияткерлік, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексивтік мәдениетін дамыту, физикалық экспериментті орындау және зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын дамыту;

3) оқу және табиғат құбылыстарын зерттеу қызметіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

4) табиғат ресурстарын пайдалануда және қоршаған ортаны қорғауда, адамды және қоғамды қауіпсіз өмір сүрумен қамтамасыз етуде меңгерген дағдыларды қолдану болып табылады [29]

Білім алушыларда күнделікті өмірде қажет болатын дағдыларды қалыптастыру үшін пән бойынша жүргізілетін факультативтік сабақтардың мазмұнына әрекеттік сипаттағы келесі білімдерді кіріктіру ұсынылады:

- күнделікті өмірде бізді қоршаған физикалық құбылыстарды қауіпсіз және тиімді пайдалану;

- технология және полимерлер өндірісі, жаңа құрылыс және құрастыру материалдары, ауыл шаруашылығы және биотехнология және т.б. саласындағы алғашқы практикалық білімді;

- физика пәні бойынша практикалық жұмыстарды жобалау, моделдеу және орындау, диаграммаларды, реакция теңдеулерінің сұлбаларын оқи білу;

- байқау немесе өлшеу нәтижелерін кестелер, графиктер көмегімен көрсету;

- моделдердің көмегімен қоршаған әлемдегі табиғи құбылыстарды түсіндіру, мәліметтерге талдау жасау негізінде қорытынды жасау;
- жаратылыстану аймағындағы зерттеулердің негізгі ерекшеліктерін түсіну;
- алған білімдері негізінде физикалық құбылыстарды түсіндіру немесе суреттеу, сонымен қатар өзгерістерді болжау;
- қорытынды шығару, оларды талдау және негіздемесін бағалау үшін ғылыми дәлелдеулерді және мәліметтерді пайдалану;
- физикалық шамаларды анықтау (өлшеу), болжамдарды тексеру;
- жазылым бойынша глоссарий, эссе, кең көлемді зерттеу жұмысының нәтижесін жазу, есептер және шағын диссертациялар, әр түрлі бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып презентациялар құрастыру;
- оқылым бойынша аударма, мәнерлеп оқу, презентация бойынша нақты сұрақтарға жауап беру; ауызша презентация жасау;
- тыңдалым бойынша дәріс, ұнтаспалар мен бейнетаспаларды тыңдау (оқулықтарға қосымша ретінде авторлар түрлі аудиоматериалдар әзірлеу керек), сыныптастарының ауызша жұмыстарын тыңдау, диалог, монолог құрастыру, рөлдік ойындарға қатысу, тренинг, пікірсайыстарға қатысу.

«Физика» оқу пәнінен факультатив курстар пәннің мазмұнын меңгеруден білім алушыларды ғылыми зерттеу әдістерімен таныстыруға, ғылыми зерттеулер жүргізуге қарай жетелейтін саты болып табылады. Білім беру мазмұнына немесе міндеттеріне байланысты факультатив курстарын келесідей топтастыруға болады: пәнді тереңдетіп оқыту; мамандық таңдауға бағыттайтын курстар; пәнаралық курстар және т.б.. Факультатив курстарының атаулары: «Қызықты физика», «Физика есептерін шығару», «Физиканы қайталау арқылы өзімді тексеремін» және т.б.

Павлодар облысы Екібастұз қаласы «С.Торайғыров атындағы №22 гимназия-мектебі» КММ директордың ғылыми әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары және физика пәні мұғалімі – Канафина Анар Жаманкызы әзірлеген «Физика – болашақ мамандыққа» атты факультативтік курсының үлгі-жоспарын ұсынамыз (6-қосымша).

Факультатив сабақтарда «Тәжірибеден қорытынды жасау», «Гипотеза құрып, оның эксперименттік дәлелін беру» тәрізді тәжірибелік міндеттер үлкен маңызға ие болады.

Факультативтік сабақтардағы жұмыстардың әдістері мен түрлері оқушылардың қызығушылықтарын одан әрі дамытуға, дербестікті тәрбиелеуге және биологиялық объектілермен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталған.

Жалпы білім беру жүйесіндегі бір буын ретінде факультативтік сабақтар негізгі пән сабақтарымен және мектептен тыс іс-шаралармен қатар, оқыту мен тәрбиенің бірыңғай кешеніне кіреді. Олар биологиялық тәрбие берудің жалпы жүйесінде маңызды рөл атқарады.

Элективті курстар – білім алушылардың таңдауы бойынша курс, білім алушылардың білім дайындығын кеңейтуге бағытталған оқу жоспарының вариативті компонентінің құрамдас бөлігі [30].

Жоба – пәнаралық және шығармашылықпен кіріктірілген бағдарлы жұмыс түрі. Қазіргі кезде мектеп тәжірибесінде қолданылып жүрген жобалау әдісі пәндік білімнің мақсат, міндеттеріне сәйкес табиғаттың, қоршаған ортаның, өмірдің заңдылықтарын зерделеуде мәселені өзінше жоба ретінде жоспарлап шешімін табу жолдарын іздестіреді. Бұл әдістің оқу үдерісі барысындағы ерекшелігі оқушының өз жобасын құрып, шығармашылықпен айналысуында.

Жобалау әдісі ең алғаш ХХ ғасырдың басында АҚШ-ының ауылшаруашылық мектептерінде жүзеге асырыла бастаған. Бұл әдістің негізі американдық ғалымдар Д. Дьюи, У. Килпатрик, Э. Торндайк идеяларынан алынған. Кейіннен әлемнің түрлі елдерінде кеңінен танымал болып, қолданысқа ие болды.

Жобалау – «proicere» деген латын сөзі. Бұл сөз «жоспарлау, дайындау, әзірлеу» сияқты мағынаны немесе жоспардың жүзеге асырылуын білдіреді.

«Жоба» ұғымы педагогика саласында ғана емес экономика, басқару, зерттеу салаларында да кеңінен қолданылатыны белгілі. Мысалы: құрылыс жобасы, зерттеу жобасы, оқыту жобасы т.б. [31].

Жоба дегеніміз – осы уақытта жоқ бірақ құрастырылуы, жасалуы тиіс заттың, мазмұнның нақты болжамы, сонымен қатар ол жағдайды немесе мазмұнды міндетті түрде қажетті бағытқа қарай өзгертеді. Жоба – оңтайлы тәсілдердің көмегімен алдын-ала жоспарланған нәтижеге жетуге, нақты проблеманы шешуге бағытталған жұмыс. Жобаның құрылымына жоба нәтижесіне жетудің тәсілі ретінде баяндамалар, рефераттар, зерттеушілік және оқушылардың басқа да өздік шығармашылық жұмыстарының элементтері кіруі мүмкін. Жобалық жұмыс – нәтижесі алдын-ала белгісіз шығармашылық, зерттеушілік мәселелерді шешумен тығыз байланысты жұмыс. Сабақ барысында және сабақтан тыс орындалатын жобалық жұмыстар оқушылардың өз беттерінше ізденулері арқылы зерттеушілік іс-әрекет дағдыларын, ойлаудың зерттеушілік түрін меңгерулеріне, сонымен қатар оқу барысында белсенділік ұстанымдарын қалыптастыруға, функционалдық сауаттылықтарын дамытуға жағдай жасайды.

Жоба әдісі дегеніміз – оқытудың жүйесі немесе технология. Бұл технологияны қолдану барысында мұғалім өз жұмысын нақты жоспарлайды, негізінен практикалық білім беретін жобалық тапсырмалар құрастырады және оларды біртіндеп қиындатып отырады. Оқушылар мұғалімнің басшылығымен және өздігінен іздену арқылы практикалық білім мен білікті меңгереді [32].

Білім алушыларды жобалық және зерттеу әрекетіне үйретудің нәтижесінде олардың әлеуметтенуіне ықпал ететін келесідей міндеттер жүзеге асырылады:

- балалардың танымдық қызығушылықтарын дамыту;
- шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту;
- проблема қою және оны шешудің тәсілдері мен жолдарын табу біліктері мен дағдыларын дамыту;

- оқуға және өздігінен ізденуге ынталандыруға жағдай жасау;
- білім алушылардың өз әрекеттеріне, қабылдаған шешімдеріне жеке (тұлғалық) жауапкершілік сезімін, өзін-өзі бағалаудың негізін қалау;
- тұлғаның бойында коммуникативтік дағдылар қалыптастыру және дамыту;
- білімді күнделікті өмірде қолдана білу дағдыларын қалыптастыру, яғни функционалдық сауаттылықтарын дамыту [33].

Жобалау әдісі оқушыларға тақырып таңдау, мәліметтердің дереккөздерін жинау, презентация және қорытынды жасау үшін өздіктерінен жұмыс істеуге жағдай жасайды.

Нәтижесінде білім алушының бойында өз бетінше жұмыс істеуге қажетті төмендегідей біліктер қалыптасады:

- өзінің қабілеті мен қызығушылығына қарай тақырыпты еркін таңдай алады;
- таңдаған тақырыбына байланысты мақсат-міндеттер қояды;
- мақсат-міндеттеріне қарай жұмыс жоспарын құрастырады;
- алдына қойған мақсатты жүзеге асыру жолдарын іздестіреді;
- тақырыпқа қатысты мәліметтерді жинақтауға, жүйелеуге үйренеді;
- мақсатқа жетуге қатысты орындалатын жұмыстардың әдістерін талдау, салыстыру арқылы, тиімді тәсілді таңдай алады;
- өз ойын, көзқарасын жүйелі, дұрыс және дәлелді жеткізуге дағдыланады;
- өзгелерді тыңдауға үйренеді, олардың айтқандарын ой елегінен өткізіп, сұрақ қоюға, қажет болған жағдайда өз сұрағына жауап беруге және жауабын дәлелдеуге, өз шешімінің дұрыстығына тыңдаушылардың көзін жеткізуге дағдыланады [33].

Әсіресе, білім алушыларды әлеуметтендірудегі жобалық іс-шаралардың рөлін ерекше атап өтуге болады. Жоба бойынша жұмыс оқушылардың есте сақтауы мен ойлау қабілетінің дамуына, танымдық белсенділік пен танымдық дербестікті қалыптастыруға ықпал етеді. Ең бастысы – жобалық іс-шаралар балаларға өздерінің қарым-қатынас аясын кеңейтуге және сайыстар мен конференцияларға қатысуға мүмкіндік береді.

Жобалық іс-шараларға қатысу:

- жағымды МЕН концепциясының, баланың өзін және өзінің іс-әрекеттерін объективті бағалау дағдысының қалыптасуына;
- білім алушылардың өздерінің бейім іс-әрекет саласындағы қабілеттерін дамытуға;
- «командалық рухты» және «достық шынтақ сезімін», ұжымда жұмыс істеу дағдылары мен қабілеттерін дамытуға;
- ортақ іс үшін жауапкершілік сезімін дамытуға;
- оқушылардың зерттеушілік дағдылары мен қабілеттерін, сондай-ақ тұжырымдамалық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға;
- жобаға қатысушының әрқайсысының жеке сенімін арттыруға;
- әр қатысушыға өзін қабілетті және елеулі адам ретінде көруге мүмкіндік береді.

Осылайша, білім алушылардың жобалық іс-әрекеттерге қатысуы, оларды әлеуметтендірудің бір бағыты екендігін, сонымен қатар оқушылардың жобалық қызметі оқыту, тәрбие және жеке басын дамыту мәселелерін жан-жақты шешуге мүмкіндік беретін болашағы бар білім беру технологиясы болып табылатындығын айта кетуге болады. Бұдан басқа, қызметтің бұл түрі оқушының толық тұлғасын бейнелейді, тек психикалық қабілеттерін ғана емес, дамушы тұлғаның мәдени-рухани қабілеттерін де бейнелейді. Жобалық іс-шараларға қатыса отырып, білім алушылар өздерінің жасырын мүмкіндіктерін іске асырады, жеке қасиеттерін ашады, рефлкторлық дағдыларды дамытады және өзін-өзі бақылайды.

Жобалау әдісі – пәндік оқу үдерісін ерекшелендіретін кешенді оқыту тәсілдерінің жиынтығы. Бұл әдіс – оқушылардың әрекеттерін өз бетінше жоспарлауға, ұйымдастыруға және бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жобалық тапсырмалар зерттеушілік, ақпарат жинау, шығармашылық жұмыстарды атқарумен қатар, пәнаралық байланысты жүзеге асыру тұрғысынан да шешіледі. Жобалық тапсырмаларды адам қызметінің саласына байланысты ғылыми-танымдық, коммуникативтік, тәжірибелік қайта құрушылық, құндылықты-бағдарлы, көркемөнер-эстетикалық, әлеуметтік, шығармашылық және т.б. болып бөлінеді.

География, биология, химия, физика пәндері бойынша орындалатын жобалық жұмыстардың бірнеше түрі бар:

– зерттеушілік (бұл жобаның нақты құрылымы, эксперименттер жүргізу міндетті болады, жоба ғылыми зерттеуге ұқсас болуы тиіс) – реферат, баяндама, ғылыми мақала;

– рефераттық-сипаттамалық жобалар негізінен эксперименттік тексеруі жоқ ақпаратты өңдеуге, проблеманы анықтауға бағытталған;

– шығармашылық (шығармашылық іс-әрекетті сипаттау) және бұл қатарды әрі қарай өрбіте беруге болады.

Жобалық жұмыстардың:

- өлшемдері және түрлері бойынша жіктелуі;

- жобалық жұмыстарды түрлеріне, мақсаттарына, жобаны орындаудан күтілетін нәтижеге, жобалық тапсырманы орындау барысында білім алушының орындайтын іс-әрекетіне байланысты жіктелуі;

- жобалық жұмыстың кезеңдері, сол кезеңдерде орындалуы тиіс жұмыстың мазмұны, оқушы және мұғалімнің іс-әрекетінің түрлері төмендегі кестелерде берілген

Білім алушылардың жобалық жұмыстарының нәтижесі баяндама, реферат, шығарма, плакат және т.б. түрде рәсімделуі мүмкін. Жобаны қорғау сатысында оқушылар өз жобаларын көрсетіп, тыңдаушылардың сұрақтарына жауап берулері тиіс. Оқушылар пікірталас жүргізуге, жұмыстарын қорғауға, жобаларының басым жақтарын көрсетуге, өз көзқарастарын сақтап қалуға, басқа адамдардың пікірлерін тыңдауға және қорытынды шығаруға үйренеді. Өз жұмыстарын қорғау барысында оқушылар шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыру, нақты мақсат бойынша жұмыс істей отырып білімдерін тереңдету, яғни

мектеп бағдарламасында қамтылмаған тақырыптарды зерделеу мүмкіндігіне ие болады. Жобалық тапсырманы қорытындылау барысындағы шығармашылық үдеріс оқу материалына жаңаша қарауға, өз білімін жүйеге келтіруге жағдай жасайды. Жобаны қорғау ойын, дөңгелек үстел, пресс-конференция т.б. түрлерде жүзеге асырылуы мүмкін, яғни бұл балалардың көпшіліктің алдында сөйлеу, өз ойын жеткізе және дәлелдей білу тәрізді дағдыларының қалыптасуына ықпал етеді [33].

Тапсырма. Амазонка аймағын игеру (рөлдік ойындар арқылы орындалатын жобалық тапсырма).

Сыныпты топтарға бөлу:

- тропиктік ормандар мекемесінің қызметкерлері (бірнеше топ болуы мүмкін);

- халықаралық Гринпис ұйымының мүшелері;

- журналистер.

Тропиктік ормандар мекемесі қызметкерлерінің міндеті қосымша картографиялық және әдебиеттік ақпарат көздерінен Амазонка аймағын игерудің жобасын ұсыну. Жоба кесте, жоспар, сызбанұсқа түрінде болуы мүмкін.

Халықаралық Гринпис ұйымының мүшелері ұсынылған жобалардың ішінен неғұрлым жақсыларын таңдап алулары тиіс.

Журналистер жоба жасаушылармен сұхбаттасулары тиіс.

Жоба: Амазонка аймағының физикалық-географиялық жағдайы, климаты, өсімдік және жануарлар дүниесі және игеру жоспары бөлімдеріне бөлінуі мүмкін.

Тапсырма. Ла-Манш бұғазының астынан тоннель қазу туралы келісімге 1986 жылы қол қойылды, Еуротоннель қолданысқа 1994 жылы берілді.

Параллель салынған екі темір жолдың ұзындығы 51 км, сонымен қатар бұл темір жолдың 39 км судың астында орналасқан. Қазіргі кезде жүрдек поездар Лондон мен Париждің арасын 2 сағат 15 минутта жүріп өтеді. Сонымен қатар, Ла-Манштың (судың) астынан өту 30-35 минут уақытты алады.

Берілген деректерді қолдана отырып Лондоннан Парижге саяхат жасау жобасын жасаңдар.

Тапсырма. Қозғалыс маршрутын әзірлеу. Шығармашылық жоба.

1. Сендер туристік фирманың қызметкерлерісіңдер. Фирма мүшелерінің мақсаты – өз елді мекендері бойынша жаяу экскурсия маршруттарын әзірлеу.

Ең алдымен экскурсия кезінде саяхатшыларға көрсететін нысандарды анықтап алу қажет. Экскурсияның басталатын және аяқталатын жерлерін, жолда тоқталатын, көрсететін нысандарды белгілеу. Өз таңдауыңды негіздеу, яғни:

* не себепті осы жерден басталуы тиіс;

* аталған нысандардың көрсетілу себебі (тарихи-мәдени құндылығы т.б.);

* не себепті осы жерде аяқталуы тиіс. Таңдап алынған нысандарды өту тәртібін анықтап алу қажет.

Елді мекеннің картасын/жоспарын қолдану арқылы, маршрут нысандарының арасындағы қашықтықты және бағытты анықтау.

Маршруттың сызбанұсқасын/жоспарын/картасын жасау. Маршрут парағында нысандардың арасындағы қашықтық (масштабқа сәйкес) метр/километр есебімен және бағытының көрсетілуі сақталуы тиіс. Экскурсия нысандары шартты белгілермен берілуі тиіс. Маршруттың сипаттамасын әзірлеңдер.

Фирманың қызметкерлері өз маршрутын әзірлеуі және қорғауы тиіс. Жобаның нәтижесін әр қызметкер өз бетінше таңдайды (презентация, буклет т.б.).

2. Әлемнің бір ірі қаласына автокөлікпен/поезбен/ұшақпен/кемемен саяхат жаса:

- атлас карталарынан қаланың өз елді мекенінен орналасу бағытын анықта;

- таңдаған қалаға дейінгі арақашықты анықта;

- жолда қандай географиялық нысандарды аралайтыныңды белгіле;

- әр географиялық нысанға сипаттама бер (тарихи, географиялық, экономикалық, өз таңдауың бойынша);

- жүрген жолыңның графикалық сызбасын жаса (масштабты, азимутты қолданумен);

- саяхат нәтижесін көрсету (презентация).

«Биология» оқу пәні бойынша орындалатын жұмыстар келесідей болуы мүмкін.

Тапсырма. «Топырақтың қышқылдығын анықтау».

Мақсаты: топырақтың қышқылдығын анықтау жолдарымен танысу.

Практикалық жұмыс.

1. Үлескінің бірнеше жерінен топырақ сынамасын алу. Сынаманы полиэтилен пленканың үстінде жақсылап араластыру. Қоспадан кішкене бөлігін алып, тазартылған сумен суландыру. Бұл қоспаға лакмус қағазды салу.

Жұмыстың нәтижесі: егер қағаз қызыл түске боялса, онда топырақ жоғары қышқылды болғаны, ал егер қызғылт түске боялса топырақ орташа қышқылданған. Төмен (аз) қышқылды топырақ сары түс береді. Көк түске боялса бейтарап (орташа) қышқылды топырақ болғаны. Көкшіл жасыл түске боялса орташа қышқылдыға жуық топырақ [32].

2. Жергілікті жерде өсетін өсімдіктерге қарап топырақтың қышқылдығын анықтау. Өйткені табиғи ортада өсетін өсімдіктер өздеріне қажетті қышқылды топырақта жақсы өседі.

Мысалы, қышқыл топырақта келесі өсімдіктер өседі: аршагүл, қазанақ, қияқ, аққылтан, сарғалдақ, бөденешөп, дала жалбызы, қырықжапырақ, жолжелкен, майдашөп, ат қымыздығы, дала қырықбуыны. Төмен (аз) қышқылды топырақта: бақша сарықалуені, дала гүлкекіресі, шалғын бедесі, есеккұрт, қалақай, иіссіз түймедақ, алабота, қоңырбас, бидайық өседі. Бейтарап (орташа) қышқылды топырақта: дала шырмауығы, көктемгі жанаргүл, ақ түйежоңышқа, бақша қалуені кездеседі. Сілтілі топырақта: дала қышасы, тегеурінгүл, көкнәр өседі. Жұмыстың бұл түрі балаларды байқағыштыққа, өлке аумағында өсетін өсімдік түрлерін танып-білуге баулиды.

Әр түрлі тәжірибелер өткізу арқылы өлкенің топырағымен танысудың, зерттеудің қорытынды мақсаты – морфологиялық белгілердің негізінде топыраққа шаруашылық баға беру.

Тапсырма. Ағаш құрғақ болған жағдайда, оның орташа тығыздық мәні кг/м³ есептеледі (кесте).

Кесте – Ағаштардың тығыздығы

- Кестеде берілген ағаштардың (бір ағаштың) өсетін жеріне саяхат жоспарын жасаңдар.

- Таңдаған ағаштың пайдалану салаларын анықтаңдар. Пайдалану бойынша өз жобанды ұсын.

Тапсырма. «Судың қасиеттері».

Көлдiң суы жылуды жұтып қана қоймайды, булану барысында оны ауаның неғұрлым суық қабаттарына қайтадан қайтарады. Осылайша жылдың жылы мерзiмiнде көл суды жылытатын Күн жылуын жинайды, ал суық мерзiмде – оны атмосфераға, оған жақын жатқан аумақтардың климатын жұмсарта отырып қайтадан бередi. Мысалы, Жер шарының ең терең көлi Байкалдың жағалауында ауа температурасы жазда төмендейдi, ал қыста көршiлес аудандардың температурасымен салыстырғанда 10-15°С-ға жоғары болады, осыған байланысты сiбiрдiң шұғыл континенттi климаты бұл жерде жұмсағырақ болады. Жазда жылу терең қабаттарға өтпейдi, судың 5 метрден 15 метр, кейде ғана 25 м. тереңдiк қабаттарына өтедi. Осы қабаттарда судың араласуының нәтижесiнде бiркелкi температура сақталып тұрады.

Осы аталған процестердiң бәрiн сызбанұсқа немесе сурет түрiнде көрсетiңдер.

Өз елдi мекендерiңе таяу жердегi су қоймасына физикалық-географиялық сипаттама берiңдер.

Өз елдi мекендерiңе таяу жердегi су қоймасына жасаған сипаттама негiзiндегi процестердi сызбанұсқа немесе сурет түрiнде көрсетiңдер.

Тапсырма. «Семсер-балық».

Семсер-балық теңiз жүзушiлерiнiң арасында жылдамдығы жағынан рекорд қоюшы болып саналады. Оның жылдамдығы сағатына 110-140 км-ге дейiн жетедi, ал оның семсерi кеменiң емендi қаптамасын тесiп өте алады. Ал семсер балықтың өзi бұл соққыдан ешқандай да зардап шекпейдi. Өйткенi оның басында семсерi басталатын жерде бал арасының ұясына ұқсас майға толы үлкен емес қуыстар – гидравликалық амортизатор бар екен. Мiне солар соққыны жеңiлдетiп отырады. Семсер-балықтың омыртқаларының арасындағы шемiршектi төсемдер қалың, олар поезд вагондарының буферлерi iспеттi соққыны азайтып отырады.

Семсер-балықтың аталған сапаларын адамның өмiрлiк тәжiрибесiнде қолдану жолдарын ұсыныңдар. Дәлелдемелердi сызбанұсқалар, суреттер арқылы көрсетiңдер.

Тапсырма. «Құстар».

Құстардың дене пішіні сүйір болып келгендіктен, ұшу барысында олар ауа қозғалысының сәл ғана кедергісіне ұшырайды. Құстардың бас сүйегі де әдетте сүйір, тұмсықтары үшкір болып келеді. Мамықтар құс қанатының үсті жылтыр

болуын қамтамасыз ететіндей болып орналасқан. Құйрығы қысқа, қарсылықты азайтады және ептілікті ұлғайтады. Ұшу барысында құстың аяқтары денесіне қысылып тұрады.

Дене пішіні сүйірлігін адам өзінің қандай тәжірибесі саласында қолданады? Дене пішіні сүйірлігін қолдану жобаларын ұсыныңдар.

Тапсырма. Кәдімгі қарағайды кәдеге жарату.

Тапсырманың мақсаты: кәдімгі қарағайды іске жаратудың жолдарын анықтау және сол тәсілдердің қоршаған әлеуметтік ортаға таралуына жағдай жасау.

Зерттеу барысында ғылыми-ізденушілік, математикалық, салыстырмалы талдау жасау, сауалнама жүргізу тәсілдерін қолдануға болады.

Тапсырма түрлері:

1) Жаңа жыл мерекесін шыршамен қарсы алу дәстүрі қайда және қашан пайда болды?

2) Қылқан жапырақты ағаштарды кәдеге жарату тәжірибесі (Қазақстанда, Ресейде және басқа елдерде).

3) Кәдімгі қарағайдың биологиялық ерекшеліктері.

4) Кәдімгі қарағайдың пайдасы (алынатын өнімдер, дәрумендер т.б.).

5) Кәдімгі қарағайдың медицинада қолданылуы.

6) Жаңа жыл мерекесіне қолданылған шыршаларды кәдеге жарату жолдары.

Бұл тапсырманы орындау үшін оқушылар көптеген әдебиеттерді, ақпарат дереккөздерін оқулары тиіс. Қорытынды нәтижеге презентация әзірлейді.

Мектеп үйірмелері мектептегі қосымша білім берудің маңызды элементі болып табылады. Олар оқушылардың белгілі бір бағыттағы қызметке деген қызығушылығын дамытуға, оқу процесінде алған білімдері мен дағдыларын кеңейтуге және тереңдетуге мүмкіндік береді [36].

Үйірме жұмысы негізгі және қосымша білім берудің бір бөлігі ретінде қарастырылады. Ол педагог пен оқушыға оқу қызметінің жаңа түрін меңгеруге көмектесуге, білім алушылардың оқу уәждемесін қалыптастыруға, дамуына қосымша жағдайлар жасау мақсатында оқу кеңістігін кеңейтуге бағытталған. Аталған қызмет түрін жүзеге асыру барысында балаларды оқытудың барлық кезеңінде бейімделу және әлеуметтік сынақ сатысында сүйемелдеуді, қолдауды қамтамасыз ететін желі құрылады. Бүгінде бұған бірқатар объективті және субъективті негіздер бар:

- жалпы тәрбиені дамытудың және сабақтан тыс іс-әрекеттің құрамдас бөлігі ретінде;

- педагогикалық ғылым мен тәжірибе қосымша білім беру жүйесінің оқу, әлеуметтік-педагогикалық және тәрбиелік мүмкіндіктерін көреді;

- үйірме жұмысының дұрыс ұйымдастырылған жүйесі – түптеп келгенде жеке тұлғаның үйлесімді дамуына әсер ететін сала.

Үйірме жұмысын ұйымдастыру түрлері: әңгімелесулер, өнімді (инновациялық) ойындар, эксперименттер, бақылаулар, ұжымдық, топтық және жеке зерттеулер, ұжымдық саяхаттар, зерттеу мақсатында нысандарға бару, т.б..

сонымен бірге үйірме жұмыстарында оқытудың белсенді формаларын қолдану мүмкіндігі бар [36].

Үйірме – мұғалімнің балаларға міндетті білім беру бағдарламасына кірмейтін, бірақ мектеп оқушыларының терең білім алу және пісіп-жетілу процесі үшін мағына беретін білімдері мен дағдыларын жеткізу әдісі. Сонымен қатар, түрлі бағыттағы осындай ұйымдарға баратын балалардың өз ой-өрісін байытып, бөлім тақырыбы бойынша білімдерін кеңейтуге мүмкіндігі бар. Бастауыш сынып білім алушылары үшін үйірме – өз организмінің жалпы жағдайын немесе моторикасын жетілдіру тәсілі болып табылады. Негізгі орта білім беру деңгейінің білім алушылары үшін – үйірме қосымша білім ал формасы ретінде болашақ мамандық таңдау бағыт-бағдар береді немесе пайдалы еңбек дағдыларын меңгеруге жағдай жасайды. Қазіргі кезде балалар секциялары түрлі жастың балаларына арналған көптеген идеялар мен қызығушылық орталықтары болып табылады.

Үйірмелерді келесідей топтастыруға болады:

- дене шынықтыру және спорттық үйірмелер;
- көркемдік-эстетикалық бағыттағы үйірмелер;
- туристік-өлкетанулық бағыттағы үйірмелер;
- экологиялық-биологиялық бағыттағы үйірмелер;
- техникалық бағыттағы үйірмелер және т.б.

Дене шынықтыру және спорттық үйірмелер. Бұл спорттық іс-шаралар, жаттығулар арқылы бала денесінің барлық бөліктеріне қосымша жүктеме беруге, денсаулық сақтауға бағытталған іс-әрекеттер. Мұндай топтарда балалар белгілі бір бағыттағы спорт түрлерін (мысалы, футбол, волейбол, гимнастика) оқып қана қоймай, барлық ағзасын сауықтырады, шындайды. Үйірме жұмысы сабақтан кейін де, демалыс күндері де жүргізілуі мүмкін.

Спорттық үйірмелер мектептегі сыныптан тыс жұмыс түрі ретінде, әдетте, педагогтің бастамасымен жүзеге асырылады.

Мектепте баскетбол, волейбол, футбол, тоғызқұмалақ және т.б. спорт үйірмелерін ұйымдастыруға болады. Осы орайда Ақмола облысы Аршалы кентінің Жұмабек Тәшенов атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Молдабай Амандық әзірлеген «Тоғызқұмалақ» бағдарламасының үлгісін ұсынамыз (7-қосымша).

Көркемдік-эстетикалық бағыттағы бұл бағыты сыныптан тыс жұмыстардың кең тараған түрлерінің бірі. Оған сурет салу, модельдеу, қол еңбегі, би және вокал бойынша үйірме сабақтарын жатқызуға болады. Бұл сабақтар қатысушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытады, өз қолдарымен өнім шығаруға үйретеді. Балалардың оқу іс-әрекетін мәдениет әлеміне бағыттау қабілетін жандандырады.

Көркемдік-эстетикалық бағыттағы үйірмелер – білімнің біртұтас қабаты және ол көбінесе жоғары сынып оқушыларының болашақ мамандық таңдауы кезінде басымдыққа ие болады.

Білім алушыларды көркемдік-эстетикалық дамыту дегеніміз – өнер туындылары мен қоршаған әлемді мағыналық қабылдауды дамытуды; баланың

өзіне тән эстетикалық көзқарасын қалыптастыруды; музыка, би, көркем әдебиет, фольклор, театр туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыруды көздейді.

Ақмола облысы Степногорск қаласы «Қаныш Сәтбаев атындағы №9 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сарбиева Жанаргүл Калибековна әзірлеген «Мектеп театры» бағдарламасының үлгісін ұсынамыз (8-қосымша).

Заман талабына сай экологиялық білім мен тәрбие беру арқылы, балаларды әлеуметтендірудің келесідей бағыттарын қарастыруды ұсынамыз:

1. Табиғаттың құрам бөліктерін жеке-жеке (мысалы, суды, ауаны, т.б.) емес, біртұтас қорғау.

2. Экологиялық мәдениет қалыптастыру барысында биология, химия, физика, география, әдебиет және т.б. пәндерде пәнаралық экологиялық байланысын арттыру.

3. Экологияны білім алушыларға тек табиғатты қорғау ғана емес, техника мен өндірістің өркендеуінен өзгерген табиғаттан қажетті табиғи жағдайды сақтау деп түсіндіру.

4. Білім алушылардың бойында табиғатқа қатысты әлеуметтік құнды көзқарас қалыптастыру, әсіресе табиғатты тиімді пайдалану дегенде қажетті табиғи жағдайды сақтауды түсіндіру.

Экологиялық білім берудегі тұрақты ұстанымды сақтай отырып, балалардың әлеуметтенуіне әсер ететін экологиялық сана мен мәдениетті қалыптастыруға болады.

Экологиялық-биологиялық бағыттағы үйірме жұмысының барысында өлкенің топырағын зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың жоспарының және өлке аумағында өсетін өсімдіктермен танысуға арналған жұмыс түрлерін ұсынамыз.

Өлкенің топырағын зерттеуге арналған жұмыс жоспары:

1. Топырақ горизонтын белгілеу және олардың қалыңдығын анықтау (қарашірік (гумус) қабаты А және иллювиалды қабат Б. (Иллювиалды қабат – әр түрлі заттардың жинақталуымен және жуылуымен сипатталады).

2. Әр горизонттың түсін анықтау және олардың түсі төменнен жоғары қарай қалай өзгередінін қадағалау (біркелкі немесе біркелкі емес, мысалы, жолақ немесе дақ сияқты). Мұғалім оқушыларға қара түстің топырақтың құрамындағы шіріндінің, ал қарашіріндінің азаюын горизонт түбіндегі топырақтың түсінің өзгеруін көрсететінін түсіндіруі қажет.

3. Топырақтың тығыздығын анықтау: тығыз, борпылдақ, үгілгіш.

4. Топыраққа тұз қышқылының әлсіз ерітіндісін (10%) құйғанда қайнау тереңдігін анықтау.

5. Ін қазатын жануарлардың (құрттардың, суырдың, көртышқанның, тышқанның т.б.) ізі бар ма екендігін бақылау.

6. Өсімдік тамырларының қандай тереңдікке дейін жететінін анықтау.

7. Қарашіріктің пайыздық мөлшерін анықтау үшін әр горизонттан топырақ үлгілерін алу.

8. Жасалған бақылауларды қорытындылау.

Өлке аумағында өсетін өсімдіктермен танысуға арналған жұмыстың түрлері

1. Өсімдіктердің түрлерін, басым түрлерін, атауларын анықтау.
2. Өлшеуіш құралдардың көмегімен кейбір ағаштардың биіктігін өлшеу.
3. Зерттеу жұмысы жүргізілетін аумақтағы орманның түрін (қарағайлы, қайыңды, теректі т.б.) және олардың жасын анықтау.
4. Ағаштардың бейімделгіш қасиетіне көңіл аудару. Мысалы, жарыққа, ылғалға, желден қорғануға байланысты орналасуы.
5. Кеппешөп әзірлеу үшін шөптесін өсімдіктердің түрлерін, ағаштар мен бұталардың жапырақтарын және жергілікті жерге ғана тән өсімдік түрлерін жинау (қажетті мөлшерде ғана жинауға, өсімдіктерді бостан-босқа жұлмауға үйрету). Жинаған өсімдіктерден жасалған кеппешөптерді биология, география сабақтарында қолдануға болады.
6. Орманның топырағымен танысу.
7. Орманның және шалғынның шаруашылық маңызын анықтау.

Бұл бағыттағы үйірмеге қатысқан білім алушылардың саналы экологиялық білім алуға деген танымдық қызығушылығы дамиды. Балалардың жаратылыстану ғылымдары саласындағы зерттеулерге және олимпиадалар мен конкурстарға қатысуға деген ынтасы артады. Сонымен қатар, зерттеу жұмыстары арқылы балалардың алған білімдері мен дағдыларын күнделікті өмірде қолдануға үйренеді. Өскелең ұрпақты табиғатқа мұқият қарауға, экологиялық проблемаларға назар аударуға тәрбиелеу мүмкіндігі пайда болады. Оқушылардың бойында экологиялық сана және салауатты өмір салты негіздері қалыптасады.

Экологиялық-биологиялық бағыттағы жұмыстар барысында өткізілетін сабақтарда балалармен өсімдіктер әлемінің көптүрлілігімен, оларды өсіру, күту жолдарымен танысады, осы жұмыстарды орындау кезінде бірлесіп жұмыс істеуді үйренеді, өсімдіктерді күту дағдылары қалыптасады. Балалар үйірме жетекшісінің басшылығымен бақылаулар мен тәжірибелер жүргізеді.

Өсімдіктермен жұмыс істеу балаларға жағымсыз алаңдаушылықты жеңуге мүмкіндік береді, оларды өзіне деген сенімге, маңыздылыққа жан-жақты тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Техникалық бағыттағы үйірмелер – жаратылыстану-ғылыми бағытының жекелеген пәндерін тереңдетіп оқытуға, оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға бағытталған шығармашылық бірлестіктер жатады. Техникалық үйірме ғылымды абстрактілі зерттеу емес, балалар өз қолдарымен күрделі техникалық модельдер жасайды. Әдетте техникалық бағдар аясындағы сабақтар 10 адамға дейінгі шағын топтарда өткізіледі.

Робототехника, радиоэлектроника, көлік, әуе кемелерін модельдеу – мектеп оқушылары базалық оқудан бос уақытта оқи алатын техникалық бағыттағы қосымша білім болып табылады.

Техникалық жобалау, модельдеу және макеттер құрастыру, (лего конструкторларын жинау және модельдеу, робот техникасы, әуе, кеме, ракета немесе автомобильдер және т.б.), өндірістік технологиялар (радиоэлектроника,

техникалық жобалау, эргономика және т.б.) құрастыру техникалық бағыттағы үйірме жұмыстарына жатады.

Робототехника – бұл бірқатар пәндердің материалдарын белсенді қабылдауды ынталандыратын сыныптағы визуализацияның жаңа құралы, өйткені робототехниканы қолданатын демонстрациялар жоғары сапалы және деректерді ұсыну жылдамдығы, қажетті қайталау санын қамтамасыз етеді, сонымен қатар бірге жүруі мүмкін. Әртүрлі әсерлер арқылы (көрнекі, механикалық, дыбыстық), бұл оқушылардың зейінін оқу материалының маңызды элементтеріне шоғырландыруға ықпал етеді және танымдық қызығушылықты арттырады. Жобалар негізінде оқушылар топпен жұмыс жасап, «шынайы әлемді» зерттейді.

Модельдеу дегеніміз – таным объектілерін олардың модельдерінде зерттеу; осы құбылыстардың түсіндірмелерін алу, сондай-ақ зерттеушілерді қызықтыратын құбылыстарды болжау мақсатында нақты объектілердің, процестердің немесе құбылыстардың модельдерін салу және зерттеу болып саналады.

Бастапқы техникалық модельдеу үйірмелері білім алушылар арасында түрлі машиналар, құрылғылар жасау негіздері бойынша білім тарату, оларды техникалық мамандықтарға қызығушылық танытуға тәрбиелеу нысандарының бірі болып табылады.

Модельдеу – педагогикалық материалдардың, құбылыстар мен процестердің көшірмелерін, модельдерін жасау. Зерттелген педагогикалық жүйелерді схемалық ұсыну үшін қолданылады

Көркемдік даму үйірмелері табандылық пен табиғатпен салынған таланттарды шоғырландыру, дамыту қабілетін үйірмелері. Бейнелеу қозғалыс дағдыларын ынталандыру баланың психикалық дамуына пайдалы. Сурет салу немесе модельдеу сабақтарында әсемдік сезімі қалыптасады.

Модельдеу процесі: модельді, типтік жүйелер мен жүйелік модельдерді жобалау және түзету, өзін модельдеуден (әртүрлі міндеттерді қою және оларды модель бойынша шешу), модельдеу нәтижелерін түсіндіруден, қолданыстағы нақты жүйелермен интеграциялаудан тұрады. «Бастапқы техникалық модельдеу» атты үйірменің үлгі жоспарын қосымша бөлімінде ұсынамыз (12-қосымша).

Әдетте, әлеуметтендіру деп жеке адамның қоғамда табысты жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін әлеуметтік нормаларды, білім мен дағдыларды меңгеру арқылы қоғамға кірігу тарту процесі түсініледі. Осылайша, балаларды әлеуметтендірудің маңызды шарттарының бірі олардың кейіннен еңбек қызметіне тартыла отырып, кәсіби дағдыларды меңгеруі болып табылады.

Балалар үшін қолайлы қызмет бағыттарының бірі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласы, қашықтықтан жұмыс істей білу оның маңызды ерекшелігі болып табылады. Сондықтан балаларға ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқытудың озық технологиялары мен тәсілдерін қолдануды, әрине, оларды кейіннен әлеуметтендіру үшін қажет деп қарастыруға болады. Сонымен қатар, балаларды осы бағытта оқыту білім беру

робототехникасы мен бағдарламалау технологиясының болуына байланысты мектепте білім берудің орта кезеңінен басталуы мүмкін.

Балаларға бағдарламалауды оқытудың маңызы зор, себебі мұндай сабақтар бағдарламаларды, қосымшалар мен сайттарды қалай ұйымдастыру керектігін білуге мүмкіндік береді, бұл оларға ақпараттық технологиялар әлемін түсінуге көмектеседі. Бағдарламалау сондай-ақ шығармашылық және логикалық ойлауды дамытады, қойылған мақсат-міндеттерге жетудің кешенді жолын іздеуге, тәртіпке, ұқыптылыққа, мұқият болуға, ұжымда жұмыс істеуге және басқалардың тәжірибесін қолдануға үйретеді.

Ақмола облысы Степногорск қаласы білім бөлімі бойынша «Қаныш Сәтбаев атындағы №9 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің информатика пәні мұғалімі Қайролла Жазира Асылбекқызы әзірлеген «Python тілінде бағдарламалау негіздері» үйірмесінің бағдарламасын үлгі ретінде ұсынамыз (13-қосымша)

Эстетикалық тәрбие беру бағыты. Музейдің ғылыми-ағарту жұмысының негізгі формасы – экскурсия. Музейлердің ағарту, білім беру, тәрбиелеу жұмысының түрлері мен әдістері әр қилы. Оның ең кең тараған түрі – музей экспозициялары мен көрмелер бойынша экскурсиялар жүргізу, музейден тыс тарихи-мәдени ескерткіштерге жасалатын экскурсиялар болып табылады (14-қосымша).

Қосымша сабақтарды, яғни үйірме жұмысына, жобалық жұмыстарға немесе факультативтік сабақтардың тақырыптарына байланысты музейде сабақ өткізу:

- оқушыларға мәнді де саналы оқуға;
- жеке тұлғаның зерттеушілік типін қалыптастыратын оқушының ойлау әрекетін белсендіруге;
- оқушыға бір мезгілде әрекетті орындауда барлық мақсат қоюдан нәтижеге дейінгі барлық процесіне бақылау жасауға;
- білім берушілік, дамытушылық және танымдық үшбірлікті ұстаздың шексіз шығармашылығы тұрғысынан жүзеге асыруға;
- сабақтың ақпараттық сыйымдылығын арттыруға;
- оқушылардың уәждемесін арттыруға, олардың оқу-танымдық әрекетін белсендіруге, шаршағандары мен қажуларын азайтуға;
- сабақ үрдісінде өтілетін тақырыптың адам және қоғам өмірімен тікелей байланысына мән беруге;
- оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытуға;
- олардың алған білімдерін өмірде қолдана білулеріне көмектеседі

Эстетикалық тәрбиенің өзіне тән міндеттері бар, олар:

- эстетикалық сезімді, эстетикалық қабылдауды тәрбиелеу. Әдемілікті сезіну, көру әр адамда әр түрлі. Сондықтан білім алушыларды әдемілікті сезу үшін бейнелеу өнері, ән-музыкадан білімге үйрену. Білім арқылы бала сұлулықты бағалап, әдемілікті түсінеді;

- эстетикалық ұғымды, пайымдауды, баға беруді қалыптастыру. Бұл жерде де білім керек. Бала бейнелеу өнері саласындағы ырғақ, үндестік, музыка, әндегі дыбыстарды өнер әдістері туралы білімді терең игеруі қажет;

- эстетикалық танымды қалыптастыру. Эстетикалық таным арқылы эстетикаға баға бере алады. Эстетикалық таным-бұл өмірдегі, еңбектегі және табиғаттағы сыртқы әдемілік пен нағыз сұлулықтың арасын ажырата білу, өнер үлгілерін қабылдаумен, шығармашылықпен байланысты іс-әрекет мүмкіндік береді;

- баланың эстетикалық белсенділігін тәрбиелеу. Ол әдемілікті сезіп, оның заңдарын түсініп қана қоймай, осы заңдар бойынша өзін қоршаған айналаға өзгеріс жасауы қажет. өмірге енген эстетика (еңбек, табиғат эстетикасы, адамадар қатынасы, отбасы эстетикасы) адамды сүйсіндіреді. Балаларды осы арқылы ілтипатты оқырман, қайырымды көрермен, сезімтал тыңдаушы болуға үйретеміз. Бұл жерде түрлі әдеби, музыкалық шығармаларды пайдаланған жөн. Баланың эстетикалық мәдениеті және белсенділігі біртұтас педагогикалық процесте дамиды. Сондықтан оның барлық еңбегі демалыс эстетикалық бағытта тиімді ұйымдастырылса, ол өміріне әдемілік элементтерін енгізе алады;

- эстетикалық тәрбиенің тағы бір міндеті-өнер және әдебиет салаларында балалардың қабілетін, ынтасын және бейімділігін дамыту, балалардың қабілетін барынша ашу. Осы бес міндет эстетикалық тәрбиені дамытуда, балалардың бойына дарытуға өз үлесін қосады.

Білім алушылардың әлеуметтенуіне *оқу сауаттылығы* да әсер ететіні сөзсіз. Осындай жағдайдағы оқу сауаттылығының рөлі арта түседі, ол жаңа мағына мен әсерге ие болады, яғни:

- ақпараттық қоғамда тұлғаның табысты білім беруіне, өзіндік тәрбиелеу және басқа да қызмет түрлерінің, сондай-ақ әлеуметтік қорғаудың маңызды факторы;

- білімнің негізгі компоненті, адамгершілік үлгілерді дамыту және жеке құндылықтарды қалыптастыру және идеологиялық көзқарастар;

- білім алу және мәдениетті тарату құралы;

- негізгі зияткерлік технологиялар, тұлғалық өсудің ең маңызды ресурсы;

- мектептегі академиялық жетістіктерге, кейінгі өмірдегі кәсіби жетістіктерге және әлеуметтік тәжірибенің шектеулерін жеңуге болатын білім алу көзі;

- классикалық әдебиеттің тілін меңгеру, сөйлеуді дамыту, мәдениеттің жеке моделін құру құралы;

- әлемдік мәдениеттің құндылықтарын хабарлау және меңгеру құралы;

- адамның білім беру және мәдени құзыреттілігінің негізгі компоненті және, осылайша, тез өзгертін әлемдегі өмірге дайындық болып табылады.

Сабақ барысында және сабақтан тыс кітап оқуды ұйымдастыру арқылы білім алушылардың:

- тұлғааралық қарым-қатынас, яғни серіктестің жеке қасиеттеріне бағдарлануына, коммуникативтік тапсырмаларды шешуге, дәлел келтіруге және т.б. әсер ету;

- ынтымақтастық арқылы бірлескен қызмет топта жұмыс жасауды ұйымдастыруға және жоспарлауға, келіссөз жүргізуге, ортақ шешім табуға, бастамаларды қабылдауға, қақтығыстарды шешуге үйрету;

- жеке және танымдық рефлексияны қалыптастыруға мүмкіндік жасалады.

Кітап оқудың немесе оқу сауаттылығын қалыптастырудың нәтижесінде білім алушы келесідей дағдыларға қол жеткізеді

Мұражайға немесе тарихи орындарға онлайн-экскурсия

Іс-шараның бұл түрін жүргізу жалпы білім беретін мектептердің барлық деңгейлері үшін тиімді болып табылады. Бастауыш сыныптарда саяхат сабақтар, 5-9-сыныптарда онлайн-саяхаттар, экскурсиялар, жоғары сыныптарда семинар-экскурсиялар, пікірталастар өткізуге болады.

Мақсаты: киелі орындарға сырттай саяхат жасау барысында еліміздің тарихымен таныстыру арқылы білім алушылардың тарихты білуге, оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру және ұлтжанды азамат тәрбиелеу.

Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары шеңберінде тәрбие жұмысын жүргізу бойынша онлайн-саяхаттар ұйымдастырудың бірнеше бағытын, қасиетті жерлер туралы қысқаша мәліметтер және материалдарды алуға болатын сайттар мен әдебиеттер тізімін ұсынамыз. Алдын-ала әзірленген слайдтарды, Қазақстанның картасын қолдану арқылы киелі жерлермен таныстыруға қажетті қысқаша мәліметтерді ұсынуға болады (14-қосымша).

Кітап оқу арқылы білім алушыларды әлеуметтендірудің келесі бір жолы балалармен әңгімелесу сағаттарын ұйымдастыру, әңгімелесу сағаттарының тақырыптары келесідей болуы мүмкін (8-кесте).

«Сабақтан тыс іс-шараларда білім беру нәтижелеріне қол жеткізудің тиімді нысандары» әдіснамалық конструкторы (9-кесте) сабақтан тыс іс-шаралардың нәтижелері мен нысандарының өзара байланысын ескере отырып құрастырылады.

Мұғалімдер өздерінің қарамағындағы ресурстарды, қажетті нәтижелерді, оқу орнының ерекшеліктерін ескере отырып, мектептен тыс іс-шараларды өткізу үшін факультатив сабақтарының, үйірме жұмыстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін пайдалана алады.

Мұндай топтарда мектеп оқушылары еркін өзін-өзі танытуды, ұйымдастырушылық дағдыларды, командалық жұмысты үйренеді. Мұндай үйірмелер жасөспірімдерге ересектермен қарым-қатынасты дұрыс орналастыруға, жанжал жағдайларына мән бермеуге, құрдас топта ұйымдасқан және белсенді түрде әрекет етуге көмектеседі. Мұндай ұйымдарда сабақтар лекциялар, тренингтер және психологиялық сипаттағы ойындар түрінде өткізіледі.

Мектептің міндетті оқу жоспарына кірмейтін бағыттар бойынша балалардың білімін арттыру үшін мұғалімдер үйірмелердің кез келген жұмысын жүргізеді. Бұл қосымша дағдыларға ие болуға мүмкіндік береді: мектеп оқушылары дұрыс қорытынды жасауды, өмірдегі болатын жағдайларды бағдарлауды үйренеді.

Бағытына қарамастан, үйірме балаларды ұжымдық жұмыстан қуаныш алуға, мақсатқа тікелей жетуге, еңбекке деген сүйіспеншілікті оятуға үйрете алады.

Кітап оқу мектеп жасындағы балалар үшін, олардың дамуы үшін маңызды процесс болып табылады. Сонымен қатар, оқу әлеуметтенудің белсенді қолданылатын және кең тараған құралы. Балалар кітап оқудың арқасында осы қоғамға, әлеуметтік қауымдастыққа, топқа, т.б. тән мәдениет нормаларын, көзқарастарын, мінез-құлық заңдылықтарын меңгереді.

Кітап оқу арқылы білім алушылар күнделікті өмірде қажет болатын келесі дағдыларды меңгереді:

- сөздердің дұрыс жазылу жолдарын білу;
- білім және тәжірибе;
- әлеуметтік рөлге, білімге, жақсы сөйлеуге, тәрбиеге негізделген қарым-қатынас тәжірибесі;
- оқу дұрыс ойлау қабілетін дамытады;
- кітап оқу арқылы көп білім алады және оқуға деген қызығушылық артады.

Кітап оқу – ақыл-ойды дамытып, табысты және білімді болу үшін қажет екені сөзсіз түсінікті. Бірақ, қазіргі кезде, барлығы дәлелдеме талап ететін жағдайда, мұндай тұжырым жеткіліксіз. Сондықтан, білім алушыларға пән сабақтарында және сынып сағаттарында, ата-аналарға ата-аналар жиналыстарында оқудың қажет екенін дәлелдейтін тұжырымдарды ұсынуға болады, олар:

оқу шығармашылық ойлауды дамытады. Әр түрлі кітаптарды оқи отырып, адам шығарманың сюжетімен және стилімен танысумен қатар, кейіпкерлердің мекендеген ерекше, өзіндік дара әлемін елестете алады.

Жазушы қаншалықты талантты болса да, ол басқа адамның қиялында өзі суреттеген пейзаждар, сәулет өнерінің туындылары немесе кітап кейіпкерлері туралы өз көзқарасын қалыптастыра алмайды. Кез келген адамның қиялы қаншалықты алысқа ұшатыны оның ақыл-ойының жаттығуларына, яғни сол адамның қаншалықты көп оқуына байланысты болады.

Ой өрісті кеңейтеді. Қарым-қатынас жасау қабілеті (тіпті қазіргі әлемде де) маңызды дағдылардың бірі болып қала береді. Себебі, қызықты әңгімелесуші болу – әртүрлі салалардан хабардар болу, өз пікірін дәлелдей білу, кітаптардан мысалдар келтіре білу дегенді білдіреді.

Зияткерлікті дамытады. Бұл оқудың не үшін қажет екенін айқындайтын басты себеп. Ақпаратты тек мектепке арналған оқулықтардан ғана оқымай, басқа да қосымша кітаптардан оқыған дұрыс, себебі оларда ақпарат неғұрлым қызықты және кең көлемде берілуі мүмкін.

Бос уақытты ұйымдастыруға көмектеседі. Бос уақытта немен айналысуға болады? Әрине кітап оқу керек, себебі бұл физикалық және рухани демалудың ең оңай және ең қызықты жолы. Сонымен қатар, ол үлкен қаржылық шығындарды, арнайы дайындықты немесе физикалық белсенділікті қажет етпейді. Оның барлық сүйкімділігі қарапайымдылығында.

Денсаулық жағдайының жақсаруына әсер етеді. Дәрігерлер кітап оқу жүрек соғысын бәсеңдетіп, бұлшықеттерді босаңсытатынын дәлелдеген.

Күйзелістің (стрестің) азаюына әсер етеді. Психологтар кітап оқу күйзеліс деңгейін 60% төмендетуге ықпал ететіндігі туралы айтады. Егер адам бұл әдісті басқалармен салыстырса, онда таңқаларлықтай нәтижелерді көреді.

Эмпатияны дамытады (грек тілінен $\epsilon\nu + \lambda\acute{\alpha}\theta\omicron\varsigma$ – «сезім» – өзге адамдардың жан дүниесін түсіну мен жай-күйін ұғыну қабілеттілігі). Басқаларға жанашырлық таныту, олардың көңіл-күйі мен эмоционалды жағдайын түсіну қабілеті көптеген адамдарға туғаннан бастап беріледі, ал кейбіреулер бұл қабілетті өз бетінше дамытулары керек. Осындай жағдайда кітап ең жақсы көмекшіге айналады. Өйткені, шығарманың беттерін аудара отырып, оқырман кейіпкерлерге жанашырлық танытады, олардың сезімдері мен эмоцияларының әлеміне енеді.

Мансапта алға жылжуға әсер етеді. Кітапты көп оқыған және кітап оқығанды жақсы көретін қызметкерлер ғана болашақта көшбасшы бола алады деген пікір бар. Бұл мағынасыз айтылған сөз емес. Өйткені, әдебиет жеке тұлғаның қалыптасуына тікелей әсер етеді, көптеген мысалдарда оқиғалардың даму нұсқаларын көрсетеді. Егер өзінің өмірлік тәжірибесі жеткіліксіз болса, оны әдебиеттен алуына болады.

Сәнді болу ниеті қалыптасады Бүкіл әлемде кітап оқу сәнге айналуда. Мысалы, Канадада халықтың 61%-і белсенді оқырмандар болып табылады. Өзін-өзі дамытуға деген ұмтылыс пайда болады. Кітаптар бізді ынталандырады, өз-өзімізді жетілдіруге бағыттайды, біздің ішкі әлемімізді тереңірек білуге, белгісіз әлеуетті ашуға көмектеседі.

Сауаттылықты жетілдіруге әсер етеді. Мұнда бәрі анық: оқу адамның бойында саналы түрде кез келген сөздің қалай жазылатыны туралы ақпарат қалдырады. Кітап оқитын адам жазу кезінде, барлық ережелерді білетін, бірақ кітапты ішінара ғана оқитын адамға қарағанда қателерді аз жібереді.

Дикцияны жақсартады. Мәнерлеп дауыстап оқу сөздің соңын жұту, тез және шатастырып сөйлеу, сөзді анық айтпау, интонацияны шатастыру сияқты мәселелерден арылуға көмектеседі [47].

Кітап оқу – өскелең ұрпақтың бойында білім мен рухани құндылықтарды қалыптастырудың бір түрі, сонымен қатар тұлғаны тәрбиелеу, оның болашақ өмірде табысты болуына, бәсекеге қабілеттілігінің жалпы деңгейіне, әлеуметтенуіне әсер ететіні айқын. Осыған орай, білім беру ұйымдарында жүзеге асырылып жатқан «Оқуға құштар мектеп» жобасын қосымша білім берудің бір түрі ретінде айтуға болады.

«Кітап оқуға құштар мектеп» жобасының мақсаты: білім алушылардың кітап оқу мәдениетінің және кітап оқу белсенділігінің деңгейін арттыру, оқушылар, педагогтер және ата-аналар арасында кітап оқуды танымал етуге жағдай жасау.

Жобаның міндеттері:

- білім алушылардың оқу құзыреттілігін арттыру;
- білім алушылардың кітап оқу мәдениетінің және кітап оқу

белсенділігінің деңгейін арттыру;

- білім алушылардың сабақ әрекетіндегі оқу проблемасына қызығушылығын қалыптастыру бойынша педагогикалық іс-әрекет жолдарын әзірлеу;

- мектеп оқушыларының оқырмандық белсенділігін ұйымдастыру және оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекетіндегі оқырмандық қалауын ескере отырып, отбасылық оқуды насихаттау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу;

- мәдениет мекемелерімен өзара іс-қимыл және әлеуметтік әріптестік арқылы оқушылардың оқу мәдениеті мен оқу белсенділігінің деңгейін арттыру;

- мектеп жобасын іске асыру үшін іс-шараларға ата-аналарды тарту;

- ата-аналарды бірыңғай кітап оқу қауымдастығын құру жобасын іске асыру жөніндегі іс-шараларға тарту;

- балаларды оқуға тарту бойынша әдістемелік материалдар банкін құру.

- балалар мен жасөспірімдер арасында әдеби кітаптар оқуды насихаттау және тұрақты оқуға ынталандыру;

- оқылған кітапты, әдебиетті, мақаланы талқылауға тарту [48].

Жобаны іске асыру бойынша іс-шаралардың күнтізбелік жоспарының үлгісін ұсынамыз (15-қосымша).

Мектепте *жолда жүру ережелерінің* негізін қалыптастыру білім алушыларды әлеументтендірудің құралы ретінде қолдануды ұсынамыз. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету – қоғамның маңызды талаптарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы азаматтарының өмірін, денсаулығын және мүлкін сақтауға бағытталған жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыру елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі, сонымен қатар демографиялық дамуды қамтамасыз етудің маңызды факторы болып табылады.

Жол қозғалысы қауіпсіздігі – жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін орасан зор шаралар кешені. Кез келген ересек адам да, мектеп білім алушылары да, көлік жүргізушілері де, көлік құралындағы жолаушылар да, жаяу жүргіншілер де «жол жүрісіне қатысушылар» болып саналады.

Жол жүрісі қауіпсіздігі – қатысушыларының жол-көлік оқиғалары мен олардың зардаптарынан, сондай-ақ жол жүрісінің экологиялық жағдайға, халықтың денсаулығына теріс әсерінен қорғалу дәрежесін көрсететін жол жүрісінің жай-күйі [49].

Күн сайын біз жаяу жүргінші, жолаушы немесе жүргізуші ретінде әрекет ететін жол қозғалысының пайдаланушыларының қатарында болып отырмыз.

Жаяу жүргінші болу – жауапкершілігі жоғары рөл. Сондықтан, әр ересек адам да, бала да, көлік жүргізушісі де жолда жүрудің негізгі ережелерін сақтаулары тиіс. Жол-көліктік апаттарды азайтудың жолдары:

- жаяу жүргіншілер тротуармен немесе жаяу жүргіншілер жолымен, ал олар болмаған жағдайда жол жиектерімен жүрулері тиіс;

- тәуліктің қараңғы уақытында немесе көру/көріну/байқау нашар болған кезде (кешқұрым кезде) көлік жүретін жолдың жиегімен жүрген жағдайда жаяу жүргіншілерге жарық қайтарғыш элементтері бар заттар ұстау немесе киіміне жарық шағылыстыратын таспа жапсырып алу ұсынылады, бұл құралдардың жарқырауы көлік жүргізушілеріне жол жиегіндегі жаяу жүргінші туралы хабардар етеді;

- жаяу жүргіншілер жол қиылыстарын, көлік жүретін жолдарды жаяу жүргіншілер өткелдерінен, олар болмаған жағдайда тротуардың немесе жолдың жиек сызығы бойымен кесіп өтулері тиіс немесе жолда жүрудің келесі ережелерін сақтаулары тиіс.

Жолда жүру ережелері

Жаяу жүргінші:

- тротуарлармен және жол жиектерімен, жаяу жүргінші жолдарымен және жүруге жайластырылған және ыңғайластырылған басқа да жерлермен жүріп-тұруға;

- жолдың жүретін бөлігін жаяу жүргінші өткелдерімен, оның ішінде жерасты және жерүсті өткелдерімен, көрінетін жерде олар болмаған кезде – тротуарлардың немесе жол жиектерінің бойымен жол қиылыстарында, көрінетін аймақта өткел немесе жол қиылысы болмаған кезде жолдың жүретін бөлігінің шетіне тік бұрышпен кесіп өтуге;

- жаяу жүргінші өткелінен тыс жерде жолдың жүретін бөлігін кесіп өткен кезде көлік құралдарының жүрісіне кедергі келтірмеуге және жақындап қалған көлік құралдарының жоқ екендігіне көз жеткізбестен, маңайды шолуды шектейтін тоқтап тұрған көлік құралының тасасынан шықпауға;

- реттелмейтін жаяу жүргінші өткелдерінде жолдан өту өзі үшін қауіпсіз болатынына сенімді болғаннан кейін ғана жолдың жүретін бөлігіне шығуға;

- маршрутты көлік құралы мен таксиді – аялдама пункттерінде, ал олар болмаған кезде – тротуарда немесе жол жиегінде күтуге міндетті;

- автомагистральдарда тұруға тыйым салынады.

Мопед пен велосипед жүргізушілеріне:

- ең болмағанда бір қолымен рульден ұстамай жүргізуге;

- жолаушылар тасымалдауға;

- қатарында велосипед жолы болған кезде жолмен жүруге;

- жаяу жүргінші өткелімен жүруге тыйым салынады.

Дереккөз: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000194>

Сонымен қатар:

- жаяу жүргінші тротуары болмаған жағдайда, көлік жолының жиек сызығымен, көлік қозғалысына қарсы бағытта жүру қажет;

- бағдаршам бар жерде жолды бағдаршамның жасыл түсті сигналы жанған кезде қана кесіп өтуге болады;

- бағдаршамдары жоқ жерлерде жолды жер асты немесе жер үсті жаяу жүргіншілер өткелінде, ал олар болмаған кезде жаяу жүргіншіге арналған жолақтармен («зебра») өту қауіпсіз болып табылады;

- барлық көліктер тоқтағандығына және жаяу жүргіншілердің өтуіне мүмкіндік беретініне көз жеткізгеннен кейін ғана жолды кесіп өтуге болады;
- жол бойындағы қоршаулардан секіріп өтуге болмайды;
- егер жол кең болса, ал сіздің ол жолды толық өтуге уақытыңыз жетпей қалса, «қауіпсіздік аралында» күтуге болады;
- жолда және тротуарда ойын ойнау қауіпті;
- жүргізушінің сізді уақытында көруіне кедергі келтіретін ағаштардың, автомобильдердің және басқа да объектілердің артынан жолдың жүру бөлігіне жүгіріп шығуға қатаң тыйым салынады;
- тәуліктің қараңғы және кешқұрым уақытында киіміңізге жарық шағылыстырғыш жолақ жапсырып алыңыз;
- жолдың көлік жүретін бөлігінде тоқтап тұруға қатаң тыйым салынады;
- автобус аялдамасына түскеннен кейін, жолдың келесі бетіне өту керек болса, жол қиылысының арнайы жерінен ғана өтуге болады;
- автобус аялдамасына түскеннен кейін, жолдың келесі бетіне өту керек болса, автобус жүріп кеткеннен кейін автобустың артынан өтуге болады (жаяу жүргіншіге арналған жолақ болған жағдайда), яғни тоқтап тұрған автобустың алдынан жүруге болмайды;
- көлік аз жолдарда да, аулада да әрдайым ұқыпты болу керек, алдымен солға, соңынан оңға қарап отыруды ұмытпау керек, себебі кез келген уақытта көлік келіп қалуы мүмкін;
- үйдің тасасынан (бұрылысынан) жолға жүгіріп шығуға болмайды.

Сонымен, жол қозғалысы қауіпсіздігі ережелері – балалардың өмірі мен денсаулығын сақтаудың негізгі болып табылады. Еліміздің жолдары мен көшелерінде қозғалыс жылдамдығы мен автокөлік саны жылдан-жылға жоғары қарқынмен өсіп келеді және бұл процестің келешекте ілгерілеу жалғасады. Бұл жағдай жол қауіпсіздігі негіздеріне баса назар аударуды қажет етер сөзсіз.

Сондықтан білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып жолда жүру ережелерін оқытуды бастаушы сыныптардан бастау қажет. Балалардың көшедегі және жолдағы қауіпсіз мінез-құлқы дағдыларына үздіксіз оқыту жүйесі мектеп оқушыларының жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша және жол қозғалысы ережелерін зерделеу бойынша мектептен тыс және пән сабақтарына кіріктіру арқылы әртүрлі іс-шаралардың түрлерін жүргізу арқылы жүзеге асырылады [50].

Балаларды жолда жүрудің қауіпсіз мінез-құлқына үйрету өте маңызды мәселелер қатарына жатады. Қазіргі кезде жолдағы көлік қозғалысының өте тығыз болуына байланысты, жолда жүру ережелерін білу және оны мектепте де, үйде де үйретудің қажеттілігі артып отыр. Баланың өмірі мен денсаулығы, өзін көшеде қаншалықты дұрыс ұстанатындығына, жолда жүру ережелерін дұрыс орындағандығына байланысты болады.

Балалардың көшеде және жолда жүруінің қауіпсіз мінез-құлқы негіздерін қалыптастыру жұмысын пән сабақтарына кіріктіру арқылы жүзеге асыру келесі міндеттерді шешуді қарастырады:

- білім алушылардың жолда дұрыс әрі қауіпсіз бағдарлануына мүмкіндік беретін танымдық қабілеттерін дамыту;

- білім алшыларға көшедегі және жолдағы қауіпсіз мінез-құлық негіздері туралы білім беру, дағдылар мен қабілеттер қалыптастыру;

- жол қозғалысы ережелерін сақтай отырып, заңға бағынатын мінез-құлық тәрбиелеу [50].

Балалардың жол-көлік жарақаттарының алдын алу жөніндегі білім беру ұйымдарының жұмыс тәжірибесінде пән сабақтарында және сыныптан тыс уақытта әр түрлі жұмыс формаларын пайдаланылуы мүмкін. Олар жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету:

- пән сабақтарында, яғни оқу қызметінде есептер шығару, жаттығулар орындау, әңгімелер оқу;

- қала көшелері бойынша ауызша экскурсиялардың бағыттарын салу, фильмдер, бейне роликтер тамашалау, сынып сағаттарын өткізу, викториналар және басқа да жұмыстар ұйымдастыру, яғни сыныптан тыс іс-шаралар өткізу.

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Дүниетану» пәнін оқытудың мақсаты: ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар тұрғысынан білім алушылардың бойында адам, табиғат және қоғамның өзара байланысуы және өзара тәуелділігі туралы білім жүйесін қалыптастыру [51].

«Дүниетану» оқу пәнінің қолданыстағы бағдарламасына жолда жүру ережелерін үйретуге бағытталған келесідей тақырыптарын кіріктіруді ұсынамыз:

- үйден мектепке дейінгі жол;

- үйден мектепке дейінгі жолмен танысу және осы жолдағы қауіпсіздік ережелері» атты экскурсия;

- ең маңызды жол белгілері, бағдарламалық сигналдары, көшені кесіп өту ережелері;

- сенің өміріңдегі велосипед;

- велосипедті қолданудағы қауіпсіздік ережелері;

- автокөліктің адам өміріндегі маңызы;

- поезд және темір жол;

- көлік түрлері: жер үсті көліктері, су көліктері, әуе көлігі, жер асты көлігі, жолаушы көліктері, жүк көлігі, арнайы көлік;

- қаланың жолаушылар көлігіндегі мінез-құлық ережелері;

- қаланың көшелеріндегі және жолдардағы қауіпсіздік ережелері;

- практикалық жұмыс: көшені кесіп өту ережелері (мектептің арнайы алаңында немесе мектепке жақын маңдағы жол қиылысында);

- қоғамдық орындардағы мінез-құлық мәдениеті (кино, көлік және т.б.);

- жол белгілері, олардың өмір қауіпсіздігін сақтаудағы рөлі және т.б. тақырыптар [48].

Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі Степногорск қаласының Қаныш Сәтпаев атындағы №9 жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сыныптарының мұғалімі – Сүлейменова Қарлығаш Дулатовна әзірлеген «Дүниетану» пәнінде жолда жүру ережелерін оқыту

бойынша сабақ барысында және сабақтан тыс іс-шараларда қолдануға болатын ойын түрлерін, жол қозғалысына байланысты жағдаяттарды шешуге арналған және «Жалғасын тап» атты тапсырмалардың нұсқаларын ұсынамыз (16-қосымша).

Қоғам дамуының қай кезеңінде болмасын мемлекеттің қоғамдық институттарына, соның бірі бұқаралық ақпарат құралдарына, саяси, тарихи мәдени міндеттер жүктеліп отырады. Демек, жана жағдайда өзіне қоғамдық пікір қалыптастырушы, елдің көптеген функциялары жүктеліп отырған бұқаралық ақпарат құралдарының атқаратын ауқымды істер аясы уақыт озған сайын ұлғаймаса тарылмақ емес. Бұл тұстағы негізгі анықталған мәселе, бұқаралық ақпарат құралдарының қоғам өміріндегі пайдаланылу аясы күннен-күнге артып, оның көлемінің артуына да себебін тигізуде. Осыған орай, бұқаралық ақпарат құралдарының тұлға мен тұтынушылар тобына (бұқараға) ықпалын зерттеу әлеуметтану, психология және педагогика ғылымдары арқылы жүзеге асырылады. Мәселен, психология көбіне аудиторияға ықпалдың механизмдерін, ал педагогика – болжанған ықпалға жету жолдарын, соның ішінде: ақпараттық ықпалдың жолдарын, әдістері мен құралдарын, сондай-ақ түрлі бағдарламаларды қолданудың тиімділігін қамтитын жағдайларды зерттейді [52].

Бұқаралық ақпарат құралдары жеке тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандырады дегенді негізге алып, бұқаралық ақпарат құралдарының функцияларын жүйелеп, оның ішінде электрондық бұқаралық ақпарат құралдарының, яғни теледидардың:

- ақпараттық;
- мәдени-ағартушылық;
- интегративті;
- коммуникативті;
- әлеуметтік-педагогикалық;
- ұйымдастырушылық, білім-берушілік;
- рекреативті функциясын бөліп көрсетуге болады:

Тұлғаны әлеуметтендіру және өмірге бейімдеу тарапынан алғанда бұқаралық ақпарат құралдары мезофакторлардың қатарында екендігі мәлім. Әлеуметтендірудің мезофакторлары ретінде бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттары жеке тұлғаға ғана әсер етіп қоймай, үлкен әлеуметтік топтардың санасы мен мінез-құлқына яғни бұқара халықтың санасы мен мінез-құлқына әсер етуді көздейді, ондағы басты мақсат тұлғаның кейбір мәселелері бойынша өмірлік көзқарастарына әсер ете отырып, өмірге, қоғамға дұрыс әлеуметтенуін, бейімделуіне ықпал ету. Олай болса бұқаралық ақпарат құралдары оқушылардың да әлеуметтенуіне, дүниетанымын кеңейтуге өзіндік тұрғыда үлес қосады, сондай-ақ тұлғаның қосымша білім алуына көмектеседі.

Жас ұрпақтың денсаулығын сақтау мен нығайтудың стратегиялық маңызы зор, өйткені әңгіме ұлттың генофонды, демек, елдің болашағы туралы болып отыр. Елімізде жүргізіліп жатқан дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясат балалар мен жасөспірімдер спортының дамуындағы тоқыраудың аяқталуына ықпал етеді.

Мектеп және студенттік спортты дамыту мақсатында жастарды ақыл-ой және физикалық жетілдіру, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыру, әр түрлі спорт түрлерінен Қазақстан құрамалары үшін спорт резервін дайындау мақсатында жүзеге асырылатын дене шынықтыру-спорттық іс-шараларды ұйымдастырудың мемлекеттік және қоғамдық нысандарының жиынтығы болып табылатын 2019-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында мектеп және оқушылар спортын дамыту тұжырымдамасы бекітілді [53].

Тұжырымдама мемлекеттік органдарға, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару ұйымдарына мектеп оқушылары мен студенттердің дене тәрбиесі жүйесін дамытуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға байланысты мәселелерді шешуде басшылық болып табылады. Тұжырымдаманы іске асыру шеңберінде мектеп және оқушылар спортын дамытуға бағытталған бағдарламалық құжаттар құрылуы мүмкін.

Тұжырымдаманың міндеттері:

- барлық типтегі оқу орындарында дене тәрбиесі жүйесін жетілдіру арқылы физикалық және моральдық жағынан дамыған азаматты тәрбиелеу,

Қазақстан Республикасының жас ұрпағының денсаулығын нығайту;

- жас ұрпақтың денсаулығы мен физикалық дайындығын жақсарту үшін дене шынықтыру мен спортты тиімді пайдалануды қамтамасыз ететін жағдайлар жасау, тиісті өмір салтын қалыптастыру;

- студент-спортшылардың Олимпиада ойындарында, Дүниежүзілік Универсиадада, Азия ойындарында, Әлем және Азия чемпионаттарында, ұлттық спорттық турнирлер мен чемпионаттарда сәтті өнер көрсетуі үшін спорттық резервті дайындау.

Мектеп спорты – бұл білім беру ұйымдарындағы оқушылардың дене тәрбиесі мен дене шынықтыруға, оларды дене шынықтыру және спорттық ісшараларға қатысуға және қатысуға дайындауға бағытталған спорттың бір бөлігі. Барлық өркениетті елдерде бүкіл оқу кезеңінде мектептерде дене шынықтыру және спорт тәрбиесіне үлкен мән беріледі, көптеген спорттық жарыстар өткізіліп тұрады [54].

Мектеп спорты бұқаралық деңгейдегі спорттық нәтижелерге қол жеткізу арқылы жүзеге асырылатын негізгі дене дайындығын қалыптастыруға және жалпы дене қабілетін оңтайландыруға бағытталған. Білім беру жүйесінде спортты қолдану тәжірибесі ең алдымен жалпы педагогикалық қағидаларға бағынады және көп компонентті білім беру процесін ұйымдастырудың бірыңғай логикасы мен шарттарына сәйкес құрылады.

Мектептегі негізгі спорт түрлері баскетбол, волейбол, футбол, гимнастика, жеңіл атлетика, гандбол, жүзу, шаңғы тебу, конькимен сырғанау, ашық ойындар және ұлттық спорт түрлері болып табылады [54].

Спорттық-бұқаралық жұмыс барысында білім алушылардың жеке ресурстарын дамытуға, мінез-құлықтың жағымды стресстік формаларын, салауатты өмір салтына деген көзқарастарын қалыптастыруға, оларды

ұйымдастырылған спорттық жұмысқа тартуға және әр түрлі деңгейдегі спорттық іс-шараларға қатысуға бағытталған әрекеттер жүйесі түсіндіріледі.

Басты мәселе – дене шынықтыру-сауықтыру іс-шаралары, ережеге сәйкес, әр мектептің барлық білім алушыларын қамтуы керек.

Мектептегі дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық жұмыстарды ұйымдастырудың міндеттері:

- балалар мен жасөспірімдердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі, физикалық, ақыл-ой дамуы үшін кешенді қамқорлық;
- балалар мен жасөспірімдер, олардың ата-аналары, мектеп мұғалімдері арасында салауатты өмір салтын насихаттау және бекіту;
- балалар мен жасөспірімдердің мағыналы, танымдық және ойын-сауық бос уақытын ұйымдастыру;
- жасөспірімнің жеке қалыптасуының алғашқы кезеңінде оның әлеуметтенуіне жағдай жасау;
- балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын бақылау және қызметтің тиімділігін бағалау [54].

Мектептегі дене шынықтыру-сауықтыру және спорт жұмысын ұйымдастыру түрлері:

- балалардың қазіргі заманғы ұрпағының физикалық даму жағдайын бақылау, бұл үрей туғызады және заң шығарушы және атқарушы биліктің барлық құрылымдарының белсенді әрекеттерін талап етеді;
- мектепке дейінгі, сыныптан тыс, бос уақытты, білім беру және ағарту жұмыстары арқылы салауатты өмір салтын насихаттау, мектепте дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-бұқаралық жұмыстарды ұйымдастыру;
- профилактикалық және білім беру бағдарламаларын, «Денсаулық» бағдарламасын, мектепті дамыту мен іске асыруға қатысу;
- мектеп базасында, мектептен тыс және мектептен тыс жұмыстарда спорттық-сауықтыру секцияларының желісін сақтау және дамыту арқылы оқушылардың бос уақыты үшін мүмкіндіктерді кеңейту;
- болашақ ата-аналарды тәрбиелеу және спорттық шараларға қатысу арқылы отбасылық бос уақытты өткізу саласындағы ересектерге психологиялық-педагогикалық білім беру;
- спорт түрлері арқылы балаларды тәрбиелеу туралы ата-аналардың жағымды пікірін қалыптастыру;
- отбасылық құндылық ретінде спорттық бос уақытты өткізу және өз денсаулығына көңіл бөлу әдетін қалыптастыру [55].

Әр мектепте белгілі бір спорт түрімен жүйелі түрде айналысқысы келетін білім алушылар үшін спорт секциялары құрылады. Спорт секциясын құрған кезде, ең алдымен, олардың табысты жұмысын қамтамасыз ететін жағдайлар ескеріледі – спорт базасының болуы, сабақ өткізе алатын адамдардың мамандандырылуы. Әр спорт секциясында оқушылар жас топтарына бөлінеді: кіші, орта, үлкен. Секциялар бойынша сабақтар аптасына 2-3 рет өткізіледі.

Секцияға жазылмас бұрын студенттер тұрғылықты жері бойынша мектеп дәрігерінің немесе емхананың медициналық тексеруден өтуі керек. Әр мектепте

белгілі бір спорт түрімен жүйелі түрде айналысқысы келетін оқушылар үшін спорт секциялары құрылады. Спорт секциясын құрған кезде, ең алдымен, олардың табысты жұмысын қамтамасыз ететін жағдайлар ескеріледі – спорт базасының болуы, сабақ өткізе алатын адамдардың мамандандырылуы. Әр спорт секциясында білім алушылар жас бойынша топтарға бөлінеді: кіші, орта, ересек. Секциялар бойынша сабақтар аптасына 2-3 рет өткізіледі. Секцияға жазылмас бұрын білім алушылар тұрғылықты жері бойынша мектеп дәрігерінің немесе емхананың медициналық тексерістен өтуі керек [54].

Мақсаты мен міндеттеріне байланысты бұқаралық спорттық іс-шаралар қимыл-қозғалыс сапаларын дамытуға, жеңіске деген ерік-жігер, жарыстарға қатысу кезінде іс-әрекетті жоспарлаудың реттеушілік қабілеті, коммуникативтік даму, өзара көмек сезімі, қайырымдылық сияқты әмбебап тәрбиелік әрекеттерді қалыптастыруға ықпал етеді.

Бұқаралық спорттық шаралардың мазмұны өмірлік, табиғат, адам, жақсылық, шындық, отбасы, еңбек пен шығармашылық, бостандық тәрізді құндылықтарды қамтиды.

Өмірлік құндылығы – бұл адам өмірін басқа адамдарға және табиғатқа деген ұқыпты қатынаста жүзеге асырылатын ең үлкен құндылық ретінде тану.

Табиғаттың құндылығы – өмірдің жалпы адамзаттық құндылығына, өзін табиғат әлемінің бөлігі ретінде тірі және жансыз табиғаттың бір бөлігі ретінде тануына негізделген. Табиғатқа деген сүйіспеншілік – бұл адамның тіршілік ету ортасы және тірі қалуы ретінде оған деген құрметпен қарау, сонымен қатар сұлулық, үйлесімділік сезімін сезіну, оның кемелділігі, байлығын сақтау және көбейту.

Адам құндылығы – жақсылық пен өзін-өзі жетілдіруге ұмтылатын парасатты тіршілік иесі, салауатты өмір салтын оның компоненттерінің физикалық, психикалық және әлеуметтік – адамгершілік салауаттылық бірлігінде сақтаудың маңыздылығы мен қажеттілігі.

Жақсылық құндылығы – адамның сүйіспеншіліктің ең жоғарғы қабілетінің көрінісі ретінде жанашырлық пен мейірімділік арқылы баланың өмірді дамытуға және сақтауға бағытталуы.

Шындық құндылығы – адамзаттың, ақылдың, болмыстың, ғаламның мәнін түсінудің мәдениетінің бөлігі ретіндегі ғылыми білімнің құндылығы.

Отбасы құндылығы – Қазақстан халықтарының мәдени дәстүрлерінің ұрпақтан ұрпаққа сабақтастығын және осылайша қоғамның өміршеңдігін қамтамасыз ететін баланың дамуы үшін алғашқы және маңызды әлеуметтік білім беру ортасы ретінде отбасының құндылығы.

Еңбек пен шығармашылық құндылығы – адам өмірінің табиғи шарты, адамның қалыпты өмір сүру жағдайы.

Бостандық құндылығы – бұл баланың өзінің өмір салтын таңдау жолындағы өз ойлары мен әрекеттерін таңдау еркіндігі, бірақ табиғи түрде қоғамның нормаларымен, ережелерімен, заңдарымен шектелген бостандық, ол бала әрқашан бүкіл әлеуметтік мәннің мүшесі болып табылады.

Сонымен, бұқаралық спорт – бұл үздіксіз әлеуметтік эксперимент, спортпен айналысу барысында кез келген білім алушы өз мүмкіндіктерін біледі, дене бітімін, денсаулығын нығайтады, жақсартады және жетілдіреді, өзінің әлеуметтік әлеуетін кеңейтеді.

Жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеуде спорттық ойындардың тиімділігі өте зор.

Спорттық ойындар жалпы білім беру ұйымдарындағы «Дене шынықтыру» оқу пәнінде және мектептің спорттық үйірме жұмыстарында кеңінен қолданылады. Оқу жұмысында бұл баскетбол, волейбол, футбол, гандбол; сыныптан тыс дене шынықтыру-спорттық және сауықтыру жұмыстарда, аталған спорттық ойындардан басқа үстел теннисі, бадминтон, хоккей, теннис және т.б. спорттық ойындардың түрлері кеңінен қолданылады [56].

Спорттық ойындар дегеніміз – өте белсенді қимыл-әрекет жасау түрі, сайыс қорытындысы бойынша нәтижеге жетуге бағытталған дене жаттығулар кешені, сондықтан, ол білім алушылармен тәрбие және әлеуметтендіру жұмысында өте қажет.

Футболмен, волейболмен, баскетболмен айналысу баланың физикалық, рухани қабілеттерін ашуға және дамытуға, өзін-өзі анықтауына, яғни әлеуметтенуіне қажетті барынша қолайлы жағдайлар жасайды.

Бұқаралық спорт түрлері – баланың дамуына неғұрлым кешенді және жан-жақты әсер ететін командалық спорттық ойын. Қозғалмалы ойындардың түрлері қосымша бөлімінде ұсынылған (17-қосымша)

Қазақ халқының ұлттық ойындары – атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып келе жатқан асыл қазына. Ұлттық ойындар қазақ халқының ежелгі мәдениеті мен өнерінің ешкімнен кем болмағанын байқатады. Қазақтың ұлттық ойындарының қоғамдық және әлеуметтік маңызы аса зор. Ата-бабаларымыз ұлттық ойындар арқылы ұрпақтың мықты әрі жігерлі болып өсуіне ықпал етіп, олардың береке-бірлігі мен ынтымағын жарастырып отырған. Қазақтың ұлттық ойындарының түрі өте көп.

Қазақтың ұлттық ойындары: «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Қыз қуу», «Тоғызқұмалақ» және т.б. балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады.

Ойындар ол баланы зеректікке, білгірлікке баулиды. Бабаларымыздың асыл қазыналарына деген көзқарасын құрметтеуге сөз әсемдігін сезінуге үйретеді. Батылдыққа, өжеттікке тәрбиелейді [57].

Ойын – әлеуметтендіру құралы ретінде баланың қоғамдық қатынастар жүйесіне енуіне және мәдениет байлығын игеруге көмектеседі.

Ұлттық ойындар баланың еңбекке деген қарым-қатынасы мен ойлау қабілеттерін арттырады және баланы шымыр, епті, зерек, алғыр, тапқыр да парасатты болып өсуге тәрбиелейді. Ұлттық ойындардың үлгісін 18-қосымшада ұсынамыз.

Мұражайға немесе тарихи орындарға онлайн-экскурсия (5-9-сыныптар).

Іс-шараның бұл түрін жүргізу жалпы білім беретін мектептердің барлық деңгейлері үшін тиімді болып табылады. Бастауыш сыныптарда саяхат сабақтар, 5-9-сыныптарда онлайн-саяхаттар, экскурсиялар, жоғары сыныптарда семинар-экскурсиялар, пікірталастар өткізуге болады.

Мақсаты: киелі орындарға сырттай саяхат жасау барысында еліміздің тарихымен таныстыру арқылы білім алушылардың тарихты білуге, оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, ұлтжанды азамат тәрбиелеу және әлеуметтендіруге жағдай жасау.

Қазақстанның жалпыұлттық киелі орындары шеңберінде тәрбие жұмысын жүргізу бойынша онлайн-саяхаттар ұйымдастырудың бірнеше

Балалар ұйымының ерекше маңыздылығы қатысушылардың әрқайсысына өзін тұлға ретінде сезінуге көмектесуімен анықталады. Қарым-қатынас – мектепте мұғалім мен оқушы, отбасында ата-аналар мен балалар, яғни басшы мен басқарылушы рөлдерде болады. Балалар ұйымында бала тең адамдар арасында тең дәрежеде әрекет етеді. Мұнда ол өзі сияқты бір іске құмар, қызығушылық танытатын құрбыларын табады. Бұл олардың өз қасиеттеріне, қабілеттеріне, өзінің әлеуметтік маңызы туралы объективті түсініктерінің қалыптасуына ықпал етеді. Осындай ұйымдық жұмыстардың негізінде жатқан тәрбие – «әлеуметтену мен даралану бірлігі» [60].

Бірыңғай мектепшілік балалар қозғалысы мақсаты мен міндеттері

Білім беру процесінің тиімділігін арттыру үшін (бірыңғай мектеп оқушылары қозғалысы) ұсынуға болады, өйткені бұл оқу іс-әрекеті субъектілерінің күш-жігерін біріктіруге ықпал ететін жүйелі тәсіл. Білім алушы тұлғасының жан-жақты дамуын тек біртұтас, кешенді жұмыспен қамтамасыз етуге болады.

Мақсаты: Бірыңғай мектепшілік балалар қозғалысын құру

Міндеттері :

- білім беру процесінің барлық субъектілерінің бірлігі мен өзара әрекетін қалыптастыру;

- азаматтық деңгейі жоғары білім алушылардың жеке тұлғасының өзін-өзі дамытуға жағдай жасау;

- мектеп өмірінің демократиялық жолын құру.

Өзектілігі:

Мектептің біртұтас тәрбие жүйесін құру білім беру жүйесінде ұлттық дәстүрлерді жаңғыртуға, өскелең ұрпақтың азаматтық-патриоттық сезімдерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Болжамы:

Оқу процесінің тиімділігін айтарлықтай арттыруға болады, егер:

- мектептің біртұтас оқу жүйесі құрылса;
- балалар ұйымын құрылса;
- барлық жұмыс жүйесінің өз отанының патриотын, жанашырын қалыптастыру және түпкілікті нәтижеге бағытталуы қамтамасыз етілсе.

Бірыңғай мектепшілік балалар қозғалысы кезеңдері

Мектепшілік бірыңғай балалар қозғалысы 3 негізгі кезеңді қамтиды. Осы қадамдарды қарастыра отырып, әр қадамның түлектерінің тұлғалық үлгілерін шамамен сипаттауға болады.

Бірінші кезең – бастауыш сынып түлегі тұлғасының моделі:

- бала физикалық және рухани тұрғыда сау, табиғатты, өз ауылын, аймағын, Отанын, елін сүйеді;
- тапсырылған жұмысқа, өз іс-әрекетіне жауапкершілікті сезінеді;
- ұжымда өмір сүруге дағдыланған, үнемшіл, ұқыпты, ұйымшыл, еңбекқор, дербес, көпшіл бала.

Екінші кезең – негізгі орта білім берудегі 5-9 сынып түлектерінің тұлғалық моделі:

- өмірлік мақсат-мүддесін сезінетін жасөспірім;
- өзін-өзі жүзеге асыруға, өзін-өзі тәрбиелеуге тұрақты қажеттілігі бар жасөспірім;
- әдептілік, адалдық, жанашырлық және төзімділік сияқты рухани-адамгершілік қасиеттер қоры бар жасөспірім.

Үшінші кезең – жалпы орта білім берудегі 10-11 сынып түлегі тұлғасының моделі:

- еркін тұлға, өзін-өзі тану және өзін-өзі құрметтеу деңгейі жоғары;
- салауатты өмір салтына тұрақты қажеттілігі бар физикалық және психикалық салауатты тұлға;
- өз тегін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын жақсы білетін, өз Отанын сүйетін тұлға [60].

1-кезең. 1-4 сынып білім алушылары

«Мейрімді көше» төрағалық мен оның көмекшілерінің жұмысына;

«Мейрімді» қала» әкімі мен оның министрліктері көмектеседі.

Мейрімді көшеге қосылу үшін ант береді, әні, ұраны айтылады.

2-кезең. 5-9 сынып білім алушылары

«Мейрімді» қалаға қосылу үшін ант береді, әні, ұраны айтылады.

«Мейрімді қаланың тұрғындар»

«Мейрімді» қаладағы жұмысқа «Мейрімділік» планетасының президенті мен оның министрліктері көмектеседі.

3-кезең. 10-11 сынып білім алушылары

«Мейрімді» планетаға қосылу үшін ант береді, әні, ұраны айтылады.

«Мейрімді» планета басшылығының жұмысына мұғалімдер көмектеседі және бағыттайды:

Ішкі істер министрлігіне – Директор орынбасары

Мәдениет министрлігіне – музыкалық үйірмелердің, театр және би үйірмелерінің жетекшілері

Өлкетанушыларға – тарих пәнінің мұғалімі Экологтарға – биология пәнінің мұғалімі.

БАҚ – әдебиет және орыс тілі мұғалімдері, информатика пәні мұғалімдері көмектеседі.

Білім алушылардың әлеуметтенуіне жағдай жасау үшін бағыттар бойынша келесідей іс-шаралар жоспарының үлгісін ұсынамыз.

1. «Зерде» бағыты бойынша жүргізілетін іс-шаралар
2. «Руханият» бағыты бойынша жүргізілетін іс-шаралар
3. «Отан» бағыты бойынша жүргізілетін іс-шаралар
4. «Салауат» бағыты бойынша жүргізілетін іс-шаралар
5. «Еңбек» бағыты бойынша жүргізілетін іс-шаралар
6. «Жеті жарғы» бағыты бойынша жүргізілетін іс-шаралар
7. «Экоәлем» бағыты бойынша жүргізілетін іс-шаралар

Білім беру ұйымдарында балалар қозғалысын ұйымдастыру бойынша «Эко-достық» балалар қозғалысын ұйымдастыру үлгісі

«Эко-достық» балалар қоғамдық ұйымы

Балалар мен жастар қоғамдық бірлестігі – қоғамдық бірлестіктердің теңдік, жариялылық заңдылығы және мүшелік қағидаттарына негізделген ерікті өзін-өзі басқаратын «Эко-достық» экологиялық проблемалар мен табиғатты қорғау қызметін шешу үшін азаматтарды біріктіру мақсатында балалар қоғамдық ұйымын құруға болады.

Ұйымды құрудың негізгі мақсаты – экологиялық проблемаларды шешуге және табиғатты қорғау қызметіне қатысатын, сондай-ақ елдің тұрақты дамуына белсенді қатысатын, экологиялық білім берумен, ағартумен және тәрбиемен айналысатын мамандар өскелең ұрпақты табиғат қорғау қызметіне тарту арқылы салауатты өмір салтын, экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

«Эко-достық» ұйымының міндеттері:

- жергілікті деңгейлердегі экологиялық мәселелерді шешуде олардың бірігуіне ықпал ету мақсатында балалармен және жасөспірімдермен жұмыс істейтін ұйымдардың өзара әрекеттесуін үйлестіру;

- экологиялық міндеттерде балалардың экологиялық қозғалысына ықпал ету үшін заң шығарушы және атқарушы билікпен өзара әрекеттесу;

- балалар мен жасөспірімдерге экологиялық тәрбие беруді жандандыру және дамыту үшін нысандар мен әдістерді іздеу мақсатында мемлекеттік, ғылыми және ғылыми-танымдық өзара іс-қимылды қоғамдық құрылымдарды ұйымдастыру;

- олардың қызметін насихаттау мақсатында экологиялық проблемаларды шешу кезінде балалардың экологиялық қозғалысы қол жеткізген нәтижелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы кеңінен жариялауды ұйымдастыру;

- халықаралық байланыстарды дамытуға ынталандыру;

- жаһандық экологиялық проблемалардың шешімдерін зерттеу және іздеу үшін балалар мен жастарды біріктіру мақсатында олар жүзеге асыратын экологиялық қызмет шеңберіндегі халықаралық балалар ынтымақтастығын құру;

- балалар конкурстарын, конференцияларын және т.б. ұйымдастыру;

- «Киелі табиғат» аң-құс пен өсімдіктердің ерекшеліктерін аңыз, қиса түрінде баяндап, талдауға үйрету;

- экология саласындағы әртүрлі қызмет түрлерімен айналысатын белсенді және талантты балаларды қолдау;
- экологиялық этикет қалыптастыру;
- ақпараттық және коммуникативтік қажеттіліктермен қанағаттандыру үшін жағдай жасауға көмектесу.

Балалар экологиялық бірлестіктері қызметінің бағыты:

- табиғатпен байланыс. Бұл жолда жас экологтарға табиғаттың сырын түсіне білуге үйрету; Бұл түсінік: маусымдық өмірді бақылау, табиғатты зерттеу, табиғатты қорғау шараларынан, этнография немесе стихиялық кескіндеме т.б. қамтиды;

- табиғатта не болып жатқанын бақылау. Мұндай бақылаулар: тұрып жатқан аймақта қандай өсімдіктер мен жануарлар бар?

- қоршаған ортаның жай-күйін бақылау – экологиялық мониторинг.

Егер қоршаған ортамен, өсімдіктермен және жануарлармен танысу жас экологты натуралистік база ретінде дайындауда болса, экологиялық мониторинг – бұл жасөспірімнің алғашқы экологиялық қызметі. Экологиялық мониторинг – бұл қоршаған ортада не болып жатқанын, оның өмір сүру сапасын бақылау, бағалау;

- экологиялық ойындар. Экологиялық ойындар балаларға экологиялық байланыстарды, заңдарды, мәселелерді қол жетімді етуге мүмкіндік береді;

- экологиялық акциялар. Бұл экологиялық жағдайды жақсартуға бағытталған практикалық істер;

- экологиялық рәсімдер;

- экологиялық этика.

Тұрғылықты жері бойынша балалар клубтарында тәрбие бағдарламаларын іске асыру

1. «Жас ұлан» балалардың өзін-өзі басқару клубы «Мен – Қазақстан азаматымын» бағдарламасын жүзеге асырады. Бағдарлама клубтағы азаматтық-патриоттық тәрбиенің мазмұнын, негізгі даму жолдарын анықтайды және балалар мен жасөспірімдердің патриотизмін, азаматтығын тәрбиелеуге бағытталған.

Бағдарламаның мақсаты: рухани және физикалық сау, өз тағдырын туған өлке мен елдің болашағымен тығыз байланыстыра алатын тұлға қалыптастыру.

Оған келесі міндеттерді шешу арқылы қол жеткізуге болады:

- тарихи құндылықтар негізінде Отанға, оның өткеніне бүгінгіне және болашағына саналы көзқарасты қалыптастыру;

- әрбір тәрбиеленушінің өзін-өзі басқару органдарының қызметі арқылы өзінің азаматтық ұстанымын іске асыруы үшін жағдай жасау;

- туған өлкенің тарихы мен мәдениеті туралы білімді дамыту және тереңдету.

2. «Киелі табиғат» балалардың өзін-өзі басқару клубы экологиялық бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарлама балалар мен жасөспірімдерде интеллектуалды, эмоционалды-сезімтал және белсенді салалардың жиынтығы болып табылатын экологиялық мәдениетті тәрбиелеуге ықпал етеді, адамның

қоршаған әлеуметтік және табиғи ортамен, басқа адамдармен қарым – қатынасына, сондай-ақ өзіне деген көзқарасына қолданылады.

Бағдарламаның мақсаты: балалардың экологиялық мәдениетін, экологиялық санасын, қоршаған ортаның жай-күйі үшін азаматтық жауапкершілігін қалыптастыру

Міндеттері:

- қоғамның материалдық және рухани дамуының қайнар көзі ретінде табиғаттың көпжақты құндылығын түсіну;

- табиғаттағы болжау, құрметтеу дағдыларын дамыту;

- табиғаттағы қатынастар туралы түсінік қалыптастыру;

- табиғатпен қарым-қатынас жасаудың рухани қажеттілігін дамыту, адамдардың өміріне әсерін түсіну, моральдық сипаттағы тәжірибелермен қоршаған табиғатты білуге ұмтылу;

- табиғи ортаны жақсарту және сақтау, табиғатты қорғау білімін насихаттау бойынша белсенді қызметке ұмтылысты қалыптастыру.

3. «Дені саудың жаны сау» балалардың өзін-өзі басқару клубы тәрбиеленушілердің зияткерлік және рухани әлеуетін ашу үшін қолайлы жағдайлар жасауға жәрдемдесуге арналған. Салауатты өмір салтын насихаттауға және балалар мен жасөспірімдердің қауіпсіздігінің сенімді деңгейіне қол жеткізуге бағытталған.

Мақсаты – білім алушылардың салауатты өмір салтын ұстануға мотивациялық көзқарастары мен құндылық бағдарларын қалыптастыру.

Міндеттері:

- тәрбиеленушінің іс-әрекетін психологиялық-педагогикалық қолдау, психологиялық жағдайдың бұзылуының алдын алу;

- балалар мен жасөспірімдерде салауатты өмір салты құндылықтарын қалыптастыру;

- балалар клубы тәрбиеленушілерінің санасында салауатты өмір салтына деген ұмтылысты нығайту.

«Денсаулық және спорт» балалардың өзін-өзі басқару клубы балалар клубының базасында балалар мен жасөспірімдердің дене шынықтыру және спорт құралдарымен салауатты өмір салтына деген қажеттілігін және саналы уәждемесін қалыптастыруға ықпал ететін спорттық-сауықтыру бағытындағы бағдарламасы

Мақсаты: білім алушылардың денсаулығын сақтау және нығайту, салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

- өз денсаулығына ұқыпты қарауға тәрбиелеу;

- білім алушыларды салауатты өмір салты нормаларына үйрету,

- әр түрлі спорт түрлеріне бейімділік пен ептілікті дамыту;

- моториканы қалыптастыру және жетілдіру.

Қорытынды

Когнитивтік әлеуеті жоғары тұлғаны қалыптастыру мектеп кезеңінен бастау алатыны белгілі. Психологиялық-педагогикалық зерттеулерді талдайтын болсақ, когнитивтік даму ең алдымен оқу пәндерінің мазмұны мен баяндалу қисынына тәуелді болып келеді. Мектептегі педагогикалық үдеріс білім жүйесін берумен және ғылыми таным әдістерімен қаруландырумен сипатталатын танымдықпен қатар, дамытушылық функцияны да жүзеге асыруы тиіс.

Адам туып – өсіп, әртүрлі сатыдан өтеді, бірақ кенеттен адам болып шыға келмейді, тұлға болып қалыптасу үшін әр адам қоғамның мүшесі ретінде өзінше пісіп-жетілуі керек, яғни адамзаттық қоғамда белгілі әлеуметтік функцияларды дербес атқаруға қабілетті болуы керек басқаша айтқанда, адам болу үшін сол адамзаттық қоғамға бірте-бірте кіріп араласып, тиісті әлеуметтік қасиеттерге ие болу, яғни әлеуметтенуі қажет. Онсыз адам әлеуметтенген тұлға бола алмайды.

Когнитивті даму процесі әртүрлі кезеңнен өтетін азаматтық кемелдену процесі деуге болады. Балалар бастапқы әлеуметтік ұғымдарды ата-аналарынан, туғандарының ортасынан алып, солардың көзқарастарына еліктейді. Кейін оқушылардың әлеуметтенуіне әсер ететін – қоршаған орта, мектеп және ата – ана тәрбиесі. Мектеп қабырғасынан шыққаннан соң тұлға саяси өмірге толық мағыналы түрде қатысады.

«Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салу керек», - деген екен. Олай болса, оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру негізінің бірден-бірі мектепшілік жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер білімді игеруі – тәрбиеге, өскен ортаға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты. Осыны жақсы түсінген халқымыз «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы», «Тәрбие басы – тал бесік» деп ұлағатты ұстаздың еңбегін өте жоғары бағалаған.

Түбегейлі өзгерістерге бет бұрған жаңа қоғамда тек білімді болу жеткіліксіз, сондықтан әрбір жеке тұлғаның бойында әр ұстаз адамгершілік, ізгілік, кішіпейілділік, қарапайымдылық, отансүйгіштік қасиеттерін тәрбиелейді.

Еліміздің білім беру саласында жүргізілетін тарихи, әдеби, экологиялық, географиялық, натуралистік, геологиялық, археологиялық және басқа да туристік-өлкетанушылық жұмыстар өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сана-сезімді қалыптастырудың және олардың қоғамдық өмірге қарқынды араластырудың, қоршаған ортаны тануға бейімдеу арқылы білім алушының когнитивтік қабілетін дамытатын тиімді құрал болып табылады.

Қазақстанда білім алушының когнитивтік қабілетін арттыруға ықпал ететін ата-аналар мен балалар арасында ерекше танымал қосымша білім берудің көркем-эстетикалық бағыты – туристік-өлкетанушылық бағыт.

Туристік-өлкетанушылық бағыт оқушыларды туған өлке туралы біліммен байытады, оған деген сүйіспеншілікті баулиды және азаматтық ұғымдардың

қалыптасуына көмектеседі. Туристік-өлкетанушылық жұмыстың негізінде өткенге деген қызығушылық жатыр, олар оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, танымдық қызығушылықтарын дамытады, шығармашылық іс-әрекетке тартады, тәжірибелік және зияткерлік іскерліктерді қалыптастырады, мамандық таңдауда көмектеседі.

Білім берудегі мәдениет пен өнердің маңыздылығының жалпы деңгейін көтеру;

- көркемдік-эстетикалық сана-сезімді қалыптастыру, ол арқылы адам халықтың мәдениетіне өзіндік қатыстығын сезіне алады;

- көркемдік білім берудің кешенді бағдарламасын құру және көркемдік-эстетикалық талғам қалыптастыру көркемдік білім берудің қазіргі кездегі негізгі мақсаттары болып табылады.

Осылайша, жалпы білім беретін мектепте оқушылардың когнитивті қабілетін дамыту бірыңғай білім беру кеңістігі шеңберінде білім алушылардың бойында әлемді тұтас қабылдауды қалыптастыруға, жеке қызығушылықтары мен жеке басының қажеттіліктерін дамыту үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, қазіргі білім мазмұны жаңартылу жағдайында бастауыш сынып жасындағы балалардың когнитивтік процестерінің дамуын оқу пәндері арқылы зерттеулерді жаңа сипатта жүргізу қоғамның маңызды сұраныстарының бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жарықбаев Қ.Б., Саңғылбаев О. С. Психология: Энциклопедиялық сөздік / Бас ред. Б.Ө. Жақып. — Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. — 624 б.
2. Валерия Филимонова. URL <https://www.ferra.ru/news/techlife/chtotakoe-kognitivnye-navyki-i-pochemu-oni-tak-vazhny-dlya-cheloveka-104-2022.htm>].
3. Сырникова, Н. А. К вопросу о системной трактовке интеллекта / Н. А. Сырникова // Ученые записки института непрерывного педагогического образования : сборник статей. – Нижний Новгород, 1999. – С. 148-151.
4. Шадриков, В. Д. Деятельность и способности / В. Д. Шадриков. – Москва : Логос, 1994. – 315 с.
5. Матюшкин, А. М. Проблемы психодиагностики, обучения и развития школьников / А. М. Матюшкин. – Москва : АПН СССР, 1985. – 160 с.
6. Шадриков, В. Д. Психология деятельности и способности человека / В. Д. Шадриков. – Москва : Логос, 1996. – 320 с.
7. Мұқаметқали М. Мұғалімдерді кәсіби педагогикалық инновациялық іс-әрекетке даярлау жолдары // Өскемен 2004, 183.
8. Богоявленский Д.Н., Менчинская Н.Ф. Психология усвоения знаний в школе // М.: Изд-во АПН РСФСР, 1959. С. 107.
9. Советский энциклопедический словарь // М.: Сов. энциклопедия, 1984. С. 795.
10. Садыков Т.С. Теоретико-методологические основы модернизации системы образования в Республике Казахстан // Алматы «Ғылым», 1998. 350 б.
11. Құдайбергенова К.С. Инновациялық тәжірибе орталығы - педагогикалық технология көзі // Алматы, 2001. 75 б.
12. Жүнісқызы Г. Биология оқыту әдістемесі. Биология және салауаттылық негіз // Алматы, 2003. №4, 17 б.
13. Дружинин, В. Н. Интеллект и продуктивность деятельности: модель «интеллектуального диапазона» / В. Н. Дружинин // Психологический журнал. – 1998. – No 2. – С. 61-70.
14. Немова Ю.Ю., Осинина Т.Н. Педагогические технологии развития когнитивных способностей обучающихся в условиях современного образования / Ю.Ю. Немова, Т.Н. Осинина // Студенческая наука Подмосковью (Орехово-Зуево, 05-06 апреля 2018). Государственный гуманитарно-технологический университет, 2010. С. 403-406.
15. Canada (Canadians for 21st Century Learning and Innovation). (2016). Shifting minds: A 21st century vision of public education for Canada [Электронный ресурс]. URL:www.c21canada.org/wp-content/uploads/2012/11/Shifting-MindsRevised.pdf
16. [Аймауытов](#)
17. Я.А. Коменский

18. Долгова В. И., Аркаева Н. И., Капитанец Е. Г. Инновационные психолого-педагогические технологии в начальной школе. — М.: Издательство Перо, 2015. — С. 200.
19. Харченкова И. С. Развитие мышления детей младшего школьного возраста в процессе индивидуально-ориентированного обучения: диссертация кандидата психологических наук: 19.00.13. — Красноярск, 2006. — С. 220.
20. Блонский П. Память и мышление. — СПб.: Питер, 2001. — С. 288.
21. Психология. А-Я. Словарь-справочник / Пер. с англ. К. С. Ткаченко. - М.: ФАИР-ПРЕСС, Майк Кордуэлл, 2000. Лысак И. В., Белов Д. П. Влияние информационно-коммуникационных технологий на особенности когнитивных процессов // Известия ЮФУ. Технические науки. — 2013. — № 5. — С. 256–264.
22. Аяғанова А. Ж. Интеллектік даму мен өзіндік бағалаудың өзара байланысына этнопсихологиялық түсініктердің әсері: диссертация психология ғылымдарының кандидаты: 19.00.01. — Алматы, 2009. — 137 б.
23. Жұмабаев М. Психология. А-Я. Словарь-справочник / Пер. с англ. К. С. Ткаченко. -М.: ФАИР-ПРЕСС, Майк Кордуэлл, 2000. Лысак И. В., Белов Д. П. Влияние информационно-коммуникационных технологий на особенности когнитивных процессов // Известия ЮФУ. Технические науки. — 2013. — № 5. — С. 256–264.
24. Зверева А. С. Развитие когнитивных процессов младших школьников как субъектов образовательной среды // Научно-методический электронный журнал «Концепт». — 2015. — Т. 10. — С. 351–355.
25. Долгова В. И., Аркаева Н. И., Капитанец Е. Г. Инновационные психолого-педагогические технологии в начальной школе. — М.: Издательство Перо, 2015. — С. 200.
26. Харченкова И. С. Развитие мышления детей младшего школьного возраста в процессе индивидуально-ориентированного обучения: диссертация кандидата психологических наук: 19.00.13. — Красноярск, 2006. — С. 220.
27. Блонский П. Память и мышление. — СПб.: Питер, 2001. — С. 288.
28. Жарықбаев Қ.Б., Саңғылбаев О. С. Психология: Энциклопедиялық сөздік / Бас ред. Б.Ө. Жақып. — Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. — 624 б.
29. Аяғанова А. Ж. Интеллектік даму мен өзіндік бағалаудың өзара байланысына этнопсихологиялық түсініктердің әсері: диссертация психология ғылымдарының кандидаты: 19.00.01. — Алматы, 2009. — 137 б.
30. Омарова, Н. М. Бастауыш сынып жасындағы балалардың когнитивтік дамуы / Н. М. Омарова, А. Ж. Аяғанова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2019. — № 15.1 (253.1). — С. 12-14. — URL: <https://moluch.ru/archive/253/58196/> (дата обращения: 09.12.2023).
31. «Қазақстанның киелі орындары – Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша тәрбие жұмысының үлгілері». Әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 258 б.

32. «Орта білім беру ұйымдарында «Балалар қозғалысы» («Мектептің өзін-өзі басқару» жобасы, «Жас қыран», «Жас ұлан») қызметін ұйымдастыру және үйлестіру» Әдістемелік ұсынымдар.– Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2022. – 80 бет

Қосымша

1-қосымша Глоссарий

Когнитивтік (танымдық) қабілет – адамзаттың ақыл-ой деп те атауға болады, өйткені адамның когнитивті қабілеті ойлау мен ақыл-ой процестеріне әсер етеді. Мидың дамуы (әртүрлі ми құрылымдары) когнитивті дамудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Когнитивті даму – бұл балалардағы ойлаудың дамуы, оның барысында олар заттар мен құбылыстарды түсінеді, біледі және түсінеді. Бұл балаларға қоршаған әлемді түсінуге және түсінуге көмектесетін білімді, қабілеттерді, тапсырмаларды шешу дағдыларын және диспозицияларды дамытуды қамтиды. Когнитивті даму қабылдау, есте сақтау, ұғымдарды қалыптастыру, есептерді шешу, қиял және логика сияқты барлық ойлау процестерінің қалыптасуын қамтиды.

Қабілет – іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай, нәтижелі орындауында көрінетін оқушының жеке қасиеті.

Креативтілік – тың идеялар туғызатын, дәстүрлі, қалыптасқан ойлау жүйесінен бөлек, проблемалық жағдайларды тез шешетін қабілеттілік; креативтілік қабілеттің қалыптасуы үшін қажетті шығармашылық ойлау мен тұлғалық қасиеттер жиынтығы.

Креативті ойлау – қандай да бір жаңалықты тәжірибеге енгізетін, жаңа проблемаларды шешу және қою жағдайында өзіндік идея туғызатын, кемшіліктер мен қайшылықтарды сезініп, жағдайдың жетіспейтін элементтерін салыстырмалы түрде болжауды қалыптастыратын ойлау түрі.

Рефлексия – өзіндік ойлау өзін-өзі бақылау мен тану, адам санасының өзінің ішкі әлеміне, психологиялық сапасы мен жағдайына қарай бағытталуы, өзін-өзі талдау мен тануға бейімділік.

Шығармашылық – қоғамдық-әлеуметтік мәні бар, жоғары сападағы талантты аңғартатын, жаңа іске бағыт-бағдар беретін тың әрекет.

Шығармашылық әрекет – жоғары, қоғамдық құндылығы бар өзіндік, жаңа өнім беретін әрекет

Шығармашылық қабілет – адамның дәстүрлі немесе белгілі бір қабылданған ойлау үлгілерінен ауытқи отырып, жаңа тың идеяларды жасауға дайын екендігін байқататын іс-әрекеттің түрі. Шығармашылық қабілеттер ұғымы әлеуметтану, психология, педагогика т.б. да адам мен қоғам туралы ғылымның зерттеу нысаны болып табылады.

Тәрбие – жеке тұлғаның дамуына, әлеуметтік-мәдени, рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде оқушылардың өзін-өзі анықтауы мен әлеуметтендіруіне жағдай жасауға бағытталған қызмет, сонымен қатар адамның, отбасының, қоғамның және мемлекеттің мүддесі үшін жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормалары.

Ресми білім беру – жалпы танылған диплом немесе аттестат берумен аяқталған білім.

Бейресми білім беру – оқу орындарында немесе қоғамдық ұйымдарда, клубтар мен үйірмелерде, сондай-ақ тәлімгермен немесе жаттықтырушымен жеке сабақтар кезінде болатын құжат беруді көздемейтін білім.

Когнитивтік қабілетті дамыту әдістері – әлеуметтендіру және өзара іс-қимылды жүзеге асыру проблемаларын шешудің ең кең тараған тәсілдері болып табылады, оның барысында әлеуметтік тәжірибе мен мәдениеттің дамуы негізінде субъектінің өзгерісі байқалады.

Мектеп жағдайында білім алушының когнитивті қабілеттерін дамытуға ықпал ететін ресми оқудан бөлек төмендегідей қосымша сабақ түрлері аталып, анықтама беріледі.

Қосымша білім – баланың білімді, қызмет тәсілдерін, құндылық бағдарларын меңгеру үшін еркін таңдаған, жеке тұлғаның мүддесін, оның бейімділігін, когнитивтік, динамикалық және аффективтік қабілеттерін қанағаттандыруға бағытталған және оның өзін-өзі іске асыруына және мәдени бейімделуіне ықпал ететін құбылыс пен процесс. Қосымша білімнің мазмұны жалпы білім беру саласының аясын кеңейтеді әрі тереңдетеді.

Қосымша білім беру – адамның интеллектуалдық, рухани, адамгершілік, дене және кәсіби жетілуіндегі тәрбиелік қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыруға және когнитивтік қабілеттерін дамытуға бағытталған білім беру, сонымен қатар қосымша білім берудің мемлекеттік ұйымдары, сондай-ақ балалар мен ересектерге қосымша білім беру қызметін жүргізу құқығына лицензия алған ұйымдар көрсететін қызмет түрі болып табылады.

Клуб – бұл таңдау еркіндігін көздейтін қоғамдық ұйым, әртүрлі әлеуметтік пайдалы қызметтер түрлеріне қосылуға, өз күшін тексеруге, өзін-өзі растауға мүмкіндік береді. Бұл жерде тұлғаның маңызды моральдық қасиеттері қалыптасады: барлық ұжымның атынан жауап беруге, өзінің өмірлік позициясын жасауға.

Факультативті сабақтар – («*facultas*» - «мүмкіндік») мектепте білім алушының таңдауы бойынша оқылатын міндетті емес, қосымша оқу курсы. Факультатив сабақтар білім алушылардың білімін олардың қажеттіліктеріне, қабілеттеріне, сұраныстарына, қызығушылықтарына сәйкес белгілі бір оқу пәні бойынша тереңдету, дамыту мақсатында сабақтан тыс уақытта оқу сабағын ұйымдастыру формасы болып табылады.

Факультативтік курс немесе факультативтік пән (латын тіліндегі *facultas* «мүмкіндік») ұғымынан француз тілінде *facultatif* «option») – білім беру ұйымдарында оқушылардың таңдауы бойынша оқытылатын қосымша оқу курсы (немесе академиялық пән).

Элективті курстар – білім алушылардың таңдауы бойынша курс, білім алушылардың білім дайындығын кеңейтуге бағытталған оқу жоспарының вариативті компонентінің құрамдас бөлігі.

Жоба – пәнаралық және шығармашылықпен кіріктірілген бағдарлы жұмыс түрі. Қазіргі кезде мектеп тәжірибесінде қолданылып жүрген жобалау әдісі

пәндік білімнің мақсат, міндеттеріне сәйкес табиғаттың, қоршаған ортаның, өмірдің заңдылықтарын зерделеуде мәселені өзінше жоба ретінде жоспарлап шешімін табу жолдарын іздестіреді.

Жобалау – «proicere» деген латын сөзі. Бұл сөз «жоспарлау, дайындау, әзірлеу» сияқты мағынаны немесе жоспардың жүзеге асырылуын білдіреді.

Жобалау әдісі – пәндік оқу үдерісін ерекшелендіретін кешенді оқыту тәсілдерінің жиынтығы. Бұл әдіс – оқушылардың әрекеттерін өз бетінше жоспарлауға, ұйымдастыруға және бақылауға мүмкіндік береді.

Мектеп үйірмелері мектептегі қосымша білім берудің маңызды элементі ретінде оқушылардың когнитивтік қабілеттерін дамыту арқылы белгілі бір бағыттағы қызметке деген қызығушылығын оятуға, оқу процесінде алған білімдері мен дағдыларын кеңейтуге және тереңдетуге мүмкіндік береді.

Құзыреттілік – әртүрлі қызмет салаларында алынған білім мен өмірлік тәжірибиенің негізінде құндылықтар жүйесінің меңгеруіне сәйкес, іс жүзінде, күнделікті өмірде және нақты жағдайда туындайтын мәселелерді шешуге қабілеттілігін анықтайтын, тұлғаның интегральдық сипаттамасы. Осылайша, құзыреттілік, дағдыға қарағанда, іс-әрекет туралы хабардар болуымен байланысты, тек қана іс-әрекетте қалыптасады және көрініс табады.

Сын тұрғысынан ойлау – алынған ақпаратты логикалық және жеке психологиялық ерекшеліктері тұрғысынан стандартты және стандартты емес жағдаяттарды, сұрақтар мен мәселелерді шешу жолында қолдану, ерекше сұрақтар қою, әртүрлі аргументтерді ой елегінен өткізе отырып, дербес ойластырылған шешім қабылдау дағдысы.

2-қосымша

Бастауыш сынып оқушыларының когнитивті қабылетін дамытуға арналған «Қызықты математика әлемінде» факультативтік курсының үлгі-бағдарламасы

Түсінік хат

«Қызықты математика әлемінде» факультативті курсының бағдарламасы жалпы орта білім беретін мектептің бастауыш сыныптарына арналған. Бағдарламада стандартты емес және қызықты есептерді шешу әдістеріне, логикалық ойлауға үйретуге жағдай жасайды.

Факультативтік сабақтар – танымдық қызығушылықты қалыптастыру құралдарының бірі болып табылады.

Қызығушылық, ойын элементтері балалардың бойында күтпегендік, таным процесіне қатты қызығушылық сезімдерін тудырады, оларға кез келген оқу материалын меңгеруге көмектеседі. Сабақ барысында оқушылар өздеріне таныс емес арифметикалық амалдарды орындауға, салыстыруға, ауызша санауға үйренуге, есептер шығаруға байланысты әр түрлі тапсырмаларды орындайды. Қызықты тапсырмалар балалардың алдына ізденіс шартын қояды, жеңіске жетуге деген қызығушылығын оятады, осыдан балалардың бойында – жылдам, жинақы, епті, тапқыш болу тәрізді қасиеттер қалыптасады.

Білімқұмар, әлемді жан-жақты тануға ұмтылатын белсенді оқушы тәрбиелеу, шығармашылық және іздестіру сипатындағы математикалық міндеттерді шешуге үйрету міндеттері сыныптан тыс жұмыспен толықтырылса неғұрлым табысты болады. Бұған білім алушылардың математикалық ой-өрісі мен эрудициясын кеңейтетін, танымдық қызығушылықтарының қалыптасуына ықпал ететін «Қызықты математика әлемінде» факультативтік курсы көмектесе алады.

Факультативтік курс сабақтарды ұйымдастырудың ұжымдық әдістерін және қазіргі заманғы оқыту құралдарын қолдану арқылы бастауыш сынып оқушыларының математикалық қабілеттерін дамытуға, логикалық және алгоритмдік сауаттылық элементтерін, коммуникативтік дағдылар қалыптастыруға жағдай жасайды.

Сыныпта белсенді іздеу жағдайын, өзінің «ашуларын» жасауға, уәждеменің өзіндік тәсілдерімен танысуға, зерттеу қызметінің қарапайым дағдыларын меңгеру оқушыларға өз мүмкіндіктерін іске асыруға, өз қабілеттеріне сенім артуға мүмкіндік береді. «Қызықты математика әлемінде» факультативтік курсының мазмұны пәнге деген қызығушылықты тәрбиелеуге, бақылау, геометриялық қырағылықты дамытуға, білім беру проблемасын талдай білуге, жорамалдауға, дәлелдеуге, оқыту міндеттерін шығармашылық жолмен шешуге бағытталған. Курстың мазмұны білім алушыларға математика сабақтарында меңгерген білімдері мен дағдыларын қолдану мүмкіндіктерін көрсету үшін пайдаланылуы мүмкін.

Бағдарламаның мақсаты: баланың тұлғасын, танымдық және коммуникативтік қызметін қалыптастыру, білімді өз бетінше меңгеруге, еңбек етуге, өз халқының мәдени-тарихи құндылықтарын құрметтеуге тәрбиелеу және математикалық ойлау қабілетін дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

- білім алушының күнделікті өмірінде қажет болатын білім- білік және дағдыларды қалыптастыру;
- оқушылардың қызығушылықтары мен бейімділігін ескере отырып, пән бойынша білімдерін кеңейту және тереңдету;
- оқушылардың математикалық түсініктерін, есептеу дағдыларын, әртүрлі типтегі есептерді шешу қабілетін қалыптастыру.

Оқу жүктемесі аптасына – 1 сағат, жылына – 36 сағат.

Курстың мазмұны

Сандар әлемінде. Сандардың атаулары және бірізділігі; дөңгелек сандар; жүздіктер. Римдік нөмірлеу. Математикада латын әліпбиі әріптерінің қолданылуы. Сиқырлы торларды (шаршыларды) толтыру. Сандары бар ребустар шешу.

Есептеу амалдары. Есептеу құралдарымен танысу: шот, абак, калькулятор. Ыңғайлы тәсілмен есептеу. Математикалық өрнектерді пайдаланып сөздердің мәнін ашу.

1-ден 100-ге дейінгі сандар. «Лото», «Қосу және азайту», «Сиқырлы таяқша», «Ең үздік қайықшы» атты математикалық ойындар.

Логикалық есептер. Суретті логикалық есептер; жұмбақ есептер құрастыру; тақпақ түрінде құрастырылған жұмбақ есептер шешу.

Санды және әріпті өрнектер. Теңдеулер шешу; әріптік өрнектер құрастыру және шешу; теңдіктер және теңсіздіктер

Геометриялық калейдоскоп. Көрсетілген элементтерден көпбұрыштар құрастыру; цифрлық танграмдар құрастыру; геометриялық пішіндер және олардың қасиеттері; симметрияны ескере отырып, геометриялық пішіндер құрастыру; қоршаған ортадағы геометриялық пішіндер

«Математикалық саяхат» ойыны. Ауызша есептеуге арналған ойын

Көлем және олардың өлшемдері. Метр, дециметр, сантиметр арасындағы арақатынас; масса бірлігі – грамм, килограмм, центнер, тонна; уақыт – секунд, минут, сағат, тәулік, апта және олардың ара қатынастары; литр ұғымы.

«Қызықты математика әлемінде» факультативті курсының күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Р/с	Сабақтың тақырыбы	Сабақтағы іс-әрекеттер	Сағат саны	Уақыты
1	Кіріспе	Факультативтік сабақтың мақсатымен, міндеттерімен, жыл бойы орындалатын жұмыс түрлерімен таныстыру. Қызықты есептер шығару	1	

кестенің жалғасы

Сандар әлемінде – 5 сағат				
2	Сандар, дөңгелек сандар; жүздіктер	Сандарды, дөңгелек сандарды, жүздіктерді атау. «Алпауыт» сандар	1	
3	Римдік нөмірлеу	Текше карталарда бейнеленген майя үндістерінің, қытайлықтардың, арабтық (нақты отаны – Үндістан) және римдік нөмірлеумен (цифрлармен) таныстыру. Сандарды жазудың негізгі ережелерімен таныстыру	1	
4	Латын әліпбиі әріптері	Математикада латын әліпбиі әріптерінің	1	

		қолданылуымен таныстыру. Математикада қолданылатын латын әріптерін оқу. Әріпті өрнектер шығару		
5	Сиқырлы торлар	Сиқырлы торларды (шаршыларды) толтыру арқылы есептер шығару туралы түсінік беру. Жеңілден қиынға қарай әдісін қолдану. Оқушылардың өздеріне сиқырлы торлар құрату	1	
6	Ребустар шешу	Сандары бар ребустар шешу жолдарымен таныстыру, ребустар шешу, оқушылардың өздеріне ребустар құрату	1	
Есептеу амалдары – 6 сағат				
7	Есептеу құралдары	Есептеу құралдарымен танысу. Суреттерін көрсете отырып есептеу құралдарымен таныстыру. Орыс шотын қолданып есептер шығару	1	
8	Ыңғайлы тәсілмен есептеу	Ыңғайлы тәсілмен есептеу әдістерін үйрену.		

кестенің жалғасы

		Оқушылардың өздеріне амалдар құрату және бір-бірімен алмасы арқылы ыңғайлы тәсілмен орындау	1		
9	Математикалық өрнектер	Математикалық өрнектерді пайдаланып сөздердің мәнін ашу	1		
10	1-ден 100-ге дейінгі сандар	1-ден 100-ге дейінгі сандар	1		

11, 12	Математикалық ойындар	«Лото», «Қосу және азайту», «Сиқырлы таяқша», «Ең үздік қайықшы» атты математикалық ойындарды ойнау жолдары түсіндіру және ойнау	2		
Логикалық есептер – 4 сағат					
13	Суретті логикалық есептер	Суреттер арқылы есептер құрастыру және шешу	1		
14, 15	Жұмбақ есептер	Жұмбақ есептер құрастыру; тақпақ түрінде құрастырылған жұмбақ есептер шешу	2		
16	Математикалық жұмбақтар	Математикалық жұмбақтар шешу, оқушылардың өздіктерінен математикалық жұмбақтар құрастыруы	1		
Санды және әріпті өрнектер – 2 сағат					
17, 18	Теңдеулер	Теңдеулер шешу; әріптік өрнектер құрастыру және шешу; теңдіктер және теңсіздіктер	17, 18		
Геометриялық калейдоскоп – 6 сағат					
19	Көпбұрыштар	Көпбұрыштар туралы түсінік беру. Көрсетілген элементтерден көпбұрыштар құрастыру	1		

кестенің жалғасы

20	Танграм	Танграм туралы түсінік беру. Танграмның тарихы. Цифрлық танграмдар құрастыру	1		
----	---------	--	---	--	--

21	Геометриялық пішіндер	Геометриялық пішіндер және олардың қасиеттері. Күнделікті өмірде кездесін геометриялық фигуралардың қажеттіліктері	1		
22		Симметрияны ескере отырып геометриялық пішіндер құрастыру	1		
23		Қоршаған ортадағы геометриялық пішіндер, олардың адам өміріндегі қызметі	1		
24	Есептер шығару	Геометриялық мазмұнға қатысты есептер шығару	1		
Математикалық ойындар					
25, 26	«Математикалық саяхат» ойыны	«Математикалық саяхат» ойынын ойнау жолдарын түсіндіру. Ойын есептер құрастыру және шығару	2		
27, 28	Ауызша есептеулер	Ауызша есептеуге арналған ойын есептер құрастыру және шығару	2		
Көлем және олардың өлшемдері					
29	Көлем туралы түсінік	Көлем және олардың өлшемдері туралы түсінік беру.	1		
30	Ұзындық өлшемдері	Миллиметр, сантиметр, дециметр, метр, километр туралы түсінік беру. Ұзындық өлшем бірліктерінің арасындағы арақатынасты түсіну, есептер шығару	1		
31	Масса бірлігі	Грамм, килограмм, центнер, тонна – масса бірліктері туралы түсінік беру. Масса өлшем	1		

кестенің жалғасы

		бірліктерінің арасындағы арақатынасты түсіну, есептер шығару			
32	Уақыт бірлігі	Секунд, минут, сағат, тәулік, апта – уақыт бірліктері туралы түсінік беру. Уақыт өлшем бірліктерінің арасындағы арақатынасты түсіну, есептер шығару	1		
33	Литр ұғымы	Литр туралы түсінік беру. Литрге қатысты есептер шығару	1		
34	Қызықты математика	Қызықты ойын есептер құрастыру, шығару			
35	Қорытынды тест	Қорытынды тест тапсырмаларын орындау			
36	Қорытынды сабақ	Жыл бойы өтілген тақырыптарды қорытындылау			

Курстан күтілетін нәтижелер:

Білім алушылар:

- екі таңбалы сандардың ондық құрамын біледі;
- өзара кері амалдар арқылы қосуды азайтумен және азайтуды қосумен тексереді;
- өлшем бірліктерінің атауларын, олардың өлшем бірліктерін, өлшем бірліктерінің өзара арақатынасын біледі;
- ондықтар және жүздіктермен санайды;
- дұрыс сандық теңдік қасиеттеріне және қосу мен азайту әрекеттерінің өзара әсеріне негізделген теңдеулерді шешу әдістерін біледі;
- рим цифрларымен жазылған сандарды оқиды;
- көпбұрышты фигуралардың ауданын табады;
- қосудың ауыстырымдылық қасиетін біледі және қолданады;
- ұзындықтың, массаның, уақыттың, көлемнің зерттелген бірліктері арасындағы қатынастарды пайдаланады;

- геометриялық фигураларды сызбадан табады және суретін салады;
- есептер құрастырады және шығарады.

3-қосымша

Астана қаласы ағылшын тіліне басымдық беретін тілдік «Study link» мектептің мұғалімі – Абдуллин Рахат Нурлыбековичтің «Ағылшын тілі» пәнінен білім алушының когнитивті қабілетін дамыту бойынша сабақ жоспарының үлгісі

Lesson Plan

Unit:9	Holidays
Teacher's name:	Abdulin Rakhat
Date: 05.11.2023	
Grade: 5	Number present: _____ absent: _____
Theme of the lesson:	Holidays in Kazakhstan 1
Learning objectives(s) that this lesson is contributing to:	5.2.8.1 understand supported narratives, including some extended talk, on an increasing range of general and curricular topics 5.4.2.1 understand with little support specific information and detail in short, simple texts on a limited range of general and curricular topics;
Lesson objectives:	Learners will be able to: - read the text and memorize the details - respond to all the questions - use cognitive learning skills - use critical thinking
Assessment criteria	Ls will work together as a group showing respect and being polite with each other, understand the content of the text, answer the questions.

Plan:

Part of the lesson/Time	Teacher's activity	Student's activity	Assessment	Resources
Beginning of the lesson Warm-up 5 min.	Organization moment : 1. Greeting. 2. Organization moment. Listening.	Ss listen to the audio. Aim: updating knowledge	Feedback: <i>«The Praise»</i> method to assess Ss. like:	PT

<p>Work with the whole class</p>	<p>Before we start our lesson let`s answer the questions:</p> <p><i>What are you going to do on your holidays?</i></p> <p>I am going to_____</p> <ul style="list-style-type: none"> • read books • play with my friends • swim in the river • play football • visit my grand parents 	<p>Efficiency: listening comprehension the difference in sentence constructions.</p> <p>Differentiation</p> <p>You can encourage more capable students to give their examples.</p>	<p>“Good job! Well done!”</p> <p>“Very well”</p> <p>“Great”</p> <p>“Good”</p> <p>“Try again”</p>	
<p>Pre-learning 10 min. Work with the whole class</p>	<p>Please open your books at p.114 s.b. Look at the picture. How do you think, what we are going to do today?</p> <p>Yes, we are going to:</p> <ul style="list-style-type: none"> - learn new words - read and translate the text - answer the questions <p>Let`s write down new words. (<i>work with new words</i>):</p> <p>Large – широкий Lake – озеро Highest – самый высокий Setting up – устанавливать Camp – разбивать лагерь Find – найти</p>	<p>Ss open their books and answer the teacher`s question.</p> <p>Ss write down the date, theme of the lesson and new words.</p> <p>Ss repeat after the teacher new word chorally and by yourself.</p> <p>Aim: development of listening and speaking skills.</p> <p>Efficiency: paying attention to</p>	<p>Feedback:</p> <p>«Two stars, a wish»</p> <p>Well done! You can say your ideas clearly, accurately, but there is a mistake on writing, next be very attentive for writing tasks..</p> <p>Descriptor:</p> <p>- write the new words without mistakes</p>	<p>P PT1</p>

	<p>In the north – на севере Shore – берег Scenery – пейзаж Wildlife – дикая природа Keep my feet on the ground – мыслить разумно Hike – ходить пешком</p>	<p>the pronunciation. Difference ntiation: This task is differentiated depending on the Ss level. With a common understanding, all students listen and pronounce, but some make notes for better pronunciation.</p>	<p>1 point.</p>	
<p>Middle of the lesson Group work 25 min</p>	<p>Teacher divides SS into 3 groups by colored paper. <i>Red color – 1 group,</i> <i>Green color – 2 group</i> <i>Yellow color – 3 group</i> a) Listening - What this text about? b) Reading and translation by jigsaw technology: 1 group – 1 paragraph 2 group – 2 paragraph 3 group – 3 paragraph c) Ss read and translate the paragraphs to the class.</p>	<p>Each group: a) Listen to the text. b) Reads and writes down the translation. c) Reads and introduces its own translation to the class Evaluate each other in groups. d) Answer the questions verbally.</p>	<p>Feedback: <i>«Thumbs up, thumbs down»</i> method to evaluate Ss. like: «Good job! Well done!» Description: - listen to the text. - read and write down the translation</p>	<p>P PT-2, audio, E xcel 5 grade S Students t's book P age 114, E x. 2.</p>

	<p>d) Answer the questions. Ex. 3, p. 114. Extra questions for more capable students: <i>What is the biggest lake in the Burabai National Park?</i> <i>Why it is called «the pearl of Kazakhstan»?</i></p> <p>Differentiation: Divide students so that in each group were less able and more able students.</p>	<p>Aim: to be able to work with text using reference words</p> <p>Efficiency: reading and checking general comprehension.</p>	<p>of your paragraph. - resent your translation to the class - nswer the questions.</p> <p>1 point for each activity.</p>	
<p>End of the lesson. Reflection Individual work 5 min</p>	<p>Teacher asks question: -Did you like this lesson? -What was hard for you? -What was interesting?</p>	<p>Ss answer the questions clearly and accurately.</p> <p>Aim: sum up the lesson using questions.</p> <p>Efficiency: develop speaking skills.</p>	<p>Feedback: «<i>Thumbs up, thumbs down</i>» method to evaluate Ss. Like: «Good job! Well done!»</p>	P PT-3



4-қосымша



Солтүстік Қазақстан облысы Қазақстан қаласы Әлихан Бөкейхан атындағы № 25 жалпы білім беретін орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі – Жукенова Жанар Тулегеновна.




«Математика» оқу пәні бойынша «Логикалық математика» факультативтік курсының бағдарламасы





Unit 3: Sport, health and exercise	School: «Daryn» CSI» Specialized boarding school of Zhetisay region»
Date:16.11.2023	Teacher name:Atem Gulnaz

Grade: 8 A	Number present:	absent:
Lesson title	• Sportsmen and their lifestyle	
Learning objectives	8.R2 understand specific information and detail in texts on a growing range of familiar general and curricular topics, including some extended texts 8.S7 use appropriate subject-specific vocabulary and syntax to talk about a range of general topics, and some curricular topics	
Lesson objectives	<ul style="list-style-type: none"> • discuss and give opinions about sports fame • use appropriate subject-specific vocabulary and syntax to talk about a sport • express regret and annoyance using «wish» 	




St ages / Time	Teachers actions	Studen ts actions	Assess ment	R esourc es
Or g.mome nt 2 min	<p>(W) Greeting. Good morning, children. How are you? Who is on duty today? Who is absent? Teacher divides learners into two groups with the method of “Choice the card”</p> 	<p>Answer the questions</p> <p>Students take their place by the names of sportsmen</p>	<p>Descri ptor: A learner: - Choice the card</p> 	S mart board Slide 1
3 min	<p>“Crack the code ”. Learners should crack the code and find hidden word and try to find today’s new theme</p>	<p>Ss crack the code and find today’s new theme</p>	<p>Descri ptor: a learner: - crack the code - find today’s new theme</p>	S mart board Slide 2

<p>M ain part</p> <p>2 min</p> <p>6 min</p>	 <p>“Brainstorming” activity</p> <p>Teacher asks some questions to elect the topic of the lesson.</p> <p>-What do you think about sports?</p> <p>-What kinds of famous sportsmen do you know?</p> <p>Teacher sets the lesson objectives, letting students know what to anticipate from the lesson.</p> <p>Today we’ll talk about sports in Kazakhstan and famous sportsmen in our country and in other countries.</p> <p>Teacher shows the video with the speech of Bekzat Sattarkhanov and give them task for translating</p>  <p>Teacher explain new theme from bilimland.kz</p>	<p>Ss</p> <p>listen to the T’s questions and answer the questions</p> <p>Student s will quickly translate the speech into English language</p> <p>Student s learn new grammar</p>	<p>Formative assessment technique: teacher’s and classmate’s oral feedback.</p> <p>Descriptor: a learner: - answer the questions</p> <p>Formative assessment technique: teacher’s feedback in feedback desk</p> <p>Descriptor: a learner: - translate into English language</p>	<p>W</p> <p>orksheets papers 1</p> <p>S</p> <p>mart board</p> <p>S</p> <p>lide 3</p> <p>S</p> <p>mart board</p> <p>S</p> <p>lide 4</p> <p>https://youtu.be/wSHSsHPIHUE</p>
---	--	---	---	---

	 <p>I wish you wouldn't eat fast food. You won't win a contest. I wish you would train every day. Three days a week are not enough. We use wish + would/wouldn't to express annoyance and irritation. We show that we want to the future.</p> 	<p>Ss try to translate the sentence with using new grammar</p>	<p>Descriptor: a learner: - learn new grammar</p> <p>Formative assessment technique: teacher's feedback in feedback desk</p>	<p>https://onlinemektep.org/</p> <p>Smart board slide 5</p>
<p>5 min</p>	<p>Lets translate the speech of Bekzat Sattarkhanov and make their own sentences</p> <p>-Еліміздің көк туын көкке желбіретсем деп тілеймін!</p> <p>-I wish I would fly the blue flag of our country!</p> <p>Teacher gives assignments to students from bilimland.kz</p>	<p>Ss complete tasks from bilimland</p>	<p>Descriptor: a learner: - translate the sentence with using new grammar</p>	<p>https://onlinemektep.org/</p>
<p>2 min</p>	<p>Look at the picture and answer the question. «»</p>  <p>What sports does the girl play?</p> <p>Basketball _____</p> <p>Badminton _____</p> <p>Tennis _____</p>	<p>Student s answer the questions</p>	<p>Descriptor: a learner: -read the text - complete tasks from bilimland</p>	<p>https://onlinemektep.org/</p>

<p>3 min</p>	 <p>Read the text about Naomi Osaka and answer the question. ❗</p> <p>Tennis star Naomi Osaka is one of the most popular sportswomen today. Her major tournaments have earned her attention around the globe. She is one of the most marketable female athletes in the world.</p> <p>Naomi was born in Osaka, Japan, on October 16, 1997. She was raised there, when her family relocated to New York City. Her father encouraged tennis, when watching Serena and Venus Williams compete at the Fred Perry. Her father helped girls with their careers. Osaka studied at public school in New York, but after moving to Florida in 2005 she played tennis during the summer at night.</p> <p>Because of her strong forehand and powerful serve, Osaka followed her sisters by skipping the junior tournaments to turn pro in 2013. Osaka won the U.S. Open by defeating Serena Williams in the finals of the U.S. Open, becoming the first Japanese player to win a singles title in a Grand Slam tournament. She won the Australian Open in 2019 and her first U.S. Open for a second time.</p> <p>(Worksheet №1) (I)Pre-Reading</p> <p>task.</p> <p>-What kinds of sports are popular in Kazakhstan?</p> <p>-What kinds of sportsmen are popular in our country?</p>	<p>Ss read the text and share with their thoughts</p> <p>Ss answer the questions</p>	<p>Formative assessment technique:</p> <p>- marks from bilimland</p> <p>Descriptor:</p> <p>a learner:</p> <p>- answer the questions;</p> <p>- read the text and share with their thoughts</p>	<p>https://youtu.be/4vZ5mlfZlgk</p>
<p>5 min</p>	  <p>(G)While Reading Task. Teacher hand out a text about Bekzat Sattarkhanov. “A star can never die” (Worksheet №2) (G)Post-Reading task. “Jeopardy” game</p>	<p>Ss say what part of speech given words</p>	<p>Formative assessment technique:</p> <p>- teacher’s feedback in</p>	<p>Worksheet №2</p>
<p>2 min</p>	 <p>Who wants to win millions?</p> <p>Hundred Dollar Questions</p>	<p>Student sing the Rhythm song</p>	<p>Formative assessment technique:</p> <p>- teacher’s feedback in</p>	<p>Smart board</p>

<p>2 min</p>	<p>(I)Differentiation by support for more able students:</p> <p>What part of speech are these words in the text?</p> <p>(adj)Weak- Әлсіз (n)Coaches- Жаттықтырушылар</p>	<p>Ss answer the questions</p>	<p>feedback desk</p> <p>Descriptor:</p> <p>a learner:</p> <p>- say what part of speech given words</p>	<p>Worksheet №3</p>
<p>3 min</p>	<p>(adj)humble demeanor- кішіпейіл мінез</p> <p>(adj)dedication and determination- адалдық пен табандылық</p>	<p>Student s present their ideas and give solutions</p>		
<p>5 min</p>	<p>(n)victory- жеңіс (n)weight class - салмақ дәрежесі (n)achievements- жетістіктер</p> <p>Answer keys:</p> <p>(WC)Warm-up: “Rhythm Reading”</p> <p>Teacher will switch on the music for reading</p> <div data-bbox="438 1227 758 1512" data-label="Image"> </div> <p>(I)Pre-speaking task. Answer the questions.</p> <p>- Do you like PE (Physical education)lesson? -What kind of problems you caused in this lesson?</p> <p>(P)Speaking task. Work in small groups. Present ideas answering the questions</p>		<p>Descriptor:</p> <p>a learner:</p> <p>-sing a song</p> <p>Formative assessment technique: teacher’s and classmate’s oral feedback.</p> <p>Descriptor:</p> <p>a learner:</p> <p>- answer the questions - present their ideas</p>	<p>https://youtu.be/q9zPv4HGGUY</p> <p>Worksheet №4</p>

	<p>-Look at the pictures! What's happened with this people? -What are the most typical injures in sport?</p>  <p>Common injuries caused by accidents:</p> <table border="0"> <tr> <td><i>What's the problem?</i></td> <td><i>How did it happen?</i></td> <td><i>Result</i></td> </tr> <tr> <td>1 I cut (v, n) my finger</td> <td>I fell over using a knife</td> <td>it's bleeding a bit</td> </tr> <tr> <td>2 I cut my leg quite badly</td> <td>running for a bus</td> <td>it's bleeding quite a lot</td> </tr> <tr> <td>3 I twisted my ankle</td> <td>I fell off my bike</td> <td>I can't walk on it easily</td> </tr> <tr> <td>4 I broke my arm</td> <td></td> <td>I can't use it</td> </tr> <tr> <td>5 I've got concussion</td> <td>playing football</td> <td>I'm confused, don't know where I am</td> </tr> <tr> <td>6 I burnt my hand</td> <td>taking something out of a hot oven</td> <td>it's very painful</td> </tr> <tr> <td>7 I've got a bruise (n, v) on my arm</td> <td>I hit it on the side of my desk</td> <td>it's swollen and blue/black in colour</td> </tr> </table>	<i>What's the problem?</i>	<i>How did it happen?</i>	<i>Result</i>	1 I cut (v, n) my finger	I fell over using a knife	it's bleeding a bit	2 I cut my leg quite badly	running for a bus	it's bleeding quite a lot	3 I twisted my ankle	I fell off my bike	I can't walk on it easily	4 I broke my arm		I can't use it	5 I've got concussion	playing football	I'm confused, don't know where I am	6 I burnt my hand	taking something out of a hot oven	it's very painful	7 I've got a bruise (n, v) on my arm	I hit it on the side of my desk	it's swollen and blue/black in colour		-give solutions	
<i>What's the problem?</i>	<i>How did it happen?</i>	<i>Result</i>																										
1 I cut (v, n) my finger	I fell over using a knife	it's bleeding a bit																										
2 I cut my leg quite badly	running for a bus	it's bleeding quite a lot																										
3 I twisted my ankle	I fell off my bike	I can't walk on it easily																										
4 I broke my arm		I can't use it																										
5 I've got concussion	playing football	I'm confused, don't know where I am																										
6 I burnt my hand	taking something out of a hot oven	it's very painful																										
7 I've got a bruise (n, v) on my arm	I hit it on the side of my desk	it's swollen and blue/black in colour																										
<p>End 5 min</p>	<p>Feedback.In the end of the lesson teacher will give feedback with the picture for students activity in the lesson. “Emotion jar”</p>  <p>Teacher will give home task : Learn new vocabulary What are the positive side and the challenges of the life for sports people?</p>	<p>Student will do feedback for teachers lesson</p> 	<p>Teacher gives comments and feedback</p>																									

Bekzat Sattarkhanov. “A star can never die”

Bekzat, born on 4 April 1980 in Turkistan city, from an ordinary weak boy grew up to be one of the most promising athletes of Kazakhstan. The very young boxer, according to coaches, despite his humble demeanor, was an extraordinarily talented athlete.

His dedication and determination led him to write his name forever in the annals of not only Kazakhstan, but also the world of Boxing.

In his 20 he has obtained his biggest victory, after winning a gold medal at the Olympics in Sydney in feather weight class. By the time Bekzat had reached all the stages of sports achievements. He was the silver medalist at the Asian Youth Championships in 1998, the silver medalist of the World Youth Championship in 1998, the silver prize-winner of the championship of Central Asia (Tashkent, 1999), the silver medalist of Asia in 1999. He was also the champion of Central Asian countries in 1999 and the winner of the Grand Prix Cup in 2000.

This year, one of the most phenomenal athletes in the history of Kazakhstan, Bekzat Sattarkhanov, who, at the time, united the thousands of compatriots, would be 43 years old.

(Worksheet №2)

4-қосымша

Жалпы білім беретін мектептердің 7-сыныптарына арналған
«Өсімдіктер экологиясы» факультативтік курсының бағдарламасы
Түсінік хат

Өсімдіктер экологиясын зерделеу барысында өсімдіктер дүниесі қоршаған ортаның басқа компоненттерімен бөлінбеген бірлікте қарастырылады, бұл негізгі орта білім беру деңгейінің білім алушыларына дүниенің тұтастығы туралы ой қалыптастыруға, табиғатта бар қатынастар мен олардың заңдылықтарын ашуға мүмкіндік береді.

Курстың мазмұны: табиғаттағы қарым-қатынасты, адамның қоршаған ортадағы орны мен рөлін түсіну, оқушылардың өз өңірінде, елде, бүкіл ғаламшарда табиғатты қорғау қажеттілігіне деген сенімін қалыптастыру тәрізді экологиялық мәдениетті тәрбиелеуге бағытталған.

«Өсімдіктер экологиясы» факультативтік сабақтарында білім алушыларға жаңа терминдер жазылған терминологиялық сөздік жүргізу ұсынылады. Терминологиялық сөздікпен жүргізілетін жұмысты тиімді әдіс ретінде қарастыру қажет, себебі ол ұғымның сипаттамаларындағы негізгі ерекшеліктерді бөліп көрсетуге үйретеді.

Бағдарламада өсімдіктер мен қоршаған ортаның өзара байланысы туралы білімді тереңдетуге мүмкіндік беретін зертханалық жұмыстар орындау, сызбалар, модельдер құрастыру қарастырылған. Сызбаларда табиғат нысандары сызықтармен, бағыттағыштармен жалғанады, бұл «көзге көрінбейтін байланыстарды» көруге мүмкіндік береді. Модельдеу оқушылардың табиғаттағы қарым-қатынастарды түсінуін жеңілдетеді, ал сызбалар олар туралы білімді есте сақтауға және көбейтуге қолдау көрсетеді.

Курстың мақсаты: білім алушылардың өсімдік әлемі туралы түсінігін кеңейту; өсімдіктер мен қоршаған ортаның өзара байланысын көрсету; табиғат байлықтарын ұтымды пайдалану туралы білім қалыптастыру.

Міндеттері –

Оқу жүктемесі аптасына – 1 сағат, жылына – 36 сағат.

Оқу бағдарламасының мазмұны

Кіріспе

Өсімдіктер экологиясы ғылым ретінде; курсының мақсаты және міндеттері. Тіршілік ету ортасы және өмір сүру жағдайлары.

Негізгі ұғымдар: тіршілік ортасы, өмір сүру жағдайы, қарым-қатынасы, өсімдіктер экологиясы, өсімдіктер қауымдастығы.

Жарықтың өсімдік тіршілігіндегі маңызы (7 сағат). Өсімдіктерге жарық не үшін қажет. Жарыққа қатысты өсімдіктердің экологиялық топтары. Жарық сүйгіш өсімдіктер. Көлеңкеге шыдамды және көлеңке сүйгіш өсімдіктер. Өсімдіктердің жарықтандырудың өзгермелі жағдайларына бейімделуі. Өсімдіктердің жарықтандыру жағдайларын қалай реттеуге болады?

Негізгі ұғымдар: жарық және фотосинтез, ұзақ күндік өсімдіктер, қысқа күндік өсімдіктер, тікелей күн сәулесі, шашыраңқы жарық, жарық сүйгіш өсімдіктер, көлеңкелі және көлеңке сүйгіш өсімдіктер.

Өсімдік өміріндегі жылу (3 сағат).

Өсімдіктерге жылу не үшін қажет? Өсімдіктердің жоғары және төмен температураларға бейімделуі.

Негізгі ұғымдар: жылу – тіршілікке қажетті шарт, жылу белдеулері, жылу сүйгіш өсімдіктер.

Өсімдік өміріндегі су (7 сағат).

Өсімдіктерге су не үшін қажет? Өсімдіктердің суға қатысты экологиялық топтары. Ылғал сүйгіш өсімдіктер. Ылғалды орташа қажет ететін өсімдіктер Құрғақшылыққа төзімді өсімдіктер.

Негізгі ұғымдар: ылғалдылық, су – тіршілікке қажетті жағдай, ылғал сүйгіш өсімдіктер, құрғақшылыққа төзімді өсімдіктер, суккуленттер, суару, құрғату.

Өсімдік өміріндегі ауа (5 сағат).

Өсімдік өміріндегі газдық құрам. Өсімдік үшін желдің маңызы. Өсімдіктердің жел арқылы тозандануға бейімделуі.

Негізгі ұғымдар: ауаның газдық құрамы, қышқыл жаңбыр, желге төзімді өсімдіктер.

Өсімдіктер өміріндегі топырақ (4 сағат).

Топырақ. Топырақтардың түрлі қасиеттеріне байланысты өсімдіктердің экологиялық топтары. Адамның топырақты құнарландыруы.

Негізгі ұғымдар: топырақтың минералдық және органикалық заттары, гумус, топырақтың қоректенуі, топырақ құнарлылығы, тұзға төзімді өсімдіктер, органикалық және минералды тыңайтқыштар, топырақ эрозиясы.

Өсімдіктердің маусымдық өзгеруі (сағат).

Өсімдіктердің маусымдық өзгеруі. Өсімдік өміріндегі көктем және жаз мезгілдері. Фенологиялық фазалар.

Негізгі ұғымдар: орман төсеніші, күзгі біржылдық, терең және мәжбүрлі тыныштық, көктемгі шырын қозғалысы, көктемгі бір жылдық өсімдіктер, фенология, фенологиялық фазалар.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Р/с	Сабақтың тақырыбы	Орындалатын жұмыстар	Сағат саны	Уақыты
1	Кіріспе	Экология ғылымы туралы түсінік беру; курстың мақсат-міндеттерімен таныстыру; жыл бойы орындалатын жұмыс түрлерін талқылау	1	
2	Экскурсия.	Тірі ағза, оның тіршілік ету ортасы мен тіршілік жағдайы. (Экскурсия кез келген өсімдік	1	

кестенің жалғасы

		ағзасымен және оның мекендейтін ортасымен танысуға болатын кез келген объектіге жүргізіледі: саябақ, орман, шалғын, тірі бұрыш.)		
Жарықтың өсімдік тіршілігіндегі маңызы				
3	Өсімдіктерге жарық не үшін қажет	Жарық және фотосинтез. Жарықтың өсімдіктердің өсуіне әсері. Ұзақ және қысқа күндердегі өсімдіктері.	1	
4	Жарыққа қатысты өсімдіктердің экологиялық топтары. Жарық сүйгіш өсімдіктер.	Жарық сүйгіш өсімдіктер. Жарық сүйгіш өсімдіктер өсетін жерде. Жарық сүйгіш өсімдіктер жапырағының жасушалық құрылымы	1	
5	Көлеңкеге шыдамды және көлеңке сүйгіш өсімдіктер.	Жапырақтық мозаика. Көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жарықтандыру шарттары	1	

6	Практикалық жұмыс	Жергілікті жердің өсімдіктерінің жарық мөлшерінің қажеттілігін зерттеу	1	
7	Өсімдіктердің жарықтандырудың өзгермелі жағдайларына бейімделуі	Эфемероидтар. Жазғы жасыл өсімдіктер. Үй жағдайында тәжірибе жасау. Жарықтың өсімдіктердің өсуі мен дамуына әсері. Жұмыс барысында күн сәулесінің өсімдіктердің өсуі мен дамуына тікелей әсер ететінін дәлелдейді. Жарықта және қараңғыда өсірілген өсімдіктерді салыстырады.	1	
8	Өсімдіктердің жарықтандыру жағдайларын қалай реттеуге болады?	Өсімдіктердің жарықтандыру жағдайларын реттеу жолдары	1	
9	Зертханалық жұмыс	Жарық сүйгіш және көлеңке сүйгіш өсімдіктердің жапырақтарын микроскоппен зерделеу. (Шайшөп және	1	

кестенің жалғасы

		казтамақ гүлдерінің жапырақтарын микроскоппен зерделеу. Жапырақтың құрылымы оның қызметімен және оның жарық сәулелерінің бағытына қатысты орналасуымен байланысты деген қорытынды жасау).		
Өсімдік тіршілігіндегі жылу				
10	Өсімдіктерге жылу не үшін қажет?	Жылу – тіршілікке қажетті шарт. Тұқымның температуралық жағдайы және тұқымның шығуы.	1	

		Өсімдіктердің гүлдеуі үшін жылудың маңызы		
11	Өсімдіктердің жоғары және төмен температураларға бейімделуі	Ыстыққа төзімді өсімдіктер. Жоғары температура және тыныштық жағдайы. Өсімдіктердің төмен температураға бейімделуі	1	
12	Практикалық жұмыс	Анықтамалықтардың көмегімен жергілікті жерде өсіруге неғұрлым бейімделген ауыл шаруашылығы өсімдіктерін зерттеу	1	
Өсімдік тіршілігіндегі су				
13	Өсімдіктерге су не үшін қажет?	Өсімдіктердің құрамындағы су қоры. Вакуольдердегі судың маңызы	1	
14	Өсімдіктердің суға қатысты экологиялық топтары	Жүзбелі өсімдіктер. Толығымен суға батып өсімдіктер. Су өсімдіктерінің оттегінің жетіспеушілігіне бейімделуі	1	
15	Практикалық жұмыс	Жергілікті жерде өсетін кез келген өсімдіктің аймақтың ылғалдық жағдайына бейімделуін зерттеу	1	
16	Ылғал сүйгіш өсімдіктер	Ылғал сүйгіш өсімдіктердің бейімделуі. Жапырақ саңылауы. Үй жағдайында тәжірибе (өсімдіктердің өсуіне	1	

кестенің жалғасы

		ылғал мен жылудың әсерін бақылау).		
17	Ылғалды орташа қажет ететін өсімдіктер	Эфемерлер және эфемероидтар туралы түсінік беру	1	

18	Құрғақшылыққа төзімді өсімдіктер	Құрғақшылыққа төзімді өсімдіктердің тамыр жүйелерінің ерекшеліктері. Өсімдіктердің су тұтынуды төмендетуге бейімделуі	1	
19	Зертханалық жұмыс	Су, ылғал сүйгіш және құрғақшылыққа төзімді өсімдіктермен танысу. (Жұмыс гербарий немесе өсімдіктердің суреттері бойынша жүргізіледі, оның барысында өсімдіктердің ылғалға байланысты құрылымдық ерекшеліктері ашылады.)	1	
Өсімдік тіршілігіндегі ауа				
20	Өсімдік тіршілігіндегі газдық құрам	Ауаның құрамы. Азоттың маңызы. Оттегінің маңызы. Көмірқышқыл газының маңыздылығы	1	
21	Өсімдік үшін желдің маңызы	Желдің өсімдіктерге кері әсері. Дауылдың әсері	1	
22	Өсімдіктердің жел арқылы тозаңдануға бейімделуі	Өсімдіктердің жел арқылы тозаңдануға бейімделуі	1	
23	Өсімдіктердің желдің көмегімен таралуға бейімделуі	Споралардың таралуы. Тұқымдардың таралуы. Жемістердің таралуы. Қаңбақ (ебелек)	1	
24	Зертханалық жұмыс	Өсімдіктердің тозаңдануға және желдің әсерінен таралуға бейімделуін зерттеу. (Зерттеу үлкейткіш шынының көмегімен жемістер мен тұқымдардың жиынтығы бойынша жүргізеді).	1	

		Үй өсімдіктерінің көмегімен ауаның шаңдану дәрежесін		
--	--	--	--	--

кестенің жалғасы

		анықтау. (ауаның тозаңдану дәрежесі жапсырғыш таспаның көмегімен анықталады)		
Өсімдіктер тіршілігіндегі топырақ				
25	Топырақ.	Топырақтың құрамы. Құмды топырақтар мен сазды топырақтардың айырмашылығы. Гумус.	1	
26	Топырақтардың түрлі қасиеттеріне байланысты өсімдіктердің экологиялық топтары	Топырақ байлығы. Азот сүйгіш өсімдіктер. Азот тапшылығы. Практикалық жұмыс: топырақтың механикалық құрамының тұқым өскініне, көшеттердің өсуіне және дамуына әсеріне үй жағдайында бақылау жүргізу. (Мысалы: бұршақ тұқымын бақшадан немесе даладан әкелінген құм, саз, топырақ түрлерінде отырғызу; жұмыс барысында тұқымның ұрықтану мерзімі және көшеттердің дамуы топырақ түріне байланысты екендігі дәлелденеді).	1	
27	Адамның топырақты құнарландыруы	Топырақтың құнарлылығы. Органикалық және минералды тыңайтқыштар	1	

28	Экскурсия	Адам және топырақ. (Экскурсия жылыжай шаруашылығында жүргізіледі,. Жылыжай шаруашылығы болмаған жағдайда топырақты дайындау рәсімін жабық өсімдіктерді өсіру мысалында танысуға болады).	1	
Өсімдіктердің маусымдық өзгеруі				
29	Өсімдіктердің маусымдық өзгеруі.	Өсімдік өміріндегі жапырақтың түсуінің рөлі. Мәңгі жасыл өсімдіктердің қыс мезгіліне дайындалуы	1	

кестенің жалғасы

30	Өсімдік тіршілігіндегі көктем және жаз мезгілдері	Көктемнің бірінші белгілері қашан байқалады? Өсімдік тіршілігіндегі көктемгі шырын қозғалысының рөлі	1	
31	Фенологиялық фазалар	Фенология. Фенологиялық фазалар. Әртүрлі өсімдіктердің фенологиялық фазалардың ерекшеліктері	1	
32, 33	Экскурсия	Өсімдіктердің жыл мезгілдеріне бейімделуі. (Жергілікті жерде экскурсия қыста да, көктемде де өтуі мүмкін. Экскурсия барысында өсімдіктер тіршілігінің маусымдық өзгерістерімен танысып, өсімдіктердің табиғаттағы қарым-қатынасын бақылауға	2	

		үйрену, қоршаған орта жағдайларының тірі ағзаға әсері туралы дәлелдер табу қажет; әр түрлі өсімдіктердің қысқы жағдайларға қалай бейімделгенін; өсімдіктердің көктемгі оянуына қандай жағдайлар қолайлы екендігін атап көрсету).		
Өсімдік өсіру				
34	Өсімдіктерді жақсы көретіндерге арналған мамандықтар	Өсімдіктермен байланысты мамандық түрлерімен таныстыру	1	
35	Жоба құру және қорғау		1	
36	Жоба құру және қорғау		1	

Білім алушылардың білімі мен дағдыларына қойылатын талаптар

Білім алушылар:

- қоршаған орта факторлары мен тіршілік ортасының алуан түрлілігін;
- өсімдіктердің жарық, температура, су режимі, топырақ, рельеф тәрізді экологиялық факторларға бейімделуін;
- өсімдіктердің тіршілік формаларының алуан түрлілігін;
- өсімдік әлемін қорғау қажеттілігін;
- табиғаттағы мінез-құлықтың негізгі ережелерін біледі.
- өсімдіктердің қоршаған ортаның жай-күйімен қарым-қатынасы туралы дәлелді дәлелдер келтіреді;
- биологияның адамдардың практикалық қызметіндегі рөлін; өсімдіктердің адам өміріндегі рөлін түсіндіреді;
- биологиялық объектілер мен процестерді салыстыра біледі, салыстыру негізінде қорытындылар мен қорытындылар жасай біледі;
- өсірілетін өсімдіктердің мекендеу ортасына бейімделуін анықтайды;
- мектеп маңындағы өсімдіктерді олардың ерекше бейімделуіне байланысты күтеді;
- биологиялық объектілер мен процестерді бақылау және сипаттау; биологиялық тәжірибелерді баптау және олардың нәтижелерін түсіндіру тәрізді биологиялық ғылым әдістерін меңгереді;
- адамның табиғаттағы іс-әрекетінің салдарын талдайды және бағалайды.

- биологиялық аспаптармен және құралдармен (инелер, скальпельдер, үлкейткіш шынымен, микроскоппен) жұмыс істеу ережелерін біледі және сақтайды.

- мәдени өсімдіктерді өсіру, көбейту және күту жолдарын меңгереді;

- тірі табиғат нысандарын эстетикалық көзқарас тұрғысынан бағалау қабілетін меңгереді;

- мектеп алаңының гүлзарларын дайындайды, биологиялық білімді және оларды эстетикалық құрастыру ережелерін қолданады.

5-қосымша

Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныптарына арналған «Биология» пәнінен «Гүлдер мен шөптердің емдік қасиеті» атты факультативтік курсының бағдарламасы

Түсінік хат

Факультативтік курстың бағдарламасы жалпы білім беретін мектептердің 9-сынып білім алушыларына арналған.

Курс білім алушылардың биология пәні бойынша меңгерген білімдері мен дағдыларына негізделіп әзірленді. Сабақ барысында оқушылар ұсынылған мәселелер бойынша ақпаратты өздіктерінен іздеп-табулары көзделген. Бағдарлама оқушылардың ой-өріс аясын кеңейту, дәрілік өсімдіктердің құндылығы туралы, өз өңіріндегі дәрілік өсімдіктерді қорғау қажеттігі туралы білімдерін толықтыруға бағытталған.

Дәрілік өсімдіктер туралы білімді тарату және танымал ету құнды өсімдік шикізатын жинауды дұрыс ұйымдастыруға көмектеседі.

Курс мазмұны білім алушылардың оқу-танымдық қызығушылықтарын арттыруға, соның ішінде:

- әр түрлі ақпарат көздерін – танымал ғылыми әдебиетті, интернеттің ақпараттық ресурстарын пайдалана отырып ауызша есептер дайындауға;

- үлестірме материалдар – кестелер, иллюстрациялар және гербарий үлгілерін пайдалана отырып, практикалық жұмыстарды, жобалық жұмыстарды орындауға бағытталған.

Курстың мақсаттары:

- дәрілік өсімдіктердің құндылығы туралы білімді тереңдету және кеңейту; табиғатқа деген ұқыптылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру;

- экологиялық мәдениет қалыптастыру;

- табиғат ресурстарын тиімді пайдалану туралы ұғым қалыптастыру.

Аталған мақсаттарды жүзеге асыру үшін келесі міндеттер қойылады:

- емдік қасиеттері бар өсімдіктердің биологиялық алуан түрлілігі туралы білім қалыптастыру;

- дәрілік өсімдіктерді жинау және сақтау ережелерін меңгерту;

- жергілікті жердің емдік қасиеті бар өсімдіктерімен және Қызыл кітапқа енгізілген өсімдіктерімен таныстыру;

- білім алушылардың шығармашылық өзін-өзі іске асыруы және өзін-өзі дамытуы үшін жағдай жасау;

- жобалық іс-шаралардың дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыру.

- денсаулық және оны сақтау мәселелеріне қызығушылығын дамыту.

Бағдарламаның мазмұны

Кіріспе

Курстың мақсаттары мен міндеттері. Ғылымның даму тарихының қысқаша мазмұны. Дәрілік өсімдіктер туралы мағлұмат.

Дәрілік өсімдіктердің жүйесі

Дәрілік өсімдіктердің жіктелуі. Жергілікті жағдайды ескере отырып, өсімдіктердің морфологиялық және фармацевтикалық сипаттамалары. Дәрілік өсімдіктерді жинау, оларды кептіру және сақтау ережесі. Жергілікті жердің дәрілік өсімдіктерінің ресурстары. Оларды тиімді пайдалану және қорғау. Ең маңызды дәрілік өсімдіктер, оларды өсірудің биологиялық негізі. Дәріханалар тізбегі. Химия және фармацевтика өнеркәсібі.

Өсіп тұрған және кептірілген өсімдіктерді көрсету, интернет сайттарын пайдалану.

Зертханалық жұмыс. Сыртқы құрылысы бойынша дәрілік өсімдіктерді анықтау.

Экскурсия.

Қорғалған топырақта дәрілік өсімдіктер өсіру.

Зертханалық жұмыс. Жіргілікті жердің дәрілік қасиеттері бар өсімдіктерін жинау күнтізбесін жасау.

«Жасыл дәріхана» пресс-конференция.

Әр түрлі бейіндегі мамандардың қатысуы: бұл танымдық қызығушылықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді, оқушылардың қызығушылығы мен назарын сақтайды.

Қорытынды сабақ.

«Кесе шай – дәріхана» презентациясы. Әр топ өз шайларының рецептісін ұсынады. Жобалар көрмесі және қорғау. Курсты қорытындылау.

Курстың күнтізбелік-тақырыптық жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Уақыты	Өткізілетін іс-әрекет түрлері
1	Кіріспе	1		Әңгімелесу элементтері бар дәріс. Фармакогнозия – дәрілер, дәрілік шикізаттар туралы ҒЫЛЫМ.

				Ғылымның дамуының қысқаша тарихы. Отандық ғалымдардың қосқан үлесі
Дәрілік өсімдіктер жүйесі				
3	2,	Айқышгүлділер тұқымдастарының дәрілік өсімдіктері	2	Дидактикалық ойындарды қолдану арқылы эстетикалық әңгіме. Кесте құрастыру. Дидактикалық ойынның нәтижелері
5	4,	Айқышгүлділер тұқымдастарының	2	Зертханалық жұмыс. 1-қосымша

Кестенің жалғасы

		дәрілік өсімдіктерін анықтау		
7	6,	Алқа тұқымдастарының дәрілік өсімдіктері	2	Интернет сайттарын пайдалану арқылы эвристикалық әңгіме. Кесте құрастыру. Тестілеудің нәтижесі
9	8,	Раушангүлділер тұқымдастарының дәрілік өсімдіктері	2	Бейнефильмдер, интернет сайттарын қолдану арқылы эвристикалық әңгіме. Кесте құрастыру. Тестілеудің нәтижесі
11	10,	Раушангүлділер тұқымдастарының дәрілік өсімдіктерін анықтау	2	Зертханалық жұмыс. Зертханалық жұмыстың қорытындысы
13	12,	Күрделігүлділер тұқымдастарының дәрілік өсімдіктері	2	Бейнефильмдер, интернет сайттарын, дидактикалық ойындарды қолдану арқылы эвристикалық әңгіме. Кесте құрастыру. Хабарлама әзірлеу

15	14,	Күрделігүлділер тұқымдастарының дәрілік өсімдіктерін анықтау	2		Зертханалық жұмыс. 2-қосымша
17	16,	Шатыршагүлділер тұқымдастарының дәрілік өсімдіктері	2		Бейнефильмдер, интернет сайттарын, дидактикалық ойындарды қолдану арқылы эвристикалық әңгіме. Кесте құрастыру. Хабарлама әзірлеу
19	18,	Шатыршагүлділер тұқымдастарының дәрілік өсімдіктерін анықтау	2		Зертханалық жұмыс. Зертханалық жұмыстың қорытындысы. Білім алушылардың есебі
21	20,	Жергілікті жердің дәрілік өсімдіктері	2		Бейнефильмдер, интернет сайттарын, дидактикалық ойындарды қолдану арқылы эвристикалық әңгіме. Кесте құрастыру. Хабарлама әзірлеу
23	22,	Жергілікті жердің қорғауға алынған өсімдіктері	2		Интернетті, қосымша әдебиеттерді қолдану арқылы жергілікті жердің қорғауға

Кестенің жалғасы

					алынған өсімдіктері туралы ақпарат әзірлеу
25	24,	Жергілікті жердің өсімдіктерін қорғау	2		Жергілікті жердің өсімдіктерін қорғау бойынша жоба жасау, жобаларды қорғау
28	26-	Өсімдіктер отырғызу және өсіру	3		Жергілікті жердің топырағын пайдалану арқылы өсімдіктер отырғызу және өсіру. Өсімдіктердің өсу процесін бақылау. Кесте толтыру (жыл бойы)

31	29-	Жергілікті жердің дәрілік өсімдіктерін жинау күнтізбесін құрастыру	3		Практикалық сабақтар. Интернетті, қосымша әдебиеттерді қолдану арқылы жергілікті жердің дәрілік өсімдіктерін жинау күнтізбесін құрастыру. Күнтізбенің осылайша құрастырылуын дәлелдеу (топтық/жеке жұмыс болуы мүмкін). 2-қосымша
33	32,	«Жасыл дәріхана»	2		Пресс-конференция. 4-қосымша. Білім алушылардың өз жобаларын қорғауы.
35	34,	«Кесе шай – дәріхана» презентациясы.	2		Әр топ өз шайларының рецептісін ұсынады. Жобалар көрмесі және қорғау. «Сен бұл өсімдіктерді білесің бе?» викторина. 5-қосымша
	36	Курсты қорытындылау.	1		

Күтілетін нәтиже. Білім алушылар:

- интернет желісін қолдануды;
- қосымша оқу және ғылыми әдебиеттермен;
- табиғи заттармен және гербарий материалдарымен жұмыс істейді;
- болжам жасайды;
- қорытынды жасайды;
- зерттеу жұмыстарының нәтижесін кесте, сызба, презентация түрінде ұсынады;

ұсынады;

- реферат жұмыстарын және жоба жұмыстарын орындайды;
- курста меңгерген білімдерін күнделікті өмірде қолданады;
- «дәрілік өсімдіктер», «дәрумендер», «фитотерапия», «итонцидтер»

ұғымдарын біледі;

- өсімдіктердің жіктелу ерекшеліктерін біледі;
- дәрілік өсімдіктерді жинау ережесін біледі;
- өсімдіктердің дәрілік қасиеттері туралы біледі;
- жергілікті жердің өсімдіктерін қорғау шараларын біледі.

Зертханалық және практикалық жұмыстарды өткізу бойынша әдістемелік ұсыныстар:

1-қосымша

Зертханалық жұмыстар жеке немесе топтық формада өткізіледі. Теориялық материалды меңгергеннен кейін жүргізген дұрыс.

Мақсаты – өсімдікті анықтау жолдары әдісін меңгеру. Дәрілік өсімдіктердің түр құрамын және олардың фармацевтикалық қасиеттерін зерттеу.

Жабдықтар: дәрілік өсімдіктердің анықтамалық кітаптары, гербарий материалы, өсімдіктердің фотосуреттері.

Нұсқаулық текшекартасы.

Дәрілік өсімдіктерді сыртқы түрі бойынша анықтау.

Тиісті тұқымдас өсімдіктерді анықтау сызбасын пайдалану арқылы, берілген өсімдіктерді анықтау.

Ол үшін: гүлді қарастырып, оның құрылымын зерттеу; нұсқаулықтағы оның сипаттамасымен салыстыру; гүл белгілері нұсқаулықтағы анықтамамен сәйкес келмесе, оларды басқа нұсқаулармен байланыстыру; келесі затты тауып, өсімдік ағзаларының құрылымын сипаттамамен, т.б. салыстыру.

Дәрілік өсімдіктер туралы анықтамалық кітапты пайдалана отырып, дәрілік өсімдіктердің осы түрлерінің фармакологиялық қасиеттері мен медицинада қолданылуын зерттеу.

Атқарылған жұмыс туралы қорытынды жазу: осы тұқымдас өсімдіктердің ортақ белгілері қандай, осы өсімдіктерді жинау және кептіру ережелері, медицинада пайдалану.

2-қосымша

«Жергілікті жердің дәрілік өсімдіктерін жинау күнтізбесін жасау» практикалық жұмысы.

Жұмыстың мақсаты: жергілікті жер аумағындағы дәрілік өсімдіктердің ресурстарын, оларды жинау, кептіру және пайдалану ережелерін зерделеу.

Жабдықтар: жергілікті жердің (ауданның, облыстың) картасы, дәрілік өсімдіктердің аудандары мен ресурстарының атласы, табиғи объектілер.

Жұмыстың барысы:

Оқушылардың әрбір тобы суреттеу үшін жергілікті жердің 10 дәрілік өсімдіктерін алады, олар өз зерттеулерін кестеге жазады.

Жергілікті жердің дәрілік өсімдіктерін жинаудың кесте-күнтізбесі.

№	Өсімдіктің атауы	Тіршілік ортасы	Жинау уақыты (мерзімі)	Өсімдіктің қолданылатын бөлігі	Қандай ауруларды емдеуге қолданылады

3-қосымша.

Өсімдіктер жүйелілігін бекіту және қайталау кезінде қолдануға болатын дидактикалық ойындардың үлгілері.

1-ойын.

Білім алушылар командаларға бөлінеді. Команда ойыншылары демонстрациялық үстелден үш қадам қашықтықта бір-бірден отырады, онда дәрілік өсімдіктердің аты аталмаған гербарийлері салынады (өсімдіктер балаларға жақсы таныс).

Ойыншылар үстелге бір-бірден келіп, гербарийді таңдайды, таңдалған өсімдікті атайды және оның дәрілік қасиеттері мен экологиясы туралы әңгімелейді.

Дұрыс аталған өсімдіктер үшін ойыншы, демек, команда бір ұпай алады, дұрыс әңгіме үшін тағы бір ұпай. Егер ол қателесе, команда ұпайларын жоғалтады (сәйкесінше бір-екі). Егер жауап беру қиынға соқса, ойыншы командадан көмек сұрай алады, бірақ бұл жағдайда дұрыс толықтырылған жауабымен команда жарты ұпай ала алады.

Жалпы қорытынды шығарылады.

2-ойын.

Ойынды әрқайсысы 5 адамнан тұратын 2-3 команда ойнай алады. Командалардың алдында үстелге гербарийлер немесе фотосуреттер (ойыншылар санына сәйкес) қойылады. Барлық командалар үшін гербарийлер бірдей болуы тиіс. Олардағы өсімдіктердің атаулары көрсетілмейді, бірақ оларды таңдағанда өсімдіктердің мектеп оқушыларына белгілі болуы керектігін ескеру керек.

Сигнал кезінде ойыншылар үстелге командадан бір өкіл келеді, әрқайсысы өз қатарынан кез келген гербарийді таңдайды, параққа түр атауын, тұқымдасын жазып, жапырақты гербарийге қояды. Екінші ойыншылар одан кейін жүгіріп, т.б.

3-ойын.

Мұғалім оқушыларға жергілікті флора туралы қысқа әңгіме немесе өлең жолдайды және оларды жабайы табиғатта кездесетін немесе мектеп учаскелерінің егістіктері мен учаскелерінде өсірілетін өсімдіктерді есте сақтауға шақырады.

Сонда мен өсімдіктерді атаймын, ал мектеп оқушылары олардан өз ауылында немесе өлкесінде өсетіндерді ғана таңдайды.

/Мультимедиа қолданыла алады/

4-қосымша.

«Жасыл дәріхана» пресс-конференция өткізу бойынша әдістемедік ұсынымдар.

Баспасөз конференциялары. Әдетте, олар оқушылардың қызығушылығын тудырады. Алайда бұл мұқият дайындауды талап етеді.

Конференцияға дайындалуға кемінде бір ай уақыт кетеді. Осы уақыт ішінде оқушылар мұғаліммен бірге үлкен жұмыс атқарыды:

- экспонаттарды дайындау;
- сабақтың сценарийін әзірлеу;
- қажетті әдебиетпен танысу;

- материалдың көлемін және сөйлеген сөздердің шамамен мазмұнын анықтау;

- мамандармен кездесу (әр түрлі бейіндегі мамандардың қатысуы өте қалаулы: бұл танымның, ойын-сауықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етеді, оқушылардың қызығушылығы мен назарын сақтайды);

- сабақты ұйымдастыруға мектеп кітапханашысын тарту.

Мұғалім сабақтың мақсаттарын анықтайды: биология сабақтарында алынған дәрілік өсімдіктердің құндылығы туралы білімін тереңдетіп, кеңейту.

Қойылған мақсаттарға жету үшін мынадай міндеттер қойылады: емшілік қасиеті бар өсімдіктермен танысу; оларды жинау және сақтау ережелерін беру; дәрілік өсімдіктерді қолдануды кейбір медициналық ақпаратпен байланыстыру.

Сыныпты безендендіру.

«Дәрілік өсімдіктер» стенді (гербарий даналары, шөптер, гүлдер, жемістер, суреттер, ашықхаттар, дәрілік өсімдіктердің сирек кездесетін және қорғалатын түрлерінің фотосуреттері). Өсімдіктер мен кептірілген дәрілік шөптерден (тұнбалар, тамшылар, жақпа майлар) алынатын дәрі-дәрмектер көрмесі.

Кесте – күнтізбе: тіршілік ету ортасын көрсете отырып, өсімдіктердің қандай мүшелері жиналатынын, қандай ауруларға қолданылатынын көрсету, дәрілік өсімдіктердің коллекциясы.

Үстелдер:

- «Дәрумендер» – үстел үстінде құрамында витаминдер бар: сәбіз, шетен, қырыққабат, жасыл асбұршақ және т.б. өсімдіктер;

- «Фитоцидтер» – үстел үстінде пияз, сарымсақ, ақ шомыр және т.б., сонымен қатар бөлме өсімдіктері;

- «Өсімдіктерді білесің бе?» атты үстел. Үстел үстінде кептірілген және өсіп тұрған өсімдіктер.

Қабырға газеті: «Шөптермен емдеу» пайдалы кеңестер.

«Біздің өлкенің дәрілік өсімдіктері» атты жиналмалы стенд.

6-қосымша

Қазақстан облысы Екібастұз қаласы «С.Торайғыров атындағы №22 гимназия-мектебі» КММ физика пәні мұғалімі – Канафина Анар Жаманқызының «Физика – болашақ мамандыққа» факультатив курсының бағдарламасы

«Қазақ тілі сабақтарындағы оқылым тапсырмалары»

Факультативтік курсы

8-сынып

(оқытуы орыс тілді мектептер үшін)

Түсінік хат

Бағыты. Бұл авторлық бағдарлама оқу жоспарының вариативті бөлігінің оқу бағдарламалары және элективті курстарды әзірлеу және әдістемелік қамтамасыз ет барысында барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды басшылыққа ала отырып, «Оқу жоспарының вариативті бөлігінің оқу бағдарламалары мен элективті курстарды сараптамадан өткізу және оларды жаңартылған білім беру мазмұны аясында әдістемелік қамтамасыз ету» туралы ереже ҚР-ң 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ «Білім туралы» Заңына (06.05.2020 жылы енгізілген толықтырулар мен өзгертулер негізінде) сәйкес әзірленді.

Бұл бағдарлама 8-сынып оқушыларына арналған және 36 сабақты қамтиды. Аптасына бір рет өткізу жоспарланған. Мектептің оқу жоспарында «Қазақ тілі сабақтарындағы оқылым тапсырмалары» бағдарламасын оқуға аптасына 1 рет, 36 сағат бөлінеді. Оқылым дағдыларын оқытуда-Ұлттық құндылықтарды насихаттауды көздейді.

Өзектілігі. Қазіргі таңда қоғам мүшесі ретінде «Неліктен көптеген оқушылар аз оқиды немесе мүлдем оқымайды?». Бұл мәселе туралы мектеп мұғалімдері мен бірге қоғамдағы әдіскерлер, сарапшылар жиі айтып жүр. Ғалымдардың зерттеуінше, оқуға деген қызығушылықтың жалпы төмендеуі, оқудан басқа ақпарат көздерінің көптігі. Екінші жағынан, бұл құбылыстың негізгі себебі білім алушылардағы оқылым дағдысының толық қалыптаспағандығын атап өтуге болады. Білім алушыларды оқу іс-әрекетін қалай оқуға қалыптастыруға болады? Мұғалімнің көмегімен баланың қызығушылығын оқылым дағдысына қалай ашуға болады? Осы мәселелердің өзектілігінен бұл авторлық бағдарлама дайындалды.

Оқу-көру, сөйлеу-есту қатысатын күрделі психофизиологиялық процесс. Оқуды үйренбеген немесе жаман оқыған бала қажетті білімді түсініп, оны іс жүзінде қолдана алмайды. Егер бала оқи алса, бірақ сонымен бірге оқығанын түсінбесе, онда бұл одан әрі оқуда үлкен қиындықтарға және соның салдарынан мектеп бағдарламасын игеруде үлгермеуге әкеледі.

Оқу көрнекі қабылдаудан, әріптерді ажыратудан және танудан басталады. Бұл әріптердің тиісті дыбыстармен арақатынасы және сөздің дыбыстық бейнесі, яғни оның оқылуы орын алатын негіз. Сонымен қатар, сөздің дыбыстық формасын оның мағынасымен байланыстыру арқылы оқуды түсіну жүзеге асырылады. Өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді үйретуде қазақ тіліне тән дыбыстардың оқылуын дұрыс үйрету, баланың айтылым және жазылым дағдысының дұрыс қалптасуының басты шарты.

Дұрыс оқуды үйретудің өзі өнер. Бұл сабақтағы жұмыстың мақсаты-оқушы-оқырмандардың көркем мәтінді толық қабылдау қабілетін дамыту.

Мұғалімнің қазақ тілі сабақтарындағы басты міндеті-білім алушылардың мәтінге енгізілген барлық ақпаратты толық, терең қабылдауын ұйымдастыру, оларға автор салған суреттерді елестетуге көмектесу, автор мен кейіпкерлердің сезімдеріне эмоционалды түрде жауап беру, автордың ой-өрісін түсіну және мүмкіндігінше мұның бәрі бізге, оқырмандарға қалай жеткізетінін көру. Басқаша айтқанда-оқу дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру.

Оқу дағдылары-бұл әрекет ету керек мақсаттар мен шарттарға сәйкес әрекеттерді тиімді орындауға дайын болу. Олар тілді, сюжетті, композицияны, бейнелерді талдауға бағытталған және жұмыс идеясын түсінуге ықпал етеді.

Мақсаты. Қазақ тілі сабақтарында оқылым тапсырмаларымен жұмыс істеу арқылы оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту, сөздік қорын толықтыру, сөйлеу сапасын жақсарту, сонымен қатар, оқушылардың қазақ тіліндегі оқылым, жазылым, тыңдалым және айтылым дағдыларын қалыптастыру әрі жетілдіру.

Міндеттері:

- қазақ тілді дамушы сөйлеу ортасын құру;
- оқулық құрылымының негізгі компоненті – оқылым дағдысымен жұмыстануды үйрету;
- ұлттық құндылықтарды біледі;
- қатесіз оқуға оқытуға үйрету;
- коммуникативтік білім беру,
- дамытушылық және тәрбиелік тақырыптарды қамтитын мәтіндерді оқыту.

Әдістемесі, әдістері мен сабақ түрі: мәтіндер, видео мәліметтер, деректі фильмдер, «Жіңішке және жуан сұрақтар», «Класстер құру», «Кестемен жұмыс», «1 сөйлем», «Ашық микрофон», «Таза тақта», «Автор орындығы», «Постер жасау» әдістері мен «Шаттық шеңбері» сияқты сергіту сәттерін қолдану, сонымен қатар «Ребус шешу мен сөзжұмбақ», жазбаша және шығармашылық тапсырмалар орындату, көрнекі және интерактивті құралдарды қолдану жоспарланды.

Күтілетін нәтижелер: Қазақ тілін үйрену барысында мәтінмен жұмыстану арқылы оқушылардың қазақ тілінің рухани байлығы мен сұлулығына қызығушылығы артады, ұқыпты әрі орынды сөйлейді және ойлы көзқарасы қалыптасады. Сонымен қатар, оқушылар мәтінді келесідей талдай алады:

- Мәтінді мәнерлеп оқи алады;
- Сөздікпен жұмыстана алады;
- Нені оқу керек екенін біледі;
- Мәтіннің идеясын анықтай біледі;
- Оқығанын түсіне алады;
- Ұлттық құндылықтарды анықтайды;
- Оқығанын басқаларға түсіндіре алады;
- Күнделікті ауызекі тілде сөйлеудің экспрессивті құралдарын қолдана біледі;
- Оқылым, жазылым, тыңдалым және айтылым дағдылары қалыптасады әрі жетіледі;
- Жазба жұмыстарын сауатты орындай алады.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі және әдебиеттік оқу.

Әдістемелік-сипаттамалық бөлім

I- БӨЛІМ. ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

1. Қазақ тілінде оқиық.
2. Сөз және сөйлем.
3. «Қазақстан»
4. «Киіз үй» мәтінмен жұмыс.
5. «Қанатты тұлпар» мәтінмен жұмыс.
6. «Асығың алшысынан түссін» мәтінмен жұмыс.
7. «Көкпар ұлттық ойын» мәтінмен жұмыс.
8. Өздік жұмыс. (қалаған тақырыбына мәтін құрастыру)
9. «Қазақтың дастарханы» мәтінмен жұмыс.
10. «Нағыз қазақ-Домбыра» мәтінмен жұмыс.
11. «Батырдың бес қаруы» мәтінмен жұмыс.
12. «Кұмай тазы» мәтінмен жұмыс.
13. «Бата берудің мәні» мәтінмен жұмыс.
14. «Қазақ дәстүрлері» мәтінмен жұмыс.
15. Өздік жұмыс. (қалаған тақырыбына мәтін құрастыру).
16. Бақылау жұмысы. «Оқу сауаттылығы» тапсырмаларын орындау
17. «Өздік жұмыс».

II-бөлім. ҚАЗАҚСТАН - КЕҢ МЕКЕН

18. Мен Қазақстанда тұрамын
19. «Астан-бас қала» мәтіннің мазмұнын түсіндіру.
20. «Абай елі» мәтіннің мазмұнын түсіндіру.
21. «Киелі Қарағанды» мәтіннің мазмұнын түсіндіру.
22. «Портты мекен Ақтау» мәтіннің мазмұнын түсіндіру.
23. «Құтты қала Қызылорда» мәтіннің мазмұнын түсіндіру.
24. «Көрікті Көкшетау» мәтіннің мазмұнын түсіндіру.
25. Ажарлы-Ақтөбе
26. Алатау мен Алматы
27. Шырайлы Шымкент
28. Өркендеген Өскемен
29. Тарихы терең Түркістан
30. Мұнайлы қала-Атырау.
31. Қызықты Қостанай
32. Бақылау жұмысы»Оқу сауаттылығы» тапсырмаларын орындау
33. «Өздік жұмыс».
34. Мен не үйрендім.
35. Мен не білемін?.
36. «Менің курстан алған әсерім» Қортынды сабақ.

Сабақтарды жүргізу барысында видео мәліметтер, деректі фильмдер, «Кестемен жұмыс», «1 сөйлем», «Ашық микрофон», «Таза тақта», «Автор орындығы», «Постер жасау», «« әдістері мен «Шаттық шеңбері» сияқты сергіту сәттерін қолдану, сонымен қатар «Ребус шешу мен сөзжұмбақ» қолдану жоспарланды.

Мәтінмен жұмыстану барысында оқушылардың тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым дағдыларын қалыптасады әрі жетіледі. Оқушылардың қазақ тілінде сауатты жазба жұмыстарын жүргізе алуына мүмкіндік тудыру мақсатында түрлі тақырыптарда мәтіндер ұсынатын боламын. Әр түрлі тақырыптардағы мәтіндермен жұмыстандыру арқылы оқушылардың мәтін талдау, мазмұн түсіну, түсінген ойын мазмұндау дағдылары қалыптасады. Білім алушылардың қазақ тілінен біліктіліктерін жоғарлату мақсатында мәтінмен жұмыстың қызықты түрлерін ұйымдастыру жоспарланды.

Өткенді қайталауға әрі пысықтауға арналған қортынды сабақтар тест жұмысы, пікірталас және өзіндік шығармашылық жұмыстар (эссе жазу) түрінде ұйымдастырылады. Күнтізбелік-тақырыптық жоспарда қамтылған түрлі тақырыптардағы мәтіндердің негізінде әртүрлі типтегі тест тапсырмалары жасалады: жауапты таңдау, қысқаша жауап және егжей-тегжейлі эссе жазу. Қазақ тілінде эссе жазу өзге тілді оқушылар үшін ең қиын тапсырма болып табылады. Қазақ тілі сабақтарындағы мәтінді жан-жақты лингвистикалық талдау емтиханға дайындалудың негізгі құралы ғана емес, сонымен қатар оқу сипатындағы маңызды тапсырма және оқушылардың білімін тексерудің тиімді әдісі деп санаймын. Менің ойымша, мәтінмен жұмысты ұйымдастырудың келесі формалары мен әдістері 8-сынып оқушылары үшін ең тиімді болып табылады:

- мәтінмен кешенді жұмыс;
- мәтінді лингвостилистикалық талдау;
- өздік диктанттар;
- эссе немесе пайымдау шығармасын жазу;
- мәтінді өңдеу (редакциялау);
- диктанттардың әртүрлі түрлері;
- интеллектуалды-лингвистикалық жаттығулар;
- мәтінге синквейндер, кластерлер құрастыру.

Мәтінмен жұмыс жасау кезінде тек қана оқылым дағдысын жетілдіріп қана қоймайды, сонымен қатар мәтінді қабылдау қабілетін қалыптастыруға бағытталған сөйлеу сипатындағы тапсырмалар қойылатын болады. Оқушыларға үнемі сұрақтар қойылады: мәтіннің мәні неде, мәтін авторы нені көздеді, қандай мақсат қойды (айту, хабарлау, сипаттау, сипаттау, дәлелдеу, сендіру, ынталандыру). Бірте-бірте оқушылардың өздері өзара осы сұрақтарды қойып мәтінді ауызша талдауға үйренеді. Бұл оқушылардың сөйлеуін байытуға ықпал етеді, оларды ізденуге, шығармашылыққа итермелейді. Миниатюралық мәтіндермен жұмыс істеу әдістері – сондай-ақ екі мәтінді салыстыру – бұл мәтінді қабылдаудан, мәтін тұжырымдамасынан (оны талдау арқылы) оқушылардың есте сақтау қабілетін, зейінін, ойлауын дамыту үшін маңызды өз мәлімдемесін, композициясын құру жолы.

Инновациялық педагогикалық технологиялар (мысалы, сыни ойлауды дамыту технологиясы) әсіресе оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда тиімді. Мәтінге синквейндер, кластерлер, фишбоундар құру оқушыларға берілген барлық ақпаратты түсінуге, жаңа білімді игеруге, әр оқушының зерттелетін материалға деген көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сабақтарда мәтінмен әр түрлі жұмыс түрлерін қолдануға тырысамын: жеке сөйлемдер мен мәтіндерді салыстыру, мәтіндегі сөйлемдердің шекараларын табу, мәтінді абзацтарға бөлу, деформацияланған мәтінді қалпына келтіру, жоспар құру, мәтін тақырыбын анықтау, мәтін идеясын анықтау (негізгі ойды білдіретін сөйлемді бөлектеу), авторлық тақырыпты талдау, мәтіннің құрылымдық бөліктерін ажырату (кіріспе, негізгі ойды білдіретін бөлім, қорытынды (аяқтау), осы мәтінге эссе жазу, мәтіннің соңын толықтыру, бір тақырып бойынша әртүрлі стильде мәтін жазу.

Сабақтарда дидактикалық құралдар мен ойындар қолдану – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Мысалы:

1. «Диктор». Мәтінді орфоэпиялық тұрғыдан дұрыс оқу.
2. «Редактор». Мәтіндегі орфографиялық қателерін түзу.
3. «Аудармашы». Қазақ тіліндегі сөздердің орысша нұсқасын айту.

Сонымен қатар, мәтінмен жұмыстану барысында оқушылар негізгі сөз таптарын (зат есім, етістік, сан есім және сын есім) табуды, қазақ тілінің төл дыбыстарын жазуды және дыбыстауды үйренеді.

Сондай-ақ, оқушылар келесі тапсырмаларды орындайды: мәтіннің тыныс белгілерін қою, көмекші сөздерді қажетті орнына қойып мәтінді көшіріп жазу. Мәтіннің негізгі ойын жеткізетін сөйлемдерді анықтауды үйренеді. Қорытындылай келе, оқушылар жұмыс істеген мәтінге сүйене отырып, сауатты толық талдау жасай алатын болады.

Курс барсында оқушылар қазақ ақын-жазушыларының өмірбаянымен, түрлі тақырыптардағы еңбектерімен танысатын болады.

Нормативті бөлім

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

	Сабақтың тақырыбы	Оқу мақсаты	Сағат саны		
			Білім арығы	Теория	Практика
I- БӨЛІМ. ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР					
	Қазақ тілінде оқиық.	Білім алушыларды курсқа қызықтыру мақсатында, оқу дағдысы	1	1	

		арқылы танымдық тапсырмалар орындау.			
	Сөз және сөйлем. «Қазақстан»	Білім алушылар, сөзден сөйлем құралатынын түсінеді, қолданады.	1		1
	«Киіз үй» мәтінмен жұмыс.	Берілген мәтін тақырыбына тапсырмаларды сауатты орындау.	1		1
	«Қанатты тұлпар» мәтінмен жұмыс.	Берілген мәтін тақырыбына тапсырмаларды сауатты орындау	1		1
	«Асығың алшысынан түссін» мәтінмен жұмыс.	Берілген мәтін тақырыбына тапсырмаларды сауатты орындау	1		1
	«Көкпар ұлттық ойын» мәтінмен жұмыс.	Берілген мәтін тақырыбына тапсырмаларды сауатты орындау	1		1
	Өздік жұмыс. (қалаған тақырыбына мәтін құрастыру)	Берілген мәтін тақырыбына тапсырмаларды сауатты орындау	1		1
	«Қазақтың дастарханы» мәтінмен жұмыс.	Берілген мәтін тақырыбына тапсырмаларды сауатты орындау	1		1
	«Нағыз қазақ-Домбыра» мәтінмен жұмыс.	Берілген мәтін тақырыбына тапсырмаларды сауатты орындау	1		1
0	«Батырдың бес қаруы» мәтінмен жұмыс.	Берілген мәтін тақырыбына тапсырмаларды сауатты орындау	1		1
1	«Құмай тазы» мәтінмен жұмыс.	Берілген мәтін тақырыбына тапсырмаларды сауатты орындау	1		1

2	«Бата берудің мәні» мәтінмен жұмыс.	Берілген мәтін тақырыбына тапсырмаларды орындау сауатты	1		1
3	«Қазақ дәстүрлері» мәтінмен жұмыс.	Берілген мәтін тақырыбына тапсырмаларды орындау сауатты	1		1
4	Өздік жұмыс. (қалаған тақырыбына мәтін құрастыру).	Берілген мәтін тақырыбына тапсырмаларды орындау сауатты	1		1
5	Бақылау жұмысы «Оқу сауаттылығы» тапсырмаларын орындау	Берілген мәтін тақырыбына тапсырмаларды орындау сауатты	1		1
6	«Өздік жұмыс».	Білім алушылардың деңгейін тақырыптарға байланысты шығармашылық жұмыс біліктілік өткен			
ҚАЗАҚСТАН - КЕҢ МЕКЕН					
7	Мен Қазақстанда тұрамын	Берілген мәтін тақырыбына тапсырмаларды орындау сауатты	1		1
8	«Астан-бас қала» мәтіннің мазмұнын түсіндіру.	Берілген мәтін тақырыбына тапсырмаларды орындау сауатты	1		1
9	«Абай елі» мәтіннің мазмұнын түсіндіру.	Берілген мәтін тақырыбына тапсырмаларды орындау сауатты	1		1
0	«Киелі Қарағанды» мәтіннің мазмұнын түсіндіру.	Берілген мәтін тақырыбына тапсырмаларды орындау сауатты	1		1
1	«Портты мекен Ақтау»	Берілген мәтін тақырыбына	1		1

	мәтіннің мазмұнын түсіндіру.	тапсырмаларды орындау сауатты			
2	«Құтты қала Қызылорда» мәтіннің мазмұнын түсіндіру.	Берілген мәтін тақырыбына тапсырмаларды орындау сауатты	1		1
3	«Көрікті Көкшетау» мәтіннің мазмұнын түсіндіру.	Берілген мәтін тақырыбына тапсырмаларды орындау сауатты	1		1
4	«Өздік жұмыс» өзінің қалағанын мәтінін айтып беру.	Берілген мәтін тақырыбына тапсырмаларды орындау сауатты	1		1
5	Ажарлы-Ақтөбе	Берілген мәтін тақырыбына тапсырмаларды орындау сауатты	1		1
6	Алатау мен Алматы	Берілген мәтін тақырыбына тапсырмаларды орындау сауатты	1		1
7	Шырайлы Шымкент	Берілген мәтін тақырыбына тапсырмаларды орындау сауатты	1		1
8	Өркендеген Өскемен	Берілген мәтін тақырыбына тапсырмаларды орындау сауатты	1		1
9	Тарихы терең Түркістан	Берілген мәтін тақырыбына тапсырмаларды орындау сауатты	1		1
0	Мұнайлы қала-Атырау.	Берілген мәтін тақырыбына тапсырмаларды орындау сауатты	1		1
1	Қызықты Қостанай	Берілген мәтін тақырыбына тапсырмаларды орындау сауатты	1		1
2	Бақылау жұмысы	Берілген мәтін тақырыбына	1		1

	«Оқу сауаттылығы» тапсырмаларын орындау	тапсырмаларды сауатты орындау			
3	«Өздік жұмыс».	Білім алушылардың біліктілік деңгейін өткен тақырыптарға байланысты шығармашылық жұмыс	1		1
4	Мен не үйрендім.	Мен не үйрендім эссе жазғызу	1		1
5	Мен не білемін?.	Өздері білген тақырыпқа постер жасау	1		1
6	«Менің курстан алған әсерім» Қортынды сабақ.	«Менің курстан алған әсерім» пікірталас ұйымдастыру.	1		1

Ұстаздарға арналған қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сәдуақасұлы Ж. Тілдік талдау түрлері: Әдістемелік құрал. Қызылорда:Тұмар, 2008. – 80 б.
2. Құрман Н.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар жүйесіндегі қазақ тілінен сабақ үлгілері. – Астана: Ш.Шаяхметов атынд.Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2008. – 172 б.
3. Балақаев М. Қазіргі қазақ тілі. – Астана:Ер-Дәулет, 2007. – 128 б.
4. Берікұлы Н., Есқарина Ж. Қолданбалы қазақ тілі. Оқу құралы. Ақтөбе:Nobel, 2005. – 320 б.
5. Жұрынтаева С., Мусина А. Мәтінмен жұмыс жасаудың тиімді тәсілдері – «Открытая школа» ақпараттық-әдістемелік журналы. №9 (190) қараша 2019 ж. http://open-school.kz/glavstr/teory_praktika/teory_praktika_190_2.htm

Оқушыларға арналған қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрмағамбетов Ә. Сөз сырына саяхат: Орта мектептің оқушыларына арналған. Алматы: Жалын, 1990.- 128 б.
2. Рақышев Е. Балаларға бәсіре. Алматы: Таймас, 2016. – 128 б.
3. Балаларға базарлық. Көркем суретті энциклопедия. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013. – 480 б.

«Қазақ тілі сабақтарындағы оқылым тапсырмалары»


Қысқа мерзімді жоспарлар






Факультативтік курсы


8-сынып

(оқытуы орыс тілді мектептер үшін)

Сабақ №1

Бөлім:				
Педагогтің аты-жөні				
Күні:				
Сабақ				
Сынып:	Қатысушылар саны: -	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	Қазақ тілінде оқиық.			
Оқу мақсаты	Тілдің ауызша ,жазбаша түрі туралы білімдерін кеңейту			
Сабақтың мақсаты	Білім алушыларды қызықтыру мақсатында, ойын арқылы танымдық тапсырмалар орындау.			
Сабақ барысы				
Сабақ кезеңдері	Мұғалімнің оқу іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен амандасып, түгелдеу. Сабақ тақырыбы, мақсатымен таныстырылады. Оқушыларды топқа бөлу: Оқушы дәптерімен жұмыс жүргізу.	Оқушылар амандасып, сабаққа назар аударады	«Отшашу» әдісі	

<p>Саб ақтың ортасы</p>	<p>Қызығушылықты ояту Суретте неше құс бар екенін айтыңыз.</p>  <p>1-тапсырма: Жұмбақтар шешу Сөзі дана ,үні жоқ, Сөйлемейді тілі жоқ. Қолыңа алсаң – шешен, Ақылы асқан көсем. (Кітап)</p> <p>Аяғы жоқ жүреді, Аузы жоқ сөйлейді. (Хат)</p> <p>Шыр - шыр етеді, Құлағыңнан өтеді. Ұстай алсаң, Сөйлеп кетеді. (Телефон)</p> <p>Тілі бар, үні жоқ, Өзін адам түсінген. Жүрегі бар да қаны жоқ, Сөйлеп тұрған үні жоқ. (Кітап)</p> <p>Ойды аяқтап тұрады? Жауап сөз қалап тұрады (сұрақ белгісі)</p> <p>Ұранды, шаттықты, Өкініш, аптықты, Білдіріп ойын талайдың, Шарға ине қадаймын. (леп белгісі)</p> <p>2-тапсырма:Топпен жұмыс.Ассоциация</p>	<p>Қызы ғушылығы артады.</p> <p>Жұмбақтарды шешеді</p> <p>Постер жасайды жұмысты қорғайды</p> <p>Мәтін ді оқиды</p> <p>Мақал -мәтелдерді аяқтайды</p>	<p>« Отшаш у» әдісі</p> <p>« Отшаш у» әдісі</p> <p>« Отшаш у» әдісі</p> <p>« Отшаш у» әдісі</p>	   
---------------------------------	---	---	---	---

	<p>1-топ.Тілдің ауызша түрі 2-топ.Тілдің жазбаша түрі</p> <p>3-тапсырма:Мәтінді оқы. Жүздеген, мыңдаған жылдар өтті. Суретті жазудың орнына адамдар әріпті жазуды ойлап тапты.</p> <p>Әріп – дыбыстың таңбасы. Әріп адамға вуыздан шыққан сөзді жазуға мүмкіндік берді. Әріптің пайда болуымен алыс қашықтыққа жаңалықты жеткізе алатын болды. Жазба тілде қарым-қанытас жасау саудасаттықты, өндірісті дамытты.</p> <p>Әріпті жазу біртіндеп дамыды. Дыбысты әріппен жазу тарихы өте қызықты. Ол Жер бетін мекендеген халықтың тіршілігімен тығыз байланысты.</p> <p>4-тапсырма: Мақал-мәтелдер. Мақалды аяқта.</p> <p>Шебердің қолы ортақ, Шешеннің тілі ортақ.</p> <p>Тіл қаруы – сөз, Сөз қаруы – ой.</p> <p>Тіл жүйріктен де озады.</p> <p>Сөйлей – сөйлей шешен болар, Көре-көре көсем болар.</p>			
<p>Саб ақтың соңы 5 мин</p>	<p>Қорытындылау. Бүгінгі сабақтан үйренген жаңа сөздерін еске түсіріп, айтып береді.</p>	<p>Сабақ қа кері байланыс береді</p>		<p>Ойды аяқта:</p> 

Сабақ №2

Бөлім:				
Педагогтің аты-жөні				
Күні:				
Сабақ				
Сынып:	Қатысушылар саны: -	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	Сөз және сөйлем. «Қазақстан»			
Оқу мақсаты	Тілдің ауызша ,жазбаша түрі туралы білімдерін кеңейту			
Сабақтың мақсаты	Білім алушылар, сөзден сөйлем құралатынын түсінеді, қолданады.			
Сабақ барысы				
Сабақ кезеңдері	Мұғалімнің оқу іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Оқушылармен амандасып, түгелдеу. Сабақ тақырыбы, мақсатымен таныстырылады. Оқушыларды топқа бөлу: Оқушы дәптерімен жұмыс жүргізу.	Оқушылар амандасып, сабаққа назар аударады	«Үміт ағашы» стикерлерге жазып жазбаша бағалау жұмысы	Интербелсенді тақта
Сабақтың ортасы	Қызығушылықты ояту https://yandex.kz/video/prview/5983253907615307365 Қазақстан туралы видео мәліметті тамашалау. 1-тапсырма. Мәтінмен жұмыс. Қазақстан тәуелсіздігін 1991 жылы 16 желтоқсанда алды. Ел астанасы – Астана	Қызығушылығы артады. Мәтінді оқиды	Жазбаша бағалау жұмысы	

қаласы. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі мәртебесіне ие. Ақша бірлігі – теңге. Қазақстан – әлемдік мұхитпен тікелей жалғаспайтын әлемдегі ең ірі ел. Ел аумағының ауқымды бөлігін – 44%-ын шөлдер және 14%-ын шөлейтті жерлер алып жатыр. Далалық жерлер Қазақстан аумағының 26%-ын, орман-тоғайлар 5,5%-ын құрайды. Қазақстанда 8,5 мың өзен бар. Каспий акваториясының солтүстік-шығыс бөлігі республика шегіне кіреді. Арал теңізі Қазақстан мен Өзбекстан арасында бөлінген. Қазақстанда үлкен және шағын 48 мың көл бар. Оның ең ірілері – Арал теңізі, Балқаш, Зайсан және Алакөл. Мұхиттардан алыстығына байланысты елдің ауа райы күрт континентальды болып келеді.

Мәтінге сұрақ қою.

1. Қазақстан тәуелсіздігін қашан алды?
2. Ел астанасы?
3. Мемлекеттік тілі?
4. Ақша бірлігі ?
5. Қазақстан туралы айтып бер.

2-тапсырма.

Шығармашылық жұмыс. Топпен орындалады. «менің отбасым» постер жасау.

Постер жасайды
жұмысты қорғайды


Ақмола облысы Аршалы кентінің Жұмабек Тәшенов атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Молдабай Амандық әзірлеген «Тоғызқұмалақ» үйірмесінің бағдарламасы

ҰЛТТЫҚ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАР



АЙТЫЛЫМ

1. Кестені сөйлетіндер.



ТЫҢДАЛЫМ

2. Қазақтың музыкалық аспаптарымен танысыңдар



ЖАЗЫЛЫМ

3. Кестеден 4 музыкалық аспапты тауып, жазыңдар.

Л	О	Т	Л	Н	П	К	Ы
Ы	Қ	О	Б	Ы	З	Ы	Р
Б	А	О	А	С	Б	П	Ж

а	р	с	б	к	с	а	м
д	о	м	б	ы	р	а	д
е	ж	р	а	о	з	а	е



ЖАЗЫЛЫМ

4. Тәуелденіңдер

Жекеше түрде

	Домбыра	Қобыз	Жетіген
1ж Менің	_____	_____	_____
2ж Сенің	_____	_____	_____
с.т. Сіздің	_____	_____	_____
3ж Оның	_____	_____	_____

Көпше түрде

	Домбыра	Қобыз	Жетіген
1ж Біздің	_____	_____	_____
2ж Сендердің	_____	_____	_____
с.т. Сіздердің	_____	_____	_____
3ж Олардың	_____	_____	_____



АЙТЫЛЫМ

5. «Қазақтың музыкалық аспаптары» деген тақырыпқа диалог құрындар



ЖАЗЫЛЫМ

6. Сөздерді аудармасымен сәйкестендіріңдер

Жіктелу	звук, голос
Көзбе-көз	тревожно-шумный инструмент
Ішекті аспап	заунывный инструмен
Үн	с глазу на глаз
Үрмелі аспап	классифицировать
Сарнамалы аспап	струнный инструмент
Дабылды-шулы аспап	духовой инструмент



АЙТЫЛЫМ

7. «Домбыра» - қазақ халқының ең негізгі музыкалық аспабы туралы жоба қорғау

8-қосымша

Ақмола облысы Степногорск қаласы «Қаныш Сәтбаев атындағы №9 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сарбиева Жанаргүл Каллибековнаның әзірлеген

«Мектеп театры» үйірмесінің бағдарламасы

Мақсаты: оқушыларды эстетикалық адамгершілік пен рухани ізгілікке тәрбиелеу.

Міндеттері:

- сөз өнерінің қасиетін түсінуге ықпал ету;
- көркем әдеби шығармаларды оқуға қызығушылығын ояту;
- оқушылардың эмоциялық мәдениетін жетілдіру;
- дұрыс іс - әрекеттерге бағыттау;
- актерлік шеберліктерін шыңдау;
- шығармашылыққа баулу.

Жаңашылдығы:

Театрлық ойын әрекеттері жүйеленіп, мектеп жасындағы балалар шығармашылығының театр үйірмесіне негізделген.

Түсінік хат

Театр өнері адамзат әлемін эстетикалық адамгершілік пен рухани жандүниенің үйлесімді дамуына алып келеді.

Мектепте театр үйірмесін құру жауапты іс. Үйірмені жүргізудің мақсаты мен міндеттері айқын, жұмысы жүйелі, күтілетін нәтижелер қолжетімді болуы басты мәселе. Дұрыс ұйымдастырылған үйірме жұмысы оқушылардың тұлғалық қабілетінің жан-жақты дамуына әкеледі. Шығармашылық қыры дамиды. Көркемдікке деген ұмтылысы, эстетикалық талғамдары қалыптасады.

Қазіргі ғаламтор сананы жаулаған уақытта жасөспірімдердің өзін дұрыс бағытта дамытуы күрделі мәселенің бірі. Сондықтан мектепте театр үйірмесін ұйымдастыру арқылы оқушының таным – түсінігіне әсер етіп, эмоциясын дұрыс орынды білдіруге итермелеуге болады. Негізінде интеллектуалды есею жасөспірімдердің кез келген істі шынайы атқаруға тырысушылығынан көрінеді. Оқушы өзіне адамгершілікті үлгі болатын жағдаяттарды көргенде жақсы тәрбие алады. Оқиғаларды суреттеге қатысу арқылы олардың адамгершілік нормалары шынайы қалыптасады.

«Мектеп театры» жобасы «Оқуға құштар мектеп» жобасымен тығыз байланысты. Қойылымға мазмұны, жанры әрқилы шығарманы іріктеп алу-көркем шығармаларды оқуға әкеледі. Кітап оқу адамның рухани жан дүниесінің толығып, өмірге көзқарасын орнықтыруға ықпал ететіні сөзсіз. Оқушылардың оқырмандық сауаттылығы артады. «Жақсыдан үйреніп, жаманнан жиренуге» бет алады.

Мұғалім үшін оқушылардың ашылмаған таланты, белгісіз қырлары көрінеді. Олармен ұжымда жұмыс істеп, өмірлік мақсат-мұраттарының орындалуына жол ашады.

«Мектеп театры» жобасын енгізудегі мақсат – Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы ұсынған «Балалар және мектеп» ағартушылық

жобасын қолдау үшін мектептің тәрбие жұмысының жоспарына енді. Оқушылардың театр үйірмесіне деген қызығушылықтары жақсы. Олар дайындық кезінде рөлдерді сомдауға барын салады. Жауапкершілікті біледі, өздерін театр әртістері секілді сезініп кейіпкер образын ашуға тырысады. Театр жұмысының дұрыс жүргізілуі үшін театр жетекшісімен жоспар жасап, әрбір сахналық қойылымның сәтті шығуына барымызды саламыз. Театр үйірмесіндегі балалардың шығармашылығын дамыту, балалардың бойына рухани қазынаны сіңіру және елжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеуге жобаның қосатын үлесі зор.

Күнтізбелік тақырыптық жоспарлау оқушыларды театр туралы жалпы түсінікпен таныстырудан бастайды. Оқушыларды қызықтыру үшін танымал театр туындылары мен халық арасында белгілі театр актерлерімен таныстырудан басталады.

Келесі сағаттарда сахна әдебі мен мәдениеті туралы айту маңызды мәселенің бірі. Себебі оқушылар театр әлемінде де өзіндік әдеп ережелері бар екенін түсінуі тиіс. Әдеп ережесі көрермен алдында да, өзара жұмыс үстінде де назарда болатын басты ұғым.

Актерлік қабілетті меңгеруде дұрыс тыныс алу, дұрыс сөйлей білуді дамыту үшін теориялық білімдер беріледі және ойындар арқылы бекітіледі. Ойындар үнемі оқушылардың қызығушылығын туғызады. Оқушылар сөйлеуді түзеудің негізгі құралдарын, әр түрлі интонациямен бірдей фразаларды айтуды үйренеді.

Сахнаға бейімделу үшін қимыл қозғалыстың мәні зор. Кейіпкерді сомдауда бет-әлпет мимикасынан бастап әр қимылдың характерді ашуға қызмет қылатынын оқушы ұғынуы тиіс.

Теориялық білімдер үнемі практикамен ұштастырылып отырғаны дұрыс. Сондықтан жыл барысында сахналық көріністер қою үнемі теориямен қатар жүріп отырады. Бұл оқушылардың актерлік шеберліктерін шындайды. Кішігірім этюдтерден бастап, түрлі жанрдағы шығармалармен жұмыс істеу үшін практикалық сағаттар ескерілген.

Үйірме жұмысынан күтілетін нәтиже:

Оқу жылының аяғына қарай оқушы:

Біледі:

1. Театр деген не?
2. Театр басқа өнер түрлерінен несімен ерекшеленеді
3. Театр неден пайда болды?
4. Театр қойылымдарын кімдер жасайды?
5. Өзінің өмірдегі құбылыстарға қатынасын сахнада көрсетуді
6. Бейнелі ойлауды
7. Назарын аудара білуді
8. Өзін сахна кеңістігінде сезінуді

Таланттарын үстемелейді:

1. Кейіпкермен сөйлесу
2. Қарапайым актер шеберлігі

3. Қоршаған әлемді бейнелі қабылдау
4. Сыртқы зиян келтірушілерге дәл, бейнелі әсер ету
5. Ұжыммен жұмыс

Сондай-ақ, артық ұялшақтықтан, қоғамнан қорқудан, «сыртқы көзқарастан» қысылудан арылады, тіл табысқыштық, ашықтық, қоршаған ортаға қамқорлық, ұжым алдындағы жауапкершілік қасиеттерін алады.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны
1	Кіріспе Үйірменің жоспары мен мақсатын таныстыру	1
2	Сөйлеу мәдениетінің маңызы мен техникасы туралы	1
3, 4	Түрлі шығармаларды дауысқа мән беріп оқыту	2
5	Сымбат әсемдігі Сахнада жүріп – тұру	1
6	Көрерменмен байланыс	1
7	Көрермендерге арнап әр түрлі жанрда шығармалар оқу	1
8	Театр құрылымы туралы түсінік	1
9	«Театр ілгіштен басталады»	1
10	Сахна әдебі мен мәдениеті	1
11	Жағымсыз іс – қимылдан сақтану	1
12	Тыныс алуды дамыту	1
13-15	Сөйлеу мүшелері мен тыныс алуға арналған ойындар	3
16	Қимыл- қозғалыстың икемділігі	1
17-19	Сахналық этюдтер	3
20	Суфлер деген кім?	1
21-22	Сахнада кейіпкер бейнесін сомдау	2
23-24	Бет-әлпет мимикасымен жұмыс	2
25	Сахнадағы әріптеспен байланыс	1
26	Байқағыштық қасиеттің маңызы	1
27-29	Ертегі, аңыз әңгімелер бойынша көрініске әзірлену	3
30-32	«Аққулар ұйықтағанда» поэмасын сахналау	3
33-34	Жан -жануар, аңдар, құстардың дыбысын салуға үйрену	2

35	«Біреудің мінін көргенше, жамандығын тергенше...»	1
36	Жылдық қорытынды жасау	1

2-сабақ. Сөйлеу мәдениетінің маңызы мен техникасы туралы

Сабақтың мақсаты: оқушыларға сөйлеу мәдениетінің мәнін ұғындыру және оның өзіне тән ережелері мен техникасын меңгерту

I. Ұйымдастыру:

Бүгінгі сабақта сөз сөйлеу, дұрыс сөйлеу және дұрыс сөйлеуді қалай үйренеміз деген тақырыпта сөйлесеміз.

«Интервью» әдісі – алдымен, сөз өнері туралы әңгімелесейік. Келесі сұрақтар төңірегінде ой пікірлеріңді білгім келеді:

- Дұрыс сөйлеу мәдениетке жата ма ?

- Сөйлеу мәдениеті адамда туа пайда бола ма, әлде оны адам белгілі бір уақытта игере ме?

- Сөйлеу мәдениеті адам өмірінде сонша маңызды ма?

Оқушылар жауабы тыңдалады

II. Негізі бөлім

«Түсінік тақтасы»

Сөйлеу мәдениеті дегеніміз – қоғамдық даму үдерісінде қалыптасқан әдеби тілдің ауызша және жазбаша нормаларын меңгеріп, дидакталасудың түрлі жағдайларында сөз қолданудың мақсаттары мен мазмұнын іріктей ала отырып, ойды тиянақты жеткізу ережелерінің жиынтығы.

Сөз мәдениеті (орыс. Культура речи, ағылш. Speech culture) — әдеби тілдің ауызша түрлеріне тән нормаларын игеру, тілдік амал-тәсілдерді айтылатын ойдың мақсатына сай орнымен қолдана білу, сөйлеуде мәдениеттілік, әдептілік таныту.

«Сөз мәдениеті» қазіргі әдеби тілдің жұртшылық таныған, үлгі тұтқан нормаларын жеке адамдардың сақтауын талап етеді. Сөйлеуде диалектизмдерді, қарапайым, дөрекі сөздерді, варваризмдерді қолдану, орынсыз көп сөйлеу, бір пікірді қайталай беру, өзіне өзі сілтеме жасау, асқақтап сөйлеу, дене қимылдарын араластыра беру «Сөз мәдениетіне» жатпайды. Кірме сөздерді орынсыз жұмсай беру, сіреспе құрылымдарды қолдану «Сөз мәдениетіне» нұқсан келтіреді. «Сөз мәдениеті» сөйлеу әдебі деген ұғыммен ұштасып жатыр. «Сөз мәдениеті» теориясының дамуында лексикография, әсіресе нормативті түсіндірме сөздіктер, орфоэпиялық, орфографиялық, синонимдік т. Б. Арнаулы сөздіктер маңызды орын алады. Қазақ тіліндегі «Сөз мәдениетінің» дамуына ауыз әдебиетінің өкілдері және Абай, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, т.б. шығармаларының ықпалы зор болды. Қазақ тіл білімінде Сөз мәдениетінің мәселелерін А. Байтұрсынұлы, М. Балақаев, Р. Сыздықова т. Б. Ғалымдар зерттеді.

Тапсырма: кестені толтырыңдар

	Болады	Болмайды
--	--------	----------

Сөйлеу мәдениетін сақтау үшін	<ul style="list-style-type: none"> • ана тілінде сөйлеу • басқа тілдің сөздерін орынсыз араластырмау • әдепті сөйлеу т.б. 	<ul style="list-style-type: none"> • диалектизмдерді, қарапайым, дөрекі сөздерді, варваризмдерді қолдану орынсыз көп сөйлеу; • бір пікірді қайталай беру; • өзіне-өзі сілтеме жасау; • асқақтап сөйлеу; • дене қимылдарын араластыра беру; • кірме сөздерді орынсыз қолдана беру;
-------------------------------	--	---

кестенің жалғасы

		<ul style="list-style-type: none"> • сіреспе құрылымдарды қолдану және т.б.
--	--	--

Тапсырма: сөйлеу мәдениетін кімнен үйренуге болады, гүл жапырақтарын толтырайық

«Түсінік тақтасы»

Сөйлеу мәдениетімен қатар, сөйлеу техникасының да маңызы зор. Сөйлеу техникасы дегеніміз – әдемі үн, шыныққан дем, анық сөз.

Сөйлеу техникасын меңгеруде көркем шығармаларды оқудың маңызы зор. Соның бірі – өлең.

Мәнерлеп оқуға ең қажеттісі дауыс техникасымен дұрыс жаттығу керек. Ол төмендегідей шығармашылыққа шыңдайды.

Шығармашылық диапазонын кеңейтеді;

Әрбір рөлді шебер етеді;

Іштей белсенділікке және жігерлілікке үйретеді;

Тіл мәдениетін толық меңгеруге мүмкіндік береді.

Дереккөз: <https://martebe.kz/s-jleu-tehnikasyn-me-gerudi-tiimdi-zholdary/>

Өлең – Абай айтқандай, «сөздің патшасы, сөз сарасы». Мына бір өлең жолдарын мәнерлеп оқиық:

Пайда ойлама, ар ойла,

Талап қыл артық білуге.

Артық ғылым кітапта,

Ерінбей оқып көруге.

Военный қызмет іздеме,

Оқалы киім киюге.

Бос мақтанға салынып,

Бекер көкірек керуге.

Қызмет қылма оязға,

Жанбай жатып сөнуге.

Қалай сабыр қыласың,
Жазықсыз күнде сөгуге?
Өнерсіздің қылығы –
Тура сөзін айта алмай,
Қит етуге бата алмай,
Қорлықпенен шіруге.
Аз ақшаға жалданып,
Өнбес іске алданып,
Жол таба алмай жүруге. Абай

Мәнерлеп оқуға ең қажеттісі дауыс техникасымен дұрыс жаттығу керек.
Ол төмендегідей шығармашылыққа шыңдайды.

- Шығармашылық диапазонын кеңейтеді;
- Әрбір рөлді шебер етеді;
- Іштей белсенділікке және жігерлілікке үйретеді;
- Тіл мәдениетін толық меңгеруге мүмкіндік береді.

Сөйлеу техникасын жете меңгерген адам драматург туындысының қасиетін, оның асыл құнарын тап басып жеткізуді қамтамасыз ете алады.

Дикция – тыныс, дауыс, орфоэпия, ауызекі сөздің логикалық интонациялық заңдылықтары. Міне, осының бәрі – сөйлеу шеберлігінің маңызды да қажетті қырлары. Сөйлеген кезде сөздің ішіндегі, сөздердің аралығындағы дыбыстар бірбіріне әсер етіп отырады. Яғни, бір-бірінің ыңғайына көніп, өзгеріп айтылуы да мүмкін. Сондықтан да, дыбыстар үндестігін сақтау сөйлеп тұрған адамның құлағына жұмсақ тиіп, сөзіне әуенді үн береді.

Проза – қазақ әдебиетінде кейінірек туған, бірақ, орасан зор шапшандықпен дамыған сала. Көркем әдебиет тілі екі түрлі екендігі белгілі:

Еркін құбылыстағы тіл, яғни, проза – тікелей, тура айтылған сөз;
Белгілі бір тәртіпке бағынған, тізбекке түскен тіл.

Орындаушы мен кейіпкердің арасындағы алшақтық жойылып, қимылдары, күлгені және жылауы секілді көңіл-күйді білдіретін сәттері шынайы шығуы тиіс. Көркем шығарма болсын, өлең шумақтары болсын, олардың мәтіндерімен нақты және толық жұмыс істеу қажет. Өйткені, сөздерді айтқанда әртүрлі себептерден болып жататын қателіктер, сондай-ақ жайсыздықтардың бірі – қазақ тілінің фонетикалық заңдылықтары тәртібінің бұзылуы болып табылады.

Ең қажеттісі – сөз техникасын меңгеру. Яғни, сөзбен жұмыс істеу. Дауысты және дауыссыз дыбыстармен жаттығулар жасау өте пайдалы. Мысалы, алдыңғы сөз дауысты дыбыспен аяқталатын болса, келесі сөздің басындағы дауыссыз дыбыстар ұяң дауыссыз дыбыстарға айналады. Мысалы: Ай қабақ – Айғабағ, Қазақстан қаласы – Алматығаласы.

Сөз басында келген дауысты дыбыстар алдындағы қатаң дауыссыз дыбыстарды ұяң дауыссыз дыбыстарға жұмсартады. Сөйтіп, қатаң дауыссыздар ұяң дауыссыз дыбыстар болып естіледі. Мысалы: Қожақұл – Қожағұл, Сексеуіл – Сегсеуіл.

Қазақ тіліндегі ұ, ү, о, ө еріндік дауысты дыбыстары сөз басында да, бірінші буында да, кейінгі буындарда да кездеседі. Олар ы, і, е езулік дауысты дыбыстары, ұ, ү, ө еріндік дауысты дыбыстарына жуықталып айтылады. Мысал келтіретін болсақ, өнер – өнөр, күшік – күшүт. Екі сөзде немесе сөз тіркесінде дауысты дыбыстар қатар келсе, онда соңғы дауысты дыбыс алдыңғы дауысты дыбысты жұтып қояды. Мысалы: Келе алмады – Келалмады,

Көре алмады – Көралмады.

«Түсінік тақтасы»

Сөз қолданыс — сөйлеу үстінде сөзді талғап-таңдап дұрыс қолдана білу дағдысы. Сөзді дұрыс қолдану сөз мағынасының дәлдігін, айқындығын сақтаудан, сөзді, оның тәсілдерін орнымен ұқыпты жұмсаудан көрінеді. Сөз қолданыста жалпы халықтық тіл үлгілеріне негізделген әдеби тіл нормаларын және тіл мәдениеті шарттарын сақтау талап етіледі.

III. Қорытынды

Сабағымызды БББ кестесімен түйіндейік

Білемін	Білдім	Білгім келеді

9-қосымша

Астана қаласы №21 орта мектебінің орыс сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жусанбаева Жанна Аскербековна әзірлеген оқушылардың сауаттылығын қалыптастыру арқылы когнитивті қабілетін арттыруға арналған әдістемелік құралынан

ТАПСЫРМАЛАР:

1. а/ Мәтінді тыңда, оқы.

Менің анам – сұлу анам.

Менің анам өте жақсы адам. Мен анамды сыйлаймын. Анам маған өзінің ақылын айтып отырады. Анамның айтқандарын үнемі тыңдаймын. Менің әрбір істеген ісімді анам үнемі қадағалап, дұрыс бағыт беріп отырады. Менің анамның бойы ұзын, шашы қалың. Ол күнде шашын өріп жүргенді ұнатады.

ә/ Диалогты толықтыр

- Алматы, әкең туралы не айта аласың?

- ...

- Әкеңнің айтқандарын тыңдайсың ба?

- ...

- Әкеңнің сыртқы келбетін сипаттап бере аласың ба?

- ...

б/ Сөйлемдерді орын тәртібімен сәйкестендір.

Ол күнделікті шашын өріп жүргенді ұнатады.

Анамның айтқандарын үнемі тыңдаймын.

Менің әрбір ісімді анам үнемі қадағалап, дұрыс бағыт беріп отырады.

Менің анам өте жақсы адам.

Мен анамды сыйлаймын.

Анам маған ақылын айтып отырады.

Менің анамның бойы ұзын, шашы қалың.

2. а/ Мәтінді тыңда, оқы.

Мен әжеме еркелеймін

Менің нағашы әжем бар. Ол мейірімді жан. Мен нағашы әжеме үнемі еркелеймін. Әжем мені бірде «құлыншағым» дейді, енді бірде «қошақаным» деп еркелетеді. Мен әжеме көмектесемін. Осы кезде әжем мені «қолғанатым менің» деп еркелетеді. Мен мектептен келген сайын әжем бауырсақ пісіріп қояды. Әжемнің бауырсағы өте дәмді. Мен әжемнің бауырсағын сүйсініп жеймін.

ә/ Диалогты толықтыр

- Әсел, сен «ерке» деген сөзді түсінесің бе?

- ...

- Сен үйде кімге еркелейсің?

- ...

- Анаң сені қалай еркелетеді?

- ...

-

б/ Сөйлемдерді орын тәртібімен сәйкестендір.

Мен әжемнің бауырсағын сүйсініп жеймін.

Мен әжеме үнемі еркелеймін.

Мен мектептен келген сайын әжем бауырсақ пісіріп қояды.

Мен әжеме көмектесемін.

Әжем мені бірде «құлыншағым» дейді, енді бірде «қошақаным» деп еркелетеді.

Осы кезде әжем мені «қолғанатым менің» деп еркелетеді.

Менің нағашы әжем бар.

Әжемнің бауырсағы өте дәмді.

Ол мейірімді жан.

3. а/ Мәтінді тыңда, оқы.

Көмектесейін Сізге.

Асан мектептен келе жатыр еді. Ол жолда қолында үлкен сөмкесі бар әжейді көрді. Әжейге көмектесетінін білдірді. Әжей қолындағы ауыр сөмкесін Асанға берді. Асан әжейді жолдың арғы жағына өткізді. Әжей Асанның бұл көмегіне алғыс айтты.

ә/ Диалогты толықтыр

- Ербол, сен әкеңе үнемі көмектесесің бе?

- ...

- Үлкен кісілерге көмектесе аласың ба?

- ...

- Саған адамдарға көмектескен ұнай ма?

-

б/ Сөйлемдерді орын тәртібімен сәйкестендір.

Әжей Асанның бұл көмегіне алғыс айтты.

Әжей қолындағы ауыр сөмкесін Асанға берді.

Асан әжейді жолдың арғы жағына өткізді.

Ол жолда қолында үлкен сөмкесі бар әжейді көрді.

Асан мектептен келе жатыр еді.

Әжейге көмектесетінін білдірді.

4. а/ Мәтінді тыңда, оқы

Менің досым

Менің досымның есімі – Арслан. Арслан өте ұқыпты, мәдениетті бала. Арслан волейбол спортымен айналысады. Ол кез келген іске жауаптылықпен қарайды. Мен оның осы қасиетін ұнатамын. Ол үнемі үлкендерге сәлем береді. Інілеріне әрдайым көмектеседі. Біз өте татумыз.

ә/ Диалогты толықтыр

- Әнел, сенің достарың бар ма?

- ...

- Олардың мінездері туралы айта аласың ба?

- ...

- Сенің досың қай жақта тұрады?

-

б/ Сөйлемдерді орын тәртібімен сәйкестендір.

Арслан өте ұқыпты, мәдениетті бала.

Біз өте татумыз.

Ол үнемі үлкендерге сәлем береді.

Ол кез келген іске жауаптылықпен қарайды.

Менің досымның есімі – Арслан.

Інілеріне әрдайым көмектеседі.

Мен оның осы қасиетін ұнатамын.

Арслан волейбол спортымен айналысады.

5. а/ Мәтінді тыңда, оқы

Мүшел жас

Мүшел жас – қазақ халқының адам жасын есептеу үлгісі. Дәстүрлі қазақ қоғамында баланың 13 жасқа толуы «алғашқы мүшел» делінеді. Одан кейінгі мүшел жасы әр 12 жыл қайталанған сайын есептеліп отырады. Олар: жарты мүшелге келген ұл баланы сүндетке отырғызады. Қыз баланың құлағын тесіп, сырға тағады. Мүшелден мүшелге өту аралығындағы кезеңде адамға

қауіп-қатер туындауы мүмкін. Тән мен жанның өзгеріске ұшырайтын кезі болып саналады.

ә/ Диалогты толықтыр

- Нұржан, сен қанша жастасың?
- ...
- Ата-анаң қанша мүшелден өтті?
- ...
- Мүшел жаста не істеу керек?
- ...

б/ Сөйлемдерді орын тәртібімен сәйкестендір.

Талай асуларды бағындырып, биік белестен көрінгім келеді.

Ата-анамның қолқанатымын.

Мен алғашқы мүшел жасқа келдім.

Үлкенді сыйлап, құрмет көрсету - менің борышым.

Менің жасым он үште.

6. Мақал құрастыр

Дос	мақтар	көзіңе
сыртыңнан	дұшпан	мақтар

Досы	көпті	жау	алмайды
ақылы	алмайды	дау	көпті

7. «Адасқан сөздер»

Шарты: сөздерді тіркестіріп, өлең жолын жасау

1/ Таппай, ғылым, мақтанба

2/ Баптанба, таппай, орын

3/ Шаттанба, құмарланып

4/ Босқа, ойнап, күлуге

8. Сүйікті кейіпкерім

а/ «Менің атым Қожа» фильмінен үзінді көрсетіп, сұрақтар беру

1/ «Менің атым Қожа» кітабының авторы кім?

2/ Қожаның анасының есімі кім?

3/ Қожаның фамилиясы қалай?

4/ Қожаның арманы не?

5/ Қожаның шын аты қалай?

ә/ Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қой.

Қожа өзінің мінезін ... тырысады. Бұл әңгімеде ... балалық махаббаты да үлкен рөл ойнайды. Ол үлгілі, тәртіпті әрі сабағын үздік... Жанар деген қызды ... көреді.

Қажетті сөздер: өзгертуге, Қожаның, сыныбындағы, оқитын, жақсы.

9. Сөз құрамына сан есімдерді тауып жаз

Тү + 1 = ТҮБІР

К + ? =

Б + ? + р =

9 + құмалақ =

6+ бақан =

2 + бастұз =

К + 3 =

10. Берілген әріптерден сөздер құрау

Ә, З, Ө, Ң, А, Е, Т, Қ, Ғ, С, І, К

11. «Полиглот» жұмбақ жасыру

Жұмбақ оқытылады, жауабын үш тілде айту

Мысалы,

Аяз қысып,

Өрнек сызып,

Терезені торлайды,

Қарға омбып,

Бет домбығып,

Сырғанап балалар ойнайды.

/қыс-зима-winter/

12. «Блиц-турнир» сұрақтары

1/ Абайдың шын аты

2/ Астананың символы не?

3/ Ыбырайдың өлеңі

4/ Көп тіл білетін адамды қалай атайды?

5/ Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады?

6/ Алғашқы қазақ мектебін ашқан кім?

7/ Ұлттық валютамыз

13. «Ыстық орындық»

Тапсырма: орындыққа бір оқушы отырады. Оқушылар авторға сұрақ қояды. Мысалы, ..

- Үй шаруасымен кім айналысады?

- Анаң қайда жұмыс істейді?


- Әкең үйде не істейді?

- Сен үй шаруасына қалай көмектесесің?

- Демалыс күндері не істейсіңдер?

14. «Венн» диаграммасы

Б.Соқпақбаевтың шығармасы «Менің атым Қожа» кейіпкерлеріне мінездеме



14. Кубизм стратегиясы арқылы «Кім жылдам?» ойыны

а/ Етікші аспабымен омонимдес есімдік /біз/

ә/ Оңынан да, солыңнан да оқысан, сан /қырық/

б/ Алғашқы буыны жіңішке дауысты, екінші буын – есімдік. Бұл қандай ағаш?

/емен/

15. Кубизм әдісі. Ы.Алтынсарин «Әке мен бала»

Суреттеңіз	Әке мен балаға мінездеме
Салыстырыңыз	Бала әрекетін өз ісіңмен салыстыр
Қарсыласыңыз	Баланың немесе әкесінің ісіне қарсы шығу
Қолдаңыз	Әкенің емесе баланың ісін қолдау
Ойға байланыстырыңыз	Жазушы не ойластырды? Неге үйретті?
Түйін жасаңыз	Әңгіменің идеясына мақал келтіру

16. Мақал-мәтелдердің орысша баламасын тауып, мағынасын ашу

Ас – адамның арқауы.	И вода еда, если от души подана.
Сыйлап берсе, суын іш.	Сытому не понять цену куска хлеба.
Ас қадірін тоқ білмейді.	Праздничные блюда – самые изысканные блюда.
Той тамағы тәтті.	Еда придает человеку силы.

17. «Наурыз» тақырыбына филворд шешу, сөздер табу

Н	А	У	Р	Ы	З
А	Қ	Ы	З	Ғ	А
Л	Қ	Ы	М	Ы	Л
Т	Б	А	Т	З	Д
Ы	И	Ғ	А	Т	А
Б	А	Қ	А	Н	Қ

10-қосымша

Ақмола облысы Ақкөл ауданы Амангелді негізгі мектебінің «География» оқу пәнінің мұғалімі – Теменов Абылайхан Оралбайұлы әзірлеген

Ауылым – алтын бесігім

(туристік-өлкетанулық бағыттағы үйірме)

Өлкетану – белгілі бір жердің, қаланың, елді мекеннің бір бөлігін оқып білу. Мұндай жұмыспен жергілікті тұрғындар айналысады, себебі бұл аймақ білім алушылар мен мамандар үшін (тарихшылар, биологтар, геологтар, архитекторлар, этнографтар, экологтар) туған өлке болып саналады. Өлкетану жұмыстарында оқушылар бұл жерлер қандай тарихи оқиғамен, қандай салт-дәстүрмен, қай кезеңмен байланысты екенін оқушылардың білуі маңызды шаруа. Өз өлкесінің бұрынғы және қазіргі өмірін білу, өлкенің жаңаруына тікелей ат салысуымыз үшін қажет, өйткені туған өлке – шегі жоқ әлемнің бір бөлігі. Өлкетану отансүйгіштік сезімді – Отанға деген терең махаббатты тудырады. Бұл оқушының өзінің бір нақты Қазақстандық ұлт өкілінің қатарына жататындығын түсінуіне және ол үшін мақтаныш сезімінің туындануына көмектеседі.

Туған өлке әрбір адамға ыстық өлке болуымен қатар, халқымыздың басынан кешкен сан ғасырлық тарихтан сыр шертетін асыл мұра. Кең байтақ қазақ жерінде қаншама аңыз-әңгімелер, оқиғалар жатыр десеңізші. Әрбір қарапайым адамның өмірінен тамаша туынды жазуға болатын болса, ел мандайына біткен ерекше тұлғалар, ел бастаған, қол бастаған қанша азаматтар туралы ақиқат, сыр кең дала қойнауында. Міне сондықтан, туған жердің тарихын, мәдени ескерткіштерін, табиғи ерекшеліктерін білуге деген қызығушылығы артуда, сол себепті мектепте туған өлке жайлы терең білім беру және туған өлкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеудің маңызы аса зор.

Өлкетану бағытындағы үйірме жұмысының бағдарламасы:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйегіндегі №399 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 21.11.2022ж. № 467 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздеріне» негізделіп әзірленді.

«Ауылым – алтын бесігім» атты туристік-өлкетану бағытындағы үйірме жұмысы негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сынып білім алушыларына арналған.

Аптасына – 1 сағат. Жылдық жүктеме – 36 сағат.

Үйірме бағдарламасының мақсаты – білім алушыларды туған өлкенің тарихымен, табиғат ресурстарымен, танымал ақын-жазушыларымен таныстыру арқылы, туған өлкеге деген сүйіспеншіліктерін, мақтаныш сезімдерін арттыру.

Міндеттері:

- өлкетану туралы қоғамның тарихи және мәдени даму субъектісі ретінде идеялар қалыптастыру;

- туған жердің табиғаты, халқының тарихы, мәдениеті, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі туралы білімдерін тереңдету;

- кіші Отанға құрметпен қарау және патриотизм сезімдерін дамыту;

- өз өлкесінің тарихи мұрасына, тарихына, мәдениетіне, табиғатына құрметпен және ұқыпты қарау сезімдерін қалыптастыру;

- балалардың бойында бақылау, тәуелсіздік және бастамашылдықты дамыту;

- өлкетану арқылы білім алушылардың әлеуметтенуіне жағдай жасау.

Бағдарламаның негізіне алынған негізгі принциптер:

• әр баланың жеке ерекшеліктерін ескеретін және олардың дамуына қолайлы жағдай жасайтын қол жетімділік қағидаты;

• мұғалім мен білім алушының ынтымақтастығын білдіретін демократиялық принципі;

• тәжірибемен дәлелденген ғылыми дереккөздерден материалдарды іріктеуді көздейтін ғылымилық принципі;

• бағдарламада белгілі бір жүйеде берілген білімді жинақтау, оны күнделікті өмірде қолдана білу қарастыратын жүйелілік және дәйектілік принципі.

Үйірме жұмысының барысында қолданылатын әдіс-тәсілдер

Әдіс-
тәсілдер

Мүмкіндіктер

Ауызша

Әңгіме, хабарламалар жасау – бұл әдістер балалардың теориялық білімін байытуға септігін тигізеді, жаңа ақпарат көзі болып табылады

Көрнекілік

Суреттерді, плакаттарды, макеттерді, схемаларды, коллекцияларды, иллюстрацияларды көрсету. Нысандарды неғұрлым жан-жақты зерттеуге мүмкіндік береді, ауызша әдістерді толықтырады, балалардың ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді

Практикалық

Сызбалар, плакаттар, схемалар, практикалық жұмыстар әзірлеу. Теориялық білімді тәжірибеге аударуға, балалардың дағдылары мен қабілеттерін дамытуға ықпал етуге мүмкіндік береді

Бағдарлама балалардың жасы мен психологиялық ерекшеліктерін, үйірме курсының ерекшелігін ескере отырып, зерттеу, экскурсия, топтық жұмыс, пікірталастар, саяхаттар, әңгімелер, викториналар, қызықты адамдармен кездесу, конкурстар, көрмелер, жорықтар сияқты сабақтар өткізуді қарастырады. Жұмыстың бұл түрлері балалардың халықтың мәдени мұрасына, оның құндылықтарына қатысын сезінуіне мүмкіндік береді.

«Ауылым – алтын бесігім» үйірме жұмысы бағдарламасының мазмұны.

Табиғат ресурстары. Өлкеде өсетін ағаш түрлері; шөптесін өсімдіктер; өсімдіктердің қолданылуы.

Су ресурстары. Өзен-көлдерге, томарлар; тіршілік иелері; саяхатқа қажетті құрал-жабдықтар.

Ауылдың пайда болу тарихы. 20-шы ғасырдағы ауыл; «тың» игеру кезіндегі ауыл; ауылдың қазіргі жағдайы; ауылда өмір сүретін ұлт өкілдері.

Көп ұлтты ауылым. Ұлт өкілдері; салт-дәстүрлері; белгілі адамдардың өмір жолы.

Топонимдер. Жер-су атауларының шығу тарихы; «Аққуатқан», «Шоқтас», «Өкіншік», «Жыланды» және т.б.; суретті кітапшалар.

Киелі орындар тарихы. Киелі жерлер санатындағы жерлер; «Қазы батыр»; «Ханым сүйегі» атауларының тарихы.

Р/с	Сабақтың тақырыбы	Жұмыс түрлері	Сағат саны	Уақыты
1	Кіріспе. Өлкетану – туған өлке туралы ғылым	Үйірме жұмысының мақсатымен және міндеттерімен таныстыру. Жыл бойы орындалатын жұмыс түрлері туралы ақпарат беру	1	
2, 3	Табиғат ресурстары	Саяхатқа шығу арқылы ауыл маңында өсетін өсімдіктер әлемімен танысу (қарағай, шырша, қайың, көктерек, бұталар). Шөптесін өсімдіктермен танысу. Олардың қолданылу аясы туралы білу	2	
4, 5	Су ресурстары	Ауыл маңындағы өзен көлдерге саяхат жасау. Өзен-көлдердегі тіршілік иелері туралы ақпарат беру. Саяхатқа баруға қажетті құрал-		

		жабдықтарды жинау әдісі		
6	Қазақстан ауылының пайда болу тарихы	Туған ауылымыздың пайда болу тарихымен танысу. 20-	1	

кестенің жалғасы

		-ғасырдағы ауылдың тұрмыс-тіршілігімен танысу.	1	
7		Ауылдың қазіргі жағдайы туралы әңгімелеу. Ауылдың әр кездердегі фото-суреттерін жинау	1	
8, 9	Көп ұлтты ауылым	Ауылда өмір сүретін ұлт өкілдерінің салт-дәстүрлерімен танысу. Танымал адамдардың өмір жолымен танысу. Кездесулер ұйымдастыру	2	
10, 11	Қол өнер, ұлттық киімдер	Ауылда өмір сүретін ұлт өкілдерінің қол өнерімен, ұлттық тағамдарымен, ұлттық киімдерімен таныстыру		
12, 13	Топонимдер сөйлейді	Ауыл маңайындағы жер-су атауларының шығу тарихы туралы аңыз-әңгімелер жинау. Суреттерімен кітапшалар әзірлеу. «Аққуатқан», «Шоқтас», «Өкіншік», «Жыланды», «Майлы кепе», «Жантық», Үстіген» т.б.	2	
14, 15	Киелі орындар тарихы	Туған өлкедегі киелі жерлер санатына қосылған жерлер туралы деректермен танысу.	2	

		«Қазы батыр», «Ханым сүйегі» атауының пайда болу тарихымен танысу		
16, 17	Өлкенің танымал ақын- жазушылары	Өлкенің танымал ақын-жазушыларының шығармашылығымен танысу. Ауыл өмірі туралы жарық көрген туындылармен танысу	2	
18, 19	Баспа бетіне үңілсек	Басылым беттерінде ауылымыз туралы жарық	2	

кестенің жалғасы

		көрген әңгімелерді іздестіру. Ауыл тарихына арналған кітаптар оқу	2	
20, 21	Өлкенің табиғат ресурстары	Өлкенің табиғат ресурстарымен танысу. Ресурстардың қолданылу аясын анықтау. Ресурстарды тиімді пайдалану жолдарын ұсыну	2	
22, 23	Өлкенің ауыл шаруашылығы	Өлкенің ауыл шаруашылығымен танысу. Ауыл шаруашылығы өнімдерін тиімді пайдалану жолдарын ұсыну	2	
24, 25	Саяхатқа қажетті заттар	Жазғы уақытта саяхатқа шығу үшін дайындық жұмыстары. Саяхатқа шығарда қажетті заттар тізімін анықтау. Заттарды рюкзакты дұрыс салып үйрену	2	
26, 27	Шатыр орнату	Шатыр орнату шарттары. Шатыр орнатуды және жинауды үйрену	2	
28- 30	Су қоймасына саяхат	Ауылға жақын орналасқан су қоймасына (Майлы кепе) саяхат жасау.	2	

			Су қоймасының қоректену көзін анықтау. Маңайындағы өсімдіктердің түрлерін анықтау		
32	31-	Көлге саяхат	Ауылға жақын орналасқан көлге (Аққуатқан) саяхат жасау. Көлдің атауының шығу тарихын еске түсіру. Көлдің қоректену көзін анықтау. Көлдегі тіршілік иелерімен танысу. Маңайындағы өсімдіктердің түрлерін анықтау	2	
34	33-	Табиғат аясына саяхат	Ауыл маңындағы орман алқабына саяхат жасау	2	

кестенің жалғасы

			барысында табиғат аясындағы мінез-құлық ережелерін қайталау. Жергілікті жердің өсімдіктерімен танысу.		
36	35-	Қайталау		2	

Күтілетін нәтиже:

- өз Отанын, туған өлкесін сүйетін, оның тарихын, тілін, әдет-ғұрпын құрметтейтін тұлға тәрбиеленеді;
- оқушылардың туған өлкеге деген қадір-құрметін оята отырып, сол арқылы туып-өскен өлкеге, Отанға деген сүйіспеншілік қалыптастырады;
- оқушылар мүмкін болғанша зерттеу жұмыстарына қатысады;
- бірегей тұлғаларды үлгі – өнеге тұтуы;
- бірегей сәулет өнерін қастерлей білуі;
- туған жерге перзенттік парызды түсінуі;
- тарихи-өлкетану жұмыстарының мақсаттарымен таныс болуы;
- оқушыларда қоршаған ортаны бақылай алу білігі қалыптасады, олардың күнделікті қажетті істерге қатысу қабілеті дамиды;
- алынған материалдың осы өлке тарихына ортақ, аса маңызды және де оқушылардың бүкіл еліміз тарихымен қоса түсінуі;

- оқушылар зерттеушілік жұмыстарға қатысып тәжірибе жинақтап оны меңгеруі;

- жерлес ақын-жазушылар, суретшілер туралы нақты материалдар жинақтап, арнайы альбом әзірлеу, мұражайдың танымал жерлестерге арналған бөлімін толықтыру қажет.

11-қосымша

«Туризм мектебі» үйірмесінің үлгі бағдарламасы

Түсінік хат

Туризм – ең тиімді, қызықты, пайдалы спорт түрлерінің бірі болып табылады. Қозғалыс, таза ауа, дене жүктемесі, өзара қарым-қатынас – бұл дені сау бала тұлғасын қалыптастыру және нығайту үшін өте қажет.

Балалық шақ ерекшелікке, әр түрлі оқиғаларға және қиял әлеміне ұмтылумен сипатталады. Туризм – балалардың қажеттіліктерін табиғи түрде қанағаттандыруға бағытталған тәсіл түрі. Жорық барысында балалар мектептегіден мүлде басқа жақтарынан ашылады. Осыған байланысты жорық мұғалім үшін аса құнды, өйткені ол балалардың әрқайсысының табиғатын жақсы түсініп, балаға ықпал ететін жолды табуына мүмкіндік береді. Шынайы өзара түсіністікке және балалар арасында өзара қарым-қатынас орнатуға ықпал етеді. Табиғатта өткізген бірнеше күн балаларға қарым-қатынас саласында мектеп қабырғасында өткізген бір жылдан гөрі көп нәрсе берері сөзсіз.

Мектептегі оқу-тәрбие жұмысының туристік-өлкетанулық бағыты бала өмірінің эмоционалды жарқын және өте мағыналы жағы болып табылады. Жұмыстың бұл түрі: өскелең ұрпақтың денсаулығын нығайтуға, жан-жақты тәрбиелеуге, азаматтық мен патриоттық сезімін қалыптастыруға ықпал етеді.

Әсіресе, қазіргі уақытта оқушылардың денсаулығын нығайту үшін дене белсенділігін мөлшерлеу, еліміздің ең әдемі жерлерімен, бай табиғатымен таныстыру және табиғатпен тікелей байланыс жасау өзекті болып отыр.

Бағдарламаның теориялық маңызы мектеп туризмін ұйымдастыруға бағытталған негізгі теориялық принциптердің болуынан туындады. Бағдарламаның практикалық маңызы ұйымдастырудың әрбір қағидаты нақты практикалық ұсынымдармен сүйемелденуі және әлеуметтік өмірдің қазіргі заманғы ерекшеліктеріне лайықты мектеп туризмін ұйымдастыру арқылы іске асырылуы мүмкін болып табылады.

Бағдарламаның жаңашылдығы – мазмұны экологиялық және туристік дағдыларды қалыптастыруды ұсынады (рекреациялық табиғатты басқару нормалары мен ережелері), негізгі білім негізінде жас туристер арасында экологиялық білімді қалыптастыру болжанады.

Бағдарламаның мақсаты:

Дене белсенділігі – туризм балалар мен жасөспірімдерді туристік қызметке тартуға, оларға тұрақты жаттығулардың пайдалы екендігін түсінуге мүмкіндік береді.

Денсаулықты сақтау – спортпен шұғылданатын барлық ұйымдардың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл балаларды өз денсаулығын сақтау мақсатында туризммен айналысуға ынталандырады.

Қоғамдық белсенділік – спорттық тәсіл бағдарламасын іске асыру барысында команда құру және қоғамдық белсенділік. Бұл бағдарлама команданың әр мүшесі үлкен мәнге ие екендігін көрсетеді. Туризмді командалық спорт ретінде насихаттау балаларды бірлесіп жұмыс істеуге және ынтымақтастықтың маңыздылығын түсінуге ынталандырады. Туризм білім беру мүмкіндіктерін арттырады.

Бағдарламаның тәрбиелік міндеттері:

- қоршаған ортаны құрметтеу және табиғатқа деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу;

- таза ауадағы спорттық ойындар арқылы организмді шынықтыру, жорық барысында кездесетін экстремалды жағдайларды жеңе білу, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Білімдік міндеттер:

- туристік тәсілдер мен дағдыларды меңгерту;
- ғылыми-зерттеу ізденіс жұмыстарына тарту;
- күнделікті өмірде экологиялық білімді қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

- өмір қауіпсіздік ережелерін практикалық қолдану;

- өлкетану саласындағы білімді қолдану.

Бағдарламаның негізгі принциптері:

1. «Қауіпсіздік» – балалар табиғат аясында болған уақытта өздерін үнемі қауіпсіз сезінулері тиіс. Жаттығу алаңы жолдармен, қоршаумен және т.б. шектелуі тиіс, картада соқпақ жолдар мен жолдардың дамыған желісі белгіленуі тиіс; арақашықтық негізінен сызықтық және қысқа болуы тиіс.

2. «Бірізділік немесе біртіндеп» – компаспен және картамен жүгіруге қажетті кез келген шеберлікті меңгеру үшін балаларға ұзақ уақыт қажет. Сондықтан асықпау қажет. Қажетті білім мен дағдылар:

- бағдардың мәні туралы түсінік (көне заманнан бүгінгі күнге дейін);

- спорттық бағдарлау;

- спорттық карта;

- масштаб;

- спорттық картаның шартты белгілері;

- көкжиек жақтары;

- компас;

- компастың көмегімен бағытты анықтау;

- картадағы қозғалыс және т.б.

Бағдарламаны жүзеге асыруға қажетті құралдар:

Саяхаттар туралы әдебиетті іріктеу және оқу. Турист күнделігін жүргізу. Саяхат туралы теледидар бағдарламаларын көру. Балаларды ойын идеясын әзірлеуге тарту. Ертегілер мен көркем әдебиет элементтерін оқуға енгізу. Балалардың саяхат тәжірибесін қорыту және сөйлесулер мен ойын тапсырмаларын орындау кезінде олардың қызығушылықтарын анықтау. Туристік жорыққа шығуға дайындық және оны өткізу бойынша тапсырмалар.

Оқу және жаттығу бағдарламалары. Балалардың физикалық дайындықтарын тексеру. Дамыту жаттығулары кешендері. Оқу материалын түсінуіне бағытталған міндеттер. Кедергілер алабы.

Денсаулықты сақтау және нығайту туралы әңгімелер. Балалардың отбасындағы денсаулығын талқылау және түзету жөніндегі тапсырмалар. Дене қасиеттерін дамыту. Туристік жорық барысында болуы мүмкін жарақаттар мен аурулардың алдын алу жөніндегі шараларды талқылау. Алғашқы медициналық көмек көрсетудің қарапайым әдістерін меңгеру тапсырмалары.

Оқу жүктемесі аптасына – 1 сағат, жылына – 36 сағат.

Бағдарламаның күнтізбелік-тақырыптық жоспары

с	Р/ тақырыбы	Сағ ат саны	Уақыт ы	Сабак барысында орындалатын жұмыстар
Кіріспе (2 сағат)				
1	Туризм және денсаулық	1		Туризм және үйірме жұмысы, адам үшін туризмнің маңыздылығы туралы әңгімелесу. Туризм түрлері, жорықтың ерекшеліктері.
2	Туризм және денсаулық	1		Қызықты жорықтар мен саяхаттар туралы әңгімелер («Туризм» тақырыбындағы презентация). Туристтер заңдары.
Топограф әліппесі (4 сағат)				
3	Топограф әліппесі. Компас.	1		Компасты қолдану жолдарымен таныстыру.

				Компастың құрылысымен танысу. Компастың көмегімен көкжиек тұстарын анықтау
4	Көкжиек тұстары	1		Күннің көзінің, жұлдыздардың және жергілікті басқа да белгілер арқылы көкжиек тұстарын анықтауды үйрену
5-6	Топографиялық карта	2		Топографиялық картамен танысу. Топографиялық белгілердің көмегімен картаны оқу. Топографиялық картаның көмегімен қашықтықты өлшеуді үйрену
Спорттық-туристік эстафета (2 сағат)				
7-8	«Күзгі марафон»	2		Аталған іс-шараның

кестенің жалғасы

	спорттық-туристік эстафетасы			мақсаты балалардың қозғалыс белсенділігіне, қозғалыс пен қарым-қатынастың құндылығы мен қуанышына деген ұмтылысын ынталандыру, сондай-ақ оқушылардың мектептің спорттық және туристік өміріне қатысы бар сезімін қалыптастыру болып табылады.
Турист гигиенасы және дәрігерлік көмек (4 сағат)				
9-10	Турист гигиенасы	2		Туристің жеке Жорық гигиенасы.

				кезінде турист кию тиіс аяқ киім түрлері. Аяқ және аяқ киім күтімі. Туристің киімдеріне, төсектеріне, тағамдарына қойылатын гигиеналық талаптар.
12	11- көмек	Дәрігерлік	2	Алғашқы медициналық көмек көрсету негіздері. Жорық барысында суға түсу. Қысқы жорықта салқындау мен үсіктің, жазғы жорықтарда суықтың алдын алу. Зардап шегушіге алғашқы көмек және алғашқы медициналық көмек қобдишасын ұстау. Әр түрлі жарақаттар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету. Зардап шегушіні тасымалдау жолдары.
14	13- жұмыс	Практикалық	2	Бұрын алған білімін бекіту. Бұрын зерттелген тақырыптар бойынша практикада білімді тестілеу
16	15- жүру	Шаңғымен	2	Жергілікті жерде шаңғымен жүру, Жалпы шыдамдылықтың, негізгі

кестенің жалғасы

				физикалық қасиеттердің дамуы; командалық, өзара көмек сезімін тәрбиелеу.
Туристік жабдықтар (4 сағат)				
18	17- жабдықтар	Туристік	2	Туристердің топтық, жеке және арнайы құрал-жарақтары туралы түсінік беру. Жабдықтардың заттарына

				қойылатын негізгі талаптар: жарықтық, беріктік, пайдалану және тасымалдау ыңғайлылығымен таныстыру. Жаяу жүргінші туристің жеке және топтық жабдықтарының негізгі заттарының тізбесі, әрбір затқа қойылатын талаптармен таныстыру
19-20	Рюкзак жинау	2		Рюкзакты дұрыс жинау жолдарымен таныстыру. Саяхатқа қажетті заттарды дұрыс іріктеу жолдарымен таныстыру. Практикалық жұмыс: рюкзак жинау
Туристік бивак (2 сағат)				
21	Туристік бивак	1		Туристік бивак ұғымы. Туристік аялдама және бивак дегеніміз не? Туристік аялдама және туристік бивак орындарына қойылатын негізгі талаптар
Туристік бивак – адамдардың табиғи ортада демалуына арналып жабдықталған орын. Бивакты ұйымдастыру табиғи ортада ұзақ уақыт болу қажеттілігіне, табиғи кедергілерді еңсеруге байланысты спорттың қажетті және міндетті элементі болып табылады				
22	Аялдаманы, бивакты жоспарлау	1		Бивактағы тұрмыстық жұмыстардың түрлері мен өндірісі (бивакты бүктеу және жаю). Бивак бойынша кезекшілік кестесін жасау
кестенің жалғасы				
Жаяу саяхат (2 сағат)				
23-24	Жергілікті жерде жаяу саяхат	2		Білім алушыларды жергілікті жердің

				ерекшеліктерімен таныстыру
Шатыр орнату (3 сағат)				
25	Шатыр орнату	1		Шатыр орнату ережелерімен таныстыру
27	26- Шатыр орнату (практикалық жұмыс)	2		Шатыр орнатылатын орынды таңдау. Шатырды жылыту жолдарын көрсету. Жаңбыр болған жағдайда шатырды орнату және жаңбыр суының шатырдың ішіне түспеу жолдарын көрсету
От жағу (3 сағат)				
28	От жағу ережелері	1		От жағу ережелерімен таныстыру
30	29- От жағу (практикалық жұмыс)	2		От жағу ережелерін қайталау. От жағуға қолайлы орынды таңдау әдісі. Отты дұрыс сөндіру тәртібі. Алау түрлері және олардың мақсаты. Кемпірқосақ жабдықтары. Отынды іріктеу және жинау. Аяқ киім мен киімді кептіру. Өрттің алдын алу жөніндегі іс-шаралар
Тағамдар (2 сағат)				
32	31- Саяхатқа қажетті тағамдар	2		Туристік саяхат барысында қажет болатын тағам түрлерімен және олардың пайдасымен таныстыру. Жорықта тамақтану. Жорыққа шығуға арналған азық-түлік тауарларының шамамен алынған жиынтығы. Бұйымдарды буып-түю, орау және тасымалдау. Мәзір дегеніміз

кестенің жалғасы

				не, ол қалай құрастырылады. Суды таңдау және залалсыздандыру
Туристік саяхат (4 сағат)				
36	33- Туристік саяхатқа шығу	4		Жорықтық сапарларды ұйымдастыру және өткізу қағидалары. Білім алушылармен жорықтық сапарлар мен экскурсияларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық өткізу. Топ құрастыру. Мақсат-міндеттері. Топтағы міндеттерді бөлу. Туристік топ командирінің, шаруашылық жетекшісінің, өлкетанушының, аға экскурсоводтың және басқа да жауапты адамдардың міндеттері. туристік саяхат барысында бұрын алынған білімдерді тексеру

12-қосымша

«Бастапқы техникалық модельдеу» үйірмесінің үлгі бағдарламасы

Түсінік хат

«Бастапқы техникалық модельдеу» үйірмесінің бағдарламасы бастауыш білім беру деңгейінің 4-сыныптарына және негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6-сыныптарына арналған.

Бастапқы техникалық модельдеу үйірмесі арнайы жабдықталған жеке кабинет немесе күрделі технологиялық жабдықтарды қажет етпейді, сабақтар мектептің сыныптарында, шеберханасында өткізілуі мүмкін.

Бастапқы техникалық модельдеу – балалардың техникалық шығармашылығындағы алғашқы қадам болып табылады. Балалар үшін ең қолжетімді бола тұра, бастапқы техникалық модельдеу қажетті эмоцияға, тартымдылыққа ие.

Оқу-тәрбие процесі балалардың жасына және психологиялық мүмкіндіктері мен ерекшеліктеріне сәйкес құрылады, бұл сабақтың уақыты мен режимін сақтауды қарастырады.

Бағдарлама жеке шығармашылық қабілеттерді дамытуға, әртүрлі күрделіліктегі модельдерді жасау процесінде тәжірибе жинақтауға, алынған білімді және алған еңбек дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, оқушылар мектепте оқытылатын пәндер туралы қосымша ақпарат алады.

Үйірмеге отбасында, мектептегі еңбек сабақтарында белгілі бір дағдыларды меңгерген балалар қатыса алады. Сонымен қатар, үйірме әр түрлі жастағы балалардың ұжымда өзара әрекеттесуі арқылы әлеуметтенуіне жағдай жасайды. Күнделікті өмірге қажетті білім алуға және дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Бағдарламаның мақсаты – бала тұлғасын еңбекке оқыту және тәрбие беру арқылы үйлесімді дамыту; патриоттық және эстетикалық тәрбие беру; ойлау мен шығармашылық әлеуетін дамыту.

Бағдарламаның міндеттері:

- балалардың бойында техникалық шығармашылыққа деген қабілеттерді дамыту;
- қағаз, картон және басқа материалдармен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын үйренуге жағдай жасау;
- шығармашылық белсенділікті дамыту;
- балаларды сайыстық және ойын іс-шараларына тарту;
- күрделі композициялар жасауға үйрету арқылы балалардың топтық ынтымақтастығын дамыту;
- балалардың дизайндық қабілеттерін, шығармашылық және техникалық ойлау қабілетін дамыту;
- өзін-өзі анықтауға, әлеуметтік бейімделуге жәрдемдесу;
- тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру;
- әлеуметтік құнды мінез-құлық, қарым-қатынас дағдыларын дамыту.

Бағдарламаның мазмұны

Кіріспе сабақ (1 сағат).

Үйірменің міндеттері мен үлгілік жұмыс жоспары. Қауіпсіздік шаралары және үйірмедегі мінез-құлық ережелері туралы әңгімелесу. Қолданылатын құрал-жабдықтар, олардың қолданылу аясы. Қауіпсіз жұмыс тәсілдері.

Қарапайым модельдер (16 сағат).

Тегіс бөлшектерден макеттер, модельдер мен ойықтар жасау. Жиһаз. Қолөнер бұйымдарымен ойындар мен жарыстар өткізу.

Оқушыларды түрлі үлгілермен таныстыру, олармен әр түрлі қолөнер үлгілерін жасауға болады. Үлгілерді пайдалана отырып, маркілеу түрлері мен тәсілдері. Қағаздан жасалған бұйымдар мен жекелеген бөлшектерді бір қабат етіп өндіру және екі есеге бүктеу. Желімнің көмегімен, «құлыптағы» саңылау тәрізді буындардың көмегімен жалпақ бөлшектерді бір-бірімен қосу (құрастыру). Қайшымен қауіпсіз жұмыс істеу ережесі.

Практикалық жұмыс.

Жиһаз модельдерін құрастыру.

Жасалған модельдерді көрсету және өз жобасын қорғау.

Қарапайым үш өлшемді макеттер мен ойыншықтар әзірлеу. Ойындар мен жарыстар (13 сағат).

Практикалық жұмыс. Ең қарапайым батпырауықтың құрастыру. Қорап тәріздес (ромб тәріздес) батпырауық әзірлеу. Әзірленген батпырауықтарды ұшыру.

Дайын бөлшектер жиынтығымен жұмыс істеу. Техникалық ойындар мен жарыстар (6 сағат).

Конструктор жиынтықтарынан модельдер әзірлеу. Жинау технологиясы. Сызбаларды қолдану арқылы жинау. Жиналған модельдерді көрсету және қорғау.

«Бастапқы техникалық модельдеу» бағдарламасын игеру нәтижесінде оқушылар:

- түрлі құрал-жабдықтармен жұмыс істеу барысындағы техника қауіпсіздігі ережелерін;

- сызбалармен және үлгілермен жұмыс істеу кезінде қолданылатын кесу сызығы, оймалау, бүктеу, бекіту, желім жағу тәрізді шартты белгілерді;

- ағаш ұстасының арнайы құралдарының атаулары мен қосымшаларды;

- техниканың әр түрлі түрлері, көлік туралы жұмбақтарды;

- кейбір қарапайым техникалық объектілерді пайдалану және жайластыру принциптерін;

- ұжымдық еңбектің маңызы, адамдардың өндірістегі қарым-қатынасы туралы біледі;

- қағаз бен картонды өңдеудің, макеттерді желімдеу арқылы құрастырудың әдістері мен тәсілдерін;

- қағаз бен картонды өңдеуге арналған қол құралдарының атаулары мен мақсаты және оларды қауіпсіз пайдалану және әр түрлі материалдарды өңдеу кезінде жеке гигиена ережелерін;

- адамның іс-әрекеті мен өз іс-әрекетінің салдарын дұрыс бағалауды меңгереді;

- сұлба, нұсқа макет, үлгі, сурет туралы түсінік қалыптасады;

- жауаптылық, достық, көмекке ұмтылу, өзін-өзі және басқаларды бағалау сияқты қасиеттер қалыптасады.

13-қосымша

Ақмола облысы Степногорск қаласы білім бөлімі бойынша «Қаныш Сәтбаев атындағы №9 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің информатика пәні мұғалімі Қайролла Жазира Асылбекқызы әзірлеген жаратылыстану және технологиялық бағыттағы орталықтың жабдықтарын пайдалана отырып, «Python тілінде бағдарламалау негіздері» сабақтан тыс іс-шаралар курсының жұмыс бағдарламасы.

Түсінік хат

Бағдарлама Д.П. Кириенко «Основы языка программирования Python», М.: Бином, 2014 г., курсы бойынша жасалған және youtube.com Үздік Білім каналының сабақтары қосылған. 8-9 сынып оқушыларына арналып жасалған курс.

Бұл бағдарлама оқушылардың логикалық ойлауына, болашақта ІТ мамандығына қызығушылық арттыруға, PYTHON бағдарламасын оқып үйреніп, есептерді шығаруға үйретеді

Бұл курстағы сабақтар студенттердің жалпы ғылыми дайындығына, олардың ойлауын, логикасын, математикалық қабілеттерін, зерттеушілік дағдыларын дамытуға арналған.

Курс Python тілінде бағдарламалау негіздерін үйренуге бағытталған. Курс шеңберінде студенттер физикалық, техникалық және математикалық ұғымдармен таныса алады. Алынған білім шығармашылық жобаларда қолданылады.

Курстың өзектілігі:

- тұлғаның, мемлекеттің, қоғамның дамуының аса маңызды стратегиялық ресурсы ретіндегі ақпарат туралы идеяларды дамыту арқылы ғылым мен әлеуметтік тәжірибенің қазіргі даму деңгейіне сәйкес келетін тұтас дүниетанымды қалыптастыру; қазіргі әлемдегі ақпараттық процестердің рөлін түсіну;

- информатика және АКТ саласындағы қызметтің жаңа білімдерін, дағдыларын және әдістерін меңгеру және жүйелеу және жалпылау процесінде ақпаратпен жұмыс істеудің жалпы білім беру және жалпы мәдени дағдыларын жетілдіру; мектеп оқушыларының өз бетінше оқу әрекеті дағдыларын дамыту (оқу жобалау, модельдеу, зерттеу әрекеті және т.б.);

- ақпаратты таратудың құқықтық және этикалық аспектілерін ескере отырып, ақпаратқа жауапты және таңдамалы қатынасты тәрбиелеу, АКТ құралдарын пайдалана отырып, білім мен шығармашылық қызметті жалғастыруға деген ұмтылысты тәрбиелеу.

Осы білім беру бағдарламасын жүзеге асыруда жабдығын пайдалану келесі жағдайларды жасауға мүмкіндік береді:

- информатика және технология бойынша мектептегі білім мазмұнын кеңейту;

- бағдарламалау саласында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру;

- информатика мен техниканы меңгеру процесінде баланың жеке тұлғасын, оның қабілеттерін дамыту, әлеуметтік маңызды қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қалыптастыру және қанағаттандыру үшін;

- дарынды мектеп оқушыларымен жұмыс жасау, олардың оқу, шығармашылық қызметтің әртүрлі салаларында дамуын ұйымдастыру.

Бағдарламаның жалпы сипаттамасы

«Python бағдарламалау тілінің негіздері» пәні бойынша бағдарлама бағдарламалау курсының барлық негізгі бөлімдерін базалық деңгейде оқып үйренуге арналған.

Ұсынылып отырған курс аясында Python тілінде бағдарламалау негіздерін оқып-үйрену болашақ кәсіби қызметке дайындық құралы емес, керісінше жаңа жалпы интеллектуалдық дағдылар мен дағдыларды қалыптастыру болып табылады: мәселені шешу кезеңдерге бөлу, алгоритм құру және т.б. Мектеп оқушыларының ой-өрісін, ақыл-ой әрекетінің әдістерін қалыптастыруда, модельдер құра білуде, есептерді шешу алгоритмдерін өз бетінше табуда және құрастыруда, оқытудың кезеңдерін нақты және нақты жүзеге асыруда бағдарламалаудың рөлі ерекше.

Осы мүмкіндіктерді мектеп оқушыларының жалпы интеллектуалдық және жалпы білім беру дағдыларын қалыптастыру үшін пайдалану оқушылардың жеке және тұлғалық даму процесін белсендіреді. Шешім алгоритмдерін құру және бағдарламалау дағдылары ақпараттық құзыреттілік элементтері болып табылады – қазіргі мектептің негізгі құзыреттіліктерінің бірі. Шешім таба білу, шешім алгоритмін құрастыру және оны бағдарламалау тілдерінің көмегімен жүзеге асыру қазіргі мектеп оқушыларын дайындаудың қажетті шарты болып табылады.

Курсты оқып-білудің мақсаты:

Python тілін дамыту арқылы оқушылардың бағдарламалау негіздеріне байланысты мамандықтарды меңгеруге деген қызығушылығын қалыптастыру.

Тапсырмалар:

- негізгі алгоритмдік құрылымдарды меңгеру;
- алгоритмдеу және бағдарламалау негіздерін үйрену;
- жоғары деңгейлі Python бағдарламалау тілінде бастапқы бағдарламалау дағдыларын меңгеру;
- жобалау және шығармашылық қызметке тарту;
- адам қызметінің ақпараттық-коммуникациялық саласына қызығушылықты арттыру;
- ақпаратпен жұмыс істеудің этикалық және құқықтық нормаларын сақтау қажеттілігін тәрбиелеу;
- техникалық құрылғыларға ұқыпты қатынасты тәрбиелеу;
- оқушылардың шығармашылық қиялын, алгоритмдік ойлауын дамыту;
- жобаны жоспарлау дағдыларын, топпен жұмыс істей білуді дамыту;
- қоршаған дүниенің ақпарат ағынында бағдарлау және оқу міндеттерін шешуде және күнделікті өмірде нақты және түсінікті нұсқауларды қолдану дағдыларын дамыту.

Бағдарламаны жүзеге асырудың жоспарланған нәтижесі

Оқытудың негізгі нәтижесі – оқушылардың алгоритмдік ойлауын қалыптастыруға мән бере отырып, олардың даму векторын қалыптастыру.

Жеке нәтижелер:

- ғылым мен техниканың қазіргі даму деңгейіне сәйкес келетін дүниетанымын қалыптастыру;

- болашақ мамандығын саналы түрде таңдау және өзінің өмірлік жоспарларын жүзеге асыру мүмкіндіктері;

- бағдарламалаумен байланысты мамандықтар әлемі және бағдарламашы, жүйелік администратор сияқты танымал мамандықтарға қойылатын талаптар туралы түсініктерін қалыптастыру;

- білім беру, оқу және ғылыми-зерттеу, жобалық және басқа да қызметте ынтымақтастық дағдылары;

- өзара және өзін-өзі бағалау дағдылары, рефлексия дағдылары.

Мета-пәндік нәтижелер:

- танымдық, оқу-зерттеу және жобалық қызмет дағдыларын, проблемаларды шешу дағдыларын меңгеру;

- практикалық есептерді шешу әдістерін өз бетінше іздеуге, әртүрлі таным әдістерін қолдануға қабілеттілік пен дайындық.

Пәндік нәтижелер:

- алгоритмдік ойлау дағдылары және алгоритмдерді формальды сипаттау қажеттілігін түсіну;

- негізгі программалау құрылымдарын пайдалана отырып, стандартты есепті шешу үшін программа жазудың стандартты әдістерін білу және Python тілінде мұндай бағдарламаларды жөндеу;

- Python тілінде берілген бағдарламаның құрылымдық ерекшеліктерін білу,

- Python ортасына енгізілген модульдерді түсіну,

- дайын модульдерді қолдану мүмкіндіктері мен шектеулері,

- құндылық, оның белгілерін түсіну,

- операцияның, операндтың және олардың сипаттамаларының не екенін білу,

- құрылымдық және құрылымсыз құндылықтар арасындағы негізгі айырмашылықтарды білу;

- сан, мәтін, кортеж, тізім, сөздік сияқты деректер құрылымдарын түсіну,

- арифметикалық өрнектің құрамын түсіну;

- Python-ға кіретін математикалық функцияларды білу, логикалық өрнектер мен олардың операндтарын, операциялары мен функцияларын түсіну,

- оларға кіруі мүмкін барлық атрибуттардың арифметикалық және логикалық өрнектерінің мысалдарын жазу мүмкіндігі;

- Python тілінің негізгі операторларын, олардың синтаксисін білу,

- операторлардың әрқайсысының орындалу процесін түсіну,

- сандық және символдық ақпаратты өңдеуге арналған бағдарламаларды әзірлеу қабілеті;

- бағдарламаларды әзірлеу қабілеті (сызықтық, тармақталған және циклдармен),

- құрылымға бағытталған жоғары деңгейлі тіл үшін толыққанды процедуралар мен функциялардың мағынасын түсіну,

- Python-да функцияларды сипаттау және шақыруды құру ережелері,

- Формальды, жергілікті және ғаламдық айнымалылар арасындағы іргелі айырмашылықтар.

Бағдарламаны жүзеге асыру шарттары

Бағдарлама аптасына 1 сағат, оқу жылында 36 сағат.

Жұмыс түрі мен тәртібі

Оқушылардың оқу іс-әрекетінің негізгі түрлері компьютерлік шеберхана және ұсынылған оқу материалдары бойынша компьютерлік эксперимент болып табылады. Оқытудың негізгі түрі: компьютерде практикалық жұмыс.

Бағдарламаны іске асыру нәтижелерін қорытындылауға арналған нысандар.

«Python бағдарламалау негіздері» курсындағы диагностика және бақылау пәні студенттердің оқу өнімдері (құрылған блок-схемалар, бағдарламалар), сонымен қатар алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге қатысты жеке қасиеттері (игерілген іс-әрекет әдістері, білім, дағдылар) болып табылады. Әрине.

Білім беру өнімдерінің сапасы келесі параметрлер бойынша бағаланады:

- алгоритм орындалу жылдамдығы бойынша оңтайлы және бағдарламалау тілінде іске асыруға барынша қарапайым болуы керек;
- бағдарлама берілген тапсырмаларды орындауы керек;
- «кодтың оқылатындығы» дәрежесі бойынша (шегініс сақталуы керек, бағдарлама кодына ескертулердің міндетті түрде болуы және т.б.).

Оқушылардың қол жеткізген нәтижелерін тексеру келесі формада жүзеге асырылады:

- ағымдағы рефлексиялық интроспекция, орындаған тапсырмаларды студенттердің бақылауы және өзін-өзі бағалауы;
- мектеп оқушыларының іс-әрекетін мұғалімнің ағымдағы диагностикасы мен бағалауы;
- курсты меңгеру бойынша оның жеке білім беру бағдарламасына сәйкес студенттің іс-әрекеті мен оқу өнімдерін қорытынды бағалау.

Қорытынды бақылау курстың соңында тестілеу түрінде өткізіледі.

Бағдарлама мазмұны

Тақырып 1. Python тіліне кіріспе (2 сағат)

Python тілі туралы жалпы мәліметтер. Компьютерге Python орнату. Python жұмыс режимдері. Бағдарлама дегеніміз не. Бірінші бағдарлама. Python тіліндегі бағдарламалардың құрылымы. Пікірлер.

Тәжірибелік жұмыс:

1. Python бағдарламасын орнату.
2. Python көмегімен жұмыс режимдері.

Оқушылар білуі/түсінуі керек:

бағдарлама тұжырымдамасы; Python тіліндегі бағдарламаның құрылымы; Python-мен жұмыс істеу режимдері.

Оқушылар білуі керек: бағдарламаны орнату; Интерактивті ортада қарапайым бағдарламаны іске қосу, программаға түсініктеме жазу.

Тақырып 2. Айнымалылар мен өрнектер (6 сағат)

Деректер түрлері. Түрлендіру түрі. Айнымалылар. Тағайындау операторы. Айнымалы атаулар және түйінді сөздер. Өрнектер. Операциялар. Операциялардың орындалу реті. Математикалық функциялар. Құрамы. Енгізу және шығару. Пернетақтадан деректерді енгізу. Деректерді экранға шығару. Деректерді енгізу мен шығаруды пайдаланатын сценарийдің мысалы. Сандармен элементар әрекеттерге арналған тапсырмалар. Сандар арқылы элементар әрекеттерге есептер шығару.

Практикалық жұмыстар

1. Айнымалылар

2. Өрнек

3. Сандар арқылы элементар әрекеттерге арналған тапсырмалар

Өзіндік жұмыс 1 «Сандармен әрекеттерге есептер шығару».

Оқушылар білуі/түсінуі керек: бағдарламаның жалпы құрылымын; деректер түрлері; бүтін, нақты деректер типтері және олармен операциялар; тағайындау операторы; Енгізу/шығару операторлары.

Оқушылар білуі керек: Python бағдарламалау ортасының интерфейсін пайдалану; редактор командаларын пайдалану; мәліметтерді енгізу мен шығаруды ұйымдастыру; арифметикалық өрнектерді жазу.

Тақырып 3. Шартты оператор (8 сағат)

Логикалық деректер түрі. Логикалық өрнектер және операторлар. Күрделі шартты өрнектер (логикалық амалдар және, немесе, емес). Шартты оператор. Шартты оператормен есептерді шығару мысалдары. Көп тармақталу. Python тілінде тармақталуды жүзеге асыру.

Практикалық жұмыстар

1. Логикалық өрнектер

2. «Шартты оператор»

3. Көп тармақталу . Өзіндік жұмыс

«Шартты операторлар» тақырыбына есептер шығару.

Оқушылар білуі/түсінуі керек: шартты оператордың мақсатын; шартты операторды жазу тәсілі; логикалық деректер түрі; логикалық операторлар немесе, және, емес;

Оқушылар білуі керек: шартты операторды қолдану; логикалық операторларды пайдаланып күрделі шарттарды құру.

Тақырып 4. Циклдер (9 сағат)

Цикл туралы түсінік. Цикл денесі. Цикл денесін орындау шарттары. Шарты бар цикл операторы. While циклінің мәлімдемесі. Шексіз циклдар. While циклінің балама тармағы. Айнымалы жаңарту. Жаңарту жазбасының қысқаша түрі. Циклдерді қолдану мысалдары.

For параметрі бар цикл операторы. Циклді басқару операторлары. For циклін қолданатын тапсырманың мысалы. Кірістірілген ілмектер. Цикл ішіндегі циклдар. Кездейсоқ сандар. Ауқым функциясы. Кездейсоқ функция. Циклмен есептер шығару мысалдары.

Практикалық жұмыстар

1. «Фибоначчи сандары»
2. Есепті for циклімен шешу.
3. Циклдік алгоритмдерді жүзеге асыру
4. Кездейсоқ сандар
5. Цикл бойынша есептерді шығару.

Өзіндік жұмысы 3 тақырыбы бойынша «Циклдер»

Оқушылар білуі/түсінуі керек:

шартты циклдар және олардың түрлері; шарты бар циклдарды жазу ережесі; параметрі бар циклды пайдаланудың мақсаты мен ерекшеліктері; параметрі бар цикл жазба пішімі; әртүрлі типтегі циклдарды қолдану мысалдары.

Оқушылар білуі керек:

тапсырманы шешуге қолайлы цикл түрін анықтау; шарты бар циклды қолдану; қолданбаның сәйкестігін анықтау және мәселені шешу үшін параметрі бар циклды пайдалану;

Тақырып 5. Функция (5 сағат).

Функцияларды құру. Параметрлер және аргументтер. Жергілікті және ғаламдық айнымалылар. Орындау ағыны. Нәтижені қайтаратын функциялар. Анонимді функциялар, лямбда нұсқауы. Функцияларды пайдаланып есептерді шығару мысалдары. Рекурсивті функциялар. Факторлық есептеу. Фибоначчи сандары.

Практикалық жұмыстар

1. Функция құрастыру
2. Функцияларды пайдалана отырып есептер шығару
3. Рекурсивті функциялар.

Оқушылар білуі/түсінуі керек:

функция туралы түсінік; функцияны сипаттау тәсілдері; құрылымдық бағдарламалау принциптері; ішкі бағдарламалардың жергілікті айнымалылары туралы түсінік; ішкі программалардың формальды және нақты параметрлері туралы түсінік; параметрді беру әдісі.

Оқушылар білуі керек: функцияларды құру және пайдалану; мәндерді беру үшін параметр механизмін пайдаланыңыз.

Тақырып 6. Жолдар (4 сағат)

Құрама деректер түрі жол болып табылады. Индекс бойынша қол жеткізу. Жол ұзындығы және теріс индекстер. Түрлендіру түрі. Жолды айналып өту үшін циклды пайдалану.

Сызық тілімдері. Жолды салыстыру. Операторда. Жолдық модуль Тізбектердің барлық түрлеріне арналған операторлар (жолдар, тізімдер, кортеждер). Жолдармен есептер шығару мысалдары.

Практикалық жұмыстар

1. Жолдар

2. Жолдар арқылы есептер шығару. Оқушылар білуі/түсінуі керек: жолдық деректер түрінің мақсаты; жолдармен жұмыс істеу операторлары; жолдармен жұмыс істеу процедуралары мен функциялары; жолдық операциялар.

Оқушылар білуі керек:

сызықтарды сипаттау; сызықтарды қосу; жолдың ұзындығын табу; сызықтың бір бөлігін кесіңіз; жолдағы ішкі жолды табу; қатардағы сөздердің санын табыңыз.

№8 мектеп-лицей

Ата-аналар жиналысы

Тақырыбы: «Өзгеге жасаған ізетің, өзіңе жасаған құрметің»

Сыныбы: 5 «Ә»

Сынып жетекшісі: Смаилова С.Р.

«Өзгеге жасаған ізетің, өзіңе жасаған құрметің» ата-аналар жиналысы

Күн тәртібінде:

1. «Үш қадам» арқылы баланың қасиетін айту, танысу
2. Топқа бөліну
3. «Сәлем сөздің анасы» атты топтық сәлемдесу
4. «Айнымалы бекеттер» жағдаяттары
5. «Менің балам» тренингі
6. Әр түрлі мәселелер
7. «Жүректен жүрекке» тілек жолдау
8. Қорытынды
9. «SMS» арқылы кері байланыс

Мақсаты: Ата-ананы ұйымшылдыққа, бірлік татулықта болуға шақыру. Оқу жылы барысында белсенділік танытуға үндеу жасау. Бірігіп жұмыс жасай алу, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге шақыру. Жағымды орта қалыптастыру.

Қатысушылар:

ата-аналар.

Құрал — жабдықтар: түрлі- түсті бояу, қағаз, қалам, интерактивті тақта, таратпа материалдар т.б.

Тренинг сабақтың міндеті: ата-ананың балаға деген сүйіспеншілігін байқау; өзінің және өзгенің даралығын бағалау, өзін құрметтеу; көңіл-күйді көтеру, сезім мен эмоцияны реттеу.

Тренинг

барысы:

1. «Үш қадам» тренингі

Сынып жетекші баланың аты басталатын бас әріпін алдын ала дайындап, қималарды ата-аналарға таратып береді. Ата-ана өзін таныстырады. Содан соң үш қадам жасау арқылы, бала есімінің бас әріпінен басталатын үш қасиетін айтып кабинетке кіреді;

2. Топқа бөліну

Алдын ала дайындалған 3 түрлі-түсті (қызыл, көк, сары) гүлдерді алып, гүлдің түсіне қарай топқа бөлінеді.

3. «Сәлем сөздің анасы» тренингі

Қызыл гүлдер бір-бірімен сөз арқылы сәлемдеседі, әр қайсысы әр түрлі сөзбен, сары гүлдер қолмен амандасады, көк гүлдер көрісу арқылы амандасады.

4. «Айнымалы бекеттер» жағдаяттары.

Ата-аналар өз тобына отырғызылады. Үш топқа үш түрлі жағдаяттар беріледі.

I-топ.

Сізге мұғалім «Сіздің балаңыз басқа балаларды ұрады» - деген бінеше шағым айтады. Тағы көрші ата-аналардан да осындай шағым естуге тура келді. Не істейсіз? Балаңызды қалай тәрбиелейсіз?

II-топ.

Кейбір ата-аналар баласының әр бір іс-әрекетіне көңілі толмай: «Сен жасай алмайсың, сенің қолыңнан келмейді, сен түсінбейсің» - деп айтатынын естиміз. Баланың іс-әрекетіне теріс баға беруге қалай қарайсыз?

III – топ.

Жұмыстан келіп балаңыздың көзілдірігі шытынап сынайын деп тұрғанын байқайсыз. Балаңыздың көңіл күйі жоқ. Сұрап едіңіз, ештеңе деместен жылап жіберді. Сіздің әрекетіңіз қандай?

5. «Менің балам» тренингі

Үш топтың алдына үш түрлі зат (ақ қағаз, түрлі түсті қарындаштар, губка) беріледі. Сол заттардың қасиетіне қарап баланың қандай екенін айтулары қажет. *Мысалы: бала ақ қағаз сияқты тап-таза, губка сияқты жаман немесе жақсының барлығын өзіне сіңіріп алады, бала түрлі түсті бояулар сияқты жүздері жарқын, көңілді.*

6. Әр түрлі мәселелер

- 1) Мектеп ережесімен таныстыру
- 2) Оқушылардың сабақ үлгерімі және білім сапасын арттыру туралы.
- 3) Ата-ана комитетін сайлау.

7. «Жүректен жүрекке» тілек жолдау.

Ата-ана балаларына жүрекше қима қағаздарға (стикер) жақсы тілек, лебіздерін білдіріп жазып қалдырады. Сынып сағатында мұғалім ата-ана жазып қалдырған жүрекшелерді оқушыларға таратып береді. Оқушылар ата-аналарының жазған лебіздерімен танысады.

8.Қорытынды.

Ж.Ж. Руссо: «Бала туылғанда ақ қағаздай болып таза туады, оның үстіне шимақты қалай салсаң, қағаз бетіне солай түседі, бала тәрбиесі де солай сияқты, өзің қалай тәрбиелесең, ол солай тәрбиеленеді» — деген екен. Ендеше, ата-аналар, қолымыздағы алтынымызды жақсылап тәрбиелейік және біздер оларға үлгі болар бейне екендігімізді ұмытпайық. Олай болса балаға әрдайым жылы сөздер айтып, дұрыс тәрбие беруге сіз болып, біз болып бірге атсалысайық.

9. «SMS» арқылы кері байланыс.

Ата-аналар телефоннан “sms” арқылы өткізілген жиналысқа кері байланыс береді.

I-топ.

Сізге мұғалім «Сіздің балаңыз басқа балаларды ұрады» - деген бінеше шағым айтады. Тағы көрші ата-аналардан да осындай шағым естуге тура келді. Не істейсіз? Балаңызды қалай тәрбиелейсіз?

II-топ.

Кейбір ата-аналар баласының әр бір іс-әрекетіне көңілі толмай: «Сен жасай алмайсың, сенің қолыңнан келмейді, сен түсінбейсің» - деп айтатынын естиміз. Баланың іс-әрекетіне теріс баға беруге қалай қарайсыз?

III – топ.

Жұмыстан келіп балаңыздың көзілдірігі шытынап сынайын деп тұрғанын байқайсыз. Балаңыздың көңіл күйі жоқ. Сұрап едіңіз, ештеңе деместен жылап жіберді. Сіздің әрекетіңіз қандай?

14-қосымша

Мұражайдағы іс-шара

Бүгінгі таңда мұражай қызметкерлері отбасымен өзара әрекеттесу үшін әдеттегі оқыту форматтарын өзгертетін жаңа білім беру бағдарламаларын ұсынады. Балалар мұражай негізінде шығармашылық шеберханаларға, театр, өнер курстарына баруға, ата-аналарымен бірге арнайы мұражай жобаларына, демалыс күндеріне, отбасылық клубтарға, кешенді экскурсиялық шығармашылық сабақтарға, отбасылық шығармашылық студияларға қатысуға мүмкіндік алады, бұл олардың бос уақытын толтыруға көмектеседі. Бірлескен бос уақыттың ең көп таралған түрі – бейнелеу өнері.

Мұражайдың білім беру бағдарламалары аясында тарихи ортаға «ену» әдістері; тарихи оқиғалардың рөлдік «өмір сүруі» (бала рөл алады);

репродуктивті әдіс (тапсырмалар жүйесі); өнімді әдіс (мәселені шешу); зерттеу әдісі (мұражай затын зерттеу); фактілерді, оқиғаларды, жағдайларды модельдеу және қайта құру (ой бағамдау және заттық); алдын-ала ынталандыру әдісі (мұражайдағы балалардың белсенділігін ынталандыру) мүмкін.

Мәдени – білім беру бағдарламаларының ережелері:

- білім беру және мұражай негіздерін біріктіру;
- мұражай ортасын сауатты игеру үшін жинақталған дағдыларды беру;
- мәдени-білім беру қызметін жүзеге асыру процесінде жеке-тұлғалық бағыттылыққа бағдарлау;
- семантикалық және эмоциялық құрамдас бөліктің бірыңғай алгоритмін қамтамасыз ету;
- ақпарат берудің жүйелілігі;
- шығармашылық еркіндік.

Мұражай формалары сан алуан. Оларға модельдердің келесі негіздері кіреді: дәстүрлі және жаңа; топтық және жеке; белсенді және пассивті;

қарапайым және күрделі; бір реттік және циклдік; коммерциялық және коммерциялық емес, зерттеу, демалыс және т. Б.

Отбасымен жұмыс жасау кезінде «Отбасы – орта мектеп» тәрбие жобасының міндеттеріне байланысты экскурсиялық мұражай бағдарламаларын таңдау керек. Мұражай мөрін, мұражай сайттарын талдау бағдарламалардың 12 түрін бөлуге мүмкіндік берді:

1 түрі – мерекелерге арналған бағдарламалар. Оны жүзеге асырудың негізгі сипаттамалары – көңілді көңіл-күй, қуаныш, жаңа әсерлер және өміршеңдікті арттыру. Мерекенің басты мәні – мектеп оқушыларын түрлі тәсілдер мен құралдардың көмегімен жан-жақты тәрбиелеу, соның ішінде бөлмені түрлі-түсті әсемдікте безендіру, музыкалық сүйемелдеу, компьютерлік презентациялар, викториналар, конкурстар, командалық жарыстар және т. б.

Бағдарламаның сәтті және есте қаларлық маңызды компоненттері: сценарий тақырыбы, идеялық бағыт, тәрбиелік құндылық, сонымен қатар бейнелеу құралдарын қолданудың күрделілігі мен динамикасы және т.б.

Бағдарламаның бұл нысанын әр музейде профильді, қаржылық мүмкіндіктерді, аумақтық ерекшеліктерді, сондай-ақ қолда бар алаңдарды пайдалануды ескере отырып жүзеге асыру.

2 түрі – Шеберлік сыныптарға арналған бағдарламалар. Бұл бағдарламаның міндеттері: білім алушыларды мұражай құралдарының көмегімен шығармашылықпен таныстыру, эстетикалық даму, белгілі бір дағдыларды игеру, шығармашылық процесте қарым-қатынас жасау.

Бағдарламаны өткізу нысаны бойынша шеберлік сыныптар арқылы оқыту және таныстыру.

Шеберлік сыныптарға арналған бағдарламалар келесі кезеңдерден тұрады:

- білім алушыларды экспозициялық кеңістіктегі бағдарлама тақырыбымен таныстыру;

- кәсіпшілік тарихымен, оның техникаларымен, құралдарымен және материалдарымен танысу;

- білімді беру процесі, бұйымды дайындау тәсілдері, зерттелетін кәсіпшілік;

- білім алушы тікелей қатысатын шығармашылық процесс;

- сабақты қорытындылау, талдау.

3 түрі – жобалық қызметке негізделген бағдарламалар.

Бағдарлама жобалық оқыту мен тәрбиелеудің келесі мақсаттарын қамтиды:

- білім алушының жеке сенімін арттыруға, оның өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал ету;

- білім алушыда нәтижеге қол жеткізу үшін ұжымдық жұмыстың маңыздылығын, ынтымақтастықтың рөлін, шығармашылық тапсырмаларды орындау процесінде бірлескен қызметтің маңыздылығын түсінуді дамыту;

- қарым-қатынас мәдениетін дамыту;

- зерттеу дағдыларын дамыту.

Мұражайдағы білім алушылардың зерттеу қызметі фактілерді сыни қабылдауға, оларды талдау қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді,

шығармашылыққа итермелейді. Білім алушыларға арналған зерттеу жұмыстарының тақырыптары мұражай сұраныстарына қарай таңдалады.

Зерттеу жұмыстары білім алушыларға мұражай тарихының дамуына өз үлестерін қосып қана қоймай, жобалық іс-әрекеттерден тәжірибе алуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде мұражайдың білім алушылармен өзара мәдени қарым-қатынасы қалыптасып, олардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне ықпал етеді. Қазіргі уақытта бағдарламаның бұл түрі кеңінен танымал.

4 түрі – костюм бағдарламалары. «Костюм бағдарламалары» деп аталатын бағдарламалар оның тақырыбына сәйкес келетін костюмдерге киіну процесін қамтиды. Костюмдік бағдарламалар мұражай мамандарының мектеп оқушыларымен өзара ынтымақтасуының жарқын, белсенді және театрландырылған түрі болып табылады. Костюм бағдарламаларының сценарийі ойындарды, көңілді конкурстарды, жұмбақтарды, викториналар мен сайыстарды және т.б. қамтиды. Осылайша, бала белгілі бір тарихи кезең және осы уақыттың кейіпкерлері туралы білімдерін еркін түрде толықтыра алады және жарқын эмоциялық көңіл-күй мен тәжірибесімен алмасады.

5 түрі – отбасылық демалыс бағдарламалары. Мұражай қауымдастығы ата-ана мен баланың өзіндік шығармашылықтарын дамытуда ерекше эксперимент жасайды, онда олардың әрқайсысы толыққанды және ең бастысы белсенді (бұл ескерту ересектерге қатысты) әрекет етеді. «Мұражайдағы отбасылық демалыс» білім беру бағдарламасы шеберлік сыныптар, дәрісханалар мен ғылыми шоуларды, ұлттық салт-дәстүрлермен танысуды қамтиды.

6 түрі – рөлдік ойын бағдарламалары. Рөлдік ойын бағдарламасы – бұл интерактивті сабақ, онда білім алушы тек ақпаратты игеріп қана қоймайды, оны ойын барысында эмоционалдық түрде түсінеді, өзінің «есте сақтауын» дамытады.

7 түрі – «Уақыт ағымына саяхат» бағдарламасы. «Уақыт ағымына саяхат» мұражайдағы маңызды тарихи кезеңді қамтуға және онымен мектеп оқушыларын таныстыруға мүмкіндік береді. Білімді игеру әр түрлі іс-әрекеттерді орындау арқылы жүзеге асырылады: рельефте қозғалу, карта іздеу, жасырын қазыналар және т.б.

«Уақыт ағымына саяхат» бағдарламасының ережелері талап ететін тапсырмаларды шешуде, әрекеттерді қабылдау нәтижесінде тәуелсіз.

8 түрі – «Қонақта...» бағдарламасы. Бағдарлама бағдарламаның басты кейіпкерімен (қонағымен) танысуды қарастырады. Оның арнайы білімді, талантты, дарынды тұлға. Онымен кездесу барысында мектеп оқушылары ой бөлісіп, пікір алмасады. Ақпаратты беру тек әңгіме, әңгімелеу немесе монолог түрінде ғана емес, сонымен қатар, бағдарлама желісін сюжетті театрландырылған нұсқада ұсыну арқылы жүзеге асыруға болады. Білім алушылар кейіпкердің мінез-құлқының әлеуметтілігін, қарым-қатынас тәсілін, мінез-құлық ерекшеліктерін бақылайды, осылайша өз бойларында тұлғааралық мінез-құлықты қалыптастырады.

9 түрі – бір тақырыптың ертегісі немесе тарихы (күпиясы) бағдарламасы.

Бағдарлама «ертегіге енуден» бастап, оны аяқтағанға дейін сиқырға толы. Бағдарламаның нысаны мұражай заттарын жандандыруға және бірінші жақта адамның әңгімесін жүргізуге мүмкіндік береді. «Тірі» экспонатпен қарым-қатынас жасау нәтижесінде эмоционалды жағдайлардың тікелей тәжірибесі арқылы бала жасалған экспонаттар, сол кездегі адамдардың талғамы мен құмарлықтары туралы білім алады. Ол мұражай затын жасаушы және оның шеберлігі туралы ақпаратты біледі. Әңгіме желісі білім алушының назарын жасалған материалға (немесе материалдарға) аударады, өндіріс кезеңдерін сипаттайды және шебердің «құпияларын» немесе оның қызметіндегі жаңалықтарды ашады. Бағдарлама барысында тікелей сөйлеу білім алушыға адамдар әлеміндегі ерекше өмір тақырыбы ретінде өмір сүруді түсінуге көмектеседі. Білім алушы мұражай затының бірегейлігі және оның тарихи және мәдени мұраға қосқан үлесі туралы түсінік алады.

11 түрі – квест бағдарламасы. Бағдарлама кілт сөзді немесе фразаны іздеу, мұражай затын табуға негізделеді. Мұражайдағы квест өткізу формасы – ойын-сауық ойыны. Бағдарламаның сюжеті тапсырмаларды орындау жолындағы қиындықтарды жеңуге негізделген. Бағдарламаның мақсаты – ойын сценарийіне енгізілген тарихи және мәдени тәжірибені игеру.

Қазіргі ғалымдардың пікірінше, бастауыш мектеп жасындағы балаларға арналған квест – бұл жетекші қызметке ие.

Кіші мектеп оқушыларына арналған квест бағдарламасы мыналарды қамтиды:

- білім алушылар тобының (команданың) болуы;
- мұражайдың жетекші-қызметкерінің болуы (ойынның басынан аяғына дейін);
- ересектер (жүргізуші) мен білім алушылардың тығыз қарым-қатынасы;
- ойын, сюжеттің болуы;
- ойынға қатысушылардың белгілі бір рөлдерді орындауы;
- мектеп оқушыларының ұсынылған мұражай экспонаттарына байланысты тапсырмаларды орындауы.

Тапсырмалар: миға шабуыл, маршруттық және тақырыптық, іздеу және ойын. Миға шабуыл барысында білім алушылар бір ортақ тапсырмамен байланысты әрекеттерді орындайды. Тақырыптық квест барысында мұражай белгілі бір тақырып пен бағыт бойынша тапсырмалардың кешенді шешімін ұсынады. Білім алушылардың ойын квестіне қатысуы тарихи дәуірге экспозициямен қарым-қатынас жасау арқылы өз бетінше білім алуға «енуі» болып табылады.

12 түрі – көрмелерге арналған білім беру бағдарламалары. Мұндай бағдарламалар қатысушылардың өнер туындыларының мағынасын терең түсіну үшін нақты немесе виртуалды форматта жүзеге асырылады. Мысалы, 9 жастағы білім алушы үшін «суретші шабытты қайдан алады?». Бала осындай бағдарламаның қатысушысы бола отырып, ғажайыптың пайда болу тарихымен сызбалар мен эскиздерден бастап зергерлік бұйымдарға дейін таныса алады.

15-қосымша

Тәрбие жұмыстары бойынша іс-шаралардың күнтізбелік жоспарының үлгісі

	Жүргізілетін жұмыс түрлері	Орындаушылар	Мерзімі	Нәтиже
1-кезең – Дайындық кезеңі				
1	Бағдарламаны жүзеге асыруды бастау			Педагогикалық кеңесте мектептің кітап оқуды қолдау бағдарламасын бекіту
2	Пән сабақтарында кітап	Пән мұғалімдері		Оқу сапасын

кестенің жалғасы

	оқу бойынша келесідей әдістемелер енгізу: - «Бес минуттық оқу» (барлық пән сабақтарында; - Үзілістерде поэзия минуттарын ұйымдастыру; - Пәннің сабақ тақырыптарына сәйкес поэзия минуттарын ұйымдастыру; - «Оқырман күнделігін жүргізу» атты көру диктанттарын жүргізу; - Дыбыстық бағдар бойынша оқу (А.М. Кушнир әдісімен)			арттыру
	1. Жас ата-ана мектебі. 2. Балалар мен жасөспірімдердің кітап оқу мәселелері	Шығармашылық топ		Ата-аналарды «Оқуға құштар мектеп» жобасымен, жүзеге

	бойынша ата-аналар жиналыстарын өткізу			асыру жолдарымен таныстыру
	Білім беру ұйымының сайтында жобаны іске асыру және кітап оқуға қолдау көрсету бөлімін құру			Білім алушыларды және олардың ата-аналарын мектеп кітапханасында (аудандық/қалалық кітапханаларда) өткізілетін ісшаралар туралы неғұрлым толық ақпараттандыру
	Аудандық/қалалық, ауылдық кітапханалармен әлеуметтік серіктестік туралы келісімшарт жасау	Директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, кітапханашы		Кітап оқуды насихаттау. Кітапхана қорын толықтырып отыру
	Кітап оқуды насихаттау бойынша кітапхана-	Директордың тәрбие ісі жөнінен		Сауатты қолданушы қалыптастыру

Кестенің жалғасы

	библиографиялық жүйе құру және енгізу	орынбасары, кітапханашы		
7	Білім беру ұйымы білім алушыларының арасында кітап оқуды танымал етуге бағытталған әлеуметтік жарнама конкурсы	Директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, кітапханашы, сынып жетекшілері		Кітап оқуды өмір салты ретінде насихаттау
8	«Оқитын отбасы» фотосуреттер көрмесі	Директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, кітапханашы, сынып жетекшілері		Кітап оқуға ынталандыру. Өртүрлі тарихи дәуірлердегі кітап оқудың әлеуметтік дәрежесін насихаттау
9	Балалар кітабы апталығы:	Кітапханашы, сынып жетекшілері,		Оқуды ынталандыру және

		- әдеби конкурстар; - мәнерлеп оқу конкурстары; - жақсы оқырмандарды және олардың ата-аналарын марапаттау	шығармашылық топ	балалардың ой-өрісін кеңейту. Отбасылық оқуға қолдау көрсету.
0	1	«Сүйікті кітаптарым» атты көрме 1-6-сыныптарға арналған кітаптарға шолу жұмысын ұйымдастыру	Кітапханашы	Әртүрлі тарихи дәуірлердегі кітап оқудың әлеуметтік дәрежесін насихаттау
1	1	«Жас оқырман клубын» ұйымдастыру	Кітапханашы	Оқу белсенділігін арттыру
2	1	«Менің кітапханам» акциясы	Кітапханашы, сынып жетекшілері	Кітапханадағы еңбек десанты
3	1	«Назар аударыңыз, жазылу басталды!» акциясы	Кітапханашы, сынып жетекшілері	
2-кезең – Практикалық (эксперименттік)				
3	1	«Мектеп кітапханасына кітап сыйлайық» ата-аналарға арналған акция	Сынып жетекшілері	Кітапхана қорын толықтыру
4	1	Ата-аналар жиналыстары марафоны	Директордың тәрбие ісі	Ата-аналар активін қалыптастыру

кестенің жалғасы

		жөнінен орынбасары, кітапханашы, сынып жетекшілері		
15	Айлық тақырыбына сәйкес мәнерлеп оқу сайысы (ай сайын)	Директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, кітапханашы, сынып жетекшілері		

16	«Кітап оқу – қазіргі заманның сәні» атты үнемі жұмыс істейтін көрме ұйымдастыру	Кітапханашы, сынып жетекшілері	Әдебиеттегі заманауи бағыттар мен заманауи авторларға арналған ұсынымдық тізімдері бар буклеттер шығару
17	Еске алу әдеби кештері	Сынып жетекшілері	Жаңа авторлармен және олардың шығармаларымен танысу. Көркем мәтінді талдау
18	«Ана (әке) маған кітап оқышы» жобасы; - ата-аналар жиналыстарында балалар кітабын оқуды насихаттау; - кітап оқу бойынша сауалнамалар жүргізу; - «Оқитын отбасы», «Ең көп оқитын сынып», «Жыл оқырманы» конкурстары	Директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, кітапханашы, сынып жетекшілері, ата-аналар, шығармашылық топ	Отбасылық оқуды насихаттау
19	«Оқитын отбасы», «Ең көп оқитын сынып», «Жыл оқырманы» конкурстарының	Комиссия мүшелері, шығармашылық топ	Отбасылық оқуды насихаттау

кестенің жалғасы

	жеңімпаздарын марапаттау		
20	Халықаралық балалар кітабы	Пән мұғалімдері, кітапханашы	Кітап оқуды насихаттау

		күні (2-сәуір) – мереке		
1	2	«Кітап суретін саламыз» көркем шығармашылық конкурсы	Пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, кітапханашы	Кітап оқуды және балалар шығармашылығын насихаттау
2	2	«Әдеби шығармаларды экрандау» атты кино клуб. Киноны әдеби мәтіндер авторларының туындыларының идеясына сәйкестік сапасын талқылау	Әдебиет пәнінің мұғалімдері, сынып жетекшілері, кітапханашы	Білім алушылардың ақпараттық мәдениетін насихаттау
3	2	Аудандық/қалалал ық, ауылдық кітапханалармен серіктестік: - «Кітапхана және оның айналасы» (экскурсиялық тур); - «Кадрдағы кітап» атты буктрейлерлер конкурсы; - «Поэтикалық сәттер» жобасы; - Үй кітапханасы байқау сайысы; - «Барлық уақытқа арналған кітап» - біздің отбасының сүйікті кітап	Директорд ың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, кітапханашы, сынып жетекшілері, ата- аналар, шығармашылық топ	Кітап оқуды насихаттау. Кітап оқуға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру
3-кезең – Талдамалық-қорытындылау				
4	2	Жобаның жүзеге асырылуы бойынша есеп	Директорд ың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, кітапханашы	Педагогикал ық кеңестің шешімі
5	2	Жоба туралы кәсіби қауымдастықты хабардар етіп отыру	Директорд ың тәрбие ісі жөнінен	Әдістемелік бірлестіктерде, семинарларда сөйлеу

кестенің жалғасы

		орынбасары, кітапханашы	
6	2	Виртуалды қ кеңістікте жобаны ақпараттық сүйемелдеу	Директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, сынып жетекшілері, кітапханашы, шығармашылық топ
7	2	Мектеп оқушыларының кітап оқуын дамытудағы мектеп кітапханасының рөлі: ата-аналар арасындағы сауалнама, пікірлер жинау	Шығармашылы қ топ
8	2	Жобаны іске асыру бойынша нәтижелерді қорытындылау	Директордың тәрбие ісі жөнінен орынбасары, сынып жетекшілері, кітапханашы
			Білім алушылар және олардың ата- аналарының ақпараттылығы
			Сауалнамаларды ң талдауы, ата- аналардың пікірі
			Жоба бойынша жұмыс тәжірибесін жинақтау және тарату

16-қосымша

Ақмола облысы білім басқармасының Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі Степногорск қаласының Қаныш Сәтпаев атындағы №9 жалпы орта білім беретін мектебінің бастауыш сыныптарының мұғалімі – Сүлейменова Қарлығаш Дулатовна әзірлеген «Дүниетану» пәнінде жолда жүру ережелерін оқыту бойынша сабақ барысында және сабақтан тыс іс-шараларда қолдануға болатын ойын түрлерін, жол қозғалысына байланысты жағдаяттарды шешуге арналған және «Жалғасын тап» атты тапсырмалардың нұсқалары

31. Қимылмен келтіріп шығайық.

(ойынды жүргізуші қызыл дөңгелекті көтергенде отыру, сары дөңгелекті көтергенде тұру, жасыл дөңгелекті көтергенде орында жүру).

2. «Қай топ данышпан?». Ол үшін қызыл, сары, жасыл түстерге үш топ құрып бөліну қажет.

Қызыл түсті топқа арналған сұрақтар:

- Балалар, бағдаршам алғашқы кезде қанша түсті болды?
- Алғашқы бағдаршамның түстерін атаңдар.
- Біздің қаланың көшелеріндегі бағдаршамдардың неше көзі бар?
- Қазіргі кездегі бағдаршамның түстерін атаңдар.

Сары түсті топқа арналған сұрақтар:

- Суреттен не көргендеріңді айтып беріңдер?
- Көлік аттарын атаңдар?
- Бағдаршамның қызметі қандай?
- Адамдар қай жолмен жүрулері тиіс?

Жасыл түсті топқа арналған сұрақтар:

- Бағдаршам жолдың қай жерінде орналастырылады?
- Алғашқы бағдаршам қай жерде орналасқан?
- Оны ойлап тапқан адамның есімі бар ма?

3. «Бағдаршам» ойыны: барлық оқушы айнала билеп жүреді. Қызыл жанғанда тоқтап қалады. Жасыл жанғанда билеуді жалғастырады. Сары жанғанда 1 аяғын көтеріп, екі қолын жайып тұра қалады.

Шартты бұзғандар ойыннан шығады.

4. «Жүргізушілер» ойыны.

Мақсаты: Балаларға жолда жүру ережесін үйрету, ой-өрісін кеңейту.

Қолданатын көрнекіліктер: Бірнеше ойын жолдары, машиналар, ойыншықтар.

Ойын барысы: ойын жолдарының бірнеше жеңіл нұсқалары Алдын ала әзірленеді. Әр жолда бірнеше жол белгілері қойылған. Бұл жол мәселесін ауыстыруға мүмкіндік береді. Мысалы: «Сен көліктің жүргізушісін, саған қоянды ауруханаға апару керек, жанармай құйып және машина жөндеу керек, машинаның суреті, сенің қай жерде шыққаның және қайда оралу керек екенің білдіреді. Жол ережесін бұзбау үшін қандай ретпен осы барлық пункттарды аралап шығу керек, ойлан және жауап бер. Содан соң біз екеуміз сенің дұрыс жол таңдадың ба, жоқ па соны тексереміз».

5. «Бағдаршам» ойыны

Мақсаты: Балаларды жол ережесімен таныстыру.

Қолданатын көрнекіліктер: қызыл, сары және жасыл дөңгелектер, ойыншық машиналар, балалардың суреттері.

Ойын барысы: қатысушылардың біреуі бағдаршамның белгілі бір түсін орнатады (қызыл, сары және жасыл дөңгелектерді қойып) машиналарды және балалардың пішіндерін, әр түрлі бағытпен жүретін. Екінші бала машиналарды көше қиылысынан өткізеді, (жүру жолынан) немесе балалардың пішіндерін (жүргінші жолынан) жол жүру ережесіне сәйкес. Содан соң ойыншылар рөлдермен ауысады. Машина және жүргінші жолы ережесімен және бағдаршамның шамдарымен белгіленетін әртүрлі жағдайлар қарастырылады.

Кім қателеспей жақсы ойын көрсетсе сол жеңімпаз болып есептеледі.

6. «Кім үздік жүргінші?» ойыны.

Мақсаты: жолда жүру ережесі бойынша балалардың білімдерін бекіту. (бағдаршамның белгісі, жүргінші жолы) белсенділігін, назарын тәрбиелеу.

Қолданатын көрнекіліктер: 1, 2, 3, 4, 5, 6 сандар жазылған текшелер және 2 фишка. Ойын алаңы.

Ойын барысы: бірінші жүргінші №1 үйден, екіншісі №2 үйден шығады.

Текшелерді өздерінің сандары шыққанша лақтыра береді және қайтадан лақтырады. Сонымен, түрлі-түсті суреттерге мұқият қарау керек. Бірінші суретте бағдаршамның қызыл шамы жанып тұр. Демек, жүргінші бағдаршамнан тұрған дөңгелекке секіре алмайды. Ол орнында тұра береді.

Екінші суретте көлік. Жолды кесіп өтуге болмайды, орнында тұру керек.

Үшінші суретте бағдаршамның жасыл шамы жанып тұр. Текшені текшенің санына байланысты дөңгелектерге жылжытуға болады.

Төртінші суретте мотоциклші. Оны тоқтап, өткізу керек.

Бесінші суретте бағдаршамның сары шамы жанып тұр. Жүргінші сол суреттің бойында тоқтай алады.

Алтыншы суретте реттеуші бейнеленген. Көліктердің және жаяу жүргіншілердің жолда жүруін реттеуші реттеп тұрғанда жолды қиып өту қауіпсіз. Реттеушінің белгісімен жолдан өтіп, бірден әженің үйіне баруға болады.

Әжесінің үйіне дейін жол ережесін бұзбай жеткен жүргінші жеңіске жетеді.

7. «Жолда» ойыны.

Мақсаты: білім алушылардың көліктер туралы білімдерін кеңейту және алған білімдерін бекіту. Назарын және есте сақтау қабілетін арттыру.

Қолданатын көрнекіліктер: жүк және жеңіл автокөліктердің суреттері, фишкалар.

Ойын барысы: жол жүру алдында балалармен кім және қандай көлікті таңдайтынын келісіп алыңыз. Жолда балалар автокөліктердің атауларын атап, сол үшін фишкалар алады. Көп фишка жинаған ойыншы – жеңімпаз болады.

8. «Шығармашылық жұмыс».

Жол ережесіне байланысты тірек сөздермен өлең құрастыру

----- балалар

----- тротуар

----- ұмытпа

----- сақта!

9. «Қай жерде ойнауға болады? Қай жерде ойнауға болмайды?».

Егер топтарыңа жолда жүру ережелерін бұзбай ойнап жүрген балалардың суреті берілген болса астындағы шаршыны жасыл түспен, керісінше ереже сақталмаған жерді қызыл түспен бояйсыңдар.

10. «Жол белгілерін үйренеміз» ойыны.

Мақсаты: жол белгілері және бағдаршам сигналдары бойынша білімдерін бекітуді жалғастыру.

Қолданатын көрнекіліктер: жол белгілері бар үлкен, кіші карточкалар.

Ойын барысы: ойыншылар арасында үлкен карталарды тең бөлу.

Жүргізуші жол белгілері бар карточкаларды кезекпен көрсетеді, кімге жақындайды сол белгіні алады да, тақтаның жоғары оң бұрышына қояды және бұл белгі қалай аталатынын және қандай жағдайларда қолданылатынын айтып береді. Кім белгілерді жағдайларға дұрыс тапса және оны түсіндіре алса сол жеңімпаз.

Жол қозғалысына байланысты жағдаяттарды шешуге арналған тапсырмалар.

1-жағдаят. Үш оқушы мектепке бару үшін үйінен шықты да, көлік жүретін көшеде қуаласып ойнады. Бір оқушы екінші оқушыны итеріп жібереді.

Ол жығылып қалды. Үшінші оқушы жығылған баланы тұрғызуға көмек көрсетеді. Дәл осы кезде бұрылыстан шыға келген машина әзер тоқтайды.

Итерген тәртіпсіз оқушы бар ықыласымен айқайлап, күліп тұрады.

- Осы көрініс жайында не айтасындар?

- Әрине, осындай ережеге сай емес ойындар кездейсоқ апатқа кезіктіреді.

Сондықтан жолда жүру ережесін үнемі сақтаңдар.

2-жағдаят. Сен жолдан өтіп бара жатқанда саған біреу айқайласа, не істеу керек?

3-жағдаят. Сен жолдан өтіп келе жатырсың. Кенет аялдамада тұрған өзіңе керекті автобусты көрдің. Сен не істейсің?

4-жағдаят. Сен автобустан түстің. Сен көшенің қарсы бетіне өтуің керек. Сен қалай өтесің?

5-жағдаят. Сен ауылды жерде тұрасың, ол жақта ешқандай жол белгілері мен бағдаршам жоқ. Сен жолды өту үшін істер едің.

6-жағдаят. Сен жолдан өтуге жақындағанда бағдаршамның жасыл түсі жыпылықтап тұрды, сенің достарың жолдан өткелі жатыр. Сен не істер едің?

7-жағдаят. Сен досыңмен киноға асығып бара жатырсың, досыңның құлағында наушник. Жаяу жүргіншілер өтпесінен досың жүгіріп өткісі келді, сен не істейсің?

«Жалғасын тап» атты тапсырмалар

1-тапсырма. Жүріп келе жатқан көліктің алдынан жүгіріп шықтың, не болды деп ойлайсың? Түсіндір, ойынды дәлелде. (Жүріп келе жатқан көліктің алдынан өтіп кетемін деуші болма. Ол тоқтағанша, не өтіп кеткенше тоса тұр).

2-тапсырма. Аялдамада тұрған автобустың алдыңғы жағынан өттің, не болды деп ойлайсың? (Аялдамада тұрған автобустың арт жағынан айналып өт.

Сонда сен оның соңынан келе жатқан машинаны дер кезінде көре аласың).

3-тапсырма. Жолдан өткенде әңгімелесіп, барлық зейінді жолға емес өзіңе аударттың, жүргізушіге қандай кедергі жасадың? (Жолдан өткенде әңгімені доғарып, барлық зейінді жол қауіпсіздігіне аудару керек).

4-тапсырма. Көшенің келесі бетіне өту үшін жолдың ортасынан жүгіріп өттің, сен қандай қателек жасадың? (Көшенің келесі бетіне өту үшін арнайы өткелден өту керек. Ал қалалық жерлерде аспалы көпірлермен, жол асты жолымен жүреді).

5-тапсырма. Көліктің артына жабысып сырғанадың, көлік ойламаған жерден тоқтады оқиға немен аяқталды деп ойлайсың? (Көліктің артына жабысуға болмайды, құлап, апатқа ұшырауын мүмкін. Жол тайғанақ болса көліктің астына қарай сырғанап кетуің де мүмкін).

6-тапсырма. Көшеде келе жатып, қақпадан шығып келе жатқан көліктің алдынан өтіп бара жатқан кішкентай баланы көрдің, сен не істейсің? (Көшеде

келе жатып, қақпадан шығып келе жатқан көлікті көрсен күте тұр, ал кішкентай баланы көрсен жүргізушіге белгі беруге тырыс).

7-тапсырма. «Жолда жүру ережелері» тақырыбына постер жасау.

8. «Кім байқағыш?» Сурет бойынша тиісті жол белгілерін қою. Әр топқа бір минут уақыт беріледі.

9. Жол белгілеріне байланысты мазайкаларды жинау.

10. Суреттегі жол белгілерін атап, ол нені білдіретінін түсіндіру.

17-қосымша

Қозғалмалы ойындар

«Епті балалар»

Алаңның қарама-қарсы екі жағында сызықтармен екі «үй» белгіленеді. Олардың арасындағы қашықтық 15-20 метр. «Үйлердің» арасында алаңның ортасында жүргізуші тұрады, басқа барлық ойыншылар алаңның бір жағында үй сызығының сыртында тұрады. Егер ойын үлкен алаңда жүргізілсе, онда оны бүйірлік сызықтармен бір-бірінен 10 метр қашықтықта шектеу қажет.

Жүргізуші алаңның ортасында тұрып, дауысын қатты шығарып «Бір, екі, үш!» деп санайды. Барлық ойыншылар:

«Біз көңілді баламыз,

Жүгіріп жылдам, қызыққа батамыз.

Ал, бізді ұстап алып көріңіз!» - деп бірге жауап береді.

Осыдан кейін барлық балалар қарама-қарсы беттегі «үй» сызығының артына қарай жүгіреді.

Жүргізуші жүгірген ойыншыларды ұстап алуы тиіс, ұсталғандар шетке шығып тұрады. Барлық балалар жүгіріп өткеннен кейін, жүргізуші тағы да белгі береді, ойын қайтадан қайталады. Үш-төрт реттен кейін ұсталғандар саны саналады да, ұсталмағандар арасынан жаңа жүргізуші тағайындалады.

Ұсталғандар қайтадан топқа қосылады, ойын қайтадан ойналады.

Ойын ережесі:

– екінші жаққа қарай жүгіріп өту «Ал, бізді ұстап алып көріңіз!» сөзінен кейін ғана болады;

– «үй» сызығының артына өткен ойыншы, алдына қарай қайтып келсе, ұсталған болып саналады;

– «ұстап алу» – «ойыншыға қол тигізу» ұстап алған болып саналады;

– ұсталынған балаларға көңілсіз болмау үшін, оларды санап, қайтадан ойынға қосуға болады.

«Бос орынға орналас».

Арасы 1,5 метрлік қашықтықта сызық бойымен белгілер (фишкалар) қойылады. Фишкалар саны ойыншылар санына қарағанда екеуге кем болуы тиіс. Фишкаға қатарлас (параллель сызықпен), олардан 15-17 метр қашықтықта және оларға бетпе-бет бір қатарға ойыншылар тұрады. Жаттықтырушының белгісі бойынша олар фишкаларға қарай жүреді, ал жаттықтырушы «құпия сөз» (ойыншылармен келісілген) айтқан кезде, олар фишкаларға қарай жүгіреді де бос

орынға тұруға тырысады. Фишкалардың жанынан орын алып үлгермеген екі соңғы ойыншы, ойыннан шығады. Ойыншылардың саны екі адамға кемігендіктен, фишкалардан да екеуі алынады. Ойын алғашқы ретпен қайталанады, тағы да соңғы екі ойыншы ойыннан шығады, тағы екі фишка алынады. Ойынның соңына дейін жеткен үш ойыншы жеңімпаз аталады.

Бұл ойынды үш қайыра ойнауға болады.




Дереккөз: <https://infourok.ru/metodika-obucheniya-igri-v-futbol-detey-v-vozraste-let2106124.html>


18-қосымша

Астана қаласы «Сырбай Мәуленов атындағы №37 мектеп-лицейінің» қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Билял Медет Жақсылықұлының «Билингвальды оқытудағы деңгейлеп оқыту әдісінің тиімділігі» Өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді меңгертуге арналған авторлық бағдарламасы.

Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Мектеп:		
Мұғалімнің аты-жөні:		
Сынып: 11		
Пәні	қазақ тілі	
Сабақтың тақырыбы	Білім ошақтары	
Сабақтың грамматикалық тақырыбы:	Публицистикалық стиль	
Сабақ мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> • Сөйлеу тілінің сапалық қасиеттері мен грамматикалық сауаттылығын дамыту. • Қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру. • Оқушыларға деңгейлік тапсырмалар беру арқылы алған білімін өмірде қолдана білу дағдыларын қалыптастыру арқылы когнитивтік қабілетін арттыру 	
Саралап оқыту		
Барлық оқушылар:	Көпшілік оқушылар:	Жекелеген оқушылар:
Қоғамда білімнің маңызы мен рөлі туралы ұғымдары бар	Қажетті тілдік бірліктерді пайдаланып, диалог құра алады	Еркін қатынас жасап, өз ойын жүйелі жеткізе біледі
Тілдік мақсат	Білім ордасы, мектеп, оқу-білім, жоғарғы оқу орны, мұғалім	
Пәнаралық байланыс	Қарым-қатынас психологиясы, әлеуметтік лингвистика.	

Құндылық тарға баулу		Тіл және мәдениет құндылығы			
Алдыңғы білім		Кейбір лексикалық бірліктердің қазақша аудармасын біледі			
У ақыты	Кезеңдері	Тапсырма	Мақсаты	Бәйге	Ресурстар
8 минут	Басы Ұйымдастыру	<p>III деңгей</p> <p>1/ Тірек сөздерді қатыстыра отырып 5 сөйлем құраңдар. 2/ Мәтінге 5 сұрақ жазыңдар.</p> <p>II деңгей</p> <p>1/ Мәтіннің негізгі ойын табыңдар. 2/Тірек сөздер арқылы сөйлемдер құрастырыңдар</p> <p>«шеңбер» әдісі</p>	<p>Сыныпта жағымды көңіл күй қалыптастыру, топқа бірігу.</p>  <p>Жаңа сабаққа болжау жасайды.</p>  <p>Мәтіндегі ақпаратпен бөлісу. Жаңа сабақтың мақсатымен таныстыру.</p> 		Тірек сөздер жазылған кеспе қағаздар, суреттер, мәтіндер, ережелер жазылған плакаттар
	Жұптық жұмыс				

		II деңгей			
1 3 минут	О ртасы То птық жұмыс	1/Мәтінді түсініп оқып, мазмұндаңдар. 2/ «Менің арманымдағы оқу орны» тақырыбына эссе жазыңдар.	Сабаққа зейінін аудару, топта әңгіме жүргізуіне жағдай жасау. 	- Қойылған сұрақ бойынша өз пікірін білдіреді	КТ А
3 минут		Сергіту сәті			М узыка
1 3 минут	Ж еке жұмыс	Жазылым Ресімделуі мен құрылымын сақтап, Эссе жазу. Эссе құрылымын, стильдік ерешелігін ескеру.	Дескрипторлар: 1. Эссе құрылымын сақтау; 2. Тақырыпқа сай жазу; 3. Сауатты жазу; 4. Сыни пікір білдіру.	Бағалау критерийі: - Жазба жұмысында жанрлық ерекшелікті ескерді - Рәсімделуі мен құрылымын сақтайды	

3 минут	Со ны Ке рі байланы с	«Бес саусақ « әдісі бойынша оқушыларға бір сөйлеммен рефлексия жасату.		
------------	--------------------------------------	--	--	--

19-қосымша

Жамбыл Жабаев мұражайында
(КВЕСТ-ОЙЫН)

Ойынның шарты:

- білім алушылардың жас ерекшелігін ескере отырып ойынның жоспарын құрастыру;

- тапсырмалар құрастыру;

- сыныпты 4-5 ойыншыдан тұратын бірнеше командаға бөлу.

Ойынның жоспары:

1) ширату жаттығуларын ұйымдастыру (жаттығулар ұлттық ойын элементтерінен құрастырылуы мүмкін);

2) мәтіндік тапсырмалар (білім алушылардың оқу жылдамдығы мен мәтіннің мағынасын түсінуі дағдылары деңгейін бақылауға мүмкіндік береді);

3) ойжұмбақ-квестер (сөзжұмбақ, ребус, есеп түрінде болуы мүмкін).

Ойынның барысы

Ширату жаттығулары:

Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен, ойындарымен таныстыру және дене шынықтыру жаттығуларын жасау мақсатында «Қазанға теңге таста» ойынын ойнату. Қазаннан белгілі бір қашықтықта тұрып күміс теңгені қазанға лақтыру қажет. Қазанға түскен әр күміс ұпай береді.

Ширату жаттығуын қазақтың ұлттық ойындарының бөлмеде қимыл-қозғалыс жасауға болатын түрлерінен таңдауға болады.

Мәтіндік тапсырмалар (тақырыпқа сәйкес құрастырылуы тиіс).

Мұражайдан қажетті деректерді тауып көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып сөйлемдерді толықтырыңдар.

Ұйымдастырушыларға ескерту! Жақшаның ішіндегі сөздер тапсырмада көрсетілмейді.

1-топқа арналған тапсырма «Мұражай тарихы».

Мұражай қазақ халқының ұлы ақыны Жамбыл Жабаев тұрған үйде ... (1946) жылы ұйымдастырылды. Мұражай кешені Алатаудың ... (Майтөбе) биігіне жақын жатқан жазықта орналасқан. Мұражайдың іргесінде ұлы ақынның көзі тірісінде егілген ағаштар, сол қалың баудың түкпіріне таман алма мен алмұрт бағының арасында ... (1946) жылы салынған кесене тұр. Кесене ... (1970) және ... (1996) жылдары қайта жөнделіп, ақ мәрмәрмен қапталған.

Кесененің дәл ортасына ұлы жыршыға құлпытас қойылған. Ақын денесі осында жерленген. Кесененің дәл іргесінде, сол жақ босағасына ақынның киесі – (қызыл шұбар жолбарыс) мүсіні орнатылған.

Дереккөз: <https://kk.wikipedia.org/wiki/> Жамбыл_мұражайы
(Алматы_облысы)

2-топқа арналған тапсырма «Менің пірім – Сүйінбай...».

Бірінші бөлме Жамбылдың ұлы ұстазы ақын ... (Сүйінбайға) арналған.

Сөз атасы Сүйінбайды ... (ұстаз) тұтқан Жамбыл Жабаев өзінің көптеген жырларында бұл кісінің өмірі мен өлеңін үлгі етіп келді. Мінезі де, болмысы да ерекше болып өскен бала Жамбыл жастайынан (ән мен күйге) құмар, ойы ұшқыр, ұғымтал болып өседі. Жамбылды көзі көрген жандардың барлығы оның (есте сақтау) қабілетінің ерекше болғандығын айтады екен. Осылай дара тұлғаның бойындағы сирек кездесетін қасиеттерді бірінші болып (Сүйінбай Аронұлы) байқапты. Шамамен 13-14 жасында әкесінің қарсылығына қарамастан, қолына домбырасын алып, атағы талай жұртқа жайылған Сүйінбайды іздеп тапқан бала Жамбыл өзінің алғашқы жырларын ұсынады.

Жас жеткіншектің тапқырлығы мен талабына тәнті болған жырау өзінің ақ батасын беріп, ақылын айтыпты. Жамбылдай мөлдір бұлақтың көзін ашқан Сүйінбайды шәкірті әрдайым ән-жырларына қосып, ұлықтап жүрген. Міне осылайша, ұстаз бен шәкірттің арасындағы үлкен сыйластықтың бір белгісі болып мұражайдың төрінде Сүйінбайдың суреті тұр. Портретті (Әбілхан Қастеев) салған.

Дереккөз: https://el.kz/kz/news/sakral_nii_kazahstan_/zhambil_zhabaevtin_mu_razhai_uii

3-топқа арналған тапсырма «Жыр сүлейі – Жамбыл».

Мұражайдағы құнда жәдігерлердің бірі – ұлы ақынның (киелі домбырасы). Өзінің суырыпсалмалық өнерімен жалпақ жұртқа атағы жайылған Жамбыл – ... (айтыс) өнерінде үлкен із қалдырған тұлға. Ақынның ..., ..., ... (Құлмамбет, Досмағанбет, Айкүміс) сынды дүлдүл ақындармен жасаған айтысы қазақ ауыз әдебиетінің алтын қорынан орын алады.

Жамбыл өз жырларының тең жартысын 1916 жылғы ... (ұлт-азаттық) көтеріліске арнаған. Сондықтан болар, мұражай қабырғасында (Амангелді Иманов) суреті бар.

4-топқа арналған тапсырма «Ұлы Отан соғысы жырлары».

Келесі экспонаттар ақын өміріндегі үлкен кезең туралы баяндайды. Ол – (Ұлы отан соғысы) уақыты. Жамбыл екінші ... (дүниежүзілік) соғысқа қатысқан отан қорғаушыларға арнап жырлар жазған. Бұл жырлар бір жинаққа топтастырылып, («Соғыс жылдарының өлеңдері») деген атпен мұражайда сақталып келеді. Ақынның («Ленинрадтық өрендерім») деген өлеңі соғыс жылдарында талай жауынгерді жігерлендіріп, қарапайым жұртқа күш-қуат берген еді.

Ойжұмбақ-квестер (сөзжұмбақтар сайысы).

Тігінен:

1. Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы (Жамбыл Жабаев).

2. Жамбылдың ұлы ұстазы (Сүйінбай).

3. Жамбылдың атағын жұртқа танытқан суырып-салмалық өнер түрі (Айтыс).

4. Жамбыл Жабаев кешенінде қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдызы – ... мазары бар (Тілендиев).

Көлденеңінен:

1. Мұражай кешені орналасқан жазық (Майтөбе).

2. Ақынның киесі (Жолбарыс).

3. Жамбылмен айтысқан ақын (Айкүміс).

4. Соғыс жылдарында талай жауынгерді жігерлендіріп, қарапайым жұртқа күш-қуат берген өлең қай қалаға арналған? (Ленинград).

5. Сүйінбай ақын портретінің авторы (Қастеев)

20-қосымша

Ыбырай Алтынсарин кесенесі

Жалпы білім беретін мектептердің жоғары сыныптарында «Ы. Алтынсарин – жаңашыл-педагог» тақырыбына байланысты «Жұлдызды сәт» ойыны.

Мақсаты:

- білім алушылардың Ы. Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерін толықтыру, қорытындылау және жүйелеу;

- білім алушылардың сөйлеу тілін, өз ойларын жеткізе білу дағдыларын, әдебиетке қызығушылықтарын дамыту.

Ойынды командамен де немесе жеке-жеке оқушылармен де өткізуге, сонымен қатар сұрақтарды слайд түрінде әзірлеп интерактивті тақтадан көрсетуге болады.

Ойын бірнеше кезеңнен тұрады:

1-кезең. «Ы. Алтынсариннің өмірімен байланысты жерлер».

Үстелдерде 1-ден 6-ға дейінгі цифрлар жазылған текше карталар бар. 1-кезеңнің сұрағына жауап бергенде дұрыс жауапқа сәйкес келетін цифрды көрсету қажет.

1 – Қостанай облысы Қостанай ауданы

2 – Орынбор

3 – Торғай

4 – Петербург

5 – Қазан

6 – Ырғыз

7 – Троицк

8 – Ақтөбе

1-сұрақ. Ыбырай Алтынсариннің туған жері (Қостанай облысы Қостанай ауданы).

Слайдта атасының Ыбырайға жолдаған өлең-хатының жолдарын ұсынуға және мәнерлеп оқып беруге болады

Үміт еткен көзімнің нұры – балам,
Жаныңа жәрдем берсін Хақ тағалам.
Атаң мұнда анаңмен есен-аман,
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.
Атаңды сағындым деп асығарсың,
Надан боп білмей қалсаң, аһ ұрарсың.
Шырағым, мұнда жүрсең не етер едің,
Қолыңа құрық алып кетер едің.
Тентіреп екі ауылдың арасында
Жүргенмен, не мұратқа жетер едің?!

2-сұрақ. Кішкентай Ыбырайдың орыс-қазақ мектебінде оқыған қала (Орынбор).

3-сұрақ. Ыбырай өзі сұранып, мектебіне мұғалім болуға рұқсат алып, келген жер (Торғай)

4-сұрақ. Орыстың ағартушылық жүйесін зерттеу мақсатында барған қалалары (Петербург, Қазан).

5-сұрақ. 1879-1883 жылдар аралығында Торғай облысының қандай уездерінде жаңа мектептер ашты (Торғай, Ырғыз, Троицк, Ақтөбе).

6-сұрақ. «Қазақ хрестоматиясын» басып шығарған қала (Орынбор).

2-кезең. «Логикалық тізбек».

Сурет және жазушы өмірінің фактілері арасындағы өзара байланысты анықтау. Ұпай жұлдызын бірінші көтеріп жауап берген қатысушыға беріледі.

1-тапсырма. Слайдта Ы. Алтынсариннің және шекара комиссиясы төрағасына Жаңбыршы Балғожиннің немересі Ыбырайдың орыс-қазақ мектебіне қабылдау туралы мәлімдемесінің суреттері.

Дұрыс жауап: Замана бет алысын өзінше болжаған Балғожа табысқа жетудің ендігі жолы – оқу деп біледі. Сөйтіп, немересі кішкентай Ыбырайды Орынборда ашылады деп күтілген орыс-қазақ мектебіне күні бұрын жаздырып қояды. Мектеп 1850 жылы ашылады да, оған қабылданған отыз қазақ баласының бірі – тоғыз жасар Ыбырай болады.

2-тапсырма. Слайдта Ы. Алтынсариннің және ғимараттың суреті, 1850-1857 жылдар жазуы.

Дұрыс жауап: Орынбор қаласында 1850-1857 жылдар аралығында Ы. Алтынсарин оқыған мектеп.

3-тапсырма. Слайдта Ы. Алтынсариннің және үйдің суреті, 1883-1889 жылдар жазуы

Дұрыс жауап: бұл үйде 1883-1889 жылдар аралығында Ы. Алтынсарин тұрған. Үй Қостанай қаласында.

4-тапсырма. Слайдта Ы. Алтынсариннің және отбасының суреттері.

Дұрыс жауап: Ы. Алтынсариннің отбасы. Әйелі – Айғанымс, балалары – Абдолла, Әбдірахман, Шарипа.

5-тапсырма. Слайдта Ы. Алтынсариннің және «Киргизская хрестоматия» кітабының суреттері.

Дұрыс жауап: Ыбырай Алтынсарин – «Қазақ хрестоматиясы» (1879) деп аталатын ана тіліміздегі тұңғыш оқулықтың авторы.

6-тапсырма. Слайдта Ы. Алтынсариннің және кесененің суреттері.

Дұрыс жауап: Ы. Алтынсариннің кесенесі тарихи тұлғаларға қатысты киелі орындар санатына енген. Кесене Тобыл өзенінің жағасында орналасқан (Қостанай қаласында).

3-кезең. «Әдеби галерея».

Тапсырма: Ы. Алтынсариннің әңгімелеріне қатысты суреттерді қарап, жазушының шығармаларынан үзінділер тыңдап, олардың атауларын еске түсіру қажет.

Слайд. «Тазша бала» ертегісіне иллюстрация және ертегіден үзінді (аудиожазба).

«Тазша бала» ертегісінен үзінді: «Ертеде бір шал мен кемпір болыпты.

Олардың үш баласы, бес ешкісі бар екен. Бір күні үлкен баласы басқа жерден пайда кәсіп қылуға талап етіп, өзіне тиген енші ешкісін сойып алып, етінен кемпір мен шалға бір түйір де берместен, арқалап кетіпті. Келе жатса, бір өнерші байдікіне келеді. Бұл байға өнер үйренуге ол жігіт жалданыпты. Өнерші бай бек қатты жауыз адам екен. Ол жалданған жігітті бір сандыққа салып қойып, аштан өлтіріпті. Үйінде қалған ортаншы баласы, бұ да өнер үйренбекке талап етіп, о да ағасының кеткен жолымен кетіп, о да өнерші байға келіп жалданыпты. Өнерші бай оны да ағасынша аштан өлтіріпті. Үшінші ұлы — Тазша бала, о да ағаларындай өзіне тиген енші ешкісін сойып алып, жарты етін әке-шешесіне беріп, олардан рұқсат алып, арқалап кетіпті». (Слайдқа қажетті суретті <http://bilim-all.kz/article/7166-Tazsha-bala> сайтынан қарауға болады).

Дереккөз: <http://bilim-all.kz/article/7166-Tazsha-bala>

Слайд. «Әке мен бала» әңгімесіне иллюстрация және әңгімеден үзінді (аудиожазба).

«Әке мен бала» әңгімесінен үзінді: «... Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң, әкесі қайырылып, манағы тағаны соларға үш тиынға сатты. Одан біраз жер өткен соң, шие сатып отырғандардан ол үш тиынға бірталай шие сатып алды. Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бірем - бірем алып жеп, баласына қарамай, аяндап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала да тым-ақ қызығып келеді екен, жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салды». (Слайдқа қажетті суретті <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/tmsil/41805/> сайтынан қарауға болады).

Дереккөз: <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/tmsil/41805/>

Слайд. «Атымтай Жомарт» әңгімесіне иллюстрация және әңгімеден үзінді (аудиожазба).

«Атымтай Жомарт» әңгімесінен үзінді: «Төрт түрлі себеп бар. Әуелгісі: әдемі ат, асыл киім, асқан дәулетті өне бойы әдет етсең, көңілге жел кіргізеді; сол желіккен көңілмен өзімнен терезесі төмен бейшаралардан жиреніп, көз салмай, кем-кетікке жәрдем беруді ұмытармын деп қорқамын.

Екіншісі: бар бола тұрып мен жұмыс қылсам, мұның кемшілік емес екенін біліп, кейінгілер әбірет алсын деймін.

Үшіншісі: күн сайын өз бейнетіммен тапқан бір-екі пұлға нан сатып алып жесем де бойыма сол тамақ болып тарайды, еңбекпен табылған дәмнің тәттілігі, сіңімділігі болады екен.

Төртіншісі: құдайтағаламның берген дәулетін өзімсініп, тиісті орындарына жаратпай, көбісін өзім ішіп-жеп, өзім тұтынсам, мал берген иесіне күнәлі болармын деп қорқамын, – деді». (Слайдқа қажетті суретті https://www.zharar.com/kz/story/8645-altynsarin_atymtay.html сайтынан қарауға болады).

Дереккөз: https://www.zharar.com/kz/story/8645-altynsarin_atymtay.html

4-кезең. Викторина.

- 1) Ы. Алтынсарин – өмір сүрген жылдар (1841-1889 ж. ж.).
- 2) Ы. Алтынсарин... (Ағартушы-педагог).
- 3) Ы. Алтынсаринді тәрбиелеген алды (Атасы Балғожа би).
- 4) Ы. Алтынсарин дүниеге келген өңір (Қостанай облысы Торғай жері).
- 5) Ыбырайдың жақсы меңгерген тілдері (орыс, араб, татар, парсы).
- 6) Орынбор шекаралық комиссиясы жанындағы мектепті алтын медальмен бітірген жылы (1857).
- 7) Балғожа бидің хатшысы ретінде тілмаштық қызмет атқарған жылдары (1857 ж.).
- 8) Ы. Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясы» жазылған алфавит (кириллица).
- 9) Ы. Алтынсариннің негізгі еңбектерінің бірі (Қырғыздарды орыс тіліне үйретуге негізгі басшылық).
- 10) 1879 жылы тағайындалған қызметі (Торғай облысының мектеп инспекторы).
- 11) XIX ғ. I жартысындағы ағартушы, қоғам қайраткері, жаңашыл педагог (Ыбырай Алтынсарин).
- 12) Ы. Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясы» жарық көрген жыл (1879)
- 13) Балаларды оқуға шақырған өлеңі (Кел, балалар, оқылық!).
- 14) «Кел, балалар, оқылық!» өлеңіне ән шығарған (Жаяу Мұса).
- 15) «Қыпшақ – Сейіткүл» әңгімесінде уағыздаған кәсіп (Егіншілік).
- 16) Ы. Алтынсариннің қазақ қыздарына арнап мектеп-интернат ашқан қала (Бірғыз).

20-қосымша

Интеллектуалдық ойындар арқылы оқушылардың танымдық қабілетін дамыту

Ойын пән әрекетін күшейтіп, логикалық ойлауына, басқа адамдармен іскерлік қатынастарына әсер ететінін анықтайды. 4-сынып оқушыларымен «Алтын сақа» танымдық сайысын ұсынып отырмын.

Мақсаты: Абайдың оныншы қара сөзін негізге ала отырып оқушыларды дәлелді сөйлей білуге баулу. Ой-өрістерін, тілін, сөздік қорын, есте сақтау қабілетін дамыту. Қарасөздің мазмұнын толық жеткізе білуге, ауызекі тілде жүйелі сөйлей білуге үйрету. Салыстыру, қорытындылау, талдау дағдыларын қалыптастыру. Оқушыларды өз білімін бағалай білуге баулу, ата-анасын қадірлей білуге тәрбиелеу.

1-жүргізуші :

Өлеңі-ақыл, өзі аңыз,
Абай біздің бабамыз.
Өсиетін сондықтан,
Санамызға жазамыз.

Шен-шекпенге жасыңнан,
«Кұмар болма!» депті Абай...
Милары жоқ масылға,
«Сыңар болма!» депті Абай ...

«Бүкіл абзал адамның,
Баласы бол!» депті Абай.
«Атаң менен анаңның,
Панасы бол!» депті Абай.

Өсиетін Абайдың,
Орындап жүр кім қалай ?

2-жүргізуші

-«Алтын сақа» танымдық сайысы бес бөлімнен тұрады.

➤ «Табалдырық» бөлімінің сұрақтарына жауап берген 4 оқушы көрермендер арасынан іріктелініп алынады.

➤ «Әудем жер» бөлімінде 4 оқушыға сұрақтар қойылады.

➤ «Қозы көш» бөлімінде сұрақтарға жауап берген 3 оқушы қалады.

➤ «Бел асар» бөлімінде сұрақтарға жауап берген 2 оқушы қалады.

➤ «Жолайрық» бөлімінде барлық сұрақтарға жауап берген 1 оқушы қалады.

Барлық сұрақтарға жауап беріп жеңіске жеткен сайыскер «Алтын көмбе» сұрағына жауап беруге шақырылады.

1-жүргізуші :

- Абайдың оныншы қара сөзі бойынша өткізілгелі отырған «Алтын сақа» танымдық сайысымызды бастауға рұхсат етіңіздер.

1. «Табалдырық»

Құдайдан біреудің тілейтіні не?

Жауап: Біреулер құдайдан бала тілейді

Баланы құдайдан не үшін тілейді?

Жауап: Өлсем орнымды бассын дейді,артымнан құран оқысын дейді,қартайған күнімде асырасын дейді.

Баланың жақсы қандай,жаманы қандай?

Баланың жақсы-қызық,,жаманы-күйік.

Баланың қандай болуы екіталай ?

Баланың мал табарлық болары да,мал шашарлық болары болары да екіталай.

2.«Әудем жер»

Адамға құдай тағала не берді?

Жауап: Құдай тағала адамға еңбек қылып мал табарлық қуат берді.

Балаңды әуелі қалай алдайсың?

Жауап:Әуелі балаңды өзің алдайсың : «Әне,оны берем,міне мұны берем» деп.Басында балаңды алдағанға бір мез боласың.Соңыра балаң алдамшы болса,кімнен көресің?

Тіршілікте өзің жақсылық қылған кісің көп болса олар қайтер еді?

Жауап:Тірлікте өзіңнің жақсылық қылған кісің көп болса,кім құран оқымайды?Егер жаманшылықты көп қылған болсаң,балаңның оқыған құраны сені неге жеткізеді?

Абай бабамыз «Қартайған күнімде асырасын» деп бала тілеу неліктен бос сөз деп есептейді?

Жауап: Қартайған күнімде асырасын десең,ол а –бір бос сөз.Әуелі, өзің қаруың қайтарлық қартаюға жетісемісің,жоқ па? Екінші, балаң мейірімді болып, асырарлық болып туа ма, жоқ па? Үшінші, малың болса кім асырамайды? Малың жоқ болса қай түлікті асырау толымды болады?

1. «Қозы көш»

Құдайдан және не тілейсің?

Жауап: Және мал тілейсіңдер, неге керек қылайын деп тілейсіңдер?

Құдай тағала адам қуатын орнын тауып, сарып қыларлық не тіледі?

Құдай тағала адам қуатын сарып қыларды білерлік ғылым берді, оны оқымайсың. Ол ғылымды ұғарлық ақыл берді. Оны қайда жібергенінді кім біледі?

Малды «иттікпен» тапса не болады.

Жауап: Малды иттікпен тапса да адамшылықпен жұмсаған ешбір қазақты көрмедім. Малды иттікпен тапса, иттікпен айырылды.

2. «Бел асар»

Бай болудың жолдары қындай?

Жауап: Ерінбей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім бай болмайды?

Біреулер барында қайтеді, жоғында қайтеді?

Барында «баймын» деп мақтанады. Жоғында «маған баяғыда мал бітіп еді» деп мақтанады.

3. «Жол айырық»

Ғылымсыз нелер ғибадат орнына бармайды?

Жауап: Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған қажылық ешбір ғибадат орнына бармайды.

4. «Алтын көмбе»

Мал таптың, байыдың. Сол малды сарып қылып не табу керек?

Жауап: Мал таптың, байыдың. Сол малды сарып қылып ғылым табу керек. Өзің таба алмасаң балаң тапсын. Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ.

1-жүргізуші

Көп емес-ау саған артар міндетім,

Ең оңайы өзіңе-өзің жүр жетіп.

Бір өлеңін жатқа оқысаң Абайдың,

Сол болады еліңе еткен құрметің.

Осындай түрлі интеллектуалдық ойындар бала қиялын ғана дамытпай оқушылардың сабаққа деген қызуғышылығын арттырады. Бала өз мүмкіндіктерін ашып, жаңалыққа, бәсекелестікке ұмтылады.

Ойын-бұл еркін және өзіндік әрекет, ол баланың жеке қызуғышылығынан туады, белсенділігімен ерекшеленіп, шығармашылығын, жоғары сезімділігін көрсетеді. Ойында ғана баланың жеке қажеттілігі мен шектеулі мүмкіндіктері ашылады. «Ойын, сондықтан ойын, ол баланың дердестігі...»

Интеллектуалдық ойын пән әрекетін күшейтіп, логикалық ойлауына, басқа адамдармен іскерлік қатынастарына әсер ететінін анықтайды.

Оқушылардың когнитивті қабілетін дамытуға арналған ойын түрлері
«Суреттерді сөйлет» ойыны

Интерактивті тақтадан мазмұнды 2-3 суреттер көрсетіледі. Оқушылар суреттер бойынша топ-топпен 8-10 сөйлем көлемінде мәтін құрастырады. Берілген тақырып бойынша хат, эссе, ой-толғау құрастырып жазуға болады.

«Буын» тақырыбына мынадай ойын түрін қолдануға болады:
«Ойлан, тап»

1. Бір буынды, тұйық буынға мысал келтір. (ет, жап, шөп, хат)

2. «ла» буынына аяқталатын екі буынды сөз ойла.(айла, ойла)

3. «А» әрпінен басталып, «А» әрпіне аяқталатын бір буынды сөз ойла (ала, ана)

4. «Т» әрпінен басталып, «Т» әрпіне аяқталатын бір буынды бітеу буынға мысал келтір.(торт, тат, төрт)

«Жадына сақта» ойыны

Тақтаға немесе плакатқа жазылған 10-12 сөз оқушылар назарына көрсетіледі.

2-3 минут өткеннен кейін тақтадағы сөздер өшіріледі.

Оқушылар есінде қалған сөздерді дәптерлеріне жазу керек. Сөздерді дұрыс, нақты(10 сөз) жазған оқушы жеңеді

«Мені түсін» ойыны

Оқушылар мәтіннің бір бөлігін оқиды, түйінді сөздерін дәптерлеріне жазып алады. Мұғалім оқушылардың кітаптарын жабуын, қолдарына парақ пен қарындаш алып, осы мәтіннен 5-7 сөз жазуларын талап етеміз.

Соңынан мұғалім парақтарды жинап алып тексереді. Кім көп сөз жазса, сол жеңімпаз атанады.

«Көкпар» ойыны

Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Ойынды көкпар алуға тырысатындай етіп, жарыс түрінде өткізуі керек. Әр топтан бір-бір ойыншыдан шығып, «сандықшадан» асық алып, нөмірі оқылып, сол нөмірдегі конверт ашылып, ішіндегі жұмбақ оқылады.

Білім сайысы:

- 1.Ең терең көл (Байкал)
- 2.Ең ірі планета (Юпитер)
- 3.Жылқы қанша жасайды№ (30 жас)
- 4.Ұшпайтын ең үлкен құс (Страус).

Жұмбақтар:

Болсын мейлі қай жақтан-
Алыс-жақын аймақтан
Сағыныш алып ұшамын
Достарды барып құшамын.

(хат)

Синонимдер:

Әр жолдан бір-біріне мағынасы жақын сөздерді тауып, астын сызындар.

- 1.Күн, сәуле, нұр, ай.
- 2.Шұғылдану, орналасу, ұсыну, айналысу.
- 3.Той, мереке, мейрам, жиналыс.

Артық сөзді тап: Мағынасы жағынан сәйкес келмейтін артық сөзді тап.

1. Жылқы, сиыр, аю, қой.
2. Түлкі, қасқыр, түйе, жолбарыс.

«Сөз жарысы» ойыны

Ойынның мақсаты – сөздік жұмысын қайталау. Бұл ойында 3 оқушы тақтаға шығады. Сыныптағы оқушылар сөздерді орыс тілінде айтады. Үш оқушы

қазақ тіліне аударады. Үш оқушының қайсысы көп айтса ,сол жеңеді. Ойынды тақтаға сауатты жазу қабілетін молайту мақсатында жазбаша түрде де өткізуге болады.

Сабақта грамматикалық ойын түрлерін, әсіресе тіл сабағын меңгерту мақсатында жиі қолдануға болады. Грамматикалық ойындар арқылы сабақтарда оқушылар әр түрлі жағдайды түсінеді, оны шешу жолдарын қарастырады. Жақсы ойынға бала бар ынтасымен беріліп, оны білуге ,меңгеруге талпынып, алуан түрлі мәліметтерді алып, шеберліктерін шыңдайды.

Қазақ тілінің фонетика саласын оқытқанда тақырыпқа орай әр түрлі әдіс – тәсілдермен шеберлікпен грамматикалық ойындарды енгізуге болады.

Фонетика саласы бойынша.

«Адасқан әріптер» ойыны

1.р,ш,а (шар)

2.е,т,е,р,к (терек)

3.м,к,а,л,а (қалам)

4.ө,з,к (көз)

5.м,і,л,і,б (білім)

6.о,қ,л (қол)

7.қ,с,а,б,а (сабақ)

Сонымен қатар, әрбір жаңа тақырыпты өткізу барысында тақырыпқы сай «Адасқан әріптер» ойынын ойнатуға болады.

Мысалы,жабайы аңдарды өткен кезде былай ойнату тиімді.

сқақыр – қасқыр

Іркіп – кірпі

нояқ - қоян

«Кім шапшаң?» ойыны

1.А әрпінен басталатын қала аттарын ойла.

Мысалы:Ақтау,Астана т.б

2.Б әрпінен басталатын тағам атаулары.

Мысалы :бауырсақ, бөлке, балмұздақ т.б.

Лексика саласы бойынша.

«Кім тапқыр?» ойыны

Ішінде антоним сөздері бар мақал-мәтелдер тауып жазу.

1.Үйдің- қыс түскенде білерсің.(ыстық-суығын)

Кімнің - іс түскенде білерсің. (дос-қасын)

2.Ашу -, ақыл -(дұшпан,дос)

«Жұбынды тап» ойыны (мақал-мәтел тақырыбында қолданылады)

Әр түрлі қағаздарда мақалдар беріледі. Мақалдың сыңарлары екі қағазда болады. Ойыншы сол мақалдарды белгілі уақыт ішінде жұптастыру керек немесе аралас сөздерден мақал құрастыру керек. Дәл сол сияқты тұрақты тіркес пен оның мағынасын жұптастыруға болады. Дәл, нақты, дұрыс жауап берген ойыншы жеңімпаз атанады.

Сонымен қатар, сабақта түрлі кестелерді пайдалануға да болады. Кестелер арқылы «Кім жүйрік?» ойынын жүргізуге болады. Оқушылар

септіктермен танысқан кезде, сұрақтарын, жалғауларын еске сақтап ,мысалдар келтіріп қалай меңгергендігін көрсете алады.

Тілді үйренудегі ойынның мақсаты:

Ойын арқылы оқушылардың білім-білік дағдылары қалыптасады.

Оқытудағы ойынның міндеті:

- Білім деңгейі мен дағдыларын жетілдіре отырып, ойын арқылы оқу мен тәрбие ұштасады.

- Мұғалім ойната отырып, жаңа білімді меңгертеді.

- Оқушының танымдық қызметі мен ой-өрісі кеңейеді.

- Оқушының өзіне деген сенімі артады, оқуға деген қызығушылығы, белсенділігі дамиды.

- Оқушыларды адамгершілікке, бір-бірін сыйлай біліп, қол ұшын беріп, көмектесуге үйретеді.

Балаларды оқытудағы ойынның ерекшелігі:

Сабақ сапасы жақсарады, пәнге деген қызығушылығы артады, логикалық ойлай білуге итереді, тәртіп сақтау дағдысы қалыптасады, есте сақтау қабілеті дамиды. Ойын барысында оқушының ой-өрісі дамиды, сөйлеу қабілеті жетіледі, қарым-қатынас жасауға үйренеді, көңіл – күй көтеріледі, оқушы жалықпайды, сөздік қоры көбейеді.

Қазақ тілінде ойын элементтерін енгізудің маңызы зор. Ол оқушының шығармашылық қабілетін, сабақта белсенділігін арттырады, қазақ тіліне деген қызығушылығын оятып, білімін молайта түсуіне әсерін тигізеді.

Танымдық қабілеттерді дамытуға арналған ойындар және жаттығулар. Ойын сабақтары.

Зейінді дамыту және тәрбиелеу жаттығулары

1. Зейінді аудару қабілетін дамыту жаттығулары. Балаға әртүрлі сөздерді атаңыз: үстел, кереует, кесе, қарындаш, дәптер, кітап, тоғай, шанышқы және т.б. Ол келісім бойынша белгілі бір сөздерге қимылмен жауап беруі керек. Бала мұқият тыңдайды да, мысалы, жануарды білдіретін сөздерді естігенде, алақанын соғады. Егер бала шатасып кетсе тапсырманы қайталаңыз.

Осындай және осыған ұқсас жаттығулар зейінділікті, зейіннің бөлінгіштік және аударылу жылдамдығын дамытады, ал сонымен бірге баланың ой-өрісін кеңейтіп, танымдылық белсенділігін арттырады.

Мұндай ойындарды жарыс түрінде балалар тобымен жүргізген қызықты.


2. Зейіннің тұрақтылығы мен жинақтылығын дамыту жаттығулары
Оқи білетін балаларға ұсынылады.

Қағазда (1-сурет) кездейсоқ ретпен әріптер басылған (5 жол). Әр жолда шамамен 30 әріп бар. Бала әр жолды мұқият қарап, әріптер арасынан сөздерді құрауға тырысады. Ол осы сөздерді іздеп табуы (үш, төрт, бес әріпті) және астын сызуы керек.


Табыстылық көрсеткіші – табылған дұрыс сөздер саны және тапсырманы орындау жылдамдығы.

Зейінді одан әрі жаттықтыру үшін өзіңіз осыған ұқсас ынталандыру материалын дайындаңыз.

Әріптер мен сөздерді машинкада немесе компьютерде теруге немесе қолдан жазуға болады. Күлкілі сөздер ойлап табыңыздар, балаларға бұл әрқашанда ұнайды.



1-сурет. Қабылдауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары. «Дыбыстарды анықта» жаттығуы Фонематикалық айыруға қабілетін дамытуға арналған. Бұл қабілеттер оқуға, жазуға, шетел тілдеріне табысты оқытудың негізінде жатыр. Балаға түрлі заттар бейнеленген суреттер ұсынылады (2-сурет). Баланың бұл затты білетіндігін тексеріңіз. Содан кейін сіз кез-келген сөзді айтыңыз және баладан сол дыбыстан басталатын затты көрсетуін өтініңіз. Мысалы, сіз «сүт» сөзін айтасыз, бала «сиыр» суретін көрсетеді, өйткені екі сөз де «с» әрпінен басталады.




2 сурет

2. Геометриялық пішіндерді қабылдауды дамыту
Балаға түрлі геометриялық фигуралар бейнеленген суреттер ұсынылады.


Баладан білетін пішіндердің атын сұрап, ал білмейтін пішіндердің атын өзіңіз айтып беріңіз.

Келесі жолы одан сіз атаған пішіндердің суретін салуды өтінесіз (дөңгелек, шаршы, төртбұрыш, үшбұрыш, эллипс).



3 сурет

3. «Пішіндерді аяқта» қабылдау дәлдігін дамыту жаттығуы
 Балаларға аяқталмаған, сызықпен бейнеленген түрлі геометриялық пішіндердің суреттерін көрсетеді, бірақ олар аяқталмаған. Оны баланың аяқтауын өтінесіз (4-сурет).



4 сурет

Ойлауды дамыту және қалыптастыру жаттығулары
 1. «Заттарды салыстыру» ойлау тәсілдерін дамыту жаттығулары
 Салыстыру үшін балаға келесі сөз жұптары ұсынылады:

1. ШЫБЫН ЖӘНЕ КӨБЕЛЕК
2. ҮЙ ЖӘНЕ ҮЙШІК
3. ҮСТЕЛ ЖӘНЕ ОРЫНДЫҚ
4. КІТАП ЖӘНЕ ДӘПТЕР
5. СУ ЖӘНЕ СҮТ
6. БАЛТА ЖӘНЕ БАЛҒА
7. ПИАНИНО ЖӘНЕ СКРИПКА
8. ТЕНТЕКТІК ЖӘНЕ ТӨБЕЛЕС
9. ҚЫТЫҚТАУ ЖӘНЕ СИПАУ
10. ҚАЛА ЖӘНЕ АУЫЛ

Бала салыстыратынын көз алдына елестетуі керек. Оған сұрақ қойыңыз: «Сен шыбынды көрдің бе? Ал көбелекті ше?» Осындай қысқа сұрақтардан кейін, балаға жұптың әр сөзін салыстыру ұсынылады. Тағы да сұрақ қойыңыз: «Шыбын мен көбелек ұқсайды ма, жоқ па? Олар несімен ұқсайды? Қандай айырмашылықтары бар?» Баланың жауабына талдау жасаңыз. Сөздердің неше жұбын ол дұрыс салыстырды? Балаға не оңай: ұқсастығын іздеу ме әлде айырмашылығын тану ма? Балалар әсіресе ұқсастығын іздеуде қиындық көретінін байқаймыз.

6-7 жасар бала салыстыруды дұрыс жүргізе білуі керек: ұқсастық белгілерін де, айырмашылық белгілерін де айыра білуі керек, бірақ кездейсоқ, мағынасыз белгілері бойынша емес (мысалы, балға мен балта сарайда жатыр), басты белгілері бойынша.

2. «Сөзді аяқтау» ой жылдамдығын дамыту жаттығулары Балаға мынадай ойын ойнауды ұсыныңыз: сіз сөзді бірінші буынын айтып бастайсыз, ал ол аяқтайды. «Менің не айтқым келеді, ойлап тап! Ба ...» — осылай сіз ойынды бастайсыз.

Барлығы 10 буын ұсынылады: 1) ба, 2) са, 3) ша, 4) та, 5) да, 6) жа, 7) же, 8) ше, 9) ке, 10) бе.

Егер бала тапсырманы жеңіл де жылдам орындаса, оған бір емес шамасы келгенше бірнеше сөз ойлап табуын ұсынамыз. Мысалы, ба-ла, ба-тыр, ба-қа, ба-лапан, ба-рабан және т.б.

Жауаптардың дұрыстығын ғана емес, уақытты да белгілеңіз. Бұл ойлау үдерісі жылдамдығының, тапқырлығының, тілдік, сөйлеу белсенділігінің көрсеткіші.

А.З.Зак ұсынған «Оқушылардың ойлау қабілетінің даму деңгейін анықтау» әдістемесі.

4-сынып оқушыларының логикалық ойлауының және интеллектуалдық қабілетінің даму деңгейін анықтап оларды дамыту. Бұл әдістеме екі тапсырмадан тұрады. Біріншісі «Анаграммалар», ал екіншісі «22 есеп» деп аталады. Оларды ретімен орындау нәтижесінде баланың абстракциялық ойлауының орын алуы, шешу жолын білмейтін мәселелерді орындауға қабылдауы, теориялық интеллектінің көрініс бере бастағаны зерттелінеді.

1-ші тапсырма. «Анаграммалар» әдістемесі

Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының ойлау процестерінің даму деңгейін анықтау және олардың интеллектуалдық қабілетін дамыту.

Орындау ережесі: тапсырманы орындату алдын балаларға анаграмма не екенін түсіндіру қажет. Анаграмма дегеніміз — сөздегі әріптердің орны ауыстрылған, мағынасыз әріптер жиынтығы. Тапсырманы шешу үшін, әріптердің орнын ауыстыру арқылы таныс сөздер құрылады. Жауапты тапсырма параққа жазып отыру керек. Мысалы: анаграммада «ОЛТС» әріптері берілген. Олардың орнын ауыстыру арқылы «стол» деген сөз құрылады. Келесі анаграммаларды шешу арқылы берілген сөздерді тап. Тапсырмаларды орындау барысында қосымша түсіндірудің ешқандай қажеті жоқ.

Анаграммалар: Дұрыс жауаптары:

1. СЕПЕ ЕСЕП
2. ДӘМЕІ ӘДЕМІ
3. РАМНА АРМАН
4. АЖДҒАЙА ЖАҒДАЙ
5. РОНЫДҚЫ 6. ОРЫНДЫҚ
6. ИҒАМРТА 5. ҒИМАРАТ
7. АБЫТРЛҚЫ БАТЫРЛЫҚ
8. ЕШЕШДНКІ ШЕШЕНДІК
9. АТСПРЫАМ ТАПСЫРМА
10. 2-ші тапсырма. А.З.Зактың «22 есеп» әдістемесі

Мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауының даму деңгейін анықтау және дамыту.

Балардың интеллектуалдық қабілетін экспресс диагностика жасау үшін А.З.Зактың «22 есеп» әдістемесін қолдануға болады.

Орындау ережесі: оқушыларға 22 есеп жазылған карточкалар таратылып беріледі. Тапсырманы орындату үшін психолог әдістемемен жұмыс жасау тәртібін түсіндіреді.

«Балалар, карточкаға жазылған тапсырма бірнеше есептен тұрады. Осы есептерді оқып алып, жақсылап ойланыңыздар. Олардың әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері бар, сондықтан шешу шарттарының айырмашылықтары бар.

1-4 есептер өте қарапайым, оларды шешу үшін есептерді жақсылап оқып, мағнасына түсініп, ойланып, оның жауабына тек бір адамның ғана атын жазуларыңыз керек.

5-10 есептерде бір түрлі, мағнасыз әріптер тіркесі, жасанды сөздер қолданылған. Олар 5-6 есептерде көңілді, шапшаң, күшті деген сөздердің мағнасын білдіреді. Бұл есептерді шешу үшін, овда қолданылған жасанды сөздердерді кәдімгі, мағнасы түсінікті сөздермен ауыстыру керек. Есептерді шешкенде «ойда» мағынасыз сөздерден кәдімгі сөздер құруға болады. Тек 7-10 есептерде ауыстыратын сөздің орнына адам есімдерін жауап ретінде жазу керек.

11-12 есептерде жануарлар туралы мағлұматтар ертегі сияқты, ақиқатқа сай емес нәрселер келтірілген. Бұл есептерді шешкенде жануарлар туралы есеп шартындағы мағлұматтарды және өмір тәжірибеден алған білімді пайдалану керек, алайда есептің шартын ұмытпау қажет.

13-16 есептерде берілгендерді талдау нәтижесінде бір есімді жазу керек. Бұрынғыларға қарағанда қиындатылған 17-18 есептердің жауабына бір немесе екі адамның есімін жазуға болады, ал 21-22 есептерде — олардың бірі қайталанса да, міндетті түрде үш адамның есімін жазып, аталған адамның басқалармен арақатынасын көрсетіп беру керек».

Жабдықтау: 22 есеп жазылған парақ әр зерттелінушінің қолына беріледі.

Психологқа ескерту: есептер қиындықтарына байланысты үш топқа бөлінеді:

1. 1-ден 18-ге дейінгі есептерде 1 сұраққа жауап беріледі;
2. 19-шы-20-шы есептерде 2 сұраққа жауап беріледі;
3. 21, 22-ші есептерде 3 сұраққа жауап беріледі.

Есеп шарттарында тек қажетті ақпарат ғана емес, тіптен артық мағлұматтар, жасанды сөздер, өр түрлі атаулар, есте қалатын арақатынастарының неше түрлері берілген. Сонымен қатар көрші есептегі сұрақтар бір-біріне ұқсамайды.

Тапсырмалар:

1. Қатираға қарағанда Марат көңілді. Қатира Әлияға қарағанда көңілді. Ең көңілді кім?

А) Қатира; Ә) Марат; Б) Әлия.

1. Бануға қарағанда Садық күшті. Бану Ләйлаға қарағанда күшті. Ең күшті кім?

А) Бану; Ә) Садық; Б) Ләйлә.

1. Қалиға қарағанда Майра қара. Әсетке қарағанда Майра қара. Бәрінен де ең қарасы кім?

А) Қали; Ә) Майра; Б) Әсет.

1. Бану Қатираға қарағанда ауыр. Бану Зәуреке қарағанда жеңіл. Бәрінен де ең жеңіл кім?

А) Бану; Ә) Қатира; Б) Зәуре.

1. Әли Мәдиге қарағанда батыл. Мәди Әселге қарағанда батыл. Кім ең батыл?

А) Әли; Ә) Мәди; Б) Әсел.

1. Әсел Мәдиге қарағанда тапқыр. Мәди Әділге қарағанда тапқыр. Кім ең тапқыр?

А) Әсел; Ә) Мәди; Б) Әділ.

1. Ит қоңызға қарағанда жеңіл. Ит пілге қарағанда ауыр. Бәрінен де жеңіл не?

А) Ит; Ә) қоңыз; Б) піл.

1. Ат шыбынға қарағанда аласа, ат жирафқа қарағанда биік. Бәрінен де биік не?

А) Ат; Ә) шыбын; Б) жираф.

1. Әлиев Махановтан 68 жас кіші. Әлиев Серіковтан екі жас үлкен. Бәрінен де кішісі кім?

А) Әлиев; Ә) Маханов; Б) Серіков.

1. Майлин Алиевке қарағанда 3 кг жеңіл. Майлин Қалиевке қарағанда 74 кг ауыр. Бәрінен де ең ауыр кім?

А) Майлин; Ә) Әлиев; Б) Қалиев.

1. Сара Әменге қарағанда бірталай әлсіз. Әмен Баянға қарағанда күшті. Бәрінен де ең әлсіз кім?

А) Сара; Ә) Әмен; Б) Баян.

1. Болат Әсетке қарағанда қара. Болат Гүлімге қарағанда бірталай ақ. Бәрінен де ақ кім?

А) Болат; Ә) Әсет; Б) Гүлім.

1. Ұлан Әлімге қарағанда баяу. Бота Ұланға қарағанда жылдам. Ең жылдамы кім?

А) Ұлан; Ә) Әлім; Б) Бота.

1. Сәкен Мәдиге қарағанда ауырлау. Әли Сәкенге қарағанда жеңілдеу. Ең жеңілі кім?

А) Сәкен; Ә) Мәди; Б) Әли.

1. Бану Қатираға қарағанда көңілді және Майраға қарағанда жеңіл. Бану Майраға қарағанда көңілсіз және Қатираға қарағанда ауыр. Ең көңілсізі және ең ауыры кім?

А) Бану; Ә) Қатира; Б) Майра.

1. Айшаға қарағанда Рита қаралау, әрі Нұрланнан кіші. Рита Нұрланға қарағанда ашық және Айшадан үлкен. Ең қарасы, ең жасы кім?

А) Айша; Ә) Рита; Б) Нұрлан.

1. Ұлжан Әлиден көңілді, Әсемнен жеңіл. Әсем Ұлжаннан күшті. Ұлжан Әсемнен ауыр, Әсем Әлиден көңілсіз, Әли Ұлжаннан әлсіз. Ең көңілдісі, ең жеңілі және ең күштісі кім?

А) Ұлжан; Ә) Әли; Б) Әсем.

1. Төкен Маяға қарағанда қара, Мая Бекке қарағанда кіші. Бек Төкенге қарағанда аласа. Төкен Бекке қарағанда үлкен. Бек Маяға қарағанда ақ. Мая Төкеннен биік. Ең ағы, ең үлкені, ең биігі кімдер?

А) Төкен; Ә) Мая; Б) Бек.

Кілті.

1.)	Ә	Марат.	.	15)	Б)	Баян.
2.)	Б)	Ләйлә.	.	16)	Ә	Әсет.
3.)	Ә	Майра.	.	17)	Ә	Әлім.
4.)	Ә	Қатира.	.	18)	Ә	Мәди.
5.)	Б)	Әсел.	.	19)	Ә	Қатира <i>т</i> көңілсі
6.)	А	Әділ.	.)	Б)	Майра ең ауыр.
7.)	А	Лднқ.	.	20)	А	Айша ең жасы.
8.)	Б)	Ғмтн.	.)	Б)	Нұрлан қара.
9.)	А	Мнрн.	.	21)	А	Ұлжан ең көңілді.
10.)	А	Дшлт.	.)	Ә	Әли ең жеңілі.
11.)	Б)	Піл.	.)	Б)	Әсем ең күшті.

.	12)	Ә	.	Шыбын	.	22)	А	Төкен үлкен.
.	13)	Б)	.	Серіков	.)	Ә	Мая биік.
.	14)	А	.	Майлин	.)	Б)	Бек ақ.

Мазмұны

Кіріспе.....		3
.....		
1	Білім алушыларда когнитивтік саланы дамытудың психологиялық-педагогикалық аспектілері.....	6
2	Білім алушылардың когнитивтік қабілеттерін дамыту бойынша халықаралық және отандық тәжірибені талдау.....	2 3
3	Білім алушылардың когнитивтік қабілеттерін дамыту бойынша әдістемелік ұсынымдар.....	2 9
Қорытынды.....		6
.....		
Пайдаланған тізімі.....		7 0
Қосымшалар.....		7
.....		
		3

Введение.

В настоящее время мы наблюдаем весьма интенсивный интерес к основам и содержанию педагогической психологии в образовании. Интерес к данной сфере постоянно растет, и он не случаен. Как отметила Зимняя И.А., предметом науки педагогическая психология являются такие «факты, механизмы и закономерности освоения социокультурного опыта человека, интеллектуального и личностного развития ребенка, как субъекта учебной деятельности, организуемой и управляемой педагогом в разных условиях образовательной среды», как никогда ранее, актуален и востребован. Прежде всего это происходит благодаря постепенному наращиванию осознания и принятия ценностей уважения ума и уникальности конкретного человека, вкладывающего усилия и интеллектуальный труд в формирование индивидуальной позиции в проявлении творческого потенциала для достижения собственных целей и социального благополучия. Происходит постепенное укрепление гуманистической позиции, заключающейся в том, что каждый человек, его развитие, его самоопределение и самоощущение в мире — главная цель общества, основа его развития и существования. Современное общество, постепенно формирует понимание и принятие ценности личной инициативы, свободы мысли, проявления активности, целеустремленности, познавательной самостоятельности и большие возможности полезной отдачи на благо общества.

Что может в большей степени служить такому личностному обогащению наших детей?

Прежде всего это активный познавательный для ребенка и его семьи стиль жизни. Как в свое время отметил автор теории когнитивного развития разработанная швейцарским философом и психологом Жаном Пиаже, когнитивное развитие (от англ. *cognitive development*) — развитие всех видов мыслительных процессов, таких как восприятие, память, формирование понятий, решение задач, воображение и логика.

Термин когнитивные способности появился на фоне развития кибернетики во второй половине XX века, когда впервые человека сравнили с биороботом сложного строения. Ученые в этот период моделировали психические процессы. Происходящие в мозге человека, но попытки были не всегда удачными. Смоделированный психический процесс получил название когнитивного.

Психические функции человека, направленные на познание форм, признаков, содержания, значения и смысла предметов и объектов окружающей действительности образуют когнитивные способности человека. Основой процессов является последовательное, логическое восприятие содержания информации, ее обработка и накопление.

Именно поэтому ключевой задачей системы образования в нашей стране становится воспитание развитого, свободно мыслящего, творчески относящегося к жизни человека, что связано с личностно заинтересованным со стороны взрослых индивидуальным подходом к каждому ребенку.

Последние годы, актуальные проблемы и задачи социальной и образовательной среды все больше подводят общество к востребованности такой

специальности, как практико-ориентированного специалиста, обеспечивающего психолого-педагогическое сопровождение ребенка, испытывающего временные или постоянные трудности общения, обучения, развития, воспитания и социализации. Педагоги и педагоги-психологи, умеющие, знающие, вникающие и предлагающие различные методы комплексного подхода к развитию индивидуальных способностей ребенка все больше получают признание и востребованность в системе образования.

Л. С. Выготский подчеркивал, что «психология, которая призвана практикой подтвердить истинность своего мышления, которая стремится не столько объяснять психику, сколько понять ее и овладеть ею, ставит в принципиально иное отношение практические дисциплины во всем строе науки, чем прежняя психология. Теперь положение обратное; практика входит в глубочайшие основы научной операции и перестраивает ее с начала до конца; практика выдвигает постановку задач и их решения» [1].

Педагог -психолог в организации образования работает не только с ребенком и с педагогами, но и с родителями, взрослыми, которые окружают ребенка и создают ему те или иные условия жизни и развития. Педагог-психолог всегда работает ради ребенка. Центром внимания и смыслом деятельности специалистов психологической службы организации образования является ребенок (дошкольник, младший школьник, подросток, старший школьник), его интересы как растущего человека и развивающейся личности, индивидуальности.

Авторитетный коллектив организации образования, в лице администрации, педагога - психолога, социального педагога как правило в первую очередь уделяет значительное внимание проблемам психолого-педагогической помощи, согласованию с родителями, коррекции условий образовательной среды, нарушений в поведении и развитии, основной акцент делает на нормальном развитии, на возможностях практической психологии содействовать полноценному развитию ребенка на каждом возрастном этапе онтогенеза. Школьное детство, отрочество, ранняя юность — жизнь детей на всех этих возрастных этапах наполнена особым содержанием, которое и составляет условие и определенный уровень их развития:

- ◆ особыми взаимоотношениями с окружающими (взрослыми, сверстниками);
- ◆ особыми способами познания окружающего мира;
- ◆ ведущей деятельностью, в наибольшей степени способствующей психическому и личностному развитию именно на данном возрастном этапе;
- ◆ системой прав и обязанностей ребенка;
- ◆ особым соотношением прошлого, настоящего и будущего и пр.

Не случайно Л. С. Выготский считал возраст ребенка основной проблемой науки и практики. Каждый возраст сензитивен и ответствен для определенных психологических образований, которые служат опорой, базой, стартовым плацдармом для последующего развития. Если на одной из возрастных ступеней происходит сбой, нарушаются нормальные условия развития ребенка, в

последующие периоды основное внимание и усилия взрослых вынуждены будут сосредоточиться на коррекции, на разработке и реализации дополнительных развивающих программ, педагогических мероприятий и пр. Поэтому не жалеть сил и средств на создание своевременно-благоприятных для психологического и духовного развития ребенка условий экономически выгодно и нравственно оправдано.

В методических рекомендациях предлагается анализируются основные теоретические понятия познавательной сферы ребенка, такие как «внимание», «память», «воображение», «мышление», и др., закономерности их формирования, а также особенности обучения с учетом возрастного и интеллектуального развития. Но эти понятия, попадая в терминологическое поле новой отрасли знаний — педагогической психологии образования, нагружаются новым содержанием, приобретают четко выраженный практический аспект. Важно не только понимать, что такое психологические новообразования определенного возраста, но знать, каким образом должна быть организована жизнь ребенка, чтобы эти новообразования могли быть сформированы и реализованы в полной мере, что способствовало бы его дальнейшему прогрессивному развитию. В данных рекомендациях, с одной стороны, раскрывается самоценность формирования каждого возраста, с другой, показано, что именно взаимообусловленность всех процессов когнитивной работы ребенка составляет единый онтогенетический процесс развития и познавательной его активности.

Понимание содержания и значения формирования когнитивной сферы ребенка является одной из главных целей специалистов школы, образовательная деятельность которых в системе образования является приоритетной. Это одно из важных, и одновременно одно их значимых компонентов глобального понимания профессионального развития и укрепления качества системы образования в целом. Определена основная цель — приобщение каждого ребенка к формированию индивидуальной развивающей личности психологической культуре. Само образование и саморазвитие индивидуального потенциала личности, стремлений, мотивации к осуществлению эффективной учебной работе, проявлениям, творческой реализации, и личностной позиции, не только поддерживается психолого- педагогической культурой организации образования, но и влияет на ее сохранение и дальнейшее устойчивое развитие. Усвоение основ разных наук, в том числе и педагогической психологии, содействует общему развитию обучающихся, расширяет их интеллектуальный кругозор, раздвигает границы культурного пространства, создает условия для последующего профессионального выбора, для углубленного изучения наук в более полном объеме в высших учебных заведениях. Поэтому чем более широк потенциал развития познавательной сферы ребенка, его индивидуальных когнитивных способностей, тем весомее и интереснее может быть содержание его дальнейшей жизни, в которую вводит ребенка школьное образование, тем более значимыми и содержательными становятся основания для развития полноценной, креативной личности и творческой индивидуальности.

1. Психолого-педагогические аспекты развития когнитивной сферы у обучающихся.

Когнитивные способности – это сфера психологии человека, связанная с познавательными процессами и сознанием, включающая знания человека о мире и о самом себе.

Когнитивные способности отличают логика и рациональность. Внимание, память, восприятие новой информации, мышление, логически обусловленные действия относятся к когнитивным способностям человека.

Когнитивные процессы человека не связаны с развлечениями, эмоциональными волнениями, привязанностями, однако они активизируются у ребенка при письме, например тогда, когда он представляет себе то, о чем будет писать, подключая при этом воображение. Для написания связного красивого текста, необходимо запоминать ранее написанное, а для этого достаточно хорошо активизировать память.

Приобретение умений и навыков в процессе обучения без определённых когнитивных процессов не обходится.

К когнитивному процессу относится и внимание, потому что при получении новой информации на ней важно сосредоточиться, не отвлекаясь на что-то другое. И память необходима для того, чтобы запомнить полученную информацию, а наглядно представить, о чем идет речь пополняет воображение.

Развитие когнитивных процессов происходит постепенно и на протяжении длительного времени, и ребенок формирует и обучается этим процессам с первых дней и на протяжении всего периода взросления. Бесконечный ресурс, который в течении всей жизни развивает человек, служит основой его познавательного механизма, вкладывая усилия в его отлаженную работу в начале жизненного пути, в дальнейшем будет наращивать его эффективность и качество жизни.

В упрощенном варианте когнитивные способности – это компетентность и знания, навыки и умения. Если данная сфера правильно функционирует, то человек имеет возможность не только воспринимать, но и запоминать и обрабатывать информацию. Получается, что когнитивная сфера – это своеобразный механизм, который дает возможность обучаться и применять полученные знания.

Составляющими когнитивных способностей являются:

- память;
- воображение;
- внимание;

Внимание, как составляющая когнитивной сферы, заключается в способности человека из огромного количества информации отбирать нужную и на ней сосредотачиваться.

Внимание – функция основа полагающая, потому что без него новая информация не может быть усвоена и обработана. Внимание может быть произвольным, не требующим от человека каких-либо усилий, произвольных,

требующим определённых усилий для сосредоточения на выбранном объекте, после произвольном, поддерживаемом на сознательном уровне.

Основными характеристиками внимания являются устойчивость, концентрация, объем, распределите, переключаемость.

В когнитивных способностях ключевую роль играет память, которая является основным компонентом интеллекта. Видом памяти несколько, по критерию содержания выделяют:

- эмоциональную память, дополняющую все виды памяти и возникающую во всех ситуациях;

- двигательную память, необходимую для выполнения различных движений;

- словесно-логическую, являющейся памятью на мысли;

- образную память, связанную со слуховыми, обонятельными, вкусовыми образами.

Память может быть долговременной, кратко временной, рабочей и промежуточной.

Психический процесс создания образа предмета происходит с помощью воображения. Наиболее полно воображение работает тогда, когда в мозг человека поступает новая информация.

Такие понятия, как воображение и фантазия психология принимает как полные синонимы. Но, фантазия большее влияние оказывает на формирование «Новых чувств», т.е. она в большей степени произвольная, по сравнению с воображением. Воображение имеет свои виды практическое воображение, языковое воображение, репрезентационное воображение.

Психолого-педагогическая характеристика познавательной деятельности

Деятельность является актуальной проблемой, которая определяет:

- сущность формирования личности;

- ее место в общественной жизни;

- ее влияние на развитие новых поколений.

Деятельность можно представить как систему взаимодействий человека с миром, в процессе чего происходит возникновение психического образа и его воплощение в объекте, а также реализация субъектом своих отношений с окружающей реальностью.

Деятельность является основной формой активности человека, его взаимодействия с окружающей средой. Однако важно знать, что деятельность - связана с созданием общественно значимых ценностей или освоением социального опыта и направлена на достижение сознательно поставленных целей.

Рассмотрим следующие особенности деятельности, свойственные только ей:

1. Предметность (каждая деятельность имеет свой предмет);

2. Осознанность и целенаправленность (деятельность регулируется не потребностями человека, а осознаваемой целью как идеальным образом будущего результата);

3. Социальная обусловленность (при всем своем своеобразии деятельность человека представляет собой систему, включенную в систему социальных отношений, вне этих отношений человеческая деятельность не существует);

4. Системность (деятельность предстает не простой суммой своих компонентов, а их организованной целостностью).

Далее рассмотрим структуру деятельности, в которую входит:

- мотив деятельности (причина, побудившая человека к деятельности и придающая этой деятельности определенную направленность);

- цель деятельности (образ потребного будущего, предполагаемый результат деятельности);

- предмет деятельности (тот объект внешней среды, на изменение которого направлена деятельность человека);

- средства и условия деятельности (средствам относятся орудия труда, психофизиологические ресурсы организма, к условиям труда относятся не только физические характеристики среды, но и психологические состояния человека.);

- продукт деятельности (результат деятельности).

Также важным является то, что деятельность, иерархически структурированная система. Она осуществляется при помощи действий, а действия с помощью операций (деятельность - цепочка действий, а действия - цепочки операций).

Деятельность человека крайне разнообразна и очень сложна по содержанию и строению. Уже с раннего детства человек включается в различные виды деятельности, и одна из которых - познавательная.

Для начала рассмотрим определение познания:

Познанием называют активную деятельность людей, которая направлена на развитие приобретаемых знаний. Проблемы познания решаются в рамках теории гносеологии. Познание включает в себя следующие составляющие:

- объект познания (на что направлено познание);

